



**TURKOLOGY**

**ТҮЙМЕБАЕВ Ж.  
ЕСКЕЕВА М.  
УСМАНОВА М.**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ  
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ  
ГРАММАТИКАСЫ**

**ТҮРКІТАНУ  
СЕРИЯСЫ**



**TURKOLOGY**

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ  
Мағрипа ЕСКЕЕВА  
Миңсылу УСМАНОВА**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ  
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ  
ГРАММАТИКАСЫ**

(кестелі-сипаттамалы)

**ТҮРКІТАНУ  
СЕРИЯСЫ**



**«Қазығұрт» баспасы  
Алматы, 2018**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Т88

*Баспаға Аймақтық әлеуметтік-инновациялық  
университеттің  
Ғылыми кеңесі ұсынған*

**РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

ф.ғ.д., профессор Боранбав С.

ф.ғ.к., доцент Ғабитова З.

**Т 88 ТҮЙМЕБАЕВ Ж., ЕСКЕЕВА М., УСМАНОВА М.**

**Қазақ және башқұрт тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: Оқу құралы / Ж. Түймебаев, М. Ескеева, М. Усманова – Алматы: Қазығұрт, 2018.–272 бет.**

ISBN 978-9965-22-531-4

Еңбек қыпшақ тобындағы қазақ және башқұрт тілдерінің фонетикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы мен синтаксистік құрылысын салыстырмалы тұрғыдан сипаттауға бағытталған. Оқу құралы түркітану, қазақ филологиясы мамандықтарының студенттері мен магистранттарына және түркі тілдерінің құрылымы қызықтырушы көпшілік қауымға арналады.

**ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2**

ISBN 978-9965-22-531-4

© Түймебаев Ж., Ескеева М., Усманова М., 2018  
© «Қазығұрт» баспасы, 2018

---

## КІРІСПЕ

---

Түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты бірі дәуірлеп, бірі құлдырап, бірі жаңадан құралып жатқан мемлекеттік деңгейдегі түркі бірлестіктері мен қағанаттары құрамындағы түркі халықтарының тілдері үнемі даму үстінде болды, қазіргі түркі тілдерінің бәрінің де базалық лексикасы мен фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерінің белгілері сол кездерде-ақ негіз-тіл, одан кейінгі макротоптор құрамындағы диалектілер жүйесінде дамыды. Соңдықтан тілдік даму мен түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты дербес тіл ретінде ажыраған тілдердің бәрінде де негіз-тілдің сілемдері мен макротоптардың белгілері сақталады, сонымен қатар жаңа белгілермен толығыуы тіл эволюциясындағы универсалды заңдылық.

Қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдерде сөйлейтін халықтардың тілі көне қыпшақ тілінің басты ерекшеліктерін сақтап қалғанымен, олардың этникалық құрылымын, этнос ретінде қалыптасу жолын тек көне қыпшақ тайпасымен байланыстыруға болмайтыны белгілі. Қыпшақ бірлестігі құрамындағы бірнеше түркі тайпаларының тілдері өзара тоғысып ескі қыпшақ тілінің ортақ әдеби жазба тілін қалыптастырса, онымен қатар халықтың ауызекі сөйлеу тілі де қолданыста болғанына қыпшақ ескерткіштері тіліндегі диалектілік ерекшеліктер дәлелдейді. Бұл қыпшақ тобындағы тілдердің негізгі белгілері қыпшақ бірлестігіне дейін-ақ қалыптасу мүмкіндігін көрсетеді.

Қыпшақ тобына кіретін тілде сөйлейтін түркі халықтары тіліндегі ортақ белгілердің біразы о бастағы қыпшақтық кезеңге тән болса, енді біразы алтын орда дәуірінде дамып, о бастағы

қыпшақтық сипат тереңдей түсті. Алтын орда дәуірінде монғолдардың түркілену процесінің қарқындылығы, олардың қыпшақ тайпаларының құрамына біржолата сіңіп кетуімен сипатталатыны белгілі. Бұл құбылыстың басты факторы ретінде қыпшақтардың мәдени-экономикалық деңгейінің жоғарылығын; тілінің белсенді түрде ресми әрі қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуын; жартылай отырықшы өмір салтын; дүниетанымының, этностық санасының беріктігін атауға болады.

Қыпшақ тілдерінің үш бұтаққа бөлінуі XI ғасырдың алғашқы жартысына (1010-1055 жж.) сәйкес қарастырылады. Тілдік топтың іштей дифференциациялану үдерісі сол кездегі миграциялық үдерістердің нәтижесі ретінде, оғыздардың ығысуымен, хазарлар территориясын половецтердің қоныс аударуымен сипатталады. Өзіндік ерекшеліктері айқындала бастаған қыпшақ-половец, қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-ноғай тілдік топтарының одан әрі ыдырау үдерісі де XIV-XVI ғасырлар аралығындағы тарихи оқиғаларға байланысты жүріп отырды. Қыпшақ-половец тілдік тобының іштей бөлінуі Ақсақ Темір шапқыншылығымен байланысты болса, қыпшақ-бұлғар тобының іштей ыдырауы Алтын Орданың құлдырауымен, қыпшақ-ноғай тобы тілдерінің іштей ыдырау кезеңі Ноғай ордасының құлауымен сәйкес келеді<sup>1</sup>.

**Қазақ тілі.** Қазақ халқының ана тілі, Қазақстан республикасының мемлекеттік тілі. Қазақтардың жалпы саны – он алты миллион шамасында. Қазақстаннан тыс аймақтардағы қазақтардың ең көп шоғырланған жері – *Қытай* мен *Монғолия*, басқа алыс және жақын шетелдерде де шағын диаспоралық топтар мен тілдік анклавтар шашырай таралған. Ортаазиялық түркі жазба әдеби тілінің дәстүрін жалғастыра отырып, XVI-XVIII ғасырларда ескі қазақ тілі, XIX ғасырда жалпыхалықтық тіл негізінде қазіргі қазақ жазба әдеби тілі қалыптасты.

Қазақ тілі араб-парсы ықпалына аз ұшыраған, түркілік табиғатын терең сақтаған тілдердің бірі, сондай-ақ дилектілік ерекшеліктері бәсең – монолитті тіл. Әдеби нормадан көп ерекше-

<sup>1</sup> *Мудрак О.А.* Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – Москва: РГГУ, 2009. – С. 30-36.

ленбейтін төрт ареалдық топ ажыратылады: батыс, оңтүстік, орталық-солтүтік, шығыс. Қазақ тілі – фонетика-фонологиялық жүйесі мен лексика-грамматикалық құрылымында көне белгілерді де, жаңа белгілерді де молынан сақтаған тіл.

Түркілер тарихындағы үйсін, қаңлы, қыпшақ т.б. мемлекеттік деңгейдегі ұлы тайпалық одақтардың, дулат, арғын, керей, найман, қоңырат, адай т.б тәрізді ірі тарихи тайпалардың атауын өзінің этникалық құрамын сипаттайтын этнонимдер жүйесінде сақтап қалған; мемлекеттік территориясы ежелгі сақтар мен ғұндар, үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері территорияларының негізгі аумағын, көне дәуірдегі Түрк қағанаты мен орта ғасырдағы Дешті қыпшақ мемлекеті аумағының басым бөлігін, бірнеше этникалық топтар мекендеген ұлы тұран даласының негізгі бөлігін, кейінгі түркілердің төл бесігі саналатын Түркістан аймағын қамтитын қазақ халқының тарихи-лингвистикалық негізі оның тарихи-этникалық негізімен тығыз байланысты<sup>1</sup>. ХХ ғасырдың алғашқы жылдарына дейінгі зерттеулер мен тарихи құжаттарда қазақ халқы қырғыздар, дала қырғыздары, қырғыз-қайсақтар, қырғыз-қазақтар, қайсақтар деп аталып келді.

Түркі тілдері этнонимдер жүйесіндегі қазақ лексемасы тарихи жазбалардағы *коссак, касак, касах, косог* атауларымен байланыста қарастырылады.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілі о бастан-ақ қыпшақтық белгісі айқын, көне қыпшақ тілі диалектілерінің бірі болып табылады. Жалпытүркілік тектілден бастау алатын қазақ тілінің б.з. V ғасырынан кейінгі дамуы түрк қағанаты → дешті қыпшақ → алтын орда → ноғай ордасы → қазақ хандығы мемлекеттеріне қатысты этно-тарихи және лингвистикалық үдерістерден тұрады. Қазақ хандығының құрылуы халық тілінің жүйеленуіне, даму бағытының бір арнаға түсуіне ықпал етті.

**Башқұрт тілі** (башқорт теле). Ресей құрамындағы Башқұртстанды (Башқортстан) мекендейтін жергілікті халықтың тілі.

<sup>1</sup> Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. –Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.; Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. Ұжымдық монография (Авторлық ұжым: Сағындықұлы Б., Досжан Р.Ескеева М., Сабыр М., Сүйерқұл Б.). – Алматы: «Алдоңғар. МДК, 2013. ТОМ I. Бірінші кітап. – 236 б. ТОМ I. Екінші кітап. –348 б.

Башқұрттардың жалпы саны – бір миллион төрт жүз елу мың адам шамасында. Башқұрт халқының негізгі құрамы *Башқортстан Республикасының аумағын* мекендейді, біраз бөлігі *Челябинск, Орынбор, Перм, Свердлов, Саратов, Самара, Қорған облыстарында және Татарстан Республикасының аумағында* шоғырлана орналасқан. Башқұрттардың аздаған топтары *Удмуртия Республикасында, Саха Республикасында (Якутия), Түмен облысында*, сондай-ақ Ресей Федерациясынан тыс аумақтарда – *Қазақстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда, Түркіменстанда және Украинада* мекендейді. Башқұрт диаспорасы басқа алыс шетелдерге де шашырай таралған.

Түркі этнонимдер жүйесіндегі көне атаулар қатарынан орын алатын башқұрт атауының X-XI ғасырлардағы тарихи жазбаларда *башкард, башкард, башкерт, башгирд, баскарт, баджгард, башдждард, башдджер, басжерт, басджер* нұсқалары белгілі<sup>1</sup>. Сондай-ақ *бозгұрт, бозқұрт* атаулары да башқұрт этнонимінің этимологиясына қатысты қарастырылады. Қыпшақ-бұлғар тобындағы тілде сөйлейтін башқұрттардың дербес халық ретінде қалыптасуы да күрделі лингвоэтникалық үдерістерді қамтиды.

Еділ, Жайық бойындағы түркілердің этногенезі мен глоттогенезін фин-угорлардан тарататын зерттеушілер қыпшақ-бұлғар тілдік тобындағы башқұрт тілінің қыпшақтық сипаты біршама кейін қалыптасқанын көрсетеді<sup>2</sup>. Р.Г.Кузеев башқұрттардың этнос ретінде қалыптасу тарихын көне бұлғарлардан таратады<sup>3</sup>. Зерттеу нәтижелері башқұрттардың этникалық құрамында угро-финдердің, мадьярлардың елеулі үлесі бар екенін көрсетеді. Башқұрттардың венгерлермен байланысына негізделетін «мадьяр-башқұрт. теориясын этногенетикалық зерттеулер толық қуаттап отырған жоқ, сондай-ақ башқұрттар құрамындағы мадьяр/мажар компонентін де жоққа шығармайды. Зерттеушілер орал бойы башқұрттарының, еділ бұлғарларының, IX-X ғасырларда-

<sup>1</sup> Юлдашев А. Башқұрт тілі/Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. –Астана: Фолиант, 2002. –Б.267.

<sup>2</sup> Гарипов Т. М. Проблемы и перспективы изучения кыпчакских языков уралоповолжья // Turcologica. –Ленинград: Наука, 1976. –С. 48-53.

<sup>3</sup> Кузеев Р. Г. Происхождение башкирского народа, этнический состав, история расселения. –Москва: Наука, 1974. –С. 399.

ғы венгер мемлекетінің ортақ этникалық компоненті болғаны жайлы пікірлерге сүйене отырып, бұл ортақ компонент – түркі тілді мажар/мишарлардың тілі (мажар этнонимін мишар этнонимінің фонетикалық варианты ретінде қарастырылады Е.М.) деп таниды<sup>1</sup>. Мишарлардың фин-угор тілдес мадьярлардан (венгерлерден) емес, керісінше түркі тілдес мишарлардың бір бөлігі фин-угор тілді венгерлердің құрамына еніп, мажар (мадьяр) этнонимін иеленгені көрсетіледі<sup>2</sup>.

Башқұрт тілінің тарихи даму жолы бес кезеңге бөлінеді:

1. XIII ғасырға дейінгі кезең – көне башқұрт тілі *бурзян, байлар, бишул, жағалбай, кудей, сураш, тангаур, тамйән, ун, усерген* тайпаларының тілі негізінде дамыған;

2. XIII-XIV ғасырлар аралығы – бұл кезең қарқынды лингвоэтникалық үдерістермен ерекшеленеді. XIII-XIV ғасырларда башқұрттар құрамына өзіндік тілдік ерекшеліктері бар түркі тайпалары – қыпшақ тайпалары тобы, XIII ғасырдың орта шенінен бастап қатай тайпаларының тобы, XIV ғасырда табын, мин тайпаларының тобы келіп қосылады;

3. XV-XVI ғасырлар аралығы. Бұл кезеңде башқұрттар құрамындағы тайпалардың тілі біршама жүйеленіп, башқұрт халқының ауызекі сөйлеу тілінің қалыптасқан кезеңі;

4. XVII-XX ғасырлар аралығындағы башқұрт тілінің одан әрі даму кезеңі. Бұл кезеңде башқұрттардың сөйленіс ерекшеліктері тұтастанып, халықтың өмір салтындағы өзгерістерге, отырықшылық дәстүрге байланысты қазіргі диалектілері қалыптасады;

5. Қазан төңкерісінен кейінгі кезең (XX ғасырдың екінші онжылдығы). Бұл кезең башқұрт тілінің нормаланған әдеби тілінің, жазба әдеби тілінің қалыптасуымен ерекшеленеді.

А.А.Юлдашев башқұрт тіліндегі негізгі екі диалектіні көрсетеді: оңтүстік немесе *юрматы* және шығыс немесе *қувакан* диалектілері, Оңтүстік диалектісі *ик-сакмар, орта* және *дем* говорла-

<sup>1</sup> Кузеев Р. Г. Происхождение башкирского народа, этнический состав, история расселения. –Москва: Наука, 1974. –С. 139-140.

<sup>2</sup> Серебрянников Б.А. К вопросу с связи башкирского языка с венгерским. –Уфа, 1963.



рыннан, шығыс диалектісі ай, аргаяш, сальют, миасс, қызыл говорларынан тұрады<sup>1</sup>.

Башқұрт тіл біліміндегі соңғы зерттеулер бойынша башқұрт тілінен үш диалекті ажыратылады, олар он алты сөйленісті (говор) қамтиды:

I. Шығыс диалект/*Көнсығыш диалект* һәм уның һөйләштәре: 1) әй һөйләше; 2) мейәс һөйләше; 3) қызыл һөйләше; 4) асызуы һөйләше, 5) арғаяш һөйләше; 6) салйоғот (салйот) һөйләше.

II. Оңтүстік диалект/*Көнъяк диалект* һәм уның һөйләштәре: 1) әйек-һакмар һөйләше; 2) дим һөйләше; 3) өршәк һөйләше, 4) урта һөйләш; 5) егән һөйләше.

III. Солтүстік-батыс диалект/*Төнъяк-көнбайыш диалект* һәм уның һөйләштәре: 1) каризел һөйләше; 2) урта урал һөйләше; 3) ғәйнә һөйләше; 4) танып һөйләше; 5) түбәнге ағизел-ык һөйләше<sup>2</sup>.

Башқұрттар туралы алғашқы тарихи деректер б.з.д. V ғасырдан бастау алады. Башқұрт халқының тарихи атажұрты біршама кең аумақты қамтыған. Ресейдің құрамына өткен кезде *бурзян, тангаур, тамьян, байлар, юрматы, табын, мин (меңле), қыпсак, усерган, қатай, сальют, еней, гэрэ, елан, қаңлы, дыуан, гайна, ун* т.б. башқұрт тайпалары Орал тауының екі жақтауына таралып, Еділ, Тобыл, Кам өзендерінің аралығында, Жайық өзенінің ортаңғы ағысына дейінгі аймақтарды мекен еткен. XVI-XIX ғғ. Орынбор уезінің үлкен бөлігін, Ор (Орский), Жоғарғыурал (Верхнеуральский), Троицкий уездерін толықтай және Челябинск уезінің Орынбор губерниясын, сондай-ақ Шадринский, Екатеринбург, Красноуфимск уездерін, Перм және тұтас Уфа губерниясы башқұрттар мекендейтін Башқортстан елінің аумағын құраған. Башқұрт АССР-і құрылғаннан кейін башқұрт жері мен халқының көп бөлігі Башқортстанның территориялық аумағынан тыс жерлерде қалды.

<sup>1</sup> Юлдашев А. Башқұрт тілі/Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. –Астана: Фолиант, 2002. –Б.268; Грамматика современного башкирского литературного языка. – Москва: Наука, 1981. – С. 11, 17.

<sup>2</sup> Рәшит Шәкүр. Башқорт диалектологияһы. – Өфө: Китап, 2012. – Б.34-35; Миржанова С.Ф. Северо-западный диалект башкирского языка. –Уфа, 2007.

---

## БІРІНШІ БӨЛІМ

---

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ФОНЕТИКАСЫ

#### §1. Графика және Әліпби

Графика – графемалар мен тыныс, екпін белгілерін қамтитын жазу құралдарының жиынтығы; дыбыстық жазу бойынша графема мен фонема арасындағы қатынастар жүйесі және оларды зерттейтін тіл білімінің саласы. Әліпби (алфавит) – жазу-сызуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы<sup>1</sup>.

Баршатүркіжұртшылығына ортақ көне түркі жазба дәстүрінен, манихей, көне ұйғыр, араб, латын, армян т.б. Әліпбилерімен хатқа түскен түркі жазба мұралары тілінен бастау алатын қазақ және башқұрт халықтарының жазба тілі де араб, латын, орыс әліпбиілерінің негізінде дамып, қалыптасып, өзіндік дәстүрі бар тілге айналып отыр. Қазақ тілінің де, башқұрт тілінің де дыбыстық ерекшеліктерін толық қамтитын альфавиттік жүйесі қалыптасты.

Қазақ халқының жазба тілі халықтық дәуірге дейінгі жазбаша әдеби тіл және халықтық дәуірден басталатын жазбаша әдеби тіл деген екі кезеңге бөлініп қарастырылады<sup>2</sup>. Халықтық дәуірге дейінгі жазба тілге VIII-XIV ғасырлардағы көне түркі, көне ұйғыр, араб, латын т.б. Жазуларымен жазылған ескерткіштер

---

<sup>1</sup> Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК-ТИРО, 1998. –Б. 49,87.

<sup>2</sup> Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК-ТИРО, 1998. –Б. 129.

тілі жатады. Бұл башқұрт халқының жазба тіліне де қатысты. Халықтық дәуірден басталатын жазба тілі қазіргі түркі халықтарының дербес этнос ретінде қалыптасуынан бастап (XV ғ.) Кеңес үкіметіне дейінгі, негізінен араб, орыс, латын жазуларымен жазылған мұралардың тілін қамти отырып, қазіргі таңдағы жазба тілге жалғасады. Жазба тіл – жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар тіл, ауызша сөйлеу тілінің белгілі бір орфографиялық заңдылықтарға бағына отырып, сол тілдің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін сақтай отырып жазбаша көрініс табуы, хатталуы. Бұл жазба тілге синхрондық тұрғыдан, ұзақ уақыт даму жолынан өткен жүйелі тіл мен таңбалар жиынтығынан тұратын, жетілген дыбыстық жазу негізінде берілген анықтама.

Түркі халықтарына ислам дінінің таралуына байланысты қазақ және башқұрт халықтары ұзақ жылдар араб әліпбиін қолданды. Консонантты араб әліпбиін қолданған қазақ халқы 1912 жылы араб графикасы негізінде қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін толық қамтитын қазақ әліпбиін (А. Байтұрсынұлының әліпбиі) қолданысқа енгізеді. 1928 жылы латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшіп, 1940 жылдан бастап кириллица бойынша жасалған әліпби қолданылады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекше дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *ә, ө, ұ, ү, ғ, ң, қ, һ*.

Ұзақ жылдар бойы араб әліпбиін пайдаланып келген башқұрттардың жазу жүйесі 1929 жылы латын әліпбиіне көшірілді. 1940 жылдан бастап кириллицаны қолданады. Орыс графикасына негізделген қазіргі башқұрт әліпбиінде 42 әріп бар. Башқұрт әліпбиінде орыс алфавитіндегі барлық әріп пайдаланылады, сондай-ақ башқұрт тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекше фонемаларды таңбалайтын 9 әріп бар: *ә, ө, ҫ, ң, ҙ, ү, һ, к, ғ*.

Кесте 1

Қазақ және башқұрт тілдерінің әліпби жүйесі

| ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ ТІЛДЕРІНІҢ АЛФАВИТИ<br>КАЗАК ҺӘМ БАШКОРТ ТЕЛДӨРЕНЕҢ АЛФАВИТЫ |      |              |              |      |              |
|---|------|--------------|--------------|------|--------------|
| Қазақ тілі  |      |              | Башқұрт тілі |      |              |
| №   | Әріп | Транскрипция | №            | Әріп | Транскрипция |
| 1   | Аа   | Aa           | 1            | Аа   | Aa           |
| 2   | Әә   | Ää           | (40)*        | Әә   | Ä ä          |
| 3   | Бб   | Bb           | 2            | Бб   | Bb           |
| 4   | Вв   | Vv           | 3            | Вв   | Vv           |
| 5   | Гг   | Gg           | 4            | Гг   | Gg           |
| 6   | Ғғ   | γ            | 5            | Ғғ   | γ            |
| 7   | Дд   | Dd           | 6            | Дд   | Dd           |
|   | -    | -            | 7            | Зз   | Зз           |
| 8   | Ее   | Ee           | 8            | Ее   | Ee           |
| 9   | Ёё   | Jo jo        | 9            | Ёё   | Jo jo        |
| 10  | Жж   | Žž           | 10           | Жж   | Žž           |
| 11  | Зз   | Zz           | 11           | Зз   | Zz           |
| 12  | Ии   | Ij           | 12           | Ии   | Ij ij        |
| 13  | Йй   | Jj           | 13           | Йй   | Jj           |
| 14  | Кк   | Kk           | 14           | Кк   | Kk           |
| 15  | Ққ   | Qq           | 15           | Кк   | Qq           |
| 16  | Лл   | Ll           | 16           | Лл   | Ll           |
| 17  | Мм   | Mm           | 17           | Мм   | Mm           |
| 18  | Нн   | Nn           | 18           | Нн   | Nn           |
| 19  | ң    | ŋ            | 19           | ң    | ŋ            |
| 20  | Оо   | Oo           | 20           | Оо   | Oo           |
| 21  | Өө   | Öö           | 21           | Өө   | Öö           |
| 22  | Пп   | Pp           | 22           | Пп   | Pp           |
| 23  | Рр   | Rr           | 23           | Рр   | Rr           |
| 24  | Сс   | Ss           | 24           | Сс   | Ss           |
| -   | -    | -            | 25           | ҫ    | ҫ            |
| 25  | Тт   | Tt           | 26           | Тт   | Tt           |
| 26  | Уу   | Ww/uw        | 27           | Уу   | Uu/Ww        |

|    |    |       |    |    |       |
|----|----|-------|----|----|-------|
| 27 | Үү | Uu    | -  | -  | -     |
| 28 | Үү | Ü ü   | 28 | Yy | Üü/Ww |
| 29 | Фф | Ff    | 29 | Фф | Ff    |
| 30 | Хх | Xx    | 30 | Хх | Xx    |
| 31 | Һ  | h     | 31 | ҺҺ | ҺҺ    |
| 32 | Цц | Ts ts | 32 | Цц | Ts ts |
| 33 | Чч | Čč    | 33 | Чч | Čč    |
| 34 | Шш | Šš    | 34 | Шш | Šš    |
| 35 | Щщ | šš    | 35 | Щщ | šš    |
| 36 | ь  | `     | 36 | ь  | `     |
| 37 | Ыы | İ i   | 37 | Ыы | İ i   |
| 38 | Іі | Ii    | -  |    | -     |
| 39 | ь  | `     | 38 | ь  | `     |
| 40 | Ээ | `E `e | 39 | Ээ | `E `e |
| 41 | Юю | juw   | 41 | Юю | juw   |
| 42 | Яя | Ja ja | 42 | Яя | Ja ja |

Қазақ әліпбиіндегі *ь, ъ* таңбалары орыс немесе басқа батыс тілдерінен енген сөздерді жазуда ғана қолданылады, қазақ тілінің төл сөздерін жазуда пайдаланылмайды.

Башқұрт әліпбиіндегі дыбыс білдірмейтін *ь, ъ* таңбалары башқұрт тілінің орфографиялық нормасына сәйкес башқұрттардың төл сөздерін жазуда да қолданылады.

### Кесте 2

#### Қазақ және башқұрт әліпбиіндегі *ь, ъ* таңбалары

| Дыбыс білдірмейді – Өн белдермәй |       |                   |                    |       |                        |
|----------------------------------|-------|-------------------|--------------------|-------|------------------------|
| Қазақ тілінде                    |       |                   | Башқұрт тілінде    |       |                        |
| Қызметі                          | Таңба | Мысал             | Қызметі            | Таңба | Мысал                  |
| Жіңішкелік белгісі               | ь     | модель<br>циркуль | Жіңішкелік белгісі | ь     | көньяк<br>'оңтүстік'   |
| Қатаңдық (айырым) белгісі        | ъ     | сьезд<br>разъезд  | Қатаңдық белгісі   | ъ     | альяпкыс<br>'алжапқыш' |

## §2. Фонетика-фонологиялық жүйе

Фонетика – тілдің дыбыстық құрылымын, дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық және перцептикалық белгілерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Фонеманың мазмұндық негізі мен функционалдық қырлары жайлы көзқарастар фонологияның немесе фонема теориясының қалыптасуына негіз болды. Фонология – фонемалардың сөз құрамындағы қызметін, сөздердің бір-бірінен өзгешелігін қамтамасыз ету қабілетін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Түркі тілдері семьясының фонетикалық жүйесіне тән ортақ белгілер негізгі екі бұтақтың сипатына қарай, олардан тарайтын әрбір үлкен топтардың ерекшеліктеріне, олардың құрамындағы кіші топтардың ерекшеліктеріне, одан әрі әрбір жекелеген тілдің төл табиғатына байланысты қалыптасқан өзіндік ерекшеліктеріне сай ажыратылады.

Түркі тілдері фонетикалық жүйесінің ортақ белгілеріне негізделген жалпы сипаттамасы салыстырмалы-тарихи фонетикалық зерттеулер арқылы іске асырылады. Түркі тілдерінің батыс қыпшақ тобындағы қазақ, башқұрт тілдерінің фонетикалық жүйесі жалпытүркілік, жалпықыпшақтық ортақ белгілерді сақтай отырып, өздеріне тән ерекшеліктерімен ажыратылады.

Қазіргі қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар. Қазақ тіліндегі *в, ф, ч, ц, щ, э* фонемалары қазақ тілінің төл дыбыстары емес. Қазақ тіліне тән сөздер құрамындағы дауыссыз *х, һ* дыбыстары *қ* фонемасының дауысты аралық жуысыңқы варианты ретінде қарастырылады. *У (ұу), и (іу)* дифтонг дыбыстар болғандықтан қазақ тіліндегі дауыстылар жүйесіне енбейді.

Қазіргі башқұрт тілінде 9 дауысты және 27 дауыссыз дыбыс бар<sup>1</sup>

Дауысты э дыбысы башқұрт тілінің төл дыбыстары қатарына жатады. Дауыссыз анлаут ж башқұрт тілінің төл сөздерінде қолданылмайды. Дауыссыз с фонемасы сөздің инлаут, ауслаут шенінде ғана қолданылады. Мұрын жолды ң фонемасынан қазақ тілінде де, башқұрт тілінде сөз басталмайды.

Кесте 3

**Қазақ және башқұрт тілдеріндегі дыбыстар  
Казак һәм башкорт телдәрененң өндәре**

| ДЫБЫСТАР – ӨНДӘР                   |           |           |                 |          |                                |
|------------------------------------|-----------|-----------|-----------------|----------|--------------------------------|
| Қазақ тілінде                      |           |           | Башқұрт тілінде |          |                                |
| Дауысты дыбыстар – һузынкы өндәр   |           |           |                 |          |                                |
| №                                  | Дыбыс-тар | Мысал-дар | №               | Өндәр    | Миҫалдар                       |
| 1                                  | а         | апа       | 1               | а        | апай `апай`                    |
| 2                                  | ә         | әже       | 2               | ә        | әсәй `ана (мама)`              |
| 3                                  | ы         | ыс        | 3               | ы        | ыс `ыс`                        |
| 4                                  | і         | іні       |                 |          | -                              |
| -                                  | и         | (і)ит     | 4               | и        | итек `етік`                    |
| 5                                  | е         | етік      |                 | е (э)    | кеҫә `қалта`                   |
| -                                  | э         | электр    | 5               | э (е)    | эт `ит`<br>электр              |
| 6                                  | ұ         | ұл        |                 | -        | -                              |
| -                                  | у         | с(ұ)у     | 6               | у        | урам `көше`                    |
| 7                                  | ү         | үлкен     | 7               | ү        | үлән `шөп`                     |
| 8                                  | о         | ол        | 8               | о        | он `үн`                        |
| 9                                  | ө         | өзен      | 9               | ө        | өй `үй`                        |
| Дауыссыз дыбыстар – Тартынкы өндәр |           |           |                 |          |                                |
| №                                  | Дыбыс-тар | Мысал-дар | №               | Өндәр    | Миҫал-дар                      |
| 1                                  | б         | бала      | 1               | б        | бала `бала`                    |
|                                    | в         | вагон     | 2               | в [в, w] | вагон `вагон`<br>вакыт `уақыт` |
| 2                                  | г         | гүл       | 3               | г        | гөл `гүл`                      |

<sup>1</sup>Башқұрт тіліндегі дауыссыздар жүйесінде кірме сөздер құрамында қолданылатын дауыссыздар да қамтылады, төл дыбыс жүйесіндегі дауыссыздар саны 22-ге дейін қысқарады.

|             |      |                 |             |      |                                  |
|-------------|------|-----------------|-------------|------|----------------------------------|
| 3           | ғ    | ғалым           | 4           | ғ    | ғалим `ғалым`<br>ағай `ағай`     |
| 4           | д    | дала            | 5           | д    | диңгез `теңіз`                   |
| -           |      |                 | 6           | з    | зур `зор, үлкен`                 |
| 5           | ж    | жарық<br>журнал | 7           | ж    | журнал `журнал`                  |
| 6           | з    | заман           | 8           | з    | заман `заман,<br>дәуір`          |
| 7           | й    | қой<br>қайрақ   | 9           | й    | йөз `жүз`<br>йыһан `жаһан`       |
| 8           | к    | кеме            | 10          | к    | кәмә `кеме`                      |
| 9           | қ    | қала            | 11          | к    | кала `қала`                      |
| 10          | л    | лайық           | 12          | л    | лайык `лайық`                    |
| 11          | м    | мүйіз           | 13          | м    | мөгөз `мүйіз`                    |
| 12          | н    | намыс           | 14          | н    | намыс `намыс`                    |
| 13          | ң    | мұң<br>`уайым`  | 15          | ң    | моң `әуен`                       |
| 14          | п    | перде           | 16          | п    | пәрзә `перде`                    |
| 15          | р    | боран           | 17          | р    | буран `боран`                    |
| 16          | с    | сүйел<br>сырға  | 18          | с    | сөйәл `сүйел`<br>сыбык `шыбык`   |
| -           | -    |                 | 19          | с    | тасма `таспа`                    |
| 17          | т    | топырақ         | 20          | т    | тупрак `топырақ`                 |
| 18          | у(w) | тауық<br>уық    |             | у(w) | тауык `тауық`<br>утрау `арал`    |
| -           |      | -               |             | ү(w) | йөзөү `жүзу`<br>кеүек `сияқты`   |
| 19          | ш    | шаттық          | 21          | ш    | шатлык `шаттық`                  |
| -           | ф    | фабрика         | 22          | ф    | файза `пайда`<br>фабрика         |
|             | х    | хабар           | 23          | х    | хазина `қазына`<br>хәбәр `хабар` |
|             | Һ    | ғауһар<br>жиһан | 24          | Һ    | һорау `сұрау`<br>йыһан `жаһан`   |
| -           | ч    | чекист          | 25          | ч    | чабан `шопан`<br>чекист          |
| -           | ц    | цирк            | 26          | ц    | цирк                             |
| -           | щ    | щетка           | 27          | щ    | щетка                            |
| Барлығы: 28 |      |                 | Барлығы: 36 |      |                                  |



### §3. Дауысты дыбыстар жүйесі

Қазіргі түркі тілдеріндегі вокализмдер жүйесінде сегіз немесе тоғыз дауысты дыбыстембрі ажыратылады, олар артикуляциялық белгілері бойынша анықталады; бірінші және екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар қолданылады; дауыстылар ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік фонемаларға жұптасып жіктеледі; кей тілдерде ерін дауыстылары (о, ө, и, ү) қосымша морфемалар құрамында мүлдем қолданылмайды.

Қыпшақ тобындағы қазақ және башқұрт тілдеріне тоғыз дауысты дыбыс тән, созылыңқы дауыстылар қолданылмайды. Қазақ тіліндегі қосымшалар құрамында ерін дауыстылары қолданылмайды, башқұрт тіліндегі қосымшалар құрамында ерін дауыстылары қолданылады. Сондықтан бірінші буын вокализмі мен екінші, үшінші т.б. Буын вокализмдері сандық жағынан бірдей емес, әртүрлі болып келеді.

#### Кесте 4

#### Қазақ және башқұрт тілдеріндегі дауысты дыбыстар Қазақ һәм башқорт телдәренең һузынқы өндәре

| ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР – ҺУЗЫНҚЫ ӨНДӘР |       |   |                                       |              |       |   |   |
|----------------------------------|-------|---|---------------------------------------|--------------|-------|---|---|
| Қазақ тілі                       |       |   |                                       | Башқұрт тілі |       |   |   |
| №                                | Дыбыс | Сипатта-<br>масы  | Мысал                                 | №            | Дыбыс | Сипатта-<br>масы  | Мысал   |
| 1                                | а     | ашық,<br>жуан,<br>езулік, тіл<br>арты, артқы<br>қатар           | ата<br>тау<br>бала                    | 1            | а     | ашық,<br>жуан,<br>езулік, тіл<br>арты, артқы<br>қатар         | атай әке`<br>тау `тау`<br>бала `бала`                                   |
| 2                                | ә     | ашық,<br>жіңішке,<br>езулік,<br>тіл ортасы,<br>алдыңғы<br>қатар | әке<br>әдемі<br>әтеп<br>әлсіз<br>тәте | 2            | ә     | ашық,<br>жіңішке,<br>езулік, тіл<br>алды,<br>алдыңғы<br>қатар | әгәр `егер`<br>әсәй `ана`<br>үлән `шөп`<br>кисә `кеше`<br>ишкәк `ескәк` |

|   |   |  |   |   |   |  |   |
|---|---|--|---|---|---|--|---|
| 3 | е | ашық<br>езулік,<br>жіңішке,<br>тіл ортасы,<br>алдыңғы<br>қатар | екі<br>ене<br>есік<br>етік<br>ертегі<br>кен<br>тете | - | е | жартылай<br>қысаң,<br>жіңішке,<br>езулік, тіл<br>ортасы,<br>алдыңғы<br>қатар | ел `жел`<br>ер `жер`<br>елкә `желке`<br>егет `жігіт`<br>еләк `жидек`<br>егерме<br>`жиырма`<br>әлек `елек` |
|   | и | дифтонг<br>(ій/ый)   | ине<br>(ійне)<br>иық<br>(ыйық)                      | 3 | и | қысаң,<br>жіңішке,<br>езулік, тіл<br>ортасы,<br>алдыңғы<br>қатар             | итек `етік`<br>иркен `еркін`<br>иç `ес`<br>ишкәк `ескек`  |
| 4 | о | ашық,<br>жуан,<br>ерін, тіл<br>арты,<br>артқы<br>қатар         | он<br>орақ<br>орман<br>орақ<br>топан                | 4 | о | жартылай<br>ашық,<br>жуан,<br>еріндік,<br>артқы<br>қатар                     | он `үн`<br>олай `ата`<br>озақ `ұзақ`<br>оскон<br>ұшқын`<br>моң `әуен`                                     |
| 5 | ө | ашық,<br>жіңішке,<br>ерін, тіл<br>ортасы,<br>алдыңғы<br>қатар  | өң<br>өлке<br>өңір<br>өкпе<br>көмір                 | 5 | ө | жартылай<br>ашық,<br>жіңішке,<br>еріндік,<br>алдыңғы<br>қатар                | өй `үй`<br>өйөр `үйір`<br>өлгө `үлгі`<br>өлкә `өлке`<br>көрәк `күрек`                                     |
|   | у | дифтонг<br>(ұу/үу)   | су (сұу)<br>ту(тұу)                                 | 6 | у | жартылай<br>қысаң,<br>жуан,<br>еріндік,<br>артқы<br>қатар                    | урам `көше`<br>ул `ұл`<br>умарта<br>`омарта`<br>умыртқа<br>`омыртқа`                                      |
| 6 | ұ | қысаң,<br>жуан,<br>ерін, тіл<br>арты,<br>артқы<br>қатар        | ұя<br>ұйым<br>ұйқы<br>тұқым                         | - | - | -  |   |

|   |    |   |                                       |   |   |   |  |
|---|----|---|---------------------------------------|---|---|---|--|
| 7 | Ү  | қысаң,<br>жіңішке,<br>ерін, тіл<br>ортасы<br>алдыңғы<br>қатар | үй<br>үйрек<br>күміс<br>күбі          | 7 | Ү | қысаң,<br>жіңішке,<br>еріндік,<br>алдыңғы<br>қатар            | үләң шөп/<br>өлең<br>үгез өгіз<br>үгәй өгей<br>үксә өкше                 |
| 8 | ы  | қысаң,<br>жуан,<br>езу, тіл<br>арты,<br>артқы<br>қатар        | ым<br>ырғақ<br>ыдыс<br>ыстық<br>қымыз | 8 | ы | жартылай<br>қысаң,<br>жуан,<br>езулік,<br>артқы<br>қатар      | ым ым<br>ырғақ ырғақ/<br>ілгек<br>ынйы інжу<br>был бұл<br>қымыз<br>қымыз |
| 9 | і  | қысаң,<br>жіңішке,<br>езу, тіл<br>ортасы,<br>алдыңғы<br>қатар | іні<br>ішек<br>кісі<br>өсімдік        |   |   | -   |  |
|   | э* | ашық, тіл<br>ортасы,<br>алдыңғы<br>қатар                      | электр<br>экспорт<br>эпилог           | 9 | э | жартылай<br>қысаң,<br>жіңішке,<br>езулік,<br>алдыңғы<br>қатар | эт ит<br>элек елек<br>эйәр ер-<br>тұрман<br>энә ине<br>эре ірі           |

Кесте 5

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелуі

| Қазақ тілінде                  |                  |                                     | Башқұрт тілінде |       |                               |
|--------------------------------|------------------|-------------------------------------|-----------------|-------|-------------------------------|
| Дауыстылар тобы                | Дыбыс            | Мысал                               | Дауыстылар тобы | Дыбыс | Мысал                         |
| <b>I Жақтың қатысына қарай</b> |                  |                                     |                 |       |                               |
| Ашық                           | а, ә, о,<br>ө, е | ата<br>әке<br>ошақ,<br>өзен<br>елік | ашық            | а, ә  | атай әке<br>әсәй ана          |
|                                |                  |                                     | жартылай ашық   | о, ө  | оло ұлы<br>өй үй<br>өләш үлес |

<sup>1</sup>э дыбысы қазақтың төл дыбыстары қатарына енбейді, халықаралық терминдер мен орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады.

|   |                  |   |                                |                      |   |
|---|------------------|---|--------------------------------|----------------------|---|
| Қысаң   | ы, і, ұ, ү       | ыдыс<br>іні<br>ұлы<br>ұйым<br>үлкен<br>үлес<br>үлгілі | қысаң                          | ү, и                 | үлән `шөп`<br>үлсә-`өлше-`<br>итек `етік`<br>иләк `елек`          |
|   |                  |   | жартылай қысаң                 | ә(е), ы, у           | әлек `ерте`<br>ылак `лақ`<br>урам `көше`                          |
| <b>II Ерін мен езудің қатысына қарай</b>              |                  |   |                                |                      |   |
| Еріндік   | о, ө, ұ, ү       | Отан<br>өзен<br>ұшқыш<br>үлес                         | еріндік<br>(иренләшкән)        | о, ө, у, ү           | ойок `шұлық`<br>Өфө `Уфа`<br>ул `ұл`<br>үтек `үтік`               |
| Езулік  | а, ә, е,<br>ы, і | Астана<br>әдемі<br>еркін<br>ішік                      | еріндік емес<br>(иренләшмәгән) | а, ы, и, ә,<br>э (е) | ат `ат`<br>иркен `еркін`<br>әкиәт `ертегі`                        |
| <b>III Жасалу орнына немесе тілдің қатысына қарай</b> |                  |   |                                |                      |   |
| Тіл ортасы/<br>Алдыңғы<br>қатар                       | ә, і, ү,<br>ө, е | әке<br>іні<br>үй<br>өмір<br>ерте                      | тіл ортасы/<br>алдыңғы қатар   | ә, ө, ү, и,<br>э(е)  | әсәй `ана`<br>өй `үй`<br>үлән `шөп`<br>итек `етік`<br>әлек `ерте` |
| Тіл арты/<br>Артқы қатар                              | а, ы, ұ, о       | ақыл<br>ыдыс<br>ұстаз<br>орман                        | тіл арты/<br>артқы қатар       | а, о, у, ы           | аскыс `кілт`<br>оло `үлкен`<br>ун `он`<br>ым `ым`                 |
| <b>IV Айтылуына/естілуіне байланысты</b>              |                  |   |                                |                      |   |
| Жуан  | а, о, ұ, ы       | ата<br>орын<br>ұзын<br>ыстық                          | жуан (калын)                   | а, о, у, ы           | атай `әке`<br>олатай `ата`<br>урам `көше`<br>ыза `ыза`            |
| Жіңішке   | ә, ө, ү,<br>і, е | әсем<br>өнер<br>үлгілі<br>ішек<br>есік                | жіңішке<br>(нәзек)             | ә, ө, ү, и,<br>э(е)  | әсәй `ана`<br>өй `үй`<br>үлән `шөп`<br>итек `етік`<br>әлек `ерте` |

#### §4. Дауыссыз дыбыстар жүйесі

Түркі тілдері консонантиздер жүйесінде негізінен жиырма немесе жиырма екі дауыссыздар ажыратылады, олар жасалу орнына және (еріндік, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, увуляр, көмей), жасалу жолына қарай (қатаң, ұяң) жіктеледі<sup>1</sup>.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілінде 19 дауыссыз дыбыс бар, қ фонемасының дауысты аралық жуысыңқы варианты ретінде қарастырылатындықтан *x*, *h* дыбыстары, орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде қолданылатын *в*, *ф*, *ч*, *щ*, *ц* фонемалары төл дыбыстар қатарына жатқызылмайды.

Қыпшақ-бұлғар тобындағы башқұрт тілінің консонанттар жүйесі 27 дауыссыз фонеманы қамтиды. Башқұрт тіліндегі дауыссыздар жүйесінде кірме сөздер құрамында қолданылатын дауыссыздар да енеді, түркі тілдерінің табиғатына тән дыбыс жүйесіндегі дауыссыздар саны 22-ге дейін қысқарады. Қазақ тілі дауыссыздар жүйесінде башқұрт тіліндегі ұяң *з*, қатаң *с* дауыссыз фонемалары қолданылмайды. Қазақ тілінің де, башқұрт тілінің де төл лексемаларының абсолют басында дауыссыз дыбыстар тіркесі қолданылмайды, яғни екі консонант дыбыс қатар келмейді.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар акустикалық және перцептикалық белгілеріне қарай үш топқа – қатаң, ұяң, үнді болып бөлінеді. Башқұрт тіліндегі дауыссыз фонемалар екі топқа – қатаң және ұяң дауыссыздарға жіктеледі.

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С.403, 421, 439; Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002.– Б.315.

Кесте 6

Қазақ – башқұрт тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар  
Қазақ – башқұрт телдәренең тартынқы өндәре

| Қазақ тілі |       |   |  | Башқұрт тілі |       |   |   |
|------------|-------|---|--|--------------|-------|---|---|
| №          | Дыбыс | Сипаттамасы                             | Мысалдар   | №            | Дыбыс | Сипаттамасы                                     | Мысалдар  |
| 1          | б     | тоғысыңқы, ұяң,<br>еріндік (қос ерін)   | бала<br>баба<br>бағана<br>бауыр<br>бажа<br>білек | 1            | б     | тоғысыңқы, ұяң,<br>еріндік (қос ерін)           | бала<br>бабай<br>бағана<br>бауыр<br>бажа<br>беләк   |
|            | в     | жуысыңқы, ұяң,<br>еріндік<br>(ерін-тіс) | вагон<br>вахта<br>вокзал<br>викторина            | 2            | в [w] | жуысыңқы, бір<br>фокусты, еріндік<br>(ерін-тіс) | вак<br>уақ<br>вакла- уат-<br>ваз кисеу<br>'баз кешу<br>вакыт уақыт<br>вакиға оқиға            |
| 2          | г     | тоғысыңқы, ұяң,<br>таңдай ортасы        | гүл<br>жүген<br>үлгілі<br>үлгерім<br>үзеңгі      | 3            | г     | тоғысыңқы, ұяң,<br>тіл ортасы                   | гөл<br>гүл<br>йүген жүген<br>өлгеле үлгілі<br>өлгереш үлгерім                                 |
| 3          | ғ     | жуысыңқы, ұяң,<br>таңдай арты           | ғалым<br>ғарыш<br>ғажайып<br>аға<br>ағаш<br>ағыс | 4            | ғ     | жуысыңқы, ұяң,<br>бір фокусты,<br>тілшік        | ғалим<br>ғалым<br>ғаләм<br>ғалам<br>ғазап<br>азап<br>ағай<br>ағай<br>йығ- жық-<br>бәгер жүрек |

\* в дыбысы қазақтың тел дыбыстары қатарына енбейді, халықаралық терминдер мен орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады.

|   |   |                                       |  |   |   |  |  |
|---|---|---------------------------------------|--|---|---|--|--|
| 4 | 4 | тоғысыңқы, ұяң, тіл алды (тіл ұшы)    | дала дауыл даңқты адам                           | 5 | 4 | тоғысыңқы, ұяң, тіл алды (қызыл иек)             | дала дауыл данлы даңқты дингез теңіз                                 |
| - | - | -                                     | -  | 6 | 3 | жуысыңқы, ұяң, бір фокусты, тіл алды (тіс)       | зур зор, үлкен базар базар тоз тұз ыза ыза                           |
| 5 | ж | жуысыңқы, ұяң, тіл алды (таңдай алды) | жасыл жастық жайлау жұмыртқа жүген әже ожау әжім | 7 | ж | жуысыңқы, ұяң, қос фокусты, таңдай ортасы        | журнал жури жираф (башқұрт тілінің байырғы сөздерінде қолданылмайды) |
| 6 | 3 | жуысыңқы, ұяң, тіл алды (тіл ұшы)     | зеңгір заман заң зар илеу азық аз                | 8 | 3 | жуысыңқы, ұяң, бір фокусты, тіл алды (күрек тіс) | зеңгер көк заман заман заң заң зар зар илеу заман заман зарар зиян   |

|    |   |  |   |    |   |   |  |
|----|---|--|---|----|---|---|--|
| 7  | й | жуысыңқы, үнді, тіл ортасы (тілшік)                    | йық қайнар тайғақ ай той қайрақ қаймақ сойым тойым  | 9  | й | жуысыңқы, үяң (үнді), тіл ортасы                | йомсақ жұмсақ йоқа жұқа йорт жұрт йөн жүн йыл жыл тайғақ тайға ай ай туй той кәмә кеме күсмә көшпелі кәслә күшті йөк жүк ике екі ирек ерік қабық қабьқ қала қала қазық қазық қаймақ қаймақ қайрақ қайрақ қалың қалың қатты қатты тақта тақта ақ ақ лайық лайық лайсан лайсан ала ала олар олар тоқал тоқал мүйізсіз мүйізсіз |
| 8  | к | тоғысыңқы, қатаң, таңдай арты, тіл ортасы (тіл ортасы) | кеме көшпелі күшті жүк екі ерік                     | 10 | к | тоғысыңқы, қатаң, таңдай арты, тіл ортасы       | кәмә кеме күсмә көшпелі кәслә күшті йөк жүк ике екі ирек ерік қабық қабьқ қала қала қазық қазық қаймақ қаймақ қайрақ қайрақ қалың қалың қатты қатты тақта тақта ақ ақ лайық лайық лайсан лайсан ала ала олар олар тоқал тоқал мүйізсіз мүйізсіз  |
| 9  | қ | тоғысыңқы, қатаң, таңдай ортасы, тілшік (тіл ортасы)   | қабық қала қазық қаймақ қайрақ қалың қатты тақта ақ | 11 | к | тоғысыңқы, қатаң, таңдай ортасы, тілшік         | қабық қабьқ қала қала қазық қазық қаймақ қаймақ қайрақ қайрақ қалың қалың қатты қатты тақта тақта ақ ақ лайық лайық лайсан лайсан ала ала олар олар тоқал тоқал мүйізсіз мүйізсіз  |
| 10 | л | жанама жуысыңқы, үнді, тіл ұшы                         | лайық лайсан ала олар тоқал мүйізсіз                | 12 | л | тоғысыңқы-өтпелі, үяң(үнді), діріл, таңдай алды | лайық лайық лайсан лайсан ала ала олар олар тоқал тоқал мүйізсіз мүйізсіз  |



|    |   |   |  |    |   |   |  |
|----|---|---|--|----|---|---|--|
| 11 | м | тоғысыңқы, мұрын жолды, үнді, еріндік (қос ерін)    | май<br>майла-<br>мақсат<br>мамық<br>кем<br>темір           | 12 | м | тоғысыңқы-өтпелі, ұяң(үнді) мұрын жолды, еріндік (қос ерін) | май<br>майла-<br>мақсат<br>мамық<br>кем, толық емес  |
| 12 | н | тоғысыңқы, мұрын жолды, үнді, тіл ұшы               | негіз<br>намаз<br>нашар<br>таныс<br>ұн<br>он               | 13 | н | тоғысыңқы-өтпелі, ұяң(үнді) мұрын жолды, тіл арты           | нигіз<br>негіз<br>намаз<br>намаз<br>насар<br>нашар<br>таныш<br>таныс<br>он<br>ұн<br>ун<br>он                           |
| 13 | ң | тоғысыңқы, үнді, мұрын жолды, тілшік, таңдай арты,  | жеңіл<br>ыңғай<br>мұң<br>уайым<br>оңға<br>оңай             | 14 | ң | тоғысыңқы-өтпелі, ұяң(үнді) мұрын жолды, тілшік             | еңел<br>жеңіл<br>ыңғай<br>ыңғай<br>моң<br>әуен<br>уңға<br>оңға<br>унай<br>оңай   |
| 14 | п | тоғысыңқы, қатаң, еріндік (қос ерін)                | перде<br>топырақ<br>апа<br>көп<br>кітап<br>пышақ<br>пісір- | 15 | п | тоғысыңқы, қатаң, тіл алды (күрек тіс)                      | пәрзә<br>перде<br>топырақ<br>топырақ<br>апай<br>апай<br>күп<br>көп<br>ипле<br>епті<br>ипләп<br>ептеп<br>кітап<br>кітап |
| 15 | р | дірі жуысыңқы, үнді, тіл алды, таңдай алды (тіл ұшы | ризық<br>рәсім<br>боран<br>қара<br>бар                     | 16 | р | жуысыңқы, ұяң(үнді), діріл, тіл алды (таңдай алды)          | ризық<br>ризық<br>рәсем<br>сурет<br>буран<br>боран<br>қара<br>қара<br>бар<br>бар                                       |

|    |   |   |   |    |       |  |  |
|----|---|---|---|----|-------|--|--|
| 16 | с | жуысыңқы, қатаң,<br>тіл алды (тіл<br>ұшы)               | сабыр<br>сәби<br>сары<br>семсер<br>асық<br>аспан<br>байланыс<br>қасық<br>қарындас | 17 | с     | жуысыңқы, қатаң,<br>бір фокусты, тіл<br>алды (қызыл иек) | сабыр `сабыр`<br>сабий `сәби`<br>сирек `ширек`<br>саң `шаң`<br>саңғы `шаңғы`<br>сана `шана`<br>ас `аш`<br>сыскан `тышқан`<br>асық `ашық` |
| -  | - | -   | -   | 18 | с     | жуысыңқы, қатаң,<br>бір фокусты,<br>тіл алды (тіс)       | ақсы `асты`<br>әсер `әсер`<br>әсе `ыстық`<br>әскәк `іскек`   |
| 17 | т | тоғысыңқы, қатаң,<br>тіл алды (тіл<br>ұшы)              | тау<br>танау<br>тамыр<br>тауық<br>ата<br>ат                                       | 19 | т     | тоғысыңқы, қатаң,<br>тіл алды (күрек тіс)                | тау `тау`<br>танау `танау`<br>тамыр `тамыр`<br>тауық `тауық`<br>атай `әке`<br>ат `ат, жылқы`   |
| 18 | у | жуысыңқы,<br>бүйіржолды,<br>үнді, еріндік (қос<br>ерін) | ауа<br>тау<br>су (сұу)<br>оқтау<br>атырау   | 20 | у [w] | жуысыңқы, ұяң,<br>бір фокусты,<br>еріндік (қос ерін)     | һауа `ауа`<br>тау `тау`<br>һыу `су`<br>уқлау `оқтау`<br>утрау `арал`   |
| -  | - | -   | -   | -  | ү [w] | жуысыңқы, ұяң,<br>бір фокусты,<br>еріндік (қос ерін)     | йәзәу `жүзу`<br>өсәу `үшеу`  |

|    |   |   |  |    |   |  |  |
|----|---|---|--|----|---|--|--|
| -  | Ф | жуысыңқы, қатаң,<br>еріндік (ерін-тіс)      | физика<br>филология<br>фабрика                                   | 21 | Ф | жуысыңқы, бір<br>фокусты, қатаң,<br>еріндік (ерін-тіс) | физика<br>филология<br>фабрика<br>файза пайда<br>фән ғылым                               |
| -  | х | жуысыңқы, қатаң,<br>таңдай арты             | хат<br>хан<br>хабар  | 22 | х | жуысыңқы, қатаң,<br>бір фокусты, тіл<br>арты           | хат<br>хан<br>хәбәр<br>хазина қазына   |
| -  | h | жуысыңқы, қатаң/<br>ұяң, жұтқыншақ          | гауһар<br>жауһар<br>жиһаз<br>жаһан<br>қаһарман<br>қаһарлы<br>һәм | 23 | h | жуысыңқы, ұяң,<br>бір фокусты, көмей                   | Һаумы/Һаумыһығыз<br>саламатсыз ба/<br>саумысыз<br>Һыу су<br>Һауа ауа<br>Һаулық денсаулық |
| -  | ц | жабысыңқы,<br>қатаң, тіл алды<br>(тіл ұшы)  | цирк<br>циркуль<br>цемент  | 24 | ц | тоғысыңқы, қатаң,<br>тіл алды (таңдай<br>ортасы)       | цирк<br>циркуль<br>цемент  |
| -  | ч | жабысыңқы,<br>қатаң, тіл алды<br>(тіл ұшы)  | чемпион<br>чекист  | 25 | ч | тоғысыңқы, қатаң,<br>тіл алды (таңдай<br>ортасы)       | чабан шопан<br>чемпион<br>чекист   |
| 19 | ш | жуысыңқы, қатаң,<br>таңдай алды, тіл<br>ұшы | шырпы<br>шырша<br>шана<br>шаш<br>шығыс<br>ашық<br>қаш-           | 26 | ш | жуысыңқы, қатаң,<br>қос фокусты,<br>таңдай алды        | шырпы сіріңке<br>шыршы шырша<br>шыбырла-сыбырла-<br>шул сол<br>шыйық сұйық               |

|   |   |   |                        |   |   |                                 |       |
|---|---|---|------------------------|---|---|---------------------------------|-------|
| - | щ | жуысыңқы, қатан,<br>таңдай алды, тіл<br>ұшы | щётка<br>ащы<br>(ашшы) | - | щ | жуысыңқы, қатан,<br>таңдай алды | щётка |
|---|---|---|------------------------|---|---|---------------------------------|-------|

Кесте 7

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жіктелуі

| Қазақ тілінде                      |  | Башқұрт тілінде   |  |
|------------------------------------|--|---|--|
| I Қатаң – Һаңғырау                 |  |   |  |
| Дауыссыздар<br>п, к, қ, т, с, ш, х | Мысалдар<br>пышак, пішен, пісір-, кел,<br>кет,<br>кесе, кесте, кілем, көл,<br>қазақ, қайрақ, қайрат, қас,<br>тау, темір, тас, түйме, тай,<br>саба, сыбаға, сұрақ, суық,<br>шана, ыстық,<br>шаңғы, шымыр,<br>хабар, хат, хан. | Дауыссыздар<br>п, ф, к, қ, т, с, ҫ,<br>ш, х, ч,<br>ц, щ | Мысалдар<br>перзә `перде`<br>күп `көп`,<br>көслә `күшті`,<br>қала `қала`,<br>қазық `қазық`<br>тупрак `топырақ`, тау, сан<br>`шаң`,<br>сана `шана`,<br>әсе `ыстық`,<br>әсқәк `іскек`,<br>шул `сол`, шыйық `сұйық`,<br>хат `хат`, хазина `қазына`. |
|                                    |  | II Ұяң – Яңғырау  |  |
| Дауыссыздар                        | Мысалдар   | Дауыссыздар   | Мысалдар   |

|  |  |  |  |
|--|--|--|--|
| б, г, ғ, д, з, ж, һ                          | бас, бесік, боран, бажа, білек, бала,<br>гүл, үлгі, көген, жүген, егін, үзеңгі,<br>ғарыш, ағаш, таға,<br>ғажал, ғұрып, аға,<br>дала, дауыл, дабыл,<br>дыбыс, дем, дербес,<br>заң, зеңбірек, зер,<br>зерде, жезде, кезек,<br>жаз, жайлау, жақсы,<br>жұрт, жұмбақ,<br>гауһар, жиһаз. | б, в, г, ғ, д, з, ж, з,<br>й, л,<br>м, н, ң, р, һ, у=[<br>//w] | бажа `бажа, беләк `білек,<br>вак `уак, вакиға `оқиға,<br>гөл `гүл, йүген `жүген,<br>ғаләм `ғалам, ғазап `азап,<br>дала `дала, зур `зор, үлкен,<br>зеңгер `көк, йока `жұқа,<br>йорт `жұрт, ләйсән `лайсаң,<br>мақсаг `мақсаг, нигез `негіз,<br>моң `әуен, рәсем `сурет,<br>һыу `су, һауа `ауа |
| <b>III Үнді</b>                              |  |  |  |
| Дауыссыздар<br>р, л, м, н, ң, й, у=[<br>//w] | Мысалдар<br>раушан, риза, рәсім, лақ,<br>лауазым, лай, мұз, мұң,<br>мың, мен, намыс, нар,<br>нағашы, таң, шаң, теңіз,<br>сең, той, тай, қой, бой, тау,<br>сау, жау, бау.   | -<br>-   | -<br>-   |

## §5. Дыбыс сәйкестіктері

Тіл дамуын, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін басты механизмдердің бірі – дыбыс өзгерістері өте баяу әрі үзіліссіз жүріп отыратын, әр тілде түрліше жүзеге асатын үдеріс. Тілдегі дыбыстық өзгерістердің негізгі факторларының бірі барлық тілдерге тән универсалды құбылыс фонологизация процесі. Фонемалардың дифференциалануы негізінде, олардың аллофондары, тілдің дамуына сәйкес мағына айқындау қасиетіне ие болады. Әр тілдің дара болмысымен қалыптасуына, ішкі жүйеліліктің ретке келуіне интралингвистикалық, экстралингвистикалық ықпалдар қатар қызмет атқарады және бұл ықпалдардың әсері тілдік бірліктердің барлық деңгейінде көрініс беруі мүмкін, фонетика-фонологиялық деңгейдегі өзгерістер өзінен кейінгі морфемалық, лексемалық деңгейлердегі өзгерістердің негізін қалайтын басты тетік болып табылады.

Түркі тілдерінде сингармониялық заңдылықтың, ассимиляциялық, диссимиляциялық ықпалдардың әсірінсіз-ақ қалыптасқан альтернативалық құбылыстар кездеседі. Альтернативалық құбылысы – дыбыстардың парадигмалық қатынасқа түсіп, бірінің орнына екіншісінің қолданылуы. Бұл құбылысты дыбыс алмасулары және дыбыс сәйкестіктері деп екіге бөлуге болады. Дыбыс сәйкестігі мен дыбыс алмасуы түркі тілдерінде принципті түрде ажыратылатындығы белгілі<sup>1</sup>. Дыбыс алмасуы белгілі бір фонетикалық шартқа байланысты (сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция) өзгереді және бір тіл ішінде ғана болатын құбылыс. Дыбыс сәйкестіктері ешқандай фонетикалық ықпалсыз тарихи өзгерістерге ұшырайды және ол бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да кездеседі. Академик Ә.Т. Қайдардың көрсетуі бойынша дауысты дыбыстардың 36, дауыссыз дыбыстардың 496 теориялық сәйкестік түзу мүмкіндігі бар<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Қараңыз: Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата, 1986. – С. 84, 85.

<sup>2</sup> Қайдаров А.Т. Структура одностоженных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата, 1986. – С. 77, 78.

Түркілік тектілдің (протоязык), бабатілдің (праязык) даму бағытына, жалпытүркілік негіз тілдің тілдік топтарға, жекелеген тілдерге ыдырау үдерісіне сәйкес орныққан мұндай тарихи дыбыс өзгерістері дербес түркі тілдерін бір-біріне ажырататын негізгі критерийлер қатарынан орын ала отырып, белгілі бір дәрежеде гомогенді сөздердің семантикалық дифференциациясымен, яғни сөзжасамдық құбылыстармен ұласып жатады.

Дыбыс сәйкестіктері түркі тілдері арасында да, бір тіл ішінде де кездеседі, олардың бір бөлігі мағыналары бірдей фонетикалық варианттар қалыптастырса, енді бір бөлігі түбірлес сөздердің семантикалық деривациясы қатарындағы ортақ семаға негізделген әртүрлі ұғымдарды білдіретін параллельдерді құрайды. Сондықтан дыбыс сәйкестіктерін таза фонетикалық немесе таза морфологиялық құбылыс ретінде қарастыруға келмейді. Мұндай құбылыстарды фонетика және морфологияның ара-жігіндегі сабақтастыққа негізделген, морфемалар табиғатын фонологиялық ерекшеліктер арқылы зерттеуге бағытталған фономорфология немесе морфонология (морфофонология, морфофонемика) ілімі негізінде қарастыру қалыптасты.

Тарихи дыбыс сәйкестіктерінің сөз мағынасына әсері түркологияда ХІХ ғасырдың соңғы жылдарынан бастап назарға алына бастады (В.Томсен, В.В.Радлов, Ж. Дени, К. Гренбек, В. Богородицкий т.б.). Қазіргі түркі тілдерінің деректері бұл құбылыс жүйелі түрде болмаса да, бір тіл арасында да, туыс тілдер арасында да жиі кездесетінін дәлелдеп отыр. Дегенмен дыбыс сәйкестіктерінің семантикалық сипаты теориялық тұрғыдан толық шешімін тапты деп айтуға келмейді. Тарихи дыбыс сәйкестіктерінің семантикалық табиғатының күрделілігі сол – барлық дыбыс сәйкестіктері жаңа сөз жасау қабілетін ие бола алмайды, жаңалығына тудыруға қабілетті сәйкестіктердің өзі құрылымы бірдей сөздердің бәрінде жүйелі түрде сөзжасамдық қызмет атқара бермейді. Сондықтан зерттеушілер арасында пікір қайшылығы да жоқ емес. Бұл мәселені сөз еткен түрколог ғалымдардың ешқайсысы да тарихи дыбыс өзгерістерінің түбірлес сөздердің мағыналық дифференциациялануына ықпал

ететін жағдайдың кездесетінін теріске шығармайды<sup>1</sup>. Бірақ, тарихи дыбыс сәйкестіктерінің гомогенді сөздердің семантикалық жағынан саралануына әсері қай дәрежеде, тікелей сөзжасамдық мақсатта жұмсала ма, әлде басқа да қырлары бар ма, қандай құбылысқа жатқызуға болады деген мәселелерге келгенде бірізді пікір жоқ.

Тарихи дыбыс сәйкестіктері сөздің барлық шенінде – анлаут, инлаут, ауслаут позицияда кездесе береді. Қыпшақ тобындағы қазақ және башқұрт тілдері арасында да бірнеше дыбыс сәйкестіктері кездеседі. Дыбыс сәйкестіктері әр тілдің фонологиялық жүйесінің даму барысында қалыптасқан төл құбылыс болып табылатындықтан қазақ және башқұрт тілдерінің табиғатына бейімделген кірме сөздерді де қамтиды.

Кесте 8

Сөздің бірінші буынындағы дауыстылар сәйкестігі

| Дыбыс сәйкестігі | Қазақ тілінде                                     | Башқұрт тілінде                                  | Дыбыс сәйкестігі | Қазақ тілінде                                | Башқұрт тілінде                              |
|------------------|---|--|------------------|--|--|
| а≈ә              | адам<br>ажал<br>ащы<br>айлан-                     | әзәм<br>әжәл<br>әсе<br>әйлән-                    | ө≈ә              | бөбек<br>көкек                               | бәбәк<br>кәкүк                               |
| е≈ә              | егер<br>кеме<br>керек<br>кеңес<br>кеуде<br>терезе | әгәр<br>кәмә<br>кәрәк<br>кәңәш<br>кәүзә<br>тәзрә | ө≈ү              | көз<br>көк<br>көл<br>көбік<br>көген<br>күрек | күз<br>күк<br>күл<br>күбек<br>күгән<br>көрәк |
| е≈и              | етік<br>еркін<br>кел-<br>кет-<br>мен<br>се        | итек<br>иркен<br>кил-<br>кит-<br>мин<br>һин      | ү≈ө              | үгіт<br>үйір<br>гүл<br>күбі<br>күз<br>күл-   | өгөт<br>өйөр<br>гөл<br>көбө<br>көз<br>көл-   |

<sup>1</sup> Қараңыз: Севортян Э.В. Словообразование в тюркских языках. Т. 2. Морфология. – Москва, 1956. – С. 328; Закиев М. Татарский язык // Языки народов СССР. Тюркские языки. Т. 2. – Москва, 1966. – С. 151; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград, 1980. – С. 77; Садвакасов Т. Имеется ли в современном уйгурском языке фонетический способ словообразования? // Советская тюркология, 1972. – № 6. – С. 80-82. т.б.



|     |  |   |     |  |   |
|-----|--|---|-----|--|---|
| i≈e | біз<br>білім<br>бір<br>кір<br>кім<br>кіші            | без<br>белем<br>бер<br>кер<br>кем<br>кесе | o≈y | боран<br>қоз<br>ыстық<br>шоқ<br>зор<br>топрақ<br>жоқ | буран<br>қуз<br>ыстық шоқ,<br>зур<br>тупрақ<br>юк (йук) |
| i≈ə | із<br>ілгіш, ілгек<br>іңір<br>иек (ійек)<br>ие (ііе) | эз<br>элгес<br>эңер<br>эйәк<br>эйә        | ұ≈ы | бұзау<br>бұғау<br>бұл<br>бұу(бу)<br>сұйық            | бызау<br>бығау<br>был<br>быу<br>шыйық                   |
| i≈ө | бітір-<br>бійік(биік)                                | бөтөр-<br>бөйөк                           | ұ≈o | ұн<br>ұш `бір<br>заттың<br>ұшы`<br>ұш-<br>құс        | он<br>ос `бір<br>заттың ұшы`<br>ос-<br>кош              |
| i≈и | ізгі   | изге                                      | ұ≈ө | құрмет<br>құрма                                      | хөрмәт<br>хөрмә   |
| ы≈e | мың  | мең                                       |     |  |   |

Кесте 9

Сөздің екінші буынындағы дауыстылар сәйкестігі

| Дыбыс<br>сәйкестігі | Қазақ<br>тілінде  | Башқұрт<br>тілінде  | Дыбыс<br>сәйкестігі | Қазақ<br>тілінде  | Башқұрт<br>тілінде                                      |
|---------------------|---|---|---------------------|---|---|
| a≈ə                 | адам<br>ажал<br>хабар<br>айлан-                                 | әзәм<br>әжәл<br>хәбәр<br>әйлән-                           | i≈ө                 | күшті<br>күлкі<br>күбі<br>үгіт                          | көслө<br>көлкө<br>көбө<br>өгөт                          |
| a≈ы                 | шырша   | шыршы   | ұ≈ы                 | бұлбұл  | былбыл  |
| a≈e                 | жаяу  | йәйеу   | ы≈и                 | қазына  | хазина  |
| e≈ə                 | әтеш<br>кеме<br>күрек<br>күрес<br>күмбез<br>көген<br>иек (ійек) | әтәс<br>кәмә<br>көрәк<br>көрәш<br>көмбәз<br>күгән<br>эйәк | i≈e                 | етік<br>еркін<br>кіші<br>кісі<br>көбік<br>ілгіш<br>іңір | итек<br>иркен<br>кесе<br>кеше<br>күбек<br>элгес<br>эңер |
| i≈ə                 | белгі   | билдә   | ы≈ө                 | дұрыс   | дөрөс   |

|     |                  |                  |     |                 |                 |
|-----|------------------|------------------|-----|-----------------|-----------------|
| і≈и | мүмкін<br>тәртіп | мөмкин<br>тәртіп | ы≈е | аңы<br>қайыр    | әсе<br>хәйер    |
|     |                  |                  | ы≈о | шұқыр<br>бұйық- | сокор<br>бойок- |

Кесте 10

Сөздің бірінші буынындағы дауыссыздар сәйкестігі

| Дыбыс<br>сәйкестігі  | Қазақ<br>тілінде  | Башқұрт<br>тілінде   | Дыбыс<br>сәйкестігі | Қазақ<br>тілінде                                      | Башқұрт<br>тілінде                                    |
|--|---|--|---------------------|---|---|
| з≈з  | зор<br>тұз<br>ыза<br>базар  | зур<br>тоз<br>ыза<br>базар   | с≈ш                 | сұйық<br>сыбырла-<br>сол<br>сына                      | шыйық<br>шыбырла-<br>шул<br>шына                      |
| ж≈й  | жаңа<br>жат<br>жарық<br>жиһан<br>жол<br>жолдас<br>жоқ                         | яңы<br>ят<br>ярық<br>йыһан<br>юл<br>юлдаш<br>юк                                | с≈с                 | асты<br>бас-<br>әсер<br>ыстық<br>іскек<br>қысқа       | аҫкы<br>баҫ-<br>әсәр<br>әсе<br>әсқәк<br>қысқа         |
| қ≈х<br>негізінен<br>араб,<br>парсы<br>тілінен<br>енген<br>сөздерде | қазына<br>қиял<br>құрмет<br>қайран<br>қалу<br>қас<br>дұшпан<br>қате<br>қызмет | хазина<br>хыял<br>хөрмәт<br>хайран<br>калыу<br>хас<br>дошман<br>хата<br>хезмәт | ш≈с                 | ширек<br>шаң<br>шаңғы<br>шана<br>тышқан<br>аш<br>ашық | сирек<br>саң<br>саңғы<br>сана<br>сыскан<br>ас<br>асық |
| м≈б  | мұз   | боз  | т≈д                 | түйе<br>төрт  | дөйә<br>дүрт  |
| п≈ б   | пышақ<br>пияла  | бысак<br>быяла   | т≈с                 | тышқан  | сыскан  |
| с≈һ  | сау<br>саумал<br>сат-<br>сен<br>сирек<br>сөйлем                               | һау<br>һаумал<br>һат-<br>һин<br>һирәк<br>һөйләм                                | у≈[w]<br>о≈[w]      | уат-<br>уақ<br>уақыт<br>уақиға/<br>оқиға<br>уайым     | ват-<br>вак<br>вакыт<br>вақиға<br>вайым               |

|     |               |                |         |     |          |
|-----|---------------|----------------|---------|-----|----------|
| т≈д | таға<br>теңіз | даға<br>дингез | у[w] ≈й | бау | бәй, бау |
| н≈м | тынды-        | тымды-         |         |     |          |

Кесте 11

Сөздің екінші буынындағы дауыссыздар сәйкестігі

| Дыбыс сәйкестігі | Қазақ тілінде           | Башқұрт тілінде          | Дыбыс сәйкестігі | Қазақ тілінде          | Башқұрт тілінде        |
|------------------|-------------------------|--------------------------|------------------|------------------------|------------------------|
| ғ≈т<br>ж≈й       | заңғар<br>шынжыр        | зәңгәр<br>сынйыр         | с≈ш              | ағыс<br>қамыс<br>таныс | ағыш<br>камыш<br>таныш |
| д≈з              | бидай<br>кеуде<br>перде | бойзай<br>кәүзә<br>пәрзә | ш≈с              | ағаш<br>ілгіш<br>нашар | ағас<br>элгес<br>насар |
| з≈з              | негіз<br>намаз          | нигез<br>намаз           | ң≈н              | лайсаң<br>терең        | ләйсән<br>тәрән        |

§6. Сингармонизм заңдылығы

Сөз құрамындағы дыбыстардың белгілі бір жүйе бойынша орналасуын қамтамасыз ететін сингармонизм заңдылығы түркі тілдеріне тән ерекше белгі болып табылады.

Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың гармониялық үндесім заңдылығы екі түрлі позицияда көрінеді: палатальдық гармония немесе дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне қатысты үндесімі (дауыстылардың алдыңғы және артқы қатар бойынша үндесімі); лабиалдық гармония немесе дауысты дыбыстардың ерінге қатысты үндесімі (ерін үндестігі).

Түркі тілдеріндегі лабиалдық үндесім палатальды үндесімге қарағанда жүйесіздеу. Қазіргі түркі тілдерінде ерін үндестігі бірыңғай сипатта емес, кей тілдерде жақсы сақталса, кей тілдерде жартылай сақталған, енді бір бөлігінде лабиал гармониясы байқалмауы да мүмкін. Лабиалдық гармониясын жартылай сақтаған тілдерде түбір сөздің еріндік сипаты негізінен екінші буында сақталып, одан кейінгі буында үндесім сапасын өзгертеді.

Дауыссыз дыбыстардың тілдің қатысына (тіл алды дауыссыздары, тіл арты дауыссыздары) қарай жуан, жіңішке айтылуына байланысты жүйелілікті сақтауы дауыстыларды палатальдық үйлесімділігіне қатысты жүзеге асады. Кейбір түркі тілдеріндегі әлсіз лабиалдық үндесімді қалыптасқан орфографиялық норма тіптен көмескілендіріп жібергенін байқауға болады.

Қазақ тіліне дауысты дыбыстардың артикуляциялық жақындасуынан болатын жуан-жіңішкелік буын үндестігі тән (qizdarim `қыздарым`, inilerim `інілерім`), лабиалды үндестік әлсіз және екінші буыннан кейінгі ерін үндестігі белгілері орфографиялық нормада ескерілмейді.

Башқұрт тіліне де жуан-жіңішкелік үндестігі тән, ерін үндестігі қазақ тіліне қарағанда біршама жақсы сақталған. Қазақ және башқұрт тілдеріндегі жуан-жіңішкелік үндестігіне кейбір күрделі сөздер, бір нұсқалы қосымшалар жалғанған сөздер және басқа тілден енген сөздер бағынбайды. Бұл құбылыс түркі тілдерінің көпшілігіне тән.

Қазақ тілінде де, башқұрт тілінде де үндестік заңына сәйкес кейбір қатаң дауыссыздарға аяқталатын сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса, негізгі сөз (түбір, туынды түбір) соңындағы қатаң фонема ұянданады.

### Кесте 12

#### Қазақ және башқұрт тілдеріндегі үндестік заңы

| ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ |   |   |   |  |
|---------------|---|---|---|--|
| №             | Қазақ тілінде   |   | Башқұрт тілінде   |  |
|               | Ереже   | Мысалдар  | Ереже   | Мысалдар   |
| 1             | Түбірдің, негіздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан болады. | ойыншық<br>сыбырла-<br>қалалар<br>балалар<br>тастар | Түбірдің, негіздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан болады. | уйынсығк шы-<br>бырла-<br>қалалар<br>балалар<br>таштар |

|   |   |                             |   |                            |
|---|---|-----------------------------|---|----------------------------|
| 2 | Түбірдің, негіздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке болады.         | бөлме күшті көшпелі жүрекке | Түбірдің, негіздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке болады.   | бүлмә көслө күсмә йөрәккә  |
| 3 | Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы дауысты болса, оған жалғанатын қосымшалар ұяң не үндіден басталады. | балаға бөлмеге үлгіге       | Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы дауысты болса, оған жалғанатын қосымшалар ұяңнан басталады.   | балаға бүлмәгә өлгөгә      |
| 4 | Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы ұяң болса, оған жалғанатын қосымшалар да ұяңнан басталады           | тойға базарға қызға         | Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы ұяң болса, оған жалғанатын қосымшалар да ұяңнан басталады     | туйға базарға кызға        |
| 5 | Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшалар да қатаңнан басталады       | сандыққа тұрмысқа күрекке   | Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшалар да қатаңнан басталады | һандыкка тормошкка көрәккә |

|   |   |                    |   |                     |
|---|---|--------------------|---|---------------------|
| 6 | Түбір, негіз құрамында еріндік дауысты болса, оған жалғанатын қосымшаның құрамында еріндік дауысты орфографияда сақталмайды | бітір-үлгіні күнде | Түбір, негіз құрамында еріндік дауысты болса, оған жалғанатын қосымшаның құрамында да еріндік дауысты болады. | бөтөр- өлгөнө көңдө |
|---|---|--------------------|---|---------------------|

Кесте 13

Қазақ – башқұрт тілдеріндегі қатаң дыбыстардың ұяңдануы

| Қазақ тілі               |  |                 | Башқұрт тілі             |  |                 |
|--------------------------|--|-----------------|--------------------------|--|-----------------|
| Қатаң қ,к,п дауыссыздары | Дауыстыдан басталатын қосымшалар алдында ұяңданады | Мысал           | Қатаң қ,к,п дауыссыздары | Дауыстыдан басталатын қосымшалар алдында ұяңданады | Мысал           |
| қ                        | ғ  | қасық – қасығым | к                        | ғ  | калақ – калағым |
| к                        | г  | күрек – күрегім | к                        | г  | көрәк – көрәгем |
| п                        | б  | кітап – кітабың | п                        | б  | кітап – кітабың |

§7. Буын

Буынды анықтап, оның шегарасын тану түркі тіл біліміндегі күрделі мәселенің бірі. Дауыссыздардың тіл алды, тіл арты жұптарының, дауыстылардың үндесім қатысына байланысты жұпта-

рының қарсы қойылуы, дауыстылардың тіл алды үндесімі мен ерін үндестігінің қатарласуы тәрізді фонемалардың дистрибутивті қатынасы түркі тілдерінің буын жүйесінің ерекше типологиялық сипатын анықтайды. Бірінші буын кейінгі буындардың өзімен сингармониялық заңдылыққа сәйкес үндесім табатын фонетикалық варианттарын қабылдайды. Үндестік заңына бағынатын агглюнативті тілдерге жататын түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтауда буын құрылымы мен буын түрлері, олардың өзара тіркесу үйлесімділігі ерекше маңызды.

Барлық тілдерге тән сөйлеу барысындағы ауа ағымының (демнің) жіктелісіне негізделетін буын өзара іргелес бір немесе бірнеше фонеманың сөйлеу актісінде үзіліссіз айтылатын біртұтас бөлшегі болып табылады. Буын сөздің өзегі (ядросы) іспеттес мағына айырғыштық сипаты бар буын құраушы фонемалардан және буын тасымалдаушы фонемалардан тұруы мүмкін. Буынның универсалды табиғаты қазіргі тілдерге диахрониялық-реконструкциялық талдаулар жүргізілген кезде ғана айқын аңғарылуы мүмкін, кез-келген тірі тілдің статикалық күйі архебуындарды бірден ажыратуға кепіл бола алмайды.

Тілдің жалғамалылық сипаты буын табиғатына тікелей байланысты болуына орай түркі тілдеріндегі буын ерекшеліктерін диахрониялық тұрғыдан жан-жақты талдау, буынның синхрониялық жағдаятын терең танып, түркі лексемасының этимологиялық негізін айқындап, морфемалардың тұлғалық және мағыналық дамуының бағыт-бағдарын шамалауға, соның нәтижесінде көне тұлғаларды жаңғыртуға мүмкіндік береді. Барлық тілдерге тән сөйлеу барысындағы ауа ағымының (демнің) жіктелісіне негізделетін буын өзара іргелес бір немесе бірнеше фонеманың сөйлеу актісінде үзіліссіз айтылатын біртұтас бөлшегі болып табылады. Саналы адамзат тілінің қалыптасу кезеңдерімен, адамзаттың физиологиялық-артикуляциялық мүмкіндіктерімен тікелей байланысты буынның сөйлеу үдерісіндегі фонациялық ауа ағымының іркілістерінен қалыптасқаны айқын болғанымен, буын табиғатына шынайы сипаттама берудің өзіндік қиындықтары бар. Буын сөздің өзегі (ядросы) іспеттес мағына айырғыштық сипаты бар буын құраушы фонемалардан және буын тасымалдаушы фо-

немалардан тұруы мүмкін. Психологиялық тұрғыдан сөйлеу процесіндегі ауа ағымын буынға бөлу күрделілік тудырмайды, соған орай буын универсалды құбылыс ретінде қарастырылуда, алайда, түрлі тілдік семьяларға бөлінетін әлем тілдерінің фонологиялық, морфологиялық, лексикалық жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктер буын мәселесін әр жүйедегі тілдің табиғатына сай, алдымен синхрониялық аспектіде де, содан кейін диахрониялық аспектіде саралаудың тиімділігін көрсетуде.

Жалпы тіл білімінде буынтану бойынша қалыптасқан заңдылықтардың теориялық-методологиялық әлеуеті барлық тілдердегі буын ерекшелігін, олардың тарихи даму үдерістерін, буын құрамындағы дыбыстардың сегменттік, супер сегменттік қабілетін, морфемамен, лексемамен, синтагмамен қарым-қатынасын таратып беруге әлі де болса жеткіліксіз. Буын сөйлеу актісіндегі ең шағын бірлік ретінде сөйлеудің айтылым кезіндегі паузалармен бөлінетін сөйлеу үзіктерінің өзара тығыз байланыста жалғасып жатқан тұтас тізбегін құрайды. Буынның өз ішінде мұндай ауа ағымына байланысты үзік, бөлініс болмайды, сондықтан буын жекелеген сөйлеу дыбыстынан ерекше ажыратылмайды. Осындай қарапайым синхрониялық белгілеріне қарай экспериментальды фонетика өкілдері буынды лингвистер мен психологтар қалыптастырған жалған (фикция) ұғым ретінде таниды.

Сөйлеу дыбыстары сөйлеу тізбегінен дербес тілдік бірлік ретінде, фонеманың айтылу формасы ретінде ажыратылады. Буын шегі мен морфема шегі әрдайым сәйкес келетін буын жүйелі тілдерде буын дербес тілдік бірлік болып саналады, сондықтан буынды прототілдік кезеңнен белгі беретін әрі фонема, әрі буын, әрі морфема, әрі лексема қызметін атқарған тілдік бірлік – силлабофонеманың көрнісі ретінде қарастыруға болады. Әдетте, «силлабема – фонологиялық тіл бірлігі ретінде танылатын буын.<sup>1</sup> түрінде қолданылғанымен, оның күрделі дыбыстық құрылымы мен сигнификаттық мазмұны, семантикалық қабілеті, функционалдық қызметі фонологияның шегінен шығып, тілдік деңгейлердің бәрін қамтитынын көрсетеді. Лингвистика ғылы-

<sup>1</sup> Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – Б. 284; Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – Москва, 1960. – С. 14-21; Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Москва, 1979.



мында буын құрамындағы дыбыстарды шартты түрде С және V белгілерімен таңбалау дәстүрі қалыптасқан: С (consonant) – буын құрамындағы дауыссыз дыбыстың таңбасы, V (vowel) – буын құрамындағы дауысты дыбыстың таңбасы. Осы таңбалар негізінде буын құрлысының шартты модельдері сомдалады. Орыс тіліндегі түркологиялық әдебиеттерде буын құрамындағы дауысты дыбыс – Г (гласный), дауыссыз дыбыс – С (согласный), қазақ тіліндегі зерттеулерде дауысты дыбыс – Д (дауысты), дауыссыз дыбыс – Дс (дауыссыз) таңбаларымен де белгіленеді.

Түркі тілдеріндегі буын жүйесінің жалпы сипаты: буынның саны дауыстыларға байланысты анықталады; буын жасаушы дауысты дыбыстар өзімен бір үйірлесе жүретін дауыссыздардың акустикалық көрсеткіші қызметін атқарады; буын бір немесе бірнеше дыбыстар тіркесінен тұрады; сөздер бір буынды да көп буынды да болып келеді; сөздегі дыбыс санына қарай буын құрылысы бір дыбысты, екі дыбысты, үш дыбысты, төрт дыбысты болады; буынның түркі тілдеріне тән құрылымдық типтері V, CV, VC, SVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады; буындағы дауысты жіңішке болса, үйіріндегі дауыссыздар да жіңішке болады, жуан болса, дауыссыздар да жуан болады; буын соңындағы дауыссыздан гөрі буын басындағы дауыссыз күштірек айтылады; дауыссыздар бітеу буында әр түрлі экспирация басқыштарымен айтылады; буын құрауда, буынның тұтастығын сақтауда екпін мен үндестік заңының, дауыссыздар ассимиляциясының қызметі маңызды.

Қыпшақ тобындағы қазақ және башқұрт тілдеріндегі буын дыбыстық құрылымына қарай екі топқа бөлінеді: ашық буын және тұйық буын. Бірінші буыннан басқа буындар дауыстыдан басталмайды.

#### Кесте 14

#### Қазақ және башқұрт тілдеріндегі буын түрлері

| БУЫН – ИЖЕК |              |       |               |                 |
|-------------|--------------|-------|---------------|-----------------|
| №           | Буын түрлері | Ереже | Қазақ тілінде | Башқұрт тілінде |
|             |              |       |               |                 |

|   |            |  |   |   |
|---|------------|--|---|---|
| 1 | Ашық буын  | Жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып дауыстыға бітетін буын түрі. | а+ла<br>қа+ла<br>ба+ла<br>ке+ме<br>кі+ші<br>кі+сі<br>кү+бі  | а+ла<br>қа+ла<br>ба+ла<br>кә+мә<br>ке+се<br>ке+ше<br>кө+бө  |
| 2 | Тұйық буын | Дауыстыдан немесе дауыссыздан басталып дауыссызға аяқталатын буын түрі.          | ат<br>қыз<br>жұрт<br>ер+кін<br>тас+тар<br>күм+без<br>іл+гіш | ат<br>қыз<br>йорт<br>ир+кен<br>таш+тар<br>көм+бәз<br>эл+гес |

## §8. Екпін

Екпін – сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың созылыңқылығы, әуезділігі арқылы оқшауланып айтылуы<sup>1</sup>

Сөз құрамындағы белгілі бір буынның қарқынды, көтеріңкі айтылуымен байланысты екпін сөйлеу үдерісінің толыққандылығын сипаттайды. Сөздің лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасын айқындау, сөздің тұтастығын қамтамасыз ету, тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыру екпіннің тілдегі мәнін сипаттаиды. Түркі тілдеріне тән екпін мен әуезділік олардың төл табиғатына сәйкес қалыптасқан құбылыс<sup>2</sup>.

Фонетикалық табиғатына байланысты екпін негізгі екі түрге бөлінеді: лебізді-динамикалық екпін және үнді-әуезді (музыкалық) екпін. Э.Тенишев ежелгі алтайлық тектілде екпіннің екі түрінің болу мүмкіндігін көрсетеді: бірінші буында әуезді және динамикалық екпін; бірінші буында динамикалық,

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – Б.99.

<sup>2</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 403-410.

екінші-үшінші буындарда әуезді екпін<sup>1</sup>. Түркі тілдері лексикасының бірінші буынына динамикалық шұғыл екпін, дисиллабтар мен полисиллабтардың соңғы буынына әуезді музыкалық екпін тән.

Түркі тілдеріндегі екпіннің кей жағдайда жылжымалы болып келуіне, бастапқы түркі түбірлерінің моносиллабтық құрылымға негізделуіне, кейбір қосымшалардың екпін қабылдау қабілетінің төмендігіне байланысты екпіннің соңғы буынға түсуі аглютинациялық құрылымның қалыптасуымен, сөздің күрделенуімен қатар орныққан кейінгі құбылыс ретінде қарастырылады. «тілдің полисинтетикалық немесе аморфты құрылымы аглютинацияға ауысуымен бірге екпін бір буынды бірнеше түбірді бір грамматикалық топқа ұйыстырудың тәсіліне айналды. Ондай топтың құрамындағы түбірлердің біреуі (бірінші орындағы) ғана лексикалық мағына иесі болады да, қалғандары грамматикалық көрсеткіштер қызметін атқарады. Алғашқы түбір құрамына түскен екпін біртұтастықты белгілеу үшін кейінгі буынға жылжиды<sup>2</sup>. Түркі тілдеріндегі логикалық екпін барлық үш акустикалық элементтерден тұрады, бірақ олардың біреуі басым болып келеді, негізгі қызметі – фраза деңгейіндегі делимитативтік және кульминативтік, сол сияқты интонация құрамындағы модальдықты көрсету.

Қыпшақ тобындағы қазақ және башқұрт тілдерінде де негізгі екпін сөз соғына түседі, сөзге қосымшалар жалғану барысында екпін келесі буынға жылжып отырады. Кейбір қосымшалар мен шылаулар екпін қабылдамайды, сондықтан екпін олардың алдындағы буынға түседі. Қазақ тілінде сөздің айтылу мақсатына, экспрессиялық-эмоциялық реңкіне байланысты екпіннің сөз шеніндегі орны құбылып, эмфазалық сипат алуы жиі кездеседі.

<sup>1</sup> Тенишев Э. В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – Москва, 1996. – С. 9.

<sup>2</sup> Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 100.

Кесте 15

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі екпін

| ЕКПІН – БАҒЫМ          |   | Қазақ тілі  | Башқұрт тілі   |
|------------------------|---|---|--|
| Екпін теориясы бойынша |   | Мысалдар  | Мысалдар   |
| 1                      | Екпін соңғы буынға түседі.                            | кітап ақылды қайта  | Екпін соңғы буынға түседі.<br>1                              |
| 2                      | Сөзге қосымша жалғанғанда екпін келесі буынға жылжиды | бала балалар балаларды қызыл қызылырақ                        | Сөзге қосымша жалғанғанда екпін келесі буынға жылжиды.<br>2. |
| 3                      | Екпін әрдайым бірінші буынға түседі.                  | а) сұрау есімдіктері<br>б) бұйрық райдың ІІ жағы, сыпайы түрі | Екпін әрдайым бірінші буынға түседі.<br>3                    |

|                                   |  |   |                                       |   |                                    |  |   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |  |   |   |   |   |   |   |   |
|-----------------------------------|--|---|---------------------------------------|---|------------------------------------|--|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|--|---|---|---|---|---|---|---|
| <p>йокла –<br/>йоклама</p>        | <p>а) етістіктің болымсыз мәнінің жалғауы: -ма/-мә</p> | <p>б) жіктік жалғаулары: -мын/-мен, -һын/-һең, -быз/-без т.б.</p> | <p>Мин укыу-сымын. Без тунак-быз.</p> | <p>б) жіктік жалғаулары: -мын/-мін, -сын/-сін, -быз/-біз т.б.</p> | <p>Мен оқушымын. Біз қонақпыз.</p> | <p>а) етістіктің болымсыз мәнінің жалғауы: -ма/-ме -ба/-бе -па/-пе</p> | <p>б) жіктік жалғаулары: -мын/-мін, -сын/-сін, -быз/-біз т.б.</p> | <p>в) үстеу тудыратын жұрнақтар: -тай/-тәй, -дай/-дәй, -зай/-зәй, -лай/-ләй, -са/-сә</p> | <p>в) үстеу тудыратын жұрнақтар: -тай/-тәй, -дай/-дәй, -зай/-зәй, -лай/-ләй, -са/-сә</p> | <p>в) үстеу тудыратын жұрнақтар: -тай/-тәй, -дай/-дәй, -зай/-зәй, -лай/-ләй, -са/-сә</p> | <p>в) үстеу тудыратын жұрнақтар: -тай/-тәй, -дай/-дәй, -зай/-зәй, -лай/-ләй, -са/-сә</p> | <p>г) сұраулық шылаулар: ма/ме ба/бе па/пе</p> | <p>г) сұраулық шылаулар: ма/ме ба/бе па/пе</p> | <p>г) сұраулық шылаулар: ма/ме ба/бе па/пе</p> | <p>г) сұраулық шылаулар: ма/ме ба/бе па/пе</p> | <p>һиндәй булғым килә. миңеңсә эшлә.</p> | <p>һиндәй булғым килә. миңеңсә эшлә.</p> | <p>һиндәй булғым килә. миңеңсә эшлә.</p> | <p>һиндәй булғым килә. миңеңсә эшлә.</p> | <p>һиндәй булғым килә. миңеңсә эшлә.</p> | <p>һиндәй булғым килә. миңеңсә эшлә.</p> | <p>һиндәй булғым килә. миңеңсә эшлә.</p> | <p>һиндәй булғым килә. миңеңсә эшлә.</p> | <p>барзыңмы? бармы? килдеме?</p> | <p>барзыңмы? бармы? килдеме?</p> | <p>барзыңмы? бармы? килдеме?</p> | <p>барзыңмы? бармы? килдеме?</p> | <p>барзыңмы? бармы? килдеме?</p> | <p>барзыңмы? бармы? килдеме?</p> | <p>барзыңмы? бармы? килдеме?</p> | <p>барзыңмы? бармы? килдеме?</p> | <p>килгәндер келгенді, келген шығар; беләлер беләтін болар</p> | <p>а) болжалдық мән беретін шылаулар: -дыр/-дер, -зыр/-зер, -тыр/-тер, -лыр/-лер.</p> | <p>а) болжалдық мән беретін шылаулар: -дыр/-дер, -зыр/-зер, -тыр/-тер, -лыр/-лер.</p> | <p>а) болжалдық мән беретін шылаулар: -дыр/-дер, -зыр/-зер, -тыр/-тер, -лыр/-лер.</p> | <p>а) болжалдық мән беретін шылаулар: -дыр/-дер, -зыр/-зер, -тыр/-тер, -лыр/-лер.</p> | <p>а) болжалдық мән беретін шылаулар: -дыр/-дер, -зыр/-зер, -тыр/-тер, -лыр/-лер.</p> | <p>а) болжалдық мән беретін шылаулар: -дыр/-дер, -зыр/-зер, -тыр/-тер, -лыр/-лер.</p> | <p>а) болжалдық мән беретін шылаулар: -дыр/-дер, -зыр/-зер, -тыр/-тер, -лыр/-лер.</p> |
| <p>4.</p>                         |  | <p>4.</p>   |                                       | <p>4.</p>   |                                    | <p>4.</p>  |   | <p>4.</p>  |  | <p>4.</p>  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |  |   |   |   |   |   |   |   |
| <p>ұйықта –ұйықтама</p>           |  | <p>сеңдей болғым келеді. менше істе.</p>                          |                                       | <p>бардың ба? бар ма? келдің бе?</p>                              |                                    | <p>Бәлки келгенді. Жылқы Кісінейдүр.</p>                               |   | <p>а) болжалдық мән беретін шылаулар: -дыр/-дер, -зыр/-зер, -тыр/-тер, -лыр/-лер.</p>    |  | <p>а) болжалдық мән беретін шылаулар: -дыр/-дер, -зыр/-зер, -тыр/-тер, -лыр/-лер.</p>    |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |  |   |   |   |   |   |   |   |
| <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p> |  | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>                                 |                                       | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>                                 |                                    | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>                                      |   | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>  |  | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |  |   |   |   |   |   |   |   |
| <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p> |  | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>                                 |                                       | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>                                 |                                    | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>                                      |   | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>  |  | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |  |   |   |   |   |   |   |   |
| <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p> |  | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>                                 |                                       | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>                                 |                                    | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>                                      |   | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>  |  | <p>Кейбір қосымшамен шылаулар</p>  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |                                  |  |   |   |   |   |   |   |   |



|   |  |   |  |   |                                 |  |  |
|---|--|---|--|---|---------------------------------|--|--|
| 5 | Әрқашан да екпінді айтылады.             | күшейтпелі мәнді шылаулар: ең, тым т.б. күшейтпелі шырай тудыратын буындар. | өте сұлу ең ұзын аппақ                         | 5 | Әрқашан да екпінді айтылады.    | күшейтпелі мәнді шылаулар: бик, ифрат, ғәжәп, иң, кап-, ап- т.б. | бик матур иң озон ап-ак                        |
| 6 | Қазақ тілінің екпін ережесі сақталмайды. | Орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдер                                | химия, алгебра, концерт, фонетика, филармония. | 6 | Орыс тіліндегі екпін сақталады. | Орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдер                     | химия, алгебра, концерт, фонетика, филармония. |

## ҚАЗАҚ – БАШҚҰРТ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ МОРФОЛОГИЯСЫ

### §1. Морфологиялық құрылым

Морфология – тіл білімінде екі мағынада қолданылады: сөздер мен сөз тұлғалардың құрылымын, қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің дербес саласы; сөз құрылымына байланысты грамматиканың бір бөлімі. Морфологияның ішкі морфемдік құрылым мен сыртқы құрылымды сабақтастыра қарастыруы түбір мен тұтас сөздердің мағынасын зерттейтін лексикологиядан айырмашылығын сипаттайды. Сөздің мән-мағынасы, грамматикалық, стильдік, функционалдық қызметі сөйлем ішінде анықталатындықтан, морфология сөзді синтаксиспен байланыста қарастырып, оның лексика-грамматикалық сипатын айқындайды. Морфологияда сөз формаларының зерттелуі нәтижесінде сөздердің қандай грамматикалық категорияларға жататыны, оларға тән тұлғалық модельдер анықталады. Бұл сөздерді сөз таптарына қарай жіктеу мәселесімен ұштасып, морфологияның негізгі міндеттерінің бірі – сөз таптарының тұлғалық-мазмұндық және грамматикалық-категориялық ерекшеліктерін зерттеуді қамтиды. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы грамматикалық-семантикалық белгілері бойынша сәйкес, жекелеген грамматикалық белгілері бойынша өзара ерекшеленетін сөздер

тобынан<sup>1</sup> сөз құрылымын анықтау оларды жалпы және жекелеген белгілері бойынша жүйелеудің негізгі тетіктерінің бірі қызметін атқарады.

Морфологияның негізгі ұғымы – морфема. Морфема – ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірлігі. Морфема нақты морфтардың инварианты түрінде көріне отырып, мағыналық дербестік деңгейіне, формасына, қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: түбір морфема, лексикалық морфема, аффикстік морфема, нәлдік морфема, бірінші деңгейлі морфема, екінші, үшінші деңгейлі морфема, сегментті морфема, жалғастырушы морфема т.б.

Сөз тұтас алғанда морфемалардың жүйелі қарым-қатынасынан тұрады. Тілдің морфологиялық құрылысы мен сөз құрамында жіктелетін морфемалардың жиынтығын; тілдегі морфемалардың түрлері мен құрылысын, олардың бір-біріне және тұтас сөзге қатынасын қарастыратын морфемиканың негізгі зерттеу нысанын морфемалар, морфемалардың формальды өзгерген түрлері – морфтар (алломорфтар, морфема вариаттары) және олардың өзара қатарласып тіркесу ерекшеліктері құрайды. Грамматикалық морфемалар немесе қосымша морфемалар грамматиканың объектісі болғандықтан, морфемика грамматиканың морфология, сөзжасам салаларына қатысты бөлігі болып табылады. Морфемика өз ішінде морфемалардың сөздегі орны мен қызметіне, білдіретін мағыналарының түрлеріне, морфемалық деңгейдегі синтагматикалық, парадигматикалық тіл бірліктеріне, морфемалар құрамында болатын морфологиялық өзгерістерге байланысты бірнеше шағын салаларға ажыратылады.

Бір морфеманың тұлғалық өзгерістерін таңбалайтын гомогенді морфтар яғни алломорфтар морфеманың варианттары ретінде танылады. Сөз құрамының жігі айқын тілдерде (түбір морфема мен қосымша морфеманың) морф лексема тұлғасын жасаушы болып саналса, Ф. Де Соссюрдің таңбалық теориясы бойынша сөйлеудің екі жақты бірлігінен тұратын элемент ретінде танылады. Тіл білімінде морфты сөз мазмұнына қатысы жоқ, сыртқы құрылым түрінде, яғни айтылым формасы ретінде

<sup>1</sup> Суник О.П. Общая теория частей речи. – Москва-Ленинград, 1966. – С. 26-27.



тану дәстүрі де бар. Мұндай көзқарастар морфтың табиғатын толық ашып бере алмайды, кез келген тілдік бірлік тұлға мен мазмұн үйлесімділігіне негізделеді. Белгілі бір морфеманың варианттарын құрайтын алломорфтар жүйесі морфтардан тұрғанымен, олар әрдайым өзгеріп, жаңғырып отыруға бейім емес.

Адамзат тілінің қалыптасу кезеңдерінен бастау алатын алломорфтардың саралануы әрдайым жүйелі де бола бермейді. Бұл – қалыпқа көне бермейтін лингвоонтологиялық құбылыс. Мысалы, түркі тілдеріндегі байырғы түбірлер *kel*, *ket* сөздерінің құрамындағы қимылды білдіретін *\*ke* тұлғасы мен қимылдың бағытын айқындайтын *\*l*, *\*t* тұлғалары, сондай-ақ *köz*, *köz* сөздерінің құрамындағы *\*kö*, *\*z*, *\*r* морфтары морфологиялық үлгіге сай жүйелі түрде қайталана бермейді. Түркі тілдеріндегі мұндай фономорфологиялық құбылыстар морфтарды тек формальды тұрғыдан ғана сипаттаудың жаңсақтығын, алломорфтардың тұлғалық саралануының астарында мазмұндық-идеялық семемалар жатқанын, олардың белгілі бір дәрежеде фонорморфема//морфонема ұғымдарымен астасып жататынын көрсетеді.

Морфтардың фонорморфемалармен сабақтастығы түбір және қосымша морфемалар деңгейіндегі дыбыстық өзгерістердің табиғатын морфология мен фонологияның ара-жігіндегі сабақтастыққа негізделген, морфемалық өзгерістерді фонологиялық ерекшеліктер арқылы зерттеуге бағытталған фонорморфология немесе морфонология (кейде морфофонология, морфофонемика) ілімінің зерттеу нәтижелері негізінде айқындалады.

Морфеманың фонологиялық құрылымын, бір морфеманың морфтары құрамындағы варианттарын қарастыратын морфонологияның кең кең көлемді зерттеу пәнін: әр типті морфемалардың дыбыстық құрамындағы өзгерістерді, олардың оппозициялық, омонимиялық, синонимиялық сипаты мен ерекшеліктерін; сөзжасам, тұлғажасам үдерісіндегі морфемалардың бірігуі негізінде жүзеге асатын сол морфемалардың өзгеру, жаңғыру, вариациялану мүмкіндіктерін; морфемалар жігіндегі түрлі құ-

былыстар мен белгілерді анықтау мәселелері құрайды. Морфем алардың бірігу үдерісінің салдары дыбыс сәйкестіктері мен дыбыс алмасулары арқылы көрініс береді, морфема құрамындағы өзгеріске түсетін дыбыстар морфонема терминімен аталады.

Түркі тілдері морфологиялық құрылымының негізгі ерекшеліктері: сөз құрылымындағы морфемааралық жіктің айқындығы; негіз сөздің тұрпаттық-мазмұндық жағынан біршама тұрақтылығы; зат есім мен сын есімдердің негізгі тұлғасын ажырататын арнайы морфологиялық көрсеткіштің болмауы; тек категориясының ажыратылмауы. Түркі тілдеріндегі сөздің морфологиялық құрылымы түбір морфемадан және қосымша морфемалардан тұрады. Түркі тіл білімінде түбір морфемалар мен қосымша морфемаларды «толық мағыналы және «көмекші (служебные) морфемалар деп атау дәстүрі де қалыптасқан<sup>1</sup>. Бұл жіктеу бойынша морфемалардың дердестік/дербессіздік қасиеттері негізге алына отырып, дербес қолданылмайтын көмекші морфемаларға қосымшалармен бірге барлық көмекші сөздер, шылаулар мен одағайлар да шартты түрде енгізіледі.

Жалғамалы тілдік жүйенің заңдылықтары бойынша жұрнақтар мен жалғаулардан тұратын қосымшалар түбір сөзге бірінен кейін бірі қосарланып жалғана береді. Сондықтан сөздер де морфологиялық құрылымына қарай негізгі үш типке бөлінеді: түбір сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Соңғы тип іштей екіге бөлінеді: түбір және бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Сондай-ақ, түркі тілдерінде негізгі үш типтің құрама элементтерінің кейбірінің орын ауыстыруы арқылы және қосымшалардың аралас түрлерінің қатысуымен жасалатын аралас типті сөздер де қолданылады.

<sup>1</sup> Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 5.

## §2. Түбір морфема

Синхрониялық тұрғыдан қарастырғанда сөздің негізгі лексикалық мағынасын беретін, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші бөлшегі саналатын түбір морфема императив етістік пен есім сөздердің дербес мағыналы бір, екі буынды тұлғаларына сай келеді. Ал диахрониялық тұрғыдан қарастырғанда түбір морфемалардың дербес лексемалық сапада қолданылуы міндетті емес. Агглютинативті түркі тілдерінде морфемалық жігі айқын ажыратылмайтын сөздер құрамында ғана сақталған, дербес лексемалық қабілеті жоқ өлі түбірлер көп.

Ретроспективтік бағыттағы морфемдік талдау амалдары арқылы ғана анықталатын өлі түбірлердің мәні мен тұлғасы арқылы дербес қолданыстағы түбірлердің кейбірінің екінші, үшінші дәрежелі құрылым екенін ажыратуға болады. Интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен дебестігінен айрылып, мағынасы күңгірт тартқан өлі түбірлердің ұғымдық мәнін айқындау түркі морфологиясындағы өзекті мәселердің бірі: «Түбірдің ұғымы, мән-мағынасы – түбірлес, туынды, бір ұядан өрбіген сөздердің ең жалпы, бәріне ортақ, өзекті мағынасы. Сондықтан да түбір құрылымдық жағынан ең қарапайым болса да тілдің ең негізгі мәнді бөлігі. Онсыз қазіргі тілдердің лексикалық ортақтығын, туыстығын дәлелдеу мүмкін емес.<sup>1</sup>

Түркі тілдерінің негізін құрайтын бір буынды сөздердің табиғаты толық ашылып болмағаны белгілі. Бұл алғашқы дыбыстық тілдің сұлбасы байқала бастаған кезден бастау алатын түркі түбірінің бірнеше сатылы даму жолы мен қайшылыққа толы қат-қабат күрделі табиғатына байланысты. Түркі сөздері тұлғасының қарапайымнан күрделіге қарай дамуы басты ерекшелік болғанымен фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық, фоно-семантикалық заңдылықтарға орай кезең-кезеңімен кері процестерді де басынан өткізуі, одан қайта күрделенуі тәрізді мәселелер де түбір морфемалардың табиғатын айқындауда қиындықтар туғызады. Фонетикалық құбылыстар гаплагология мен

<sup>1</sup> Манкеева Ж. Түбір// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-TIPO – Баспа орталығы, 1998. – Б. 398, 399.

редукция үнемдеу принципі бойынша жаңа дыбыс тіркесімін, жаңа фонологиялық жағдайды тудырады. Бұл дыбыстардың позициялық ауысуына, дыбыстардың түсіп қалуына, екі дыбыстың орнына жаңа бір дыбыстың пайда болуына алып келеді, ал дыбыс өзгерістерінің қордалануы коммуникативтік дербестікті сақтау принципі бойынша фонетикалық жүйенің жаңаша қалыптасуына арқау болады. Фонетикалық жүйедегі өзгерістер сөздің морфологиялық тұлғасына әсер етіп, қарапайым фонетикалық өзгерістер фонологиялық құрылымға да ықпал етуі мүмкін. Семантикалық даму барысындағы деривациялық дифференциация фонологиялық варианттарды қамтиды. Осы процестің нәтижесінде дыбыс сәйкестіктерінің екінші дәрежелі фоно-морфосемантикалық қырлары қалыптасып, морфеманың алломорфтарының пайда болуына ықпал етеді.

Түркілік түбір табиғатын қазақ тілі аясында әр қырынан жанжақты қарастырған академик Ә.Қайдар ұзақ жылдар бойы түркі тілдеріндегі түбір, негіз терминдерінің ара-жігі толық ажыратылмай келгеніне ерекше мән беріп, аталған ұғымдардың өзіндік ерекшеліктерімен сараланатын ғылыми анықтамасын ұсынады. Нақты тілдік деректермен В.В.Радлов бастаған белгілі лингвист-түрколог ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, «разложимость односложных корней-основ в тюркских языках ... вполне реальный факт.<sup>1</sup>» деген қорытындыға келеді. Ғалым пікірінің негізділігіне дәлел бола алатын, түркі тілдерінде дисиллабтармен қатар моносиллабтардың да біразы тіл дамуындағы ұзақ мерзімді қамтитын аглютинативтік процестің жемісі екенін көрсететін тілдік деректер қоры жинақталып, маңызды теориялық тұжырымдар дәйектелді.

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар жүйесінің құрылымдық типтері V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады. Бір ғана дауысты дыбыстан жасалған V моделі көне түркі жазба ескерткіштері тілінде бес-алты сөзді ғана қамтиды. Түркі тілдері дамуының бастапқы кезеңінің көрінісі болып табылатын бір құрамды түбір морфемалар қазіргі түркі тілдерінде дербес

<sup>1</sup>Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. –Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 28

лексикалық қабілетінен ажыраған, өте сирек кездеседі. Қазақ-башқұрт тілдеріндегі III жақ жіктеу есімдігінің септік категориясымен түрлену барысындағы түбір тұлғасы дауысты дыбыстан тұратын бір құрамды типке сәйкес келеді: о+ның – у+ның, о+ған –у+ға, о+ны – у+ны т.б. Қазақ тілінде: е → едім → ем, е → едің → ең; е → еді → ет және е → кен көмекші етістігі қолданылады.

Қыпшақ тобына жататын қазіргі қазақ және башқұрт тілдеріндегі түбір морфемалар (дербес мағыналы түркілік түбірлер) негізінен VC, CV, CVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады, V моделі кейбір одағайларға сәйкес келеді. Қазіргі түркі тілдері лексикалық жүйесінде синхронды тұрғыдан бөлшектеуге келмейтін CVCVC, CVCV, VCV модельді сөздер жиі қолданылады: сұл(ұ)у – һылыу, қара – кара, бала – бала, ара – ара, ұза- – оза-, ұлы – оло т.б. Тілдің қазіргі қалып-күйі бойынша түбір ретінде танылатын мұндай сөздер тілдік даму үдерісінде қалыптасқан тарихи негіздер болып табылады.

Кесте 1

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі түбір морфемалар құрылымы

| ТҮБІР МОРФЕМА – ТАМЫР МОРФЕМА |   |                               |                            |
|-------------------------------|---|-------------------------------|----------------------------|
| №                             | Түбір морфемалардың құрылымдық модельдері | Қазақ тілінде                 | Башқұрт тілінде            |
| 1                             | CV моделі<br>(дауыссыз, дауысты)          | не?<br>*ма(ған)<br>же-<br>де- | ни?<br>*ми(ңә)             |
| 2                             | VC моделі<br>(дауысты, дауыссыз)          | ақ<br>ел<br>от<br>іш<br>үй    | ак<br>ил<br>ут<br>эс<br>өй |

|   |   |   |   |
|---|---|---|---|
| 3 | CVC моделі<br>(дауыссыз, дауысты, дауыссыз)                 | бат-<br>біл-<br>күш<br>қол<br>тас                   | бат-<br>бел-<br>көс<br>қул<br>таш               |
| 4 | VCC моделі<br>(дауысты, дауыссыз, дауыссыз)                 | ант<br>арт-<br>өрт<br>ерт                           | ант<br>арт-<br>үрт                              |
| 5 | CVCC моделі<br>(дауыссыз, дауысты, дауыссыз, дауыс-<br>сыз) | жұрт<br>тарт-<br>төрт<br>қарт<br>жалт (жалт<br>ету) | йорт<br>тарт-<br>дүрт<br>қарт<br>ялт (ялт итеу) |

### §3. Қосымша морфема

Морфологиялық құрылымның негізі – аффиксация. Мәні мен қызметі әр түрлі аффикстер бір-біріне қабаттасып, қосарланып жалғана береді. Қосымша морфемалардың эволюциялық түрленулері олардың семантикалық және грамматикалық жағынан өзгерістерге ұшырауымен, жаңаруымен, вариациялануымен тығыз байланысты. Сөз тұлғалары шеңберінің кеңеюі негізінде пайда болатын қосымшалардың құбылуы олардың көпфункционалдық және көпваленттілік сипатымен түсіндіріледі. Өздері жалғанатын сөздердің семантикалық ауқымы кеңіп, мағыналық топтар санының өсуіне сәйкес қосымшалардың дерексіз /тиянақсыз/ грамматикалық мағыналары да ұлғая береді. “бұл грамматикалық көрсеткіштердің бір ғана түрінің әртүрлі семантикалық топқа жататын сөздерге ғана емес, әртүрлі сөз таптарына жататын сөздерге де жалғануына мүмкіндік береді.<sup>1</sup> Сөз немесе сөз тұлғасы құрамындағы қосымша морфемалардың семантикалық және грамматикалық жағынан жаңаруы олардың тұлғалық-құрылымдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырап, фонетикалық варианттылық түзуімен қатар жүретін құбылыс. Қосымшалардың

<sup>1</sup> Тектіғұл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 4.

вариациялануы, корреляциялануы өздері жалғанатын түбірлер мен түбір-негіздердің фоно-морфологиялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, қалыптасқан жаңа сөздің немесе түрленім, өзгерім категорияларының уәждік негіздеріне сәйкес те өзгерістерге ұшырап отырады.

Қосымшалардың тұлғалық-құрылымдық варианттарын үндестік заңының ықпалымен орныққан фонетикалық нұсқалар, өзгерген морфемалардың арасына қыстырма дыбыстардың қолданылуы арқылы қалыптасқан фонетикалық варианттар, құранды-күрделі қосымшалар компоненттерінің кірігуінен пайда болған жаңа формалардың басқа формалармен тұлғалық сәйкестік түзуінен тұратын кездейсоқ варианттар құрайды. Түркі тілдерінің агглютинативті сапасына сай бірнеше вариациялы жалаң қосымшалар күрделі қосымшалар құрамында түрлі өзгерістерге ұшырай отырып қолданылады, үндестік заңына және өзі жалғанатын түбірдің, түбір-негіздің қасиеттеріне байланысты жаңа форманың да бірнеше тұлғалық варианттары қалыптасады.

Грамматикада негізінен сөздің морфологиялық ерекшеліктерін қамтитын сөзжасам, тұлғажасам және сөзтүрленім/сөзөзгерім ұғымдары қолданылады. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында қосымша морфемалар сөз тудырушы қосымшалар және форма тудырушы қосымшалар деп екі үлкен топқа бөлініп қарастырылады<sup>1</sup>

Сөзжасам мәселесі дербес ұғымның лексикализациялануына тікелей қатысты болғандықтан ономонологиялық, семасиологиялық үдерістерге сай жүретін құбылыс. Сондықтан сөзжасам мәселесі фонология мен морфологияға, лексикологияға мен семантикаға бірдей қатысты дербес сала ретінде қарастырылуда. Сөзжасам үдерісі дербес лексема мәртебесіндегі жаңа атауларды тудыру, олардың құрылымын модельдеу, лексемалық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін (сөздердің әр түрлілігін) қамтамасыз ету үшін қызмет етсе; тұлғажасам үдерісі тілдегі

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – Б.183.

барлық сөздерді, оның ішінде сөйлеуде, сөйлемде, мәтінде нақты тілдік грамматикалық категорияларға сәйкес келетін туынды сөздердің ретімен қолданылуын қамтамасыз етеді<sup>1</sup>.

Түркітанушы-лингвистер түркі тілдеріндегі тұлғажасам аффикстерінің басты ерекшеліктерін мынадай белгілері бойынша сипаттайды: тұлғажасам аффикстері негізінен сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің алдында қолданылады; тұлғажасам аффикстерімен келген есімдер өзіне сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерін қабылдайды; тұлғажасам аффикстерінің мағынасы сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің мағынасына қарағанда кеңірек; есімдердің тұлғажасам аффикстері тек есімдер мен субстантивтенген сөздерге ғана жалғанады; тұлғажасам аффикстеріне аяқталған сөздер сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады; кейбір тұлғажасам аффикстері үндестік заңына бағынбайды; кей жағдайда тұлғажасам аффикстері негізгі сөздің (түбір, түбір-негіз, туынды сөз) құрамына кіреді; тұлғажасам аффикстері бірінен кейін бірі қабатталып қолданыла береді; тұлғажасам аффикстерінен кейін сөздің грамматикалық мағынасы әрі қарай дамиды<sup>2</sup>. Негізінен сөз бен сөзді байланыстыру қызметін атқаратын жалғаулардың нөлдік формада қолданылуы да жиі кездеседі.

<sup>1</sup> Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. – Москва: Известия АН СССР, 1976. – №6. – С. 518.

<sup>2</sup> Қараңыз: Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. –Баку, 1979; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. –Ленинград: Наука, 1986; Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым. 1976; Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. – С.71-72; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977. – С.33; Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986. – №2. – С. 7-8; Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009. – Б.72, 73. т.б.



Кесте 2

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі қосымша морфемалардың түрлері

| Қазақ тілінде                  |  | Башқұрт тілінде   |                                     |  |  |
|--------------------------------|--|---|-------------------------------------|--|--|
| №                              | Қосымша морфема түрлері  | №   | Қосымша морфема түрлері             |  |  |
| I                              | Сөзжасам қосымшалары   | Мысал   | Сөзжасам Қосымшалары                | Мысал  |  |
|                                | Зат есімнің сөзжасам жұрнақтары                                      | оқытушы жұмысшы<br>байланыс<br>жолдас<br>құрдас<br>бөлме<br>орындық       | I                                   | Исем ялғаулары (һүз яһаған аффикс)                                   | уқытыусы эһсе<br>бәйләнеш иптәш<br>корзаш<br>бүлмә<br>ултырғыс   |
|                                | Сын есімнің сөзжасам жұрнақтары                                      | ақылды<br>білімді<br>тұзды<br>балықты (көл)<br>жылауық<br>ақылы<br>ғылыми | I                                   | Сифат ялғаулары (һүз яһаған аффикс)                                  | ақылы<br>белемле<br>тозло<br>балыккы<br>илак<br>түләүле<br>фәнни |
| Етістіктің сөзжасам жұрнақтары | баста<br>құттықта<br>ойла<br>бірлес<br>достас<br>сана<br>байы        |   | Қылым ялғаулары (һүз яһаған аффикс) | башла<br>котла<br>уйла<br>берләш<br>дүсләш<br>һана<br>байы           |  |
| II                             | Тұлғажасам қосымшалары (модификациялық және категориялық қосымшалар) | Мысал   | II                                  | Тұлғажасам қосымшалары (модификациялық және категориялық қосымшалар) | Мысал  |
|                                | Зат есімнің реңктік мәнді жұрнақтары (құрметтеу, еркелету мәнді)     | ағай<br>апатай<br>көкежан<br>інішек<br>балақай<br>ботақан                 |                                     | Исем ялғаулары (хөрмәт, иркәләү мәғәнә)                              | ағай<br>апай<br>атай   |

|    |                                  |   |    |                            |   |
|----|----------------------------------|---|----|----------------------------|---|
| II | Сын есім шырайларының жұрнақтары | күштірек дәмдірек жасылдау қызғылт  | II | Сифат дәрежеләре ялғаулары | көслөрәк тәмлерәк йәшкелт қызғылт   |
|    | Реттік сан есімнің жұрнақтары    | бірінші<br>екінші<br>үшінші<br>төртінші<br>бесінші<br>алтыншы   |    | Тәртіп һаны ялғаулары      | беренсе<br>икенсе<br>өсөнсө<br>дүртенсе<br>бишенсе<br>алтынсы   |
|    | Етіс категориясының жалғаулары   | жуын<br>безен<br>жамыл<br>ұмытылды<br>үйретілді<br>жуысты<br>істесті<br>қарасты<br>жаздыр<br>қызарт   |    | Йүнәләш ялғаулары          | йыуын<br>бизән<br>ябын<br>онотола<br>өйрәнелә<br>йыуыша<br>эшләшә<br>қараша<br>яззыр<br>қызарт  |
|    | Болымсыз етістік жалғаулары      | қарамаймын<br>аттамаймын<br>істемеймін<br>билемеймін  |    | Юклық ялғаулары            | қарамайым<br>атламайым<br>эшләмәйем<br>бейемәйем  |
|    | Есімшенің қосымшалары            | білген сұрақ<br>аққан су<br>ағып тұрған су<br>оқыған кітап<br>мен өткен жол<br>келер күн<br>айтатын хабар   |    | Сифат кылым                | белгән һорау<br>аккан һыу<br>ағып торған һыу<br>уқыған китап<br>мин үткән юл<br>килер көн   |
|    | Көсемшенің қосымшалары           | істеп беру<br>асығып жазу<br>жырлай-жырлай<br>барды<br>күле-күле сөйледі<br>айтпай кетті<br>шаршағанша<br>күлу<br>үйреткенше істе<br>барғалы отыр |    | Хәл кылым                  | эшләп бирергә ка-<br>баланып языу<br>йырлай-йырлай<br>барзы<br>көлә-көлә һөйләне<br>әйтмәй китте<br>арығансы көлөү<br>өйрәткәнсә эшлә |

|    |                                    |  |    |  |  |
|----|------------------------------------|--|----|--|--|
| II | Рай категориясының жалғаулары      | алса<br>келсе<br>барғым келеді<br>бармақ болды т.б.  | II | Қылым Һөйкә-<br>лештәре<br>ялғаулары   | алһа<br>килһә<br>барғы килә<br>бармақ була<br>т.б.   |
|    | Етістіктердің жақ бойынша түрленуі | тұрамын<br>тұрасың<br>тұрады<br>тұрамыз<br>тұрасыңдар<br>тұрады                                      |    | Қылымдарзың<br>зат менән үзгә-<br>реше | тора<br>тораһың<br>тора<br>торабыз<br>тораһығыз<br>тора(лар)   |
|    | Шақ категориясы                    | келе жатыр<br>жазамын<br>жаздым<br>жазғанмын<br>жазармын т.б.  |    | Вақыт (заман)<br>категорияһы           | килә ята<br>язам<br>язым<br>язғанмын<br>язырмын т.б.   |
|    | Көптік жалғауы                     | балалар<br>кісілер<br>қыздар<br>таулар<br>көздер<br>ормандар<br>көлдер<br>тастар<br>жидектер         |    | Һан (күплек ял-<br>ғаулары)            | балалар<br>кешеләр<br>кыззар<br>таузар<br>күззәр<br>урмандар<br>күлдәр<br>таштар<br>еләктәр                |
|    | Жіктік жалғауы                     | жыршымын<br>жыршысың<br>жыршысыз<br>жыршымыз<br>жыршысыңдар<br>жыршысыздар                           |    | Хәбәрлек ялғау-<br>зары                | йырсымын<br>йырсыһың<br>йырсыбыз<br>йырсыһыз   |
|    | Тәуелдік жалғауы                   | балам<br>балаң<br>баласы<br>баламыз<br>балаларың<br>балаларыңыз<br>қолым<br>қолың<br>қолы<br>қолымыз |    | Әйәлек заты ял-<br>ғаулары             | балам<br>балаң<br>балаһы<br>балабыз балағыз<br>балаларығыз<br>қулым<br>қулың<br>қулыбыз<br>қулығыз<br>қулы |
|    | Септік жалғауы                     | бөлме<br>бөлменің<br>бөлмеге<br>бөлмені<br>бөлмеде<br>бөлмеден<br>бөлмемен                           |    | Килеш ялғаулары                        | бүлмә<br>бүлмәнең<br>бүлмәгә<br>бүлмәне<br>бүлмәлә<br>бүлмәнән   |

Кесте 3

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі тұлғажасам қосымшалары

| ҚАЗАҚ-БАШҚҰРТ ТІЛДЕРІНДЕГІ АФФИКСТЕР ЖИЫНТЫҒЫ<br>БАШКОРТ ТЕЛЕНЕҢ АФФИКСТАРЫ ЙЫЙЫЛМАҒЫ |                                       |  |   |   |  |
|---|---------------------------------------|--|---|---|--|
| Қазақ тілінде   |                                       |  | Башқұрт тілінде   |   |  |
| Аффикс-тер  | Аффикс-тер мағынасы                   | Мысалдар                                   | Аффикс-тар  | Аффикс-тарзың мағәнәһе                  | Миҫалдар                               |
| -лар/-лер,<br>-дар/<br>-дер,<br>-тар/-тер   | Көптік жалғауы                        | кітаптар<br>қыздар<br>гүлдер<br>қалалар    | -лар/-ләр,<br>-тар/-тәр,<br>-дар/-дәр,<br>-зар/-зәр         | Күплек ял-ғауы                          | кітаптар<br>беләләр<br>олар<br>біледі` |
| -м,<br>-ым/<br>-ім  | Тәуелдік жалғауы:<br>I жақ, же-кеше   | балам<br>үстелім                           | -м,<br>-ым/-ем,<br>-ом/-өм                                  | Әйәлек заты ял-ғауы:<br>I зат, бер-лек  | балам<br>өстәлем                       |
| -ң, -ың/-ің<br>-ңыз/-ңіз,<br>-ыңыз/-іңіз  | Тәуелдік жалғауы:<br>II жақ, же-кеше  | балаң/<br>балаңыз<br>үстелің/<br>үстеліңіз | -ң,<br>-ың/-ең,<br>-оң/-өң                                  | Әйәлек заты ял-ғауы:<br>II зат, берлек  | балаң<br>өстәлең                       |
| -ы/-і,<br>-сы/-сі   | Тәуелдік жалғауы:<br>III жақ, же-кеше | баласы<br>үстелі                           | -ы/-е,<br>-о/-ә,<br>-һы/-һе,<br>-һо/-һө                     | Әйәлек заты ял-ғауы:<br>III зат, берлек | балаһы<br>өстәле                       |
| -мыз/-міз,<br>-ымыз/<br>-іміз   | Тәуелдік жалғауы: I жақ, көп-ше       | баламыз<br>үстеліміз                       | -быз/-без,<br>-боз/-бөз,<br>-ыбыз/<br>-ебез,<br>-обоз/-өбөз | Әйәлек заты ял-ғауы:<br>I зат, күп-лек  | балабыз<br>өстәлебез                   |

|  |  |  |   |  |                                  |
|--|--|--|---|--|----------------------------------|
| (-лар/<br>-лер,<br>-дар /<br>-дер,-<br>тар/-тер) +<br>-ың/-ің<br>-ңыз/-ңіз,<br>-ыңыз/<br>-іңіз | Тәуелдік<br>жалғауы:<br>II жақ,<br>көпше | балаларың<br>балалары-<br>ңыз<br>үстелдерің<br>үстел-<br>деріңіз | -ғыз/-гез,<br>-ғоз/-гөз,<br>-ығыз/-егез,<br>-оғоз/-өгөз   | Әйәлек<br>заты ял-<br>ғауы:<br>II зат, күп-<br>лек | балағыз<br>өстәлегез             |
| -мын/-мін,<br>-бын/-бін,<br>-пын/-пін  | Жіктік<br>жалғауы:<br>I жақ, же-<br>кеше | студентпін<br>жұмысшы-<br>мын                                    | -мын/-мен,<br>-мон/-мөн   | Хәбәрлек<br>заты:<br>I зат, бер-<br>лек            | студентмын<br>эшсемен            |
| -сың/-сің<br>-сыз/-сіз   | Жіктік<br>жалғауы:<br>II жақ,<br>жекеше  | студентсің<br>жұмысшы-<br>сың                                    | -һың/-һең,<br>-һоң/-һөң   | Хәбәрлек<br>заты: II зат,<br>берлек                | студентһың<br>эшсеһең            |
| -мыз/-міз,<br>-быз/-біз,<br>-пыз/-піз  | Жіктік<br>жалғауы:<br>I жақ,<br>көпше    | студентпіз<br>жұмысшы-<br>мыз                                    | -быз/-без,<br>-боз/-бөз   | Хәбәрлек<br>заты:<br>I зат, күп-<br>лек            | студентбыз<br>эшсебез            |
| -сыңдар/-<br>сіңдер,<br>-сыздар/<br>-сіздер  | Жіктік<br>жалғауы:<br>II жақ,<br>көпше   | студентсің-<br>дер<br>жұмысшы-<br>сыңдар                         | -һығыз/-һе-<br>гез,<br>-һоғоз/-һө-<br>гөз   | Хәбәрлек<br>заты: II зат,<br>күплек                | студентһы-<br>ғыз<br>эшсеһегез   |
| -һың/-һің,<br>-дың/-дің,<br>-тың/-тің  | Ілік<br>септігі<br>жалғаула-<br>ры       | баланың<br>анасы<br>біздің үй                                    | -һың/-һең,<br>-һоң/-һөң,<br>-дың/-дөң,<br>-доң/-дөң,<br>-зың/-зең,<br>-зоң/-зөң,<br>-тың/-тең,<br>-тоң/-төң | Әйәлек ки-<br>леш<br>ялғаузары                     | баланың<br>әсәһе<br>беззең өй    |
| -ға/-ге,<br>-қа/-ке  | Барыс<br>септігі<br>жалғаула-<br>ры      | анаға бер<br>орманға<br>қашты                                    | -ға/-гә,<br>-қа/-кә   | Төбәү ки-<br>леш ялғау-<br>зары                    | әсәйгә бир<br>урманға қас-<br>ты |

|                                       |  |   |   |                                    |                              |
|---------------------------------------|--|---|---|------------------------------------|------------------------------|
| -ны/-ні,<br>-ды/-ді,<br>-ты/-ті       | Табыс<br>септігі<br>жалғаула-<br>ры  | өлеңді<br>жатта<br>бізді күт                          | -ны/-не,<br>-но/-нө,<br>-ды/-де,<br>-до/-дө,<br>-зы/-зе,<br>-зо/-зө,<br>-ты/-те,<br>-то/-тө                 | Төшөм ки-<br>леш ялғау-<br>зары    | шиғырзы<br>ятла<br>беззе көт |
| -да/-де,<br>-та/-те                   | Жатыс<br>септігі<br>жалғаула-<br>ры  | бақшада<br>өседі<br>бізде бар                         | -ла/-лә,<br>-да/-дә,<br>-за/-зә,<br>-та/-тә   | Урын-ва-<br>кыт килеш<br>ялғаузары | баксала үсә<br>беззә бар     |
| -нан/-нен,<br>-дан/-ден,<br>-тан/-тен | Шығыс<br>септігі<br>жалғаула-<br>ры  | үйден<br>шықты<br>одан ал                             | -нан/-нән,<br>-дан/-дән,<br>-зан/-зән,<br>-тан/-тән   | Сығанак<br>килеш ял-<br>ғаузары    | өйзән сықты<br>унан ал       |
| -мен/-бен/<br>-пен                    | Көмектес<br>септігі<br>жалғаула-<br>ры   | ұшақпен<br>кел<br>баламен<br>ойна<br>көзімен<br>көрді | ø   | ø                                  | ø                            |
| *ма/ме,<br>ба/бе,<br>па/пе            | *Сұрау-<br>лық де-<br>меулік<br>(қазақ<br>тілінде<br>қосымша<br>қатарына<br>жатпай-<br>ды, бөлек<br>жазыла-<br>ды) | Дүкен<br>ашық па?                                     | -мы/-ме,<br>-мо/-мө   | Һорау<br>қишәксәлә-<br>ре          | магазин<br>асықмы?           |
| -мыс,<br>(-міс),<br>-ау               | Болжал-<br>дық де-<br>меуліктер  | айтты-ау<br>айтыпты-<br>мыс                           | -дыр/-дер,<br>-дор/-дөр,<br>-зыр/-зер,<br>-зор/-зөр,<br>-лыр/-лер,<br>-лор/-лөр,<br>-тыр/-тер,<br>-тор/-төр | Икеләнеу<br>қишәксәлә-<br>ре       | әйткәндер<br>килгәндер       |

|                         |  |                      |   |  |                     |
|-------------------------|--|----------------------|---|--|---------------------|
| -шы/-ші                 | Өтініш мәнді де-меуліктер жеке қарастырылмайды | айтшы                | -сы/-се,<br>-со/-сө   | 1) Үтенес киіксәксәләре  | әйтсе алсы          |
|                         |  |                      |   | 2) исем яһай торған аффикс                                     | әшсе укыусы         |
| -ды/-ді,<br>-ты/-ті     | Етістік: жедел өткен шақ                       | көрді алдық          | -ны/-не,<br>-но/-нө,<br>-ды/-де,<br>-до/-дө,<br>-зы/-зө,<br>-зо/-зө,<br>-ты/-те,<br>-то/-тө | Қылым: билдәле үткән заман ялғаузары, I форма                  | күрзе алдық         |
| -ған/-ген,<br>-қан/-кен | Етістік: бұрынғы өткен шақ                     | көрген алғанбыз      | -ған/-гән,<br>-қан/-кән   | Қылым: билдәле үткән заман ялғаузары, II форма                 | күргән алғанбыз     |
| -р, -ар/-ер             | Етістік: болжалды келер шақ                    | түзер барармын       | -р,<br>-ыр/-ер,<br>-ор/-өр  | Қылым: билдәле киләсәк заман ялғаузары                         | төзәр барырмын      |
| ∅                       | ∅  | ∅                    | -сак/-сәк,<br>-асак/-әсәк,<br>-ясак/<br>-йәсәк  | Қылым: билдәле кәтғи киләсәк заман ялғаузары (һирәк кулланыла) | бармаясак-мын       |
| -сын/-сін               | Бұйрық рай: III жақ, же-кеше/көп-ше            | жазсын айтсын келсін | -һын/-һен,<br>-һон/-һөн   | Бойорок һөйкәләш: III зат, бер-лек                             | язһын әйтһен килһен |

| -са/-се  | Шартты рай жалғаулары       | алса келсе  | -һа/-һә   | Шарт һөйкәләше                   | алһа килһә                      |
|--|-----------------------------|---|---|----------------------------------|---------------------------------|
| -ғы/-гі,<br>-қы/-кі<br>-ғай/-гей,<br>-қай/-кей<br>+жіктік жалғаулары+<br>көмекші етістік | Қалау рай жалғаулары        | барғым келді<br>жегісі келді<br>барғайсың<br>жегейсің | -ғы/-ге,<br>-ғо/-гө,<br>-кы/-ке;<br>-ко/-кө+ көмекші етістік                    | Теләк һөйкәләше ялғаулары        | барғым килә. ашағы килә         |
| -р, -ар/-ер+<br>көмекші етістік  | Тілек мәнді рай             | көрер еді<br>көрген болар еді                         | -р (-ыр/-ер, -ор/-өр) ине;<br>-а/-ә ине;<br>-кан/-кән,<br>-ған/-гән + булыр ине | Шартлы теләк һөйкәләше ялғаулары | күрер ине күргән булыр ине      |
| -ма/-ме,<br>-ба/-бе,<br>-па/-пе  | Болымсыз етістік жалғаулары | қарама сөйлеме  | -ма/-мә   | Юклық формаһы ялғаулары          | қарама һөйләмә                  |
| -н, -ын/-ін  | Өздік етіс жалғаулары       | жуынамын<br>баянамын                                  | -н, -ын/-ен   | Кайтым йүнәләше ялғаулары        | йыуынам йыуынамын бизәнәм       |
| -л,<br>-ыл/-іл   | Ырықсыз етіс жалғаулары     | айтылды<br>басталды                                   | -л, -ыл/-ел,<br>-ол/-өл;<br>-н, -ын/-ен,<br>-он/-өн                             | Төшәм йүнәләше ялғаулары         | әйтелә әйтелде башлана          |
| -с,<br>-ыс/-іс   | Ортақ етіс жалғаулары       | істес қарас   | -ш, -ыш/еш,<br>-ош/-өш  | Уртақлық йүнәләше) ялғаулары     | әшләш караш көмектес, қарайлас` |



|  |                                     |   |  |                                   |   |
|--|-------------------------------------|---|--|-----------------------------------|---|
| -дыр/-дір<br>-тыр/-тір<br>-қыз/-кіз,<br>-ғыз/-гіз<br>-т  | Өзгелік<br>етіс<br>жалғаула-<br>ры  | жаздыр<br>алдыр<br>ойландыр<br>қызарт               | -дыр/-дер,<br>-дор/-дөр,<br>-тыр/-тер,<br>-тор/-төр,<br>-т, -ғоз,<br>-һәт,<br>-р, -ар/ -әр,<br>-ыр/-ер,<br>-ор/ -өр,<br>-қыр/ -кер,<br>-қар/-кәр,<br>-ғыр/-гер | йөкмәтеу<br>йүнәлеше<br>ялғаузары | яззыр<br>яззырт<br>алдыр<br>уйлат<br>қызарт |
| -у→<br>(-ұу/уу,<br>-ыу/-іу)  | Қимыл<br>есімі/<br>Ортақ<br>етістік | жымию<br>шығу                                       | -у/-ү, -ыу/<br>-еү, -оу/-өү  | Исем қы-<br>лым<br>ялғаузары      | йылмайыу<br>сығу                            |
| -мақ/-мек,<br>-бақ/-бек,<br>-пақ/-пек  |                                     | бармақ<br>келмек                                    | -мақ/-мәк  | Уртақ қы-<br>лым<br>ялғаузары     | бармақ<br>килмәк                            |
| -рға/-рге,<br>-арға/-ерге  |                                     | барарға<br>(керек)<br>қарарға<br>(керек)            | -рға/-ргә,<br>-ырға/-ергә,<br>-орға/-өргә  |                                   | қарарға<br>барырға<br>көтөргә               |
| -п, -ып/-іп  | Көсемше<br>жалғаула-<br>ры          | істеп<br>асығып                                     | -п, -ып/-еп,<br>-оп/-өп  | Хәл қылым<br>ялғаузары            | эшләп каба-<br>ланып                        |
| -а/-е, -й  |                                     | күле-күле<br>сөйледі                                | -а/-ә, -й  |                                   | көлә-көлә<br>һөйләне                        |
| Ø  |                                     | Ø   | -ғас/-гәс,<br>-кас/-кәс  |                                   | барғас<br>килгәс                            |
| -ғанша/-<br>генше,<br>-қанша/<br>-кенше,<br>-ғалы/-<br>гелі,<br>-қалы/-<br>келі,<br>-майын-<br>ша/<br>-мейінше |                                     | шаршаған-<br>ша<br>күлді<br>үйреткен-<br>ше<br>істе | -ғансы/<br>-гәнсе,<br>-қансы/<br>-кәнсе;<br>-қанса/<br>-кәнсә,<br>-ғанса/<br>-гәнсә  |                                   | арығансы<br>көлөргә<br>өйрәткәнсә<br>эшлә   |

|                                     |                           |  |  |  |   |
|-------------------------------------|---------------------------|--|--|--|---|
| -ған/-ген,<br>-қан/-кен,            | Есімше<br>жалғаула-<br>ры | білген<br>жаратқан<br>жалықпай<br>тоқитын<br>беретін<br>оқыған | -ған/-гән<br>-қан/-кән;<br>-а/-ә, -й +<br>торған                       | Сифат кы-<br>лым (хәзер-<br>ге, үткән<br>заман,<br>киләсәк)<br>ялғаузары | белгән һо-<br>рау;<br>яратқан эш<br>ялқытмай;<br>бәйләй тор-<br>ған энә;<br>бирә торған<br>акса |
| -р, -ар/-ер                         |                           | өтер<br>келер<br>айтар   | -р, -ыр/-ер,<br>-ор/-өр  | Сифат<br>кылым<br>(киләсәк<br>заман)<br>ялғаузары                        | үтер юл;<br>килер заман;<br>әйтер һүз   |
| -атын/-<br>етін,<br>-йтын/-<br>йтін |                           | баратын<br>сөйлейтін   | -аһы/-әһе<br>-йһы/-йһе,<br>-йһө  |  | һөйләйһе<br>хәбәр;<br>бараһы ер;<br>йөрөйһө юл  |
| ø                                   |                           | ø  | -сак/-сәк,<br>-асак/-әсәк,<br>-ясак/-йәсәк<br>(бик һирәк<br>қулланыла) |  | буласак бел-<br>гес<br>`болатын,<br>болашақ`  |
| -ушы/-уші                           |                           | барушы<br>келуші   | ø  |  | ø   |

\* Ескерту: башқұрт тіліндегі -а/-ә, -й, -ған (варианттарымен) – үш шақты да білдіретін көпмағыналы аффикстер қатарына жатады.

#### §4. Сөз таптары

Сөз таптары – сөзді жалпы грамматикалық мағыналарының, лексика-семантикалық сипатының, түрлену жүйесінің, синтаксистік қызметінің ортақтығына қарай жүйелеп, жіктейтін лингвистикалық категория. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы лексика-семантикалық, грамматикалық-функционалдық түр (тип) жағынан басқа жүйедегі тілдердің сондай типтеріне негізінен сәйкес келгенімен, морфологиялық тұрғыдан сөз элементтерінің (бірліктердің) тіркесімділігі, қолданылу ыңғайы жағынан ажыратылады.

Сөздерді сөз таптарына бөліп топтастыру әр сөзге байланысты әртүрлі белгілер арқылы ғана айқындалмайды, сөз

таптарына тікелей қатысты және оның мәнін айқындай алатын тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі принциптер негізге алынады. Осы принциптер сөздердің ортақ грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс. Тілдік жүйедегі әрбір сөз сөйлеу үдерісінде өзіндік лексикалық мағынасын сақтай отырып, жалпыланып, абстракцияланып жалпы грамматикалық мағынаға ие болады. Жалпы грамматикалық мағыналар негізінде лексикалық мағынасы әр түрлі сөздер ортақ сипатқа ие болады. Сөздердің сөз таптарына топтастырылуы грамматикалық сипаттағы осы ортақ белгілерге негізделеді. Сөздерді сөз таптарына жіктеудің негізгі ұстанымдары: семантикалық принцип (сөздің лексикалық мағыналарының жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына); морфологиялық принцип (белгілі грамматикалық топқа тән түрлену жүйесі, парадигмалық тұлғалану арқылы берілетін категориялық-грамматикалық мағына); синтаксистік принцип (сөйлемдегі сөздердің белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқара алуы мен сөздің байланысқа түсіп тіркесуі арқылы пайда болатын қатыстық грамматикалық мағына)<sup>1</sup> Түркі тілдеріндегі әрбір сөз табының өзіне тән сөз тудыру жұрнақтары мен түрленім жүйесін қамтамасыз ететін жалғаулары бар.

Негізгі сөз таптарының сөйлеу үдерісінде белгілі бір сөйлем мүшесі қызметінде қолданылуына байланысты сөз таптарының қалыптасуын сөйлем мүшелерімен сабақтастырушы көзқарастар да кездеседі. «Сөздер бір жағынан, сөйлемдегі орын тәртібі арқылы, екінші жағынан, белгілі сөздермен тұрақты синтаксистік қатынас жасап, грамматикалық сипаты айқындала бастауы арқылы белгілі грамматикалық мағыналарға ие болады. Сол жалпы грамматикалық мағыналарының негізінде сөздер жеке-жеке грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына жіктеле бастайды.<sup>2</sup>

Қазақ тілінде 10 сөз табы бар: зат есім, сын есім, сан есім,

<sup>1</sup> Исаев С. Сөз таптары// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б. 363.

<sup>2</sup> Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 440.

есімдік, үстеу, етістік, еліктеуіш сөздер, шылаулар, одағай, модаль сөздер.

Башқұрт тіліндегі 11 сөз табы қолданылу ерекшеліктеріне қарай дербес (үз аллы) және көмекші (ярзамсы) сөз таптары деп екі топқа бөлінеді. Дербес сөз таптары: зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу. Көмекші сөз таптары: жалғаулық, септеулік, демеулік, модаль сөздер, одағай. Башқұрт тілі грамматикасы бойынша еліктеуіш сөздер дербес сөз табы қатарында қарастырылмайды.

Кесте 4

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі сөз таптары

| СӨЗ ТАПТАРЫ – ҺҮЗ ТӨРКӨМДӨРЕ |                   |   |  |                 |                      |  |   |
|------------------------------|-------------------|---|--|-----------------|----------------------|--|---|
| Қазақ тілі                   |                   |   |  | Башқұрт тілі    |                      |  |   |
| Сөз таптары                  | Білдіретін мәні   | Сұрақ   | Мысал                                      | Һүз төркөм дәре | Бел-дергән мәғәнә-һе | Һорау  | Миҫал   |
| <b>Зат есім</b>              | Заттық ұғымды     | Кім?<br>Кімдер?<br>Не?<br>Нелер?                                    | бала<br>қыздар<br>құс<br>қала<br>су<br>ауа | <b>Исем</b>     | Заттық ұғымды        | Кем?<br>Кемдәр?<br>Ни?<br>Нимә?<br>Низәр?<br>Нимәләр?            | малай<br>қыззар<br>қош<br>қала<br>һу<br>һауа              |
| <b>Сын есім</b>              | Заттың белгілері  | Қандай?   | ақ<br>дәмді<br>жақсы                       | <b>Сифат</b>    | Заттың белгілерін    | Ниндәй?  | ақ<br>тәмле<br>яқшы                                       |
| <b>Сан есім</b>              | Заттың саны, реті | Қанша?<br>Неше?<br>Қаншасыншы?<br>Нешінші?<br>Қаншадан?<br>Нешеден? | бір<br>екінші<br>бестен                    | <b>Һан</b>      | Заттың саны, реті    | Нисә?<br>Нисәнсе?<br>Нисәшәр?<br>Күпме?<br>Нисә тирәһе (самаһы)? | бер<br>икенсе<br>бишәр<br>унлап //<br>унлаған<br>мендәрсә |

|                  |  |   |   |                                       |  |   |  |
|------------------|--|---|---|---------------------------------------|--|---|--|
| <b>Үстеу</b>     | Іс-әрекет белгілері                                | Қашан? Қай уақытта?<br>Қашаннан?<br>Қанша?<br>Қаншалық?<br>Қаншама?<br>Қалай?<br>Қалайша?<br>Қайтіп?<br>Не үшін?<br>Неліктен? | тез<br>жай<br>ерте<br>жақын<br>кеше<br>ертең<br>көп | <b>Рәуеш</b>                          | Іс-әрекет белгілері                                | Нисек?<br>Ни рәуешле?<br>Касан?<br>Күпме?<br>Ни тиклем?<br>Ни саклы?<br>Кайза?<br>Ниңә?<br>Ни өсөн? | тиз<br>яй<br>элек<br>якын<br>кисә<br>иртәгә<br>күп<br>юрый |
| <b>Есімдік</b>   | Есім сөздер орнына жұмсалып, жалпылама мән береді. | Қандай сөз табы орнына жұмсалса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.  | мен<br>сен/сіз<br>ол<br>сол<br>т.б.                 | <b>Ал-маш</b>                         | Затты, сынды, санды білдіріп жалпылама мән береді. | Қандай сөз табы орнына жұмсалса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.                          | мин<br>һин<br>ул<br>шул<br>т.б.                            |
| <b>Етістік</b>   | Қимыл, іс-әрекет                                   | Не істейді?<br>Не істеген?  | істейді<br>келген<br>кетпе                          | <b>Қылым</b>                          | Қимыл, іс-әрекет                                   | Ни эшләй?<br>Ни эшләгән?<br>Ни эшләр?   | эшләй<br>килгән<br>китмәс                                  |
| <b>Еліктеуіш</b> | Дыбыстар мен қимылқозғалыстарды бейнелейді         | Қалай?  | жалт-жұлт,<br>тық-тық                               | Жеке сөз табы ретінде қарастырылмайды | ∅  | ∅   | ялт-йолт,<br>тук-тук                                       |

|  |   |  |                                  |  |   |
|--|---|--|----------------------------------|--|---|
| <p><b>Одағай</b></p>   | <p>Адамның көңіл-күй, сезімін білдіру, малды, үй хайуан дарын шақыру, айдау мақсатында жұмсалады.</p> | <p>алақай! пай-пай! пах-пах! охо! қап! тәйт! тек, әуп, жә, моһ-моһ, көс-көс, шөре-шөре, әукім-әукәм, кә-кә, міш-міш, айтақ-айтақ, әлди-әлди, құп т.б.</p>  | <p><b>Ым-лық</b></p>             | <p>Адамның көңіл-күй, сезімін білдіру мақсатында қолданылады</p>       | <p>һай, һай, һай; эй-й-й..; тсс, хи-хи-хи; йә; әлеу (ауырғанды білдіреді); әлли-бәлли, әл-лә-лә (таңдануды білдіреді); һоп оп, оппа (секіргенде, ауыр зат көтергенде айтылады); әу ау, әу (жауап беру); аһ, и-и-и, һай, һай, һай (қуанышты, қанағаттануды білдіреді); ә-әм (ауырғанды, ауырсынғанды білдіреді).</p> |
| <p><b>Модаль сөздер</b></p>                                      | <p>Сөйлеушінің алынған ақпаратқа хабарға жеке қатынасын білдіреді.</p>                                | <p>ия, жоқ, мүмкін, әлбетте, бәлки, бәлкім, (-са) керек т.б.</p>   | <p><b>Мөнә-сәбәт һүз-зәр</b></p> | <p>Сөйлеушінің затқа, құбылысқа, айтылған ойға қатынасын білдіреді</p> | <p>әйе, бар, әлбиттә, бәлки; булмаһа т.б.</p>   |
| <p><b>Шылау үш топқа бөлінеді:</b><br/><br/><b>Жалғаулық</b></p> | <p>Бірыңғай сөйлем мүшелері мен сөйлемдерді байланыстыру үшін жұмсалады.</p>                          | <p>мен/бен/пен, және, әрі, да/де, та/те; әлде біресе, я, бірде, не, немесе, не болмаса, мейлі; әйтсе де, әйткенмен, дегенмен, сөйтсе де, бірақ, алайда; себебі, өйткені, неге десең, сондықтан, сол себепті; егер, егер де, алда-жалда; ал, ендеше, демек, яғни.</p> | <p><b>Терк-әүес</b></p>          | <p>Сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру үшін жұмсалады.</p>             | <p>һәм, да/дә, та/тә, ла/лә, за/зә; бер, берсә; ләкин `бірақ`, бәлки, тик; сөнки; әгәр; йә, йәки, йәиһә, әллә `немесе, әлде; әле; хатта; әммә `бірақ, тек қана; менән; юғиһә, юкһа `әйтпесе, басқаша, басқа жағдайда, керісінше`.</p>   |

|  |  |  |                         |  |   |
|--|--|--|-------------------------|--|---|
| <p><b>1. Сеп-теулік Сеп-теулік</b></p> | <p>Нысан ардың арасын ағы неме-се объект мен қи-мыл-қозға лыс ара-сын дағы қа-тынасты білдіреді.</p> | <p>үшін, сайын, сияқ-ты, тәрізді, секілді, сықылды, сынды, туралы, жайында, жайлы, жөнінде, арқылы, бойы, бойынша, ша-малы, шақты, қаралы, ғұр-лы, ғұрлым; шейін, дейін, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу; гөрі, соң, кейін, бас-қа, бөлек, өзге, бері, әрі, бұрын; қатар, бірге, қабат, қоса.</p> | <p><b>Бәйл-әуес</b></p> | <p>Мекен-дік, мақ-сат-тық, се-бептік, қарсы-лықты т.б. қатынас-тарды білді-реді.</p> | <p>тиклем `дейін`; менән менен/пенен`; өсөн` үшін`; кеуек `сияқ-ты`; шикелле `сияқ-ты, тәрізді`; табан `бойынша, қарай`; қарай `қарай`; аша `арқылы`; буйынса `бойынша`; буйлап `бойлап`; аркала, ар-қаһында арқасында, арқылы`; қарай`; ка-рамай, карамайынса `карамайынша`; карамастан `карамас-тан`; карағанда `караған-да` башқа `басқа`; бүтән `басқа`; हुң`-соң`.</p> |
| <p><b>2. Демеу-лік</b></p>             | <p>Сөздер мен сөй-лемдерге қосымша мән жүк-теу үшін қолданы-лады.</p>                                | <p>ма/ме, ба/бе, па/пе, ше; -ау, -ақ, да/де, та/те; ғой/қой, -ды/-ді, -ты/-ті; ғана, -ақ, тек; -мыс/-міс, -екеш, -ау; тұрсын, тұрмақ, түгіл.</p>   | <p><b>Қи-с-әксә</b></p> | <p>Сөздер мен сөй-лемдерге қосым-ша мән жүктеу үшін қолда-нылады.</p>                | <p>ла/лә, та/тә, да/дә, за/зә; тик, шул, йә; әллә, әлләсе; хатта, һис; हुң; әле; -мы, -ме, -мо, -мә, -мы ни, -ме ни, -мо ни, -мә ни, -ме икән, -дыр, -дер, -дор, -дөр, -лыр, -лер, -лор, -лөр, -зыр, -зер, -зор, -зөр, -тыр, -тер, -тор, -төр, -сы, -се, ғына, генә, кына, кенә.</p>  |

## §5. Зат есім

Түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық өрісі аса кең сөз тап-тарының бірі – зат есімдер. «айналамызды қоршаған дүниедегі зат пен жануар атаулыға, барлық құбылыс пен оқиға, болмыс атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі – зат есім-дер. Лексикалық тұрғыдан алғанда зат есімдер өз алдына мағы-

налық дербестігі бар, заттық ұғымды білдіретін сөздер.<sup>1</sup>; морфологиялық тұрғыдан алғанда өзіне тән құрылымдық жүйесі бар, түбір морфема мен қосымша морфемадан тұратын, заттар мен құбылыстардың номинациялық ерекше белгісін танытатын тілдік бірлік.

Зат есімдер мағынасына қарай екіге бөлінеді: 1) жалқы есім (яңғызлық исем) – бір тектес заттардың, құбылыстардың, қимыл-әрекеттердің, адамдардың атауларын жеке-дара бөліп айту үшін қызмет атқаратын зат есімнің түрі: *Қазақстан – Казакстан, Башқұртстан – Башкортостан, Астана – Астана, Уфа – Өфө, “Абай жолы” – “Абай юлы”, Ғалия – Ғалиә, Айгүл – Айгөл, Меңдіғали – Миңлеғали* т.б. 2) жалпы есім (уртаклық исем) – бір тектес заттардың, құбылыстардың, қимыл-әрекеттердің, қалыптың жалпы атауы; *қала – кала, қыз – кыз, ауыл – ауыл, есім – исем* т.б.

Түркі тілдерінің табиғатына сәйкес қазақ, башқұрт тілдерінде адамнан басқа жаңды зат атауларына не?/ни? сұрақтары қойылады, сондай-ақ тек категориясының арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ, лексикалық негізде ажыратылады: *шал (баба) – бабай, кемпір (кейуана) – әбей, ата – олатай, әже – өләсәй, бала – бала(малай), қыз – кыз* т.б.

Зат есімдер құрылымына, жасалуына қарай – түбір (тамыр): *ас – аш, бел – бил, іс – эш*; туынды (яһалма): *білім–белем, жұмысшы – эшсе, байланыс – бәйләнеш, құрдас – корзаш, бөлме – бұлмә* т.б.; күрделі (кушма): *аққу – аккош, дос-жаран – дуғ-иш, бас маман – баш белгес, Қазақстан Республикасы (ҚР) – Казағстан Республикаһы, Башқұртстан Республикасы – Башкортостан Республикаһы (БР)* т.б. Болып үш топқа бөлінеді. Қазақ тілі грамматикасы бойынша күрделі зат есімдер іштей бірнеше топқа жіктеледі: біріккен/кіріккен күрделі зат есімдер, қосарлы күрделі зат есімдер, тіркесті күрделі зат есімдер, қысқарған күрделі зат есімдер. Туынды зат есімдер ретінде негізінен сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалған сөздер қарастырылады. Зат есімдердің құрамындағы сөз санына байланысты дара және күрделі деп бөлу дәстүрі де бар.

Зат есімдер көптік, жіктік, тәуелдік, септік жалғауларымен түрленеді.

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 442.



Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдер көптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді. Қазақ және башқұрт тілдерінде көптік мән лексикалық негізде де айқындалады, мысалы: *бала-шаға – бала-саға`балалар`*

Жіктік жалғауын зат есімдердің бәрі бірдей қабылдай бермейді, лексикалық мәніне байланысты – адамның кәсібі, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы тәрізді жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер тобы ғана жіктеледі. Зат есімдерге жіктік жалғауының жалғануы бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсінің негізгі амалы болып табылады<sup>1</sup>. Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншіктілігін білдіру тәуелдік категориясы арқылы көрсетіледі<sup>2</sup>.

Септік категориясы зат есімдердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесуін, сөйлем мүшесі ретіндегі грамматикалық қызметін қамтамасыз етеді. Зат есімдердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем мүшелерімен грамматикалық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік т.б. Грамматикалық мағыналары көптік, жіктік, тәуелдік және септік категориялары арқылы жүзеге асады.

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі зат есімдердің сөйлем құрамындағы қолданысы – бастауыш қызметінде жұмсалады: *ана ас пісіріп жатыр – әсәй аш бешерә; баяндауыш қызметін атқарады: кітап – білім бұлағы – китап – белем шишмәһе; толықтауыш болады: мен бұл әңгімені өте жақсы көремін – мин ошо хикәйәне бик яратам; анықтауыш қызметін атқарады: баланың кітабы ашық тұр – малайзың кітабы асық; пысықтауыш қызметінде қолданылады: үйде ешкім жоқ – өйзә берәу зә юк.*

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 458.

<sup>2</sup> Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. – Б. 150.

Кесте 5

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі зат есімдер

| ЗАТ ЕСІМ – ИСЕМ                                      |   |  |
|--|---|--|
| Қазақ тілінде  |   | Башқұрт тілінде  |
| Жалқы есім   | Жалпы есім  | Яңғыздық исем  |
| Астана, Уфа,<br>Орал, саламағ                        | қала, тау, өзен,<br>кісі, кітап, үстел  | Астана, Өфө,<br>Урал, Салауат  |
| <b>Зат есімдердің құрылымы – Исемдәрзең төзөлеше</b> |   |  |
| <b>Түбір</b>   | бас, іс, тау  | <b>Тамыр</b>   |
| <b>Туынды</b>  | -шы/-ші:<br>оқытушы, жұмысшы;<br>-лық/-лік,-дық/-дік,-тық/тік: орын-<br>дық;<br>-с,-ыс/-іс: жеңіс, байланыс, айтыс,<br>жарыс, табыс;<br>-тас/-тес,-дас/-дес:<br>класпас; құрдас, жолдас;<br>-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе: бөлме,<br>жазба, сүзбе, кезбе;<br>-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш:<br>орғыш, сүзгіш, ұшқыш, алжап-<br>қыш, ашқыш т.б. | <b>Яһалма</b><br><br>-сы/-се, -со/-се: уқытыусы<br>, эһсе;<br>-лык/-лек, -лок/-лөк: ком-<br>лок құмдақ;<br>-ш,-ыш/-еш,-ош/-өш:<br>бөйлөнеш, әйтеш;<br>-таш/-тәш, -даш/-дәш:<br>класпаш, иптәш, корзаш,<br>-ма/-мә: бұлмә, қуланма<br>құрал; -кыс/-кес, -ғыс/<br>-гес, -ғос/-ғөс, -кос/-көс:<br>улытғыс орындық,<br>белгес маман, аскыс<br>кылат т.б. |
|  |   | баш, эш, тау   |
|  |   | Уртақлық исем  |
|  |   | қала, тау, йылға,<br>кеше, кітап, естәл  |

|  |   |  |  |
|--|---|--|--|
| <b>Күрделі</b>   | көкжиек, бау-бақша, аға ғылыми қызметкер, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті т.б. | <b>Құшма</b>                             | аккош 'акку', дуҫ-иш дос-жаран, Фрунзе колхозы, Башқортостан Республикасы т.б. |
| <b>Заг есімдердің сандық сапасына қатысты ажырағылуы</b> |   |  |  |
| <b>Жекеше</b>  | <b>Көпше</b>  | <b>Берлек</b>                            | <b>Күппек</b>  |
| қала бөлме топ бұйырық қыз                               | қалалар бөлмелер топтар бұйырықтар қыздар   | бойорок қыз                              | қалалар бұймәлер төркөмдер бойороктар қыздар                                   |
| <b>Септік тұлғалы заг есімдер</b>                        |   |  |  |
| <b>Атау Төп</b>  | <b>Ілік Әйәлек</b>  | <b>Барыс Төбәу</b>                       | <b>Табыс Төшөм</b>   |
| Бала ұйықтап жатыр – бала йоклай.                        | Баланың кітабы– баланың кітабы.   | Балаға кара – балаға кара.               | Баланы жақсы көремін–баланы ярағам.  |
|  |   | <b>Жатыс Урын-вакыт</b>                  | <b>Шығыс Сығанақ</b>   |
|  |   | Балада ойыншық бар – балада уйынсық бар. | Баламен келдім Ø   |
| <b>Тәуелдік тұлғалы заг есімдер</b>                      |   |  |  |
| <b>Жақ</b>   | <b>Жекеше – берлек</b>  | <b>Жақ</b>                               | <b>Көптік – күппек</b>   |
| І жақ менің миінең                                       | балам – балам үстелім – өстәлем   | І жақ біздің беҙең                       | баламыз– балабыз үстеліміз – өстәлебеҙ   |

|  |  |   |   |
|--|--|---|---|
| II жақ<br>сенің/сіздің<br>һинең  | балаң/балаңыз – балаң<br>үстелің/үстеліңіз – өстәлен | II жақ<br>сендердің/<br>сіздердің<br>һеңзең   | балаң/балаңыз – балағыз<br>үстелдерің/үстелдеріңіз – өстә-<br>леғез |
| III жақ<br>оның<br>уның  | баласы – балаһы<br>үстелі – өстәле                   | III жақ<br>олардың<br>улардың                 | баласы – балаһы<br>үстелі – өстәле                                  |
| <b>Жіктік тұлғалы зат есімдер</b>  |  |   |   |
|  | Жекеше – берлек                                      |   | Көпше – күтлек  |
| I жақ  | Мен оқушымын – мин укыусымын.                        |   | Біз оқушымыз – без укыусыбыз.                                       |
| II жақ   | Сен оқушысың/сіз оқушысыз – һин укыусыһың.           |   | Сендер оқушысыңдар/сіздер оқушысыз-<br>дар – һез укыусыһығыз.       |
| III жақ  | Ол оқушы – ул укыусы.                                |   | Олар оқушы – улар укыусы.   |
| <b>Нақтылық және белгісіздік – билдәлелек һәм билдәһезлек</b>  |  |   |   |
| Табыс септігі мен ілік септігінің аффикстері жалғанып, біршама нақтылықты сипаттайды. Табыс септігі мен ілік септігі кейде нөлдік формада қолданылады, бұл жағдай біршама белгісіздікті аңғартады. |  |   |   |
| <b>Табыс септігі – Төшәм килеш</b>   |  | <b>Ілік септігі – Әйәлек килеш</b>            |   |
| Нақтылық мән   | Белгісіздік мән                                      | Нақтылық мән                                  | Белгісіздік мән   |
| Мен кітапты оқимын – мин кітап-<br>ты укыйым.  | Мен кітап оқимын–мин<br>кітап укыйым.                | Таудың басында<br>-таудың басында             | Тау басында –<br>Тау басында  |
| <b>Қолданысы – Қулланылышы</b>   |  |   |   |
| Бастауыш – әйә   |  | Бала ұйықтап жатыр – бала йоклай.             |   |
| Баяндауыш – хәбәр  |  | Біз студент – без студент.                    |   |
| Толықтауыш – тултырыусы  |  | Анам сорпа пісіріп жатыр – әсәй аш бешерә.    |   |
| Анықтауыш – анықлаусы  |  | Кітаптың беті ашық – кітаптың бите асық.      |   |
| Обстоятельство – хәл   |  | Оны көшеде жолықтырдық – уны урамда осраттық. |   |

Кесте 6

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі зат есімнің сөзжасам жұрнақтары

| ЗАТ ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҰРНАҚТАРЫ<br>ИСЕМ ЯҺАҒАН ЯЛҒАУЗАР |   |                                     |  |
|---|---|-------------------------------------|--|
| Қазақ тілінде   |   | Башқұрт тілінде                     |  |
| Қосымшалар  | Мысалдар  | Қосымшалар                          | Мысалдар   |
| -шы/-ші   | жұмысшы<br>оқытушы<br>оқушы<br>аңшы<br>бақшашы<br>(бағбан)                      | -сы/-се, -со/-сө                    | һунарсы<br>баксасы   |
| -лық/-лік,<br>-дық/-дік,<br>-тық/тік                    | мұздық<br>жастық<br>көптік<br>бірлік<br>тұздық<br>белдік<br>балалық,<br>орындық | -лық/-лек, -лок/-<br>лөк            | бозлок<br>йәшлек<br>күплек<br>берлек<br>күзлек<br>көзілдірік<br>комлок құмдақ` |
| -с,-ыс/-іс  | байланыс<br>құрылыс<br>түзіліс<br>тұрмыс<br>жеңіс<br>табыс                      | -ш,-ыш/-еш,-ош/-<br>өш              | бәйләнеш<br>төзөлөш<br>құрылыс`<br>тормош<br>караш<br>көзқарас`                |
| -лас/-лес<br>-тас/-тес,<br>-дас/-дес                    | сыныптас<br>жолдас<br>құрдас<br>жерлес<br>жақтас                                | -таш/-тәш, -даш/<br>-дәш, -заш/-зәш | класташ<br>иптәш<br>корзаш<br>якташ `жерлес`<br>юлдаш                          |
| -ма/-ме,<br>-па/-пе,<br>-ба/-бе                         | бөлме<br>түйме<br>жазба<br>сүзбе<br>көмбе<br>гартпа                             | -ма/-мә                             | бүлмә<br>төймә<br>язма<br>кулланма `құрал`<br>кәңәшмә<br>`отырыс/кеңес`        |

|                                       |   |   |   |
|---------------------------------------|---|---|---|
| -мақ/-мек,<br>-бақ/-бек,<br>-пақ/-пек | қармақ<br>оймақ                                 | -мақ/-мәк                                     | икмәк `нан`   |
| -у/-ау, -еу<br>Т.б.                   | бояу<br>көсеу<br>бұрау                          | -ыу/-еу, -у/-ү т.б.                           | буяу<br>белдереу `хабарландыру`                                       |
| -қыш/-кіш,<br>-ғыш/-гіш               | ашқыш<br>сорғыш<br>сүзгіш<br>ұшқыш,<br>алжапқыш | -қыс/-кес, -ғыс/-гес,<br>-ғос/-гөс, -қос/-көс | асқыс `кілт`<br>белгес `маман`<br>элгес `ілгіш`<br>ултырғыс `орындық` |
| -шын/-шін<br>-сын/-сін                | құлақшын  | -сын  | қолақсын  |

### §6. Зат есімдердің көптік категориясы

Зат есімдер сандық сапасына байланысты екі түрлі тұлғада қолданылады: жекеше (берлек) және көпше (күплек). Зат есімнің жекеше түрі негізгі атау тұлғаға сәйкес келеді, арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ: *ағаш – ағас, бала – бала, қала – кала*. Зат есімнің көпше түрі көптік жалғаулары жалғану арқылы жасалды: *ағаштар – ағастар, балалар – балалар, қалалар – калалар*.

Түркі тілдерінде көптік жалғауларын жалғамай-ақ көптік мағына білдіретін зат есімдер кездеседі, мысалы қазақ және башқұрт тілдеріндегі қосарлы зат есімдердің көптікі мән бар: *дос-жаран – дуғ-иш, тамыр-таныс – таныш-тонош, ата-ана – ата-әсә, бала-шаға – бала-саға, ыдыс-аяқ – һауыт-һаба, қатын-қалаш/қыз-қырқын – катын-кыз, жеміс-жидек – емеш-еләк, азық-түлік – азық-түлек* т.б. Сондай-ақ қазақ-башқұрт тілдеріндегі басқа да дара зат есімдердің лексикалық мағынасы көптік, жинақтық мән береді: *мал – мал, сүт – һөт, тұз – тоз, қаймақ – каймак, махаббат – мөһәббәт, достық – дуғлық* т.б. Сондықтан лексикалық мағынасында көптік, жинақтық мән бар зат есімдер көптік жалғауын қабылдамайды.

Адамзат санасындағы жекелік және көптік ұғымдардың қалыптасуы, олардың тілдік жүйедегі объективтенуі адамның өзін және өзгелерді тануымен, *мен↔біз, сен↔сендер, ол↔олар* оппози-

циясының мәнін түсінуімен қатар жүретін лингвоонтологиялық құбылыс. Сондықтан көптік мағынаны сипаттайтын көптік жалғауларының қалыптасуы көпшілдік ұғымының мән-маңызының адам санасында қорытылуына байланысты қалыптасқан тілдік дамудың нәтижесі ретінде орнығып, объектінің сандық белгілерін және олардың субъектілерге қатысының ортақтық немесе жекелік сипатын танытудың, көптік, топтық, жинақтық, ортақтық белгілерінің көрсеткіші қызметтерін атқарады.

Түркі тілдері бойынша көптік категориясының негізгі грамматикалық көрсеткішін  $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$  форманты және олардың фонетикалық варианттары құрайды. Адамзат санасының дамуымен бірге қалыптасқан көптік ұғымын сипаттайтын басты қосымшаның шығу тегі, тұлғалық құрамының қалыптасуы, мазмұнындағы көпшілдік идеясын беретін уәждік негіздер туралы да бірізді тұжырым орныққан жоқ.  $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$  аффиксінің қалыптасуы мен дамуы жайлы негізгі көзқарастар бірнеше бағытта өрбиді:  $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$  қосымшасы көптік мәнін сақтаған дербес лексеманың грамматикализация құбылысына ұшырауы негізінде жасалған, яғни жалғаудың этимологиялық негізінде болжамдық сипаттағы «бірнеше», «көп. т.б. тәрізді мән беретін қандай-да бір сөз жатуы мүмкін (Т.Ковальский);  $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$  қосымшасы көптік мәнді түбір сөзге қосымша морфеманың жалғануы арқылы жасалған, яғни жіктеу есімдігі *ol* мен  $\sqrt{-ar}$  жұрнағының кірігуінен қалыптасуы мүмкін (В.А.Богородский); екі қосымша морфеманың бірігуінен жасалған құранды жұрнақ, яғни есім сөздерден етістік тудырып, іс-әрекеттің қайталамалы сипатын білдіретін  $\sqrt{-la}$  жұрнағы мен келер шақ есімшенің  $\sqrt{-r}$  формантының бірігуі арқылы жасалып, ішкі семантикалық өзгерістің нәтижесінде көптік мәнге ие болған күрделі аффикс (Н.А.Баскаков)<sup>1</sup>. Түркі тілдері көптік категориясының негізгі қосымшасы  $\sqrt{-lar,-ler}$  формантының шығу тегі, қалыптасуы мен дамуы, архиформасы жайлы құнды пайымдаулар мен тұжырымдар Б.А. Серебренниковтың<sup>2</sup>,

<sup>1</sup> Қараңыз: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988.

<sup>2</sup> Серебренников Б.А. О некоторых частных деталях процесса образования аффикса множественного числа *-lar* в тюркских языках. – Советская тюркология. – 1970. – № 1.

А.М.Щербактың<sup>1</sup>, А.Н.Кононовтың<sup>2</sup> т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қамтылған. Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдеркөптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді.

Қазақ және башқұрт тілдерінде сан есімдерден кейінгі зат есімдер тек жекеше түрде қолданылады, көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы: (алма/алмалар) *бір жасыл алма – бер йәшел алма; он жасыл алма – ун йәшел алма; (кітап/кітаптар – китап/ китаптар) екі кітап – ике китап; сегіз кітап – һигез китап.*

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілінде көптік жалғауларының *-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер* көрсеткіштері, қыпшақ-бұлғар тобындағы башқұрт тілінде *-лар/-ләр, -тар/-тәр, -дар/-дәр, -зәр /-зәр* аффикстері қолданылады.

Кесте 7

**Зат есімдердің көптік жалғауларымен түрленуі**  
**Исемдәрзең һан менән үзгәреше**

| КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ – ҺАН (КҮПЛЕК) ЯЛҒАУЗАРЫ            |                               |                                |              |   |                               |                                |       |
|---|-------------------------------|--------------------------------|--------------|---|-------------------------------|--------------------------------|-------|
| Қазақ тілі  |                               |                                | Башқұрт тілі |   |                               |                                |       |
| Егер түбір (негіз) сөз төмендегі дыбыстарға аяқталса: | Көптік жалғауының варианттары |                                | Мысал        | Егер түбір (негіз) сөз төмендегі дыбыстарға аяқталса: | Көптік жалғауының варианттары |                                | Мысал |
|   | Жуан дауысты дыбысы бар сөз   | Жіңішке дауысты дыбысы бар сөз |              |   | Жуан дауысты дыбысы бар сөз   | Жіңішке дауысты дыбысы бар сөз |       |

<sup>1</sup> Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских язвков: (Имя). – Ленинград, 1977.

<sup>2</sup> Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Ленинград, 1969.



|   |  |      |      |   |   |   |      |      |   |
|---|--|------|------|---|---|---|------|------|---|
| 1 | а, ә,<br>ы, і,<br>е, й,<br>у, р                                  | -лар | -лер | бала-<br>лар<br>кафе-<br>лер`<br>кісілер<br>қойлар<br>таулар<br>қас-<br>қыр-<br>лар | 1 | а, ә,<br>ы, е,<br>о, ө, я   | -лар | -ләр | балалар<br>кафе-<br>лар`<br>ке-<br>шеләр                              |
| 2 | л, м, н,<br>ң,<br>з, ж   | -дар | -дер | орман-<br>дар<br>гараж-<br>дар<br>көлдер<br>қыздар                                  | 2 | л, м, н,<br>ң,<br>з, ж  | -дар | -дәр | урман-<br>дар<br>гараж-<br>дар<br>күлдәр                              |
| 3 | б, в, г,<br>д, к, қ,<br>п, с,<br>т, ф, х,<br>һ, ц,<br>ч, ш,<br>щ | -тар | -тер | кітап-<br>тар<br>тастар<br>жидек-<br>тер<br>жігіт-<br>тер                           | 3 | б, в, г,<br>д, к, қ,<br>п, с,<br>ғ, т, ф,<br>х, һ,<br>ц, ч,<br>ш, щ | -тар | -тәр | кітап-<br>тар<br>таштар<br>еләктәр<br>егеттәр                         |
|   | ө  | ө    | ө    | ө   | 4 | з, й,<br>р, у,<br>ү, и,<br>ю  | -зар | -зәр | кыззар<br>қыз-<br>дар`<br>таузар<br>тау-<br>лар`<br>күззәр<br>көздер` |

### §7. Зат есімдердің тәуелдік категориясы

Тәуелдік жалғауы – заттың үш жақтың біріне меншікті, тәуелді екенін білдіретін грамматикалық категория. Түркі тілдеріндегі (жалпы алтай тілдерінде) жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегі, әр форманттың жалпытүркілік (жалпыалтайлық) архетипі жіктеу есімдіктерінің жақтық тұрғыдан жіктелісімен сабақтастықта қарастырылады.

Есімдіктертерді дербес сөз табы ретінде тануда негізінен лексика-семантикалық принцип негізге алынады. Себебі есімдіктердің мағыналары басқа сөз таптарының мағыналарынан өзгешеленіп, оқшауланып тұрады. Есімдік сөздер сөйлемнен тыс жеке-дара тұрғанда да, сөйлем ішінде қолданылғанда да мағыналары нақтылы емес жалпылама қалыпта болып олтырады. «Есімдіктердің жалпы мағынада қолданылуын олардың реалды нақтылықтан қаншалық алшақтап, қаншалық абстракциялану дәрежесіне жету шегінің көрінісі деп ұғынған жөн.<sup>1</sup> Түркі тілдеріндегі айрықша грамматикалық топ ретінде танылатын есімдіктердің негізгі ерекшеліктері: өзіне тән сөзжасам жүйесі жоқ; есімдіктер тек грамматикалық өзгерістерге ғана ұшырайды, септік, көптік, тәуелдік жалғаулары арқылы түрленеді; тек есімдіктерге ғана тән грамматикалық, категориялар жүйесі жоқ.

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі есімдіктердің жалпы сипаты бірдей болғанымен олардың мағыналық топтарында ерекшеліктер бар.

Қазақ тілінде есімдіктер жеті топқа бөлінеді: 1) жіктеу есімдіктері белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер тобы, жіктеу есімдіктері үнемі адаммен, яғни сөлеуші, тыңдаушы және

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 480.

бейтарап бөгде кісіге қатысты қолданылады. ІІ жақ жіктеу есімдігі сілтеу есімдігінің қызметінде де жиі қолданылады; 2) сілтеу есімдіктері – сөйлеушіге не сөйлемдегі субъектіге субстанциялар мен құбылыстардың әралуан жақын немесе алыстық тәрізді аралық қатынастырын білдіретін есімдіктер. Сілтеу есімдіктерінің саны аз, олар септік тұлғаларын қабылдауы арқылы мағыналық аясын кеңейтіп отырады; 3) өздік есімдігі – сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан ажыратып, даралап көрсетуші сөздер. Өздік есімдіктер септік, жіктік, тәуелдік және көптік жалғауларымен түрленеді; 4) сұрау есімдіктері – заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін т.б. Білу мақсатында қолданылатын сұрау мәнді сөздер тобы. Сұрау есімдіктерінің субстантивтік (кім? не?) Және атрибутивтік (қай? қайсы?) болып бөлінуі заттың атын білу үшін қойылатын сұрақтарға және заттың белгісін білу мақсатында қойылатын сұрақтарға қатысты қалыптасқан; 5) белгісіздік есімдігі–заттар мен құбылыстарды, олардың сан, сапа белгілерін, мекенін тұспалдап көрсететін, мағыналары нақтылы емес, белгісіз мәнде айтылатын сөздер тобы; 6) болымсыздық есімдігі– болымды мағыналарға қарама-қарсы болымсыз мәнде қолданылатын сөздер; 7) жалпылау есімдігі – белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына немесе толық қамтылуына қатысты айтылатын жинақтық және жалпылау мәнді сөздер.

Башқұрт тілінде де есімдіктер жеті топқа бөлінеді:

1) зат алмаштары қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктеріне сәйкес келеді: *мин* `мен`, *хин* `сен`, *ул`*, *без* `біз`, *һез* `сендер/сіздер`, *улар* `олар`;

2) күрһәтеу алмаштары қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктері: *был* `бұл`, *ошо* `осы`, *шул* `сол`, *теге* `ана/анау`, *анау* `анау`, *ул* `ол`, *бынау* `мынау`; *бындай* `мұнадай/ мұндай/бұндай`, *ундай* `ондай`, *тегендәй* `анадай (анау сияқты)`, *шундай* `сондай`, *былай* `былай`, *ошоллай* `осылай`, *шулай* `солай`;

3) һорау алмаштары қазақ тіліндегі сұрау есімдігі: *кем* `кім`, *ни, һәмә* `не, немене`, *һиндәй* `қандай, һендей`, *һисә* `қанша, һеше`, *һисек, кайһылай* `қалай, һешік`, *кайһы* `қай, қайсы`, *һасан* `қашан`, *кайза* `қайда`;

4) билдәләу алмаштары қазақ тіліндегі нақтылы бір есімдік түрімен сәйкес келмейді, өздік есімдігі мен кейбір белгісіздік, жалпылау есімдіктерін, сондай-ақ қазақ тіліндегі есімдіктер құрамында қарастырылмайтын кейбір сөздерді қамтиды: *һәр, һәр кем, һәр береһе, һәр бер* `әр, әркім, әрбірі, әрбір`; *бөтә, бөтәһе, бөтөнөһө, бары, барлық, барлығы, барса, һәммә* `бәрі, барлығы, барша, баршасы`, *үз* `өз`; *бындай, ошондай* `мұндай, осындай`;

5) билдәһезлек алмаштары қазақ тіліндегі белгісіздік есімдіктеріне сәйкес келеді: *кемдер* `біреу, әлдекім`, *һиндәйзер* `қайдағы бір`, *қасандыр* `қашан (көп бұрын өтіп кеткен), әлдеқашан`, *һимәлер* `бір нәрсе, бірдеңке/бірдеме`, *қайзалыр* `бір жерде, бір жерге`, *һисектер* `қалайда`; *әллә кем, әллә кемдер* `әлдекім, әлдекімдер`, *әллә қайза* `әлдеқайда`, *әллә һимә, әллә һи* `әлдене`, *әллә һисек* `әлде қалай`, *әллә һисә* `әлденеше (қанша екені белгісіз)`, *әллә һиндәй* `әлде нендей`, *әллә қасан* `әлдеқашан`, *қайһы бер* `қайсы бір`;

6) юклық алмаштары қазақ тіліндегі болымсыздық есімдіктері: *һис кем* `ешкім`, *һис һәмә* `ешнәрсе, ештеңе`, *һис һиндәй* `ешқандай`, *һис һисек* `ешбір, ешқандай`, *һис қасан* `ешқашан`, *һис қайза* `еш жерде, ешқайда`, *бер за* `бір де/бірде-бір, ешқандай`, *бер һимә лә, бер һи за* `ештеңе, ешнәрсе`, *бер кем, бер кем дә* `ешкім`, *бер һимә, бер һи, бер һи за* `ештеңе/ештеме, ешнәрсе`;

7) әйәлек алмаштары қазақ тілінде жоқ. Жіктеу есімдіктерінің ілік септігі тұлғасындағы сөздерді қамтитын әйәлек алмаштарының екі түрі бар: I форма: *һинең* `менің`, *һинең* `сенің`, *уның* `оның`, *һеззең* `біздің`, *һеззең* `сендердің/сіздердің`, *уларзың* `олардың`; II форма: *һинекә* `менікі`, *һинекә* `сенікі`, *уһықы* `оныкі`, *һеззекә* `біздікі`, *һеззекә* `сіздердікі`, *уларзықы* `олардікі`

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі жіктеу есімдіктері/зат алмаштары, сілтеу /күрһәтеу, белгісіздік/билдәһезлек есімдіктерінің біразы, башқұрт тіліндегі билдәләу, қазақ тіліндегі өздік, жалпылау есімдіктері септеледі. Есімдіктердің біразы көптік, жіктік, тәуелдік категорияларының көрсеткіштерімен түрленеді. Башқұрт тілінің грамматикасы бойынша өздік есімдігі мен жалпылау есімдігі жеке-жеке топ құрмайды. Қазақ грамматикасы бойынша башқұрт тіліндегі билдәләу (анықтаушы) алмашы мен

эйәлек (тәуелдік) алмашы жеке топтар болып бөлінбейді.

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі *мен/мин, сен/хин, ол/ул, бұл/был, сол/шул* есімдіктері септелу барысында тұлғасын өзгертеді. Қазақ тіліндегі *мен* есімдігі *\*ма/\*ме, сен* есімдігі *\*са/\*се* тұлғаларында, башқұрт тіліндегі *мин* есімдігі *\*ми, хин* есімдігі *\*хи* барыс/төбәу, табыс/төшөм септіктері жалғауларын қабылдайды: маған қара – *миңә кара*, мені ұнатады – *мине ярата*. Басқа септіктерде толық тұлғасын өзгеріссіз сақтайды. III жақты білдіретін *ол/ул* есімдіктері атау/төп септігінен басқа септіктердің бәрінде *\*о/\*у* тұлғаларына өзгереді: олардың – *уларзың (о/у – түбір, -лар – көптік жалғауы, дың/ -зың – ілік септігі жалғауы)*. Сілтеу есімдіктері *бұл/был, сол/шул* лексемалары да атау/төп септігінен басқа септік жалғауларын *\*бұл/\*мұ/\*бы, \*сол/\*шу* тұлғасында қабылдайды: бұның/мұның – *бының*.

Тәуелдік жалғауларын сілтеу/күрһәтеу есімдіктері (*бұнысы/мұнысы - быныһы, бұлары - былары, сондайы - шундайы*), белгісіздік/билдәһезлек есімдіктері (*кейбірі – бәгзе*), болымсыздық/юклық (*ешкімім - һис кемем*), қазақ тіліндегі өздік, жалпылау, башқұрт тіліндегі билдәләу (*өзім - үзем, өзіміз – үзебез, өзі – үзе; әрбірі - һәр бере т.б.*).

Жіктік жалғауларымен сілтеу/күрһәтеу есімдіктері (*бұлаймын - былаймын, осылаймын - ошолаймын, бұлайсың - былайһың, осылайсың - ошолайһың*), белгісіздік/билдәһезлек есімдіктері (*әлдекімсің - әллә кемһең, әлдеқандаймыз - әллә ниндәйбез*), қазақ тіліндегі өздік есімдігі (*өзімін, өзімсің, өзім*), башқұрт тіліндегі эйәлек есімдігі (*һинекемен 'сенікімін', беззекеһең 'біздікісің', уныкымын 'оныкімін'*) түрленеді.

Сілтеу/күрһәтеу есімдіктері (*мұндай - бындай, осындай - ошондай, анадай - тегендәй, сондай - шундай, ондай – ундай*) зат есімдермен тіркесіп сын есім орнына жұмсалады: ондай адам жоғалып кетпейді - *ундай кеше юғалып калмай*. Сілтеу есімдіктері үстеудің орнына да қолданылады: солай істе - *шулай эшлә*. Сөйлемде бастауыш: *бұл - жақсы зат - был шәп нәмә бит*; баяндауыш: *бұл кісі-сол – был кеше шул ине*; толықтауыш: *мұны ол ұнатады - быны ул окшатыр*; анықтауыш: *бұл жырды мен білемін - был йырзы мин*

беләм сапасында қолданылады. Сілтеу есімдіктері зат есімдерсіз қолданылғанда зат есімдердің орнына жұмсалып, көптік, септік жалғауларын қабылдайды: Бұларға не болған? - *Быларға ни булған?*

Жіктеу/зат есімдіктері атау тұлғада тұрып, бастауыш, баяндауыш қызметін атқарады: *мен ертең ерте тұрамын - мин иртәгә иртә торам, жақсы кісі - ол – яқишы кеше - ул.*

Сұрау/һорау есімдіктері сөйлемде бастауыш (*кім келді? - кем килә?*), анықтауыш (*бүгін ұандай күн? - бөгөн ниндәй көн?*), толықтауыш (*бүгін кімді кездестірдің (ұшыраттың)? - бөгөн кемде осраттың?*) сапасында қолданылады. Күрделі баяндауыштар құрамында қолданылады (*ол кім болып кеткен? - ул кем булып киткән?*) т.б. Сұрау есімдіктері *кім?/кем? не?/нимә?* зат есімдері сияқты септеледі, *қандай?/ниндей?* есімдіктері зат есімдердің алдында анықтауыштық сапада тұрғанда түрленбейді, *қанша?/неше?/нисе?* есімдіктері де зат есімдердің алдында тұрғанда септелмейді: *Неше кітап? - Нисә китап?; Неше кітаптың беті жоқ - Нисә китаптың бите юк?*

Қазақ тіліндегі жалпылау, башқұрт тіліндегі билдәләу есімдіктері сөйлемде анықтауыш: *бізге әр күн қоңырау(телефон) шалады - безгә һәр көн шылтырата;* толықтауыш: *бұл хабар бәрімізді қуандырды - был хәбәр бөтөнөбөззә кыуандырзы* сапасында жұмсалады. Зат есімдердің алдында анықтауыш қызметіндегі *әр - һәр, бүтін - бөтөн, барша - барса, барлық - барлық, һәмме – һәммә* есімдіктері септік категориясының көрсеткіштерімен түрленбейді. Зат есімдерсіз дербес қолданылған жағдайда тәуелдік, септік жалғауларымен түрленеді: *бүтінімізге(бәрімізге) – бөтөнөбөзгә.*

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі белгісіздік/билдәһезлек есімдіктері сөйлемде бастауыш, толықтауыш, баяндауыш, анықтауыш сапасында қолданылады: *біреу келді - кемдер килде, біреулерге келді - кемгалер килгәндәр, әлденендей түс көрдім - әллә ниндәй төш күрзем.* Қазақ-башқұрт тілдеріндегі *ешкім - һис кем, ештеңе - һис нимә, ешқандай - һис ниндәй* тәрізді болымсыздық/юклық есімдіктері тәуелдік жалғауларымен түрленеді: *менің ешкімім жоқ - минең бер кемем юк.*

Башқұрт тіліндегі әйәлек (тәуелдік) алмаштарының I түрі сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады: *уның сәйе һыуынған* `оның шайы суып қалды` II түрі бастауыш бола алады: *беззең өй зур, уныкы - зурырак* `біздің үй үлкен, оныкі үлкенірек`; баяндауыш болады: *был китап уныкы* `бұл кітап – оныкі`; толықтауыш болады: *һеззең диктантты тапманым, ұларзыкын ғына таптым* `сендердің диктанттарыңды таппадым, олардікін ғана таптым` Тәуелдік есімдігінің I түрі септік жалғауларын қабылдамайды (олардың атау тұлғасының өзі ілік септігінде), олармен тіркескен зат есімдер ғана септеледі: *беззең баксаға* `біздің бақшаға`, *беззең баксала* `біздің бақшаға`; II түрі септік категориясымен түрленеді: *беззекен ал* `біздікін ал`

Кесте 22

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі есімдіктердің лексика-семантикалық топтары

| ЕСІМДІК – АЛМАШ |                    |  |                 |                     |   |
|-----------------|--------------------|--|-----------------|---------------------|---|
| Қазақ тілінде   |                    |  | Башқұрт тілінде |                     |   |
| №               | Есімдіктің түрлері | Мысалдар   | №               | Алмаш төр-көмсәләре | Миҫалдар  |
| 1               | Жіктеу есімдіктері | мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар                                  | 1               | Зат алмашы          | мин, һин, ул, без, һез, улар                                |
| 2               | Сілтеу есімдіктері | бұл, сол, ол, осы, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне              | 2               | Күрһәтеу алмашы     | был, бынау, ошо, ул, анау, теге, шул                        |
| 3               | Сұрау есімдіктері  | кім? не? қай? қайсы? қандай? неше? қанша? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан? | 3               | Һорау алмашы        | кем? нимә? нисә? нисек? ниндәй? күпме? қасан? қайһы? қайза? |

|   |                      |   |   |                    |  |
|---|----------------------|---|---|--------------------|--|
| 4 | Өздік есімдігі       | өз (өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздерің, өздеріңіз, өздері)  | ø | ø                  | ø  |
| ø | ø                    | ø   | 4 | Билдәләу алмашы    | Һәр, һәркем, һәр бер, һәр нәмә, үз (үзем, үзең, үзе, үзебез, үзегез, үззәре)                                     |
| 5 | Белгісіздік есімдігі | біреу, кейбір, қайбір, әрбір, бірнеше, біраз, бір, әр, әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай, әлдекім, әлдене, әлдеқайда, әлденеше, әлдеқалай, кімдекім | 5 | Билдәһезлек алмашы | кемдер, нимәлер, нисектер, кайһы бер, теләһә кем, әллә кем, әллә нимә, әллә ниндәй, әллә нисек, әллә қасан       |
| 6 | Болымсыздық есімдігі | еш, ешкім, ештеме, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсы, дәнеңе  | 6 | Юклық алмашы       | бер кем, бер нәмә, бер ни, бер кем дә, бер нәмә лә, һис кем, һис нәмә, һис ниндәй, һис бер, һис қайза, һис қасан |
| 7 | Жалпылау есімдігі    | бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл, бүтін, түгел, тегіс   | ø | ø                  | ø  |
| ø | ø                    | ø   | 7 | Әйәлек алмашы      | 1) минең, һинең, уның; беззең, һеззең, уларзың;<br>2) минеке, һинеке, уныңқы, беззеке, һеззеке, уларзығқы        |

Кесте 23

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі есімдіктердің сөйлемдегі қолданысы

| ЕСІМДІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ – АЛМАШТАРЗЫҢ ҚУЛЛАНЫЛЫШЫ |  |                        |  |
|---|--|------------------------|--|
| Қазақ тілінде                                     |  | Башқұрт тілінде        |  |
| Есімдіктер  | Мысал  | Алмаштар               | Мысал  |
|   | Сөйлемдегі қыз-меті  |                        | Сөйлемдегі қыз-меті  |
| <b>Жіктеу есімдіктері</b>                         | Мен ертең ерте тұрамын.<br>Жақсы кісі – ол.                                      | <b>Һорау алмашы</b>    | <b>Мин</b> иртөгә иртә торам.<br>Якшы кеше ул.                                     |
| <b>Сілтеу есімдіктері</b>                         | Бұл - жақсы зат.<br>Ол мұны ұнатады.<br>Бұл зат – сол.<br>Бұл жырды мен білемін. | <b>Күрһәтеу алмашы</b> | Был шәп нәмә бит.<br>Быны ул окшатыр.<br>Был нәмә шул иҗе.<br>Был йырзы мин беләм. |
| <b>Сұрау есімдіктері</b>                          | Кім келді?<br>Кімді кездестірдің? Ол кім болып кеткен?<br>Бүгін қандай күн?      | <b>Һорау алмашы</b>    | Кем киле?<br>Кемде осраттың?<br>Ул кем булып киткән?<br>Бөгөн ниндәй кән?          |
|   | бастауыш баяндауыш толықтауыш анықтауыш  |                        | бастауыш баяндауыш толықтауыш  |
|   | бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш  |                        | бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш  |
|   | бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш  |                        | бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш  |



|                          |   |  |                       |  |  |
|--------------------------|---|--|-----------------------|--|--|
| Өздік есімдігі           | Өзім келдім.<br>Мен өзінді<br>көрдім. Бәрін<br>ұйымдастырған<br>– өзі. Өзіңнің<br>балана айт. | бастауыш<br>толықтауыш<br>баяндауыш<br>анықтауыш | ∅                     | ∅  | ∅  |
| ∅                        | ∅   | ∅  | Билдәләу алма-<br>шы  | Безгә һәр көн<br>шылтырата.<br>Был хәбәр бөгә-<br>небөзгә кыуан-<br>дырзы                            | анықтауыш<br>толықтауыш                          |
| Белгісіз-дік<br>есімдігі | Әлдекімдер<br>келді. Біреуге<br>Келген кісі – әл-<br>дебіреу.<br>Бір түс көрдім.              | бастауыш<br>толықтауыш<br>баяндауыш<br>анықтауыш | Билдәһезлек<br>алмашы | Кемдер килде.<br>Кемгәлер<br>килгәндәр.<br>Килгән кеше<br>әллә кем ул.<br>Әллә ниндәй<br>төш күрзәм. | бастауыш<br>толықтауыш<br>баяндауыш<br>анықтауыш |
| Болымсыздық<br>есімдігі  | Ешкім білмейді.<br>Ешкімді біл-<br>меймін.  | бастауыш<br>толықтауыш                           | Юклық алма-<br>шы     | Бер кем белмәй.<br>Һис кемде<br>белмәйем.  | бастауыш<br>толықтауыш                           |
| Жалпылау<br>есімдігі     | Бүкіл халық жи-<br>налды.<br>Баршамыз<br>естідік. Мен<br>бәрін аламын.                        | анықтауыш<br>бастауыш<br>толықтауыш              | ∅                     | ∅  | ∅  |

|   |   |   |   |  |  |
|---|---|---|---|--|--|
| ∅ | ∅ | ∅ | ∅ | Уның сәйе<br>һыуынған.<br>Беҙең өй зур,<br>уныкы - зуры-<br>рак.<br>Был китап уны-<br>кы.<br>Һезең диктант-<br>ты тапманым,<br>уларзыкын<br>ғына таптым. | бастауыш<br>толықтауыш<br>баяндауыш<br>анықтауыш |
|---|---|---|---|--|--|

Кесте 24

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің септелуі

| ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ СЕПТЕЛУІ        |            | Же к е ш е - Б е р л е к |          |          |       |       |      |
|---------------------------------------|------------|--------------------------|----------|----------|-------|-------|------|
| ЗАТ АЛМАШТАРЫНЫҢ ҚИЛІШ МЕНӨН ҮЗГӨРЕШЕ |            | Қазақ тілінде            |          |          |       |       |      |
|                                       |            | Башқұрт тілінде          |          |          |       |       |      |
|                                       |            | Же к е ш е - Б е р л е к |          |          |       |       |      |
| Септіктер                             | Есімдіктер |                          | Алмаштар |          |       |       |      |
|                                       | Килештар   | Килештар                 | Килештар | Килештар |       |       |      |
| Атау                                  | мен        | сен<br>сіз               | ол       | Төп      | мин   | һин   | ул   |
| Ілік                                  | менің      | сенің<br>сіздің          | оның     | Әйәлек   | миңең | һинең | уның |
| Барыс                                 | маған      | саған<br>сізге           | оған     | Төбәу    | миңә  | һиңә  | уға  |
| Табыс                                 | мені       | сені<br>сізді            | оны      | Төшөм    | мине  | һине  | уны  |

|                |         |                        |          |                 |        |        |         |
|----------------|---------|------------------------|----------|-----------------|--------|--------|---------|
| Жатыс          | менде   | сенде<br>сізде         | ода/онда | Урын-ва-<br>кыт | миндә  | һиндә  | унда    |
| Шығыс          | менен   | сенен<br>сізден        | одан     | Сығанақ         | минән  | һинән  | унан    |
| Көмектес       | Менімен | сенімен<br>сізбен      | онымен   | Ø               | Ø      | Ø      | Ø       |
| Көпше - Күплек |         |                        |          |                 |        |        |         |
| Атау           | біз     | сендер<br>сіздер       | олар     | Төп             | бәз    | һеҙ    | улар    |
| Ілік           | біздің  | сендердің<br>сіздердің | олардың  | Әйәлек          | бәзәң  | һеҙәң  | уларзың |
| Барыс          | бізге   | сендерге<br>сіздерге   | оларға   | Төбәү           | бәзгә  | һеҙгә  | уларға  |
| Табыс          | бізді   | сендерді<br>сіздерді   | оларды   | Төшәм           | бәззе  | һеҙзе  | уларзы  |
| Жатыс          | бізде   | сендерде<br>сіздерде   | оларда   | Урын-ва-<br>кыт | бәззә  | һеҙзә  | уларза  |
| Шығыс          | бізден  | сендерден<br>сіздерден | олардан  | Сығанақ         | бәззән | һеҙзән | уларзан |
| Көмектес       | бізбен  | сендермен<br>сіздермен | олармен  | Ø               | Ø      | Ø      | Ø       |

Кесте 25

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сілтеу есімдіктерінің септелуі

| СІЛТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ СЕПТЕЛУІ             |   |                  |                                     |
|--|---|------------------|-------------------------------------|
| КҮРҢӘТЕУ АЛМАШТАРЫНЫҢ КІЛЕШ МЕНӘН ҮЗГӘРЕШЕ |   |                  |                                     |
| Қазақ тілінде                              |   | Башқұрт тілінде  |                                     |
| Жекеше – берлек                            |   |                  |                                     |
| Септіктер                                  | Есімдіктер  | Килештәр         | Алмаштар                            |
| Атау септік                                | бұл/мына/мынау<br>осы<br>сол<br>ана/анау                  | Төп килеш        | был<br>ошо<br>шул<br>теге           |
| Ілік септік                                | бұның/мұның<br>осының<br>соның<br>ананың                  | Эйәлек килеш     | бының<br>ошоноң<br>шуның<br>тегенең |
| Барыс септік                               | бұған/мынаған<br>осыған<br>соған<br>анаған                | Төбәү килеш      | быға<br>ошоға<br>шуға<br>тегегә     |
| Табыс септік                               | бұны/мұны/мынаны<br>осыны<br>соны<br>ананы                | Төшәм килеш      | быны<br>ошоно<br>шуны<br>тегене     |
| Жатыс септік                               | бұнда/мұнда/<br>мынада<br>осында<br>сонда<br>анда         | Урын-вакыт килеш | бында<br>ошонда<br>шунда<br>тегендә |
| Шығыс септік                               | бұдан/мұнан<br>осыдан<br>содан<br>анадан                  | Сығанак килеш    | бынан<br>ошонан<br>шунан<br>тегенән |
| Көмектес септік                            | бұнымен/мұнымен<br>мынамен<br>осымен<br>сонымен<br>анамен | ∅                | ∅                                   |

| <b>К ө п ш е – К ү п л е к</b> |   |                             |   |
|--------------------------------|---|-----------------------------|---|
| <b>Атау септік</b>             | бұлар/мыналар<br>осылар<br>солар<br>аналар                    | <b>Төп килеш</b>            | былар<br>ошолар<br>шулар<br>тегеләр             |
| <b>Ілік септік</b>             | бұлардың<br>осылардың<br>солардың<br>аналардың                | <b>Әйәлек килеш</b>         | быларзың<br>ошоларзың<br>шуларзың<br>тегеләрзең |
| <b>Барыс септік</b>            | бұларға<br>осыларға<br>соларға<br>аналарға                    | <b>Төбәү килеш</b>          | быларға<br>ошоларға<br>шуларға<br>тегеләргә     |
| <b>Табыс септік</b>            | бұларды<br>мыналарды<br>осыларды<br>соларды<br>аналарды       | <b>Төшөм килеш</b>          | быларзы<br>ошоларзы<br>шуларзы<br>тегеләрзе     |
| <b>Жатыс септік</b>            | бұларда/<br>мыналарда<br>осыларда<br>соларда<br>аналарда      | <b>Урын-вақыт<br/>килеш</b> | быларза<br>ошоларза<br>шуларза<br>тегеләрзә     |
| <b>Шығыс септік</b>            | бұлардан/<br>мыналардан<br>осылардан<br>солардан<br>аналардан | <b>Сығанак килеш</b>        | быларзан<br>ошоларзан<br>шуларзан<br>тегеләрзән |
| <b>Көмектес септік</b>         | бұлармен<br>мыналармен<br>осылармен<br>солармен<br>аналармен  | <b>ø</b>                    | <b>ø</b>  |

Кесте 26

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі белгісіздік есімдіктерінің септелуі

| БЕЛГІСІЗДІК ЕСІМДІГІНІҢ СЕПТЕЛУІ              |                        |                           |                 |                   |                    |
|---|------------------------|---------------------------|-----------------|-------------------|--------------------|
| БИЛДӘҢЕЗЛЕК АЛМАШТАРЫНЫҢ КИЛЕШ МЕНӘН ҮЗГӨРЕШЕ |                        |                           |                 |                   |                    |
| Қазақ тілі                                    |                        |                           | Башқұрт тілі    |                   |                    |
| Ж е к е ш е – Б е р л е к                     |                        |                           |                 |                   |                    |
| Септік-тер                                    | Есімдіктер             |                           | Ки-лештәр       | Алмаштар          |                    |
| Атау  | біреу<br>әлдекім       | бірдеңе<br>бірнәрсе       | Төп             | кемдер            | нимәлер            |
| Ілік  | біреудің<br>әлдекімнің | бірдеңенің<br>бірнәрсенің | Әйәлек          | кемдеңдер         | нимәнеңдер         |
| Барыс   | біреуге<br>әлдекімге   | бірдеңеге<br>бірнәрсеге   | Төбәу           | кемгәлер          | нимәгәлер          |
| Табыс   | біреуді<br>әлдекімді   | бірдеңені<br>бірнәрсені   | Төшөм           | кемделер          | нимәнелер          |
| Жатыс   | біреуде<br>әлдекімде   | бірдеңеде<br>бірнәрседе   | Урын-ва-<br>кыт | кемдәлер          | нимәләлер          |
| Шығыс   | біреуден<br>әлдекімнен | бірдеңеден<br>бірнәрседен | Сығанак         | кемдәндер         | нимәнәндер         |
| Көмек-тес                                     | біреумен<br>әлдекіммен | бірдеңе<br>бірнәрсе       | ø               | ø                 | ø                  |
| К ө п ш е – К ү п л е к                       |                        |                           |                 |                   |                    |
| Атау  | біреу<br>әлдекім       | бірдеңе<br>бірнәрсе       | Төп             | кемдәрзәр         | нимәлер            |
| Ілік  | біреу<br>әлдекім       | бірдеңе<br>бірнәрсе       | Әйәлек          | кемдәрзең-<br>дер | нимәләрзең-<br>дер |
| Барыс   | біреу<br>әлдекім       | бірдеңе<br>бірнәрсе       | Төбәу           | кемдәргә-<br>лер  | нимәләргә-<br>лер  |
| Табыс   | біреу<br>әлдекім       | бірдеңе<br>бірнәрсе       | Төшөм           | кемдәрзе-<br>лер  | нимәләрзе-<br>лер  |
| Жатыс   | біреу<br>әлдекім       | бірдеңе<br>бірнәрсе       | Урын-ва-<br>кыт | кемдәрзә-<br>лер  | нимәләрзә-<br>лер  |

|               |                  |                     |         |                   |                    |
|---------------|------------------|---------------------|---------|-------------------|--------------------|
| Шығыс         | біреу<br>әлдекім | бірдеңе<br>бірнәрсе | Сығанақ | кемдәрзән-<br>дер | нимәләрзән-<br>дер |
| Көмек-<br>тес | біреу<br>әлдекім | бірдеңе<br>бірнәрсе | ø       | ø                 | ø                  |

## §11. Сын есім

Сын есім – мазмұндық-семантикалық жағынан да, сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесімділігі тұрғысынан да өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Сөз таптары жүйесіндегі сын есімдер семантикалық сипаты бойынша белгілі бір заттың әр түрлі сапалық белгісін, сыр-сипатын, қасиетін, көлемін, ауқымын, түр-түсін және белгілі бір басқа затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатыстығын білдіріп, көбіне зат атауын анықтап тұрады. Сын есімдердің маңызды белгілері: заттың түр-түсін білдіреді; заттың көлемдік-ауқымдық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді; заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді; заттың дәмі, исі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді; затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді<sup>1</sup>. Морфологиялық табиғаты жағынан басқа есім сөздерге қарағанда сын есімдердің түрлену парадигмасы тым шағын. Шырай категориясы сын есімдердерді толық қамтитын түрлену жүйесі емес, сын есімдердің бір ғана тобына – сапалық сын есімдерге ғана тән, қатыстық сын есімдер шырай формасымен түрленбейді. Көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғаулары сын есімдердің субстантивтеніп, зат есімнің орнына жұмсалған тұлғаларына ғана жалғанады. Сөйлем құрамындағы сын есімдерге септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларының бірі жалғанатын болса, ол лексема сын есімдік сапасынан ажырайды.

Түркі тілдеріндегі сын есімдер жүйесі мән-мағынасы жағынан, субстантивтенуге бейімділігі жағынан зат есімдермен сабақтастықта болса, қызметі жағынан есімше категориясымен, кейде үстеу категорияларымен ұштасып жатады. Сын есімдердің

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.460.

кейбір түрлерінің есімшелермен немесе үстеулермен сабақтас-тығы сын-сапаны білдіретін лексемалық топтардың әрі сын есім, әрі зат есім, кейде есімше, кейде үстеу ретінде қалыптасуы тілдің интралингвистикалық даму үдерістеріне сай танымдық-логикалық негізде жүзеге асатын құбылыс. Мысалы, *ақ* – түр-түсті білдіретін сын есім, *ақ* – сүт тағамдарының жалпы атауын білдіретін зат есім; *көк* – түр-түсті білдіретін сын есім, *көк* – аспан әлемінің атауын білдіретін зат есім.

Түркі тілдері құрамындағы сын есімдер негізгі үш түрлі жолмен қалыптасады: есімдердің (зат есімдер де, қимыл есімдері де) контексте қолданылу барысында трансформацияланып, сын есімге айналады; дербес сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы күрделі сын есімдер туындайды; сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады.

Қыпшақ тобындағы қазақ және башқұрт тілдеріндегі сын есімдер морфологиялық құрамы жағынан негізгі түбір/тамыр, туынды/яһалма, күрделі/кушма болып бөлінеді.

1) Синхронды тұрғыдан бөлшектеуге келмейтін бір сөзден тұратын негізгі түбірлер/тамыр: *сұлу – матур, ақ – ак – белый, сары – һары, қара – кара, биік – бейек, ауыр – ауыр* т.б.

2) Туынды/яһалма сын есімдер/сифат сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады: *ақылды - ақыллы, тұзды – тозло, белгісіз - билдәһез, сүтсіз – һөтһөз, күншіл - көнсөл* т.б.

3) Күрделі/кушма сын есімдер ең кемі екі не одан көп сөздерден жасалып, біртұтас сындық мағына білдіреді. Күрделі сын есімдер қазақ тілінде үш түрлі жолмен жасалады: а) сөздердің бірігуі арқылы жасалған біріккен күрделі сын есімдер: *аққұба, қараторы, етжеңді, біртоға, көнетоз, қонақжай* т.б.; ә) сөздердің қосарлануы арқылы жасалған қос сөзді күрделі сын есімдер: *ақты-қаралы, қызылды-жасылды, ұзынды-қысқалы, ағал-жағал, кедір-бұдыр, биік-биік, ұсақ-түйек* т.б.; б) сөздердің тіркесуі арқылы жасалған тіркесті сын есімдер: *қоңыр салқын, көк долы, теңбіл көк, томаға тұйық* т.б.

Башқұрт тілінде күрделі сын есімдер үш топқа бөлінеді: а) әртүрлі сөздердің қосарлануы арқылы жасалған қосарлы сын



есімдер: *аклы-қаралы* `ақты-қаралы`, *эреле-ваклы* `ірілі-уақты` т.б.; ә) бір сөздің қайталануы арқылы жасалған қайталама сын есімдер: *матур-матур* `сұлу-сұлу`, *көслө-көслө* `күшті-күшті` т.б.; сөздердің тіркесуі арқылы жасалған тіркесті сын есімдер; *куйы һары* `қою сары`, *асык кызыл* `ашық қызыл`, *куйы кара* `қою қара` т.б.

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сын есімдер семантикалық жағынан екі топқа бөлінеді: сапалық/төп және қатыстық/шартлы болып бөлінеді. Сапалық сын есімдер семантикалық жағынан заттың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді: *үлкен бөлме* - *зур бұлма*, *жас кісі* - *йәш кеше*, *ақ гүл* - *ак сәскә*, *көк шөп* - *йәшел үлән*, *көк шөп* - *йәшел үлән* т.б. Сапалық сын есімдер шырай тұлғаларымен түрленеді. Қатыстық сын есімдер бір заттың белгісін басқа бір заттың, қимыл, іс-әрекеттің, сынның қатысы арқылы білдіреді:

Шырай категориясымен сын есімнің бәрі түрлене бермейді, яғни сын есімнің бір түрі – сапалық сын есімдер ғана шырай түрлерін жасай алады. Шырай категориясы затқа, құбылысқа байланысты біртектес, бірыңғайлас сынның, сапалық белгінің, түр-түстің т.б. сапалық сипаттың артық-кемін немесе тым артық, я тым кем екенін білдіретін белгілі бір қосымшалар үстелу немесе басқа тәсәлдердің жүйелі жолдары арқылы жасалатын сапалық сын есімнің парадигмалық түрі<sup>1</sup>. Қазақ тілінің академиялық грамматикасы бойынша қазіргі қазақ тілінде екі түрлі шырай формасы бар: салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай. Сапалық етістіктердің негізгі тұлғасына сәйкес келетін жай шырай және күшейтпелі шыраймен мәндес асырмалы шырай дербес шырай формасы ретінде қарастырылмайды. Башқұрт тілінде шырай категориясының төрт түрі көрсетіледі:

1) жай шырай/төп: *ақ* - *ак*, *қара* – *кара*, *жасыл* – *йәшел*, *қатты* – *каты* т.б.;

2) салыстырмалы/сағыштырыу: *қысқарақ* - *кыскарак*, *ұзынырақ* – *озонорак*; *жылырақ* – *йылырак* т.б.;

3) салыстырмалы/ артықлык: *қып-қызыл* - *кып кызыл*, *құп-құрғақ* - *коп-коро*, *ең ұзын* - *иң озон*, *өте сұлу* - *бик матур*, *үтә матур* т.б.;

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 464.

4) азайту шырайы/азһытыу: қызғылт - қызғылт қоңырқай - хорзолт, көкшілтім – күкһел, күкһелтем т.б.

Сындық белгіні білдіретін сөздердің сөйлеу үдерісінің қажеттілігіне байланысты заттық ұғымда қолданылуы, яғни субстантивтенуі жиі кездеседі. Бұл сын есімдердің көптік, септік, тәуелдік категорияларымен түрленуіне, бастауыш қызметінде жұмсалуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ зат есімдердің сын есімдерге ауысып адъективтенуі де түркі тілдеріне тән құбылыс, мысалы: кірпіш үй - кирбес йорт, алтын сағат - алтын сәғәт, спорт киімі - спорт кейеме т.б.

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сын есімдердің сөйлемдегі негізгі қызметі анықтауыш/анықлаусы: біз жаңа үйге көштік – без яңы өйгә күстек.

Сын есімдер сөйлемде баяндауыш/хәбәр: жаңа келген оқытушы өте жақсы – яңы килгән укытыусы бизерәк һәйбәт; біздің үй – жаңа – беззең өй яңы; бастауыш/ әйә: білімділер келді – белемлеләр килде; толықтауыш/тултырусы: ол білімдіні жақсы көреді – ул белемлене ярата; пысықтауыш/хәл: мен жақсы білемін - мин якишы беләм.

Кесте 27

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сын есімдер

| СЫН ЕСІМ- СИФАТ                                 |                                    |                          |                                    |
|---|------------------------------------|--------------------------|------------------------------------|
| Сын есімдердің құрылымы – Сифаттардың төз өлеше |                                    |                          |                                    |
| Қазақ тілінде                                   |                                    | Башқұрт тілінде          |                                    |
| Сын есімдердің құрылымдық түрлері               | Мысалдар                           | Сифаттардың төзөлеш төрө | Миҫалдар                           |
| Түбір (түбір-негіз)                             | ақ<br>сұлу<br>зор<br>сары<br>қатты | Тамыр                    | ак<br>матур<br>зур<br>һары<br>каты |

|  |  |   |   |
|--|--|---|---|
| Туынды   | ақыл+ды<br>білім+ді<br>тұз+ды<br>балық+ты(көл)<br>жылау+тық<br>ақы+лы<br>ғылым+и       | Яһалма                                      | ақыл+лы<br>белем+ле<br>тоз+ло<br>балық+лы<br>ил+ак<br>түләү+ле<br>фән+ни  |
| Күрделі  |  | Қушма                                       |   |
| Тіркесті күрделі сын есімдер                             | қою сары<br>күрең қызыл<br>қою қара<br>қою жасыл                                       | Теңеу юлы менән<br>яһалған сифаттар         | қуыи һары<br>сейә қызыл<br>қуыи қара<br>қара йәшел<br>алһуу зәңгәр<br>көкшіл-күлгін<br>иҫ киткес зур<br>'өте үлкен' |
| Біріккен күрделі сын есімдер                             | біртоға<br>қонақжай<br>балажан<br>етжеңді  |   |   |
| Қос сөзді күрделі сын есім                               | ақты-қаралы<br>дәмді-тәтті<br>келген-кеткен<br>ата-аналы<br>әдемі-әдемі<br>күшті-күшті | Қабатлау юлы<br>менән яһалған си-<br>фаттар | ақлы-қаралы<br>тәмле-татлы<br>килгән-киткән<br>ата-әсәле  |
|  |  | Парлы сифаттар                              | матур-матур<br>көслә-көслә  |
| Сын есімдердің мағыналық топтары –<br>Сифат төркөмсәләре |  |   |   |
| Қазақ тілінде  |  | Башқұрт тілінде                             |   |
| Сын есім түрлері   | Мысалдар   | Сифат төркөмсәләре                          | Миҫалдар  |
| Сапалық сын есімдер                                      | ақ гүл<br>қызыл<br>жаулық<br>әдемі<br>көше<br>күшті<br>жігіт<br>ыстық су               | Төп сифаттар                                | ақ сәскә<br>қызыл яулық<br>һәйбәт кеше<br>көслә егет<br>әсе һуу   |
| Қатыстық сын есімдер                                     | жазғы<br>киім<br>қысқы күн<br>үйдегі<br>кісілер  | Шартлы сифаттар                             | йәйге кейем<br>қышқы көн<br>өйзәге кешеләр  |

| Сын есімнің шырайлары – Сифат дәрежеләре |   |                            |   |
|--|---|----------------------------|---|
| Қазақ тілінде                            |   | Башқұрт тілінде            |   |
| Шырай түрлері                            | Мысалдар  | Сифат дәрежеләре           | Миҫалдар  |
| <b>Жай шырай</b>                         | ақ жаулық<br>сұлу қыз<br>жаңа ай<br>ашық күн                                    | <b>Төп дәрежә</b>          | ак яулык<br>матур кыз<br>яңы ай<br>аяз көн                    |
| <b>Салыстырмалы шырай</b>                | менен күштірек<br>алма дәмдірек<br>күн жылырақ<br>қызғылт<br>сарғыш<br>қоңырқай | <b>Сағыштырыу дәрежәһе</b> | минән көсләрәк<br>алма тәмлерәк<br>көн йылырақ<br>-<br>-<br>- |
| <b>Күшейтпелі шырай</b>                  | аппақ мата<br>жеп-жеңіл жұмыс<br>өте таныс кісі<br>ең ұзын өзен                 | <b>Артыклық дәрежәһе</b>   | ап-ак тауар<br>еп-еңел эш<br>бик тыныс кеше<br>иң озон йыға   |
| ∅  | ∅   | <b>Азһытыу дәрежәһе</b>    | кызғылт<br>йәшкелт<br>алһыу                                   |
| Қолданысы – Қулланылышы                  |   |                            |   |
| Қазақ тілінде                            |   | Башқұрт тілінде            |   |
| Сөйлем мүшесі                            | Мысалдар  | Һөйләм киҫәктәре           | Миҫалдар  |
| <b>Анықтауыш</b>                         | Жақсы адамдар көп   | <b>Аныклаусы</b>           | Һәйбәт кеше күп.  |
| <b>Баяндауыш</b>                         | Балалар бәрінен жақсы   | <b>Хәбәр</b>               | Балалар бигерәк <b>матур.</b>                                 |
| <b>Пысықтауыш</b>                        | Мен жақсы білемін   | ∅                          | ∅   |
| <b>Бастауыш</b>                          | Сабырлы шыдар, сабырсыз жылар.  | <b>Эйә</b>                 | Сабыр сызар, сабырһыз илар.                                   |
| <b>Толықтауыш</b>                        | Мен жасылын аламын  | <b>Тултырусы</b>           | Мин йәшелен алам.   |

Кесте 28

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сын есімнің шырай формаларының жасалуы

| СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ - СИФАТ ДӘРӘЖӘЛӘРЕ   |   |   |   |
|--|---|---|---|
| Қазақ тілінде  |   | Башқұрт тілінде   |   |
| Жасалуы  | Мағынасы  | Мысалдар  | Мисалдар  |
| Жайшырай - Төпдәрәжә   |   |   |   |
| Сапалық сын есімнің негізгі тұлғасы  | Загтың әр алуан сипатын, сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді                                    | ақ гүл<br>қара жіп<br>жасыл жапырақ   | Сапалық сын есімнің негізгі тұлғасы   |
|  |   | Загтың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін басқа загтың қағысынсыз білдіреді   | ак сәскә кара еп йәшел япрак  |
| Салыстырмалы шырай – Сағыштырыу дәрежәһе   |   |   |   |
| -рақ/-рек,<br>-ырық/-ірек;<br>-лау/-леу,<br>-лау/-деу,<br>-тау/-теу;<br>-ғыл/-гіл,<br>-ғылт/-қылт,<br>-ғылым/<br>-қылым;<br>-шыл/-шіл,<br>-шылым/<br>-шілім;<br>-ғыш, -ілір;<br>-аң,-қай;<br>-ша/-ше | Біртектес загтардың түрлі белгілерін, сынын, сипатын салыстырып, бір-бірінен артық-кемін білдіреді. | қысқарақ<br>ұзынырақ<br>жылырақ<br>күштірек<br>дәмдірек<br>жалпақтау<br>жіңішкеуеу<br>бозғылт<br>көкшілім<br>ақшыл<br>көгілдір<br>сарғыш<br>қоңырқай<br>дөңгелекше<br>сопақша | қысқарақ<br>озонорақ<br>йылырақ<br>көслөрәк<br>тәмлерәк   |
|  |   | Біртектес загтардың түрлі белгілерін, сынын, сипатын салыстырып, бір-бірінен артық-кемін білдіреді.   | Біртектес загтардың түрлі белгілерін, сынын, сипатын салыстырып, бір-бірінен артық-кемін білдіреді. |
|  |   | -рақ/-рәк<br>-ырақ/-<br>ерәк<br>-орақ/-<br>ерәк<br>қосым-<br>шалары<br>жалғану<br>арқылы<br>жасалады  |   |

| Күшейтпелі шырай - Артықлық дәреже   |   |  |  |   |  |
|--|---|--|--|---|--|
| Негізгі сын есімнің бірінші буынына п дыбысы қосылу арқылы жасалған күшейтпелі буынның сол сын есімнің алдынан қосарлануы арқылы жасалады; | Негізгі сын есімнің бірінші буынына п, м дыбыстары қосылу арқылы жасалған күшейтпелі буынның сол сын есімнің алдынан қосарлануы арқылы жасалады;      | Негізгі сын есімнің бірінші буынына п, м дыбыстары қосылу арқылы жасалған күшейтпелі буынның сол сын есімнің алдынан қосарлануы арқылы жасалады; | Күшейтпелі мәнді сөздер: бик, бигерек, үтө, ин, ғәйәт, уғата, ифрат, ғәжәл, шыр, шақтай, шау, байтак, тома, дөм арқылы жасалады; | Сапалық сын есімдердің қайталануы арқылы жасалады. Қайталама күшейткіш сын есімдерден кейінгі зат есімдер көптік тұлғасында болады. | матур-матур<br>қыздар<br>сұлу-сұлу қыздар<br>бейек-бейек<br>йорттар<br>биік-биік үйлер<br>зур-зур таштар<br>үлкен-үлкен тастар |
|  |   |  | Біртектес заттардың сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетеді.   |   |  |
|  | күп-құрғақ<br>қап-қара<br>жап-жасыл<br>тап-тақыр<br>аппақ<br>жел-жеңіл<br>сап-сары<br>қып-қызыл<br>қоп-қоңыр<br>жап-жақсы<br>жап-жаман<br>кіп-кішкене | өте әдемі<br>аса үлкен<br>ең ұзын<br>тым алыс<br>өте қараңғы<br>тіпті жат<br>(жер)<br>өте ыстық<br>ең күшті                                      |  |   |  |
|  | Заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетеді.  |  |  |   |  |
| Негізгі сын есімнің бірінші буынына п дыбысы қосылу арқылы жасалған күшейтпелі буынның сол сын есімнің алдынан қосарлануы арқылы жасалады; |   |  | Күшейтпелі үстеулер: өте, аса, тым, ең, тіпті арқылы жасалады.   |   |  |
|  |   |  |  |   |  |

| Азһытыу дәрәжәһе |   |   |   |
|------------------|---|---|---|
|                  |   | -ғылт/-гелт,<br>-ғолт/-гелт,<br>-кылт/-келт,<br>-кылтым/<br>-келтем,<br>-көлтөм,<br>-ғылтым/<br>-гелтем,<br>-ғолтом/<br>-гөлтөм,<br>-ғускыла, -һыл/<br>-һел, -һыу,<br>-әйем,<br>-һылтым/<br>-һелтем, -мыс,<br>-са/-сә қосымшалары ар-<br>қылы жасалады. | Загтың сапалық, сындық, түр-түстік белгілері дәрежесінің бастапқы белгіден төмендігін, солғындығын білдіреді  |
| ø                | ø |   | кызылғлт, қызғылт, қорғолт, қоңырқай, йәшкелт, жасылдау, йәшкелтем, жасылтым, ақһыл, ақшыл, қараһыу, қаралау, қарағускыла, қара, қошқыл, күкһел, күкһелтем, күкһилтім |

Кесте 29

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сын есімнің сөзжасам жұрнақтары

| СЫН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҰРНАҚТАРЫ<br>СИФАТ ЯҢАҒАН ЯЛҒАУЗАР |  |   |   |
|--|--|---|---|
| Қазақ тілінде  |  | Башқұрт тілінде   |   |
| Жұрнақтар  | Мысалдар   | Ялғаузар  | Миқалдар  |
| -к/-к,<br>-ык/-ік,<br>-ак/-ек                            | үркек ат<br>үзік жіп<br>ашық есік<br>бұзық бала                          | -к/-к,<br>-ык/-ек<br>-ок/-өк<br>-ак/-эк                       | өркәк ат<br>өзөк еп<br>илак бала<br>`жылауық бала`          |
| -лы/-лі,<br>-ды/-ді<br>-ты/-ті                           | күшті жігіт<br>тұзды қияр<br>балықты көл                                 | -лы/-ле<br>-ло/-лә  | көслө егет<br>тозло қыяр<br>балыклы күл                     |
| -сыз/-сіз  | тұзсыз ас<br>сусыз жер<br>көңілсіз кісі                                  | -һыз/-һез<br>-һоз/-һөз  | тозһоз аш<br>һууһыз ер<br>күңелһез кеше                     |
| -ғыр/-гір,<br>-қыр/-кір                                  | тапқыр бала<br>өткір пышақ<br>үшкір тас                                  | -ғыр/-гер<br>-қыр/-кер<br>-ғор/-гөр<br>-кор/-көр              | тапқыр бала<br>үткер бысак<br>откор малай<br>һизгер әсә     |
| -шыл/-шіл  | күншіл әйел<br>кекшіл кісі<br>ойшыл адам                                 | -сыл/-сел<br>-сөл   | көнсөл катын<br>кунаксыл хужа                               |
| -қы/-кі<br>-ғы/-гі                                       | қысқы киім<br>күзгі күн<br>үйдегі кісілер                                | -қы/-ке<br>-кө, -гө;<br>-ғы/-ге<br>-ғо/-гө                    | қышқы кейем<br>көзгө көн                                    |
| -ғыш/-гіш<br>-қыш/-кіш<br>-геш                           | айтқыш адам<br>білгіш бала<br>көргіш кісі<br>сөйлегіш қыз<br>күлегеш қыз | -ғыс/-гес<br>-ғос/-гөс<br>-кыс/-кес<br>-кыс/-кес<br>-кос/-көс | башланғыс<br>мәктәп<br>`бастауыш<br>мектеп`<br>ялкыткыс көй |
| -шаң/-шең  | сөзшең адам<br>байшаң қыз  | -сан/-сән   | әшсән егет<br>`еңбекқор жігіт`<br>талапсан<br>уқытыусы      |
| -лық/-лік<br>-дық/-дік<br>-тық/-тік                      | айлық отын   | -лық/-лек<br>-лок/-лөк  | айлық утын<br>күлдәклек тауар                               |



|                               |   |  |   |
|-------------------------------|---|--|---|
| -дай/-дей<br>-тай/-тей        | алтындай бала<br>таудай талап<br>бармақтай бақ<br>темірдей тәртіп | -тай/-тәй<br>-дай/-дәй<br>-зай/-зәй<br>-лай/-ләй | алтындай бала<br>таузай талап<br>бармақтай бәхет<br>тимерзәй тәртип |
| -ма/-ме<br>-ба/-бе<br>-па/-пе | қайырма жаға<br>қызба жігіт<br>аспа шам                           | -ма/-мә  | ақма шәм<br>тағылма арба  |
| -м/-ым/-ем                    | айырым жол<br>көркем қыз  | -м/-ым   | айырым өй<br>'жеке үй'<br>сызам кеше                                |

## §12 Сан есім

Заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сан есімдер өзіндік лексика-семантикалық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бар дербес сөз табын құрайды. Сан есімнің басқа сөз табынан айырмашылығы – зат есіммен тіркесіп, заттық ұғымның сандық сипатын анықтайды; зат есімсіз қолданылып сандық атауды білдіреді; етістіктермен тіркесіп, іс-әрекет пен қимылдың сандық сапасын сипаттайды; сан есімдер басқа сөз таптарынан жасалмайды; күрделі сан есімдер жасайтын дара сан есімдердің көлемі (саны) айқын болады. Сандық мағынаны білдіретін сөздер қай тілдің болмасын тұрақты қоры болып табылады, біртұтас құбылыс ретінде танылатын бір белгі – есептік сан есімдер. Бұл жүйенің басқа тілдерден ауысу жолымен қалыптасуы – тілдер тарихында аса сирек ұшырайтын құбылыс, сондықтан есептік сандарды білдіретін сөздердің төркіндес болып келуі тілдердің өзара жақындығының, генетикалық туыстығының дәлелі болып табылады.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан, мыңдаған жылдық тарихы бар ауыз әдебиеті үлгілерінде – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде, ертегілер мен аңыз-афсаналарда, тұрмыстық жырлар мен дастандарда сандық ұғымды білдіретін лексемалардың жиі қолданылуы, олардың әрқайсысына тән сакралды мән жүктелуі түркі халықтарының сандық жүйені терең меңгер-

генін, соған сәйкес сан, санақ жайлы ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктердің де тым ерте кезден қалыптасқанын көрсетеді. Мұның басты дәлелі ретінде мың, түмен сынды көп санды білдіретін лексемалар түркілердің төл сөздерінің құрамында болуын айтуға болады. Әдетте әлем халықтары тіліндегі бірлік, ондық, жүздіктерден кейінгі дөңгелек сандардың көпшілігі кірме элементтер негізінде қалыптасады. Түркі тілдері сандық жүйесі тарихында күрделі сан есімдерге байланысты екі түрлі санау дәстүрі бар: санақ жеткен ондыққа бірлікті қосып қолдану (қірқ екі `42`) және санақ бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану (екі елік `42`). Қазақ және башқұрт тілдерінде бірінші жүйе қолданылады.

Сан есімдер құрылымына қарай дара және күрделі болып келеді, семантикалық ерекшеліктеріне байланысты бірнеше мағыналық топтардан тұрады. Сын есімдердің біразы жіктік, тәуелдік, септік категориясының көрсеткіштерімен түрленеді. Қыпшақ тобындағы қазақ және башқұрт тілдерінде сан есімдер алты мағыналық топқа жіктеледі:

1) **Есептік сан есімдер/төп һан:** 1 – *бір/бер*, 2 – *екі/ике*, 3 – *үш/өс*, 1 000 – *мың/мең*, 1 000 000 – *миллион/ миллион*;

2) **Реттік сан есімдер/рәт һаны:** 1-ші – *бірінші/ 1-се* – беренсе, 2-ші – *екінші/ 2-се* – икенсе, 100-ші – *жүзінші/100-сө* – йөзөнсө;

3) **Жинақтық сан есімдері/йыйыу һаны:** *біреу/берәу, екеу/икәу, үшеу/өсәу, төртеу/дүртәу, бесеу/бишәу, алтау/алтау, жетеу/етәу*. Қазақ тілінде жинақтық сан есімдері бір мен жеті аралығындағы сандарды қамтиды, башқұрт тілінде бір мен жеті аралығындағы сандармен қатар он санының да жинақтау тұлғасы бар: *унау*. Жинақтық сан есімдер негізінен етістіктермен, сын есімдермен тіркеседі: *бесеуіміз бардық / бишәу барзык, бесеуі жақсы / бишәу якшы*;

4) **Топтық сан есімдері/бүлем һаны:** *бірден/берәр, екіден/икешәр, бестен/бишәр, алтыдан/алтышар, оннан/унар, он бірден/ун берәр, отыздан/утызар, қырқтан/қырқар, елуден/ иллешәр, жүзден/йөзәр, мыңнан/меңәр*. Қазақ және башқұрт тіліндегі сан есімдердің айырмашылығы топтау мәнді сан есімдердің жасалу жо-

лынан көрінеді, башқұрт тілінде топтау мәнді көне аффикс *-ар/-әр, -шар/-шәр* сақталған. Қазақ тілінде *-ер* қосымшасы болжалдық мән беретін өнімсіз формант ретінде бірер сөзінде ғана қолданылады. Башқұрт тіліндегі топтық сан есімдеріне жататын күрделі жүздіктер мен мыңдықтар құрамындағы топтау мәнді жұрнақтар алдыңғы санға жалғанады, қазақ тілінде соңғы санға жалғанады: *екі жүзден/икешәр йөз, тоғыз мыңнан/туғызар мең*. Топтық сан есімдерінің қайталануы арқылы да күрделі топтық сандар жасалады: *екіден-екіден(екі-екіден)/икешәр-икешәр; үш-үштен (үштен-үштен)/өсәр-өсәр, он-оннан (оннан-оннан)/ унар-унар* т.б.;

5) **Болжалдық сан есім дері/сама һаны:** *ондаған/унлаған, онға жуық/ ун тирәһе, он шамасы/ун самаһы, он бестей/ун биш тирәһе;*

6) **Бөлшектік сан есімдері/ кәсер һаны:** *екіден бір/икенән бер, оннан бес/ундан биш, екі бүтін жетіден екі/ике бөтөн етенән ике, он бүтін бестен бір/ун бөтөн биштән бер* т.б. Бөлшектік сан есімдер *жарты/ярты, жартысы/яртыһы, жарым/ярым, ширек/сирек* сөздері арқылы да жасалады: *жарты жыл/ярты йыл, жарты метр/ярты метр, нанның жартысын ал/икмәктең яртыһын ал, екі метр жарым/ике метр ярым, бір жарым/бер ярым, ширек ет/ сирек ит.*

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі **дара/ябай** сандарға бір сөзден тұратын 1-ден 10-ға дейінгі бірлік сандар: *бір/бер, екі/ике, үш/өс, төрт/дүрт, бес/биш, алты/алты, жеті/ете, сегіз/һигез, тоғыз/туғыз, он/ун;* ондық сандар - 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100, 1000: *он/ун, жиырма/егерме, отыз/утыз, қырқ/қырқ, елу/илле, алпыс/алтмыш, жетпіс/етмеш, сексен/һикһән, тоқсан/туқһан;* жүз/йөз, мың/мең жатады. Қазақ-башқұрт тілдерінде мыңнан жоғары дара сандарды атауда халықаралық математикалық терминдер қолданылады: *миллион, миллиард* т.б. Сондай-ақ ауыз әдебиеті үлгілерінде көнетүркілік *түмен/тәмән* лексемасы (10000) сақталған.

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі **күрделі / кушма** сандар екі не одан да көп дара сан есімдерден жасалады: *он бір/ун бер, он екі/ун ике, жиырма бір/егерме бер, жетпіс бір/етмеш бер, төрт жүз он/дүрт йөз ун, бір мың тоғыз жүз қырқ алты/бер мең туғыз йөз қырқ алты, үш мың бір жүз жиырма бес,/өс мең бер йөз егерме биш, қырқ бес мың алты жүз отыз жеті/ қырқ биш мең алты йөз утыз ете* т.б.

Сан есімдер заттың құбылыстың сандық белгілерін білдіретіндіктен сөйлемде анықтауыш / анықлаусы қызметінде жиі қолданылады, сан есімдермен тіркескен зат есімдер көптік категориясының көрсеткіштерін қабылдамайды: *бес кісі/ биш кеше, жиырма екі оқушы/ егерме ике укыусы, он төртінші трамвай/ ун дүртенсе трамвай. Бүгін аптаның бірінші күні/ Бөгөн азнаның беренсе көнө.*

Сан есімдер сөйлемде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш қызметінде де қолданылады. **Бастауыш/Эйә:** *Кітаптарды орнына қой/Кітаптарзы урынына һал. Екеуі (кітаптардың) едеңде жатыр/Икәүһе изәндә ята. Ең бірінші болып бізді екеуі құттықтады/ Иң беренсе булып беззе икәү котланы. Ең біріншісі – менің әкем/ Иң беренсеһе – миңең атайым. Баяндауыш/ Хәбәр: Екі жердегі екі – төрт/ Ике икең – дүрт. Толықтауыш/ Тултырыусы: Оңды екіге бөл/ Уңды икегә бұл.*

Қазақ-башқұрт тілдерінде уақытты көрсету барысында (сағат тіліне қатысты) қолданылатын сөйлемдердің өзіндік ерекшеліктері бар: *сағат бірден он бес минут кетті(бір он бес болды) – сәғәт беренсе ун биш минут, сағат бір жарым – сәғәт беренсе ярты, сағат бес минутсыз екі болды – сәғәт биш минуттан ике була.*

### Кесте 30

#### Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сан есімдер

| САН ЕСІМДЕР - ҺАН                            |               |                 |                                 |               |                 |
|--|---------------|-----------------|---------------------------------|---------------|-----------------|
| Сан есімдердің құрылымы - һандардың төзөлеше |               |                 |                                 |               |                 |
| Дара сан есімдер – Ябай һан                  |               |                 | Күрделі сан есімдер - Кушма һан |               |                 |
| Сан/ һан                                     | Қазақ тілінде | Башқұрт тілінде | Сан/ һан                        | Қазақ тілінде | Башқұрт тілінде |
| 1  | Бір           | бер             | 11                              | он бір        | ун бер          |
| 2  | Екі           | ике             | 12                              | он екі        | ун ике          |
| 3  | Үш            | өс              | 13                              | он үш         | ун өс           |
| 4  | Төрт          | дүрт            | 14                              | он төрт       | ун дүрт         |
| 5  | Бес           | биш             | 15                              | он бес        | ун биш          |
| 6  | Алты          | алты            | 16                              | он алты       | ун алты         |
| 7  | Жеті          | ете             | 17                              | он жеті       | ун ете          |
| 8  | Сегіз         | һигез           | 18                              | он сегіз      | ун һигез        |
| 9  | Тоғыз         | туғыз           | 19                              | он тоғыз      | ун туғыз        |

|       |        |        |      |                           |                           |
|-------|--------|--------|------|---------------------------|---------------------------|
| 10    | Он     | ун     | 21   | жиырма бір                | егерме бер                |
| 20    | жиырма | егерме | 22   | жиырма екі                | егерме ике                |
| 30    | Отыз   | утыз   | 23   | жиырма үш                 | егерме өс                 |
| 40    | Қырық  | қырк   | 24   | жиырма төрт               | егерме дүрт               |
| 50    | Елу    | илле   | 25   | жиырма бес                | егерме биш                |
| 60    | Алпыс  | алтмыш | 26   | жиырма алты               | егерме алты               |
| 70    | Жетпіс | етмеш  | 27   | жиырма жеті               | егерме ете                |
| 80    | Сексен | һикһән | 28   | жиырма сегіз              | егерме һигез              |
| 90    | Тоқсан | тукһан | 29   | жиырма тоғыз              | егерме туғыз              |
| 100   | Жүз    | йөз    | 112  | жүз он екі                | йөз (зә) ун ике           |
| 1000  | Мың    | мең    | 2017 | екі мың он жеті           | ике мең ун ете            |
| 10000 | Түмен  | ун мең | 3125 | үш мың бір жүз жиырма бес | өс мең бер йөз егерме биш |

**Сан есімнің мағыналық топтары – һан төркөмсәләре**

Қазақ тілінде

Башқұрт тілінде

**I Есептік сандар - Төп һан**

|      |                               |      |                              |
|------|-------------------------------|------|------------------------------|
| 1    | Бір                           | 1    | бер                          |
| 2    | екі...                        | 2    | ике...                       |
| 18   | он сегіз                      | 18   | ун һигез                     |
| 19   | он тоғыз...                   | 19   | ун туғыз...                  |
| 25   | жиырма бес                    | 25   | егерме биш                   |
| 26   | жиырма алты...                | 26   | егерме алты...               |
| 30   | Отыз                          | 30   | утыз                         |
| 31   | отыз бір...                   | 31   | утыз бер...                  |
| 3725 | үш мың жеті жүз жиырма бес... | 3725 | өс мең ете йөз егерме биш... |

**II Реттік сандар - Тәртип һан**

| Қазақ тілінде | Башқұрт тілінде | Қазақ тілінде | Башқұрт тілінде |
|---------------|-----------------|---------------|-----------------|
| бірінші       | беренсе         | жиырмасыншы   | егерменсе       |
| екінші        | икенсе          | отызыншы      | утызынсы        |
| үшінші        | өсөнсө          | қырқыншы      | қырқынсы        |
| төртінші      | дүртенсе        | елуінші       | илленсе         |
| бесінші       | бишенсе         | алпысыншы     | алтмышынсы      |
| алтыншы       | алтынсы         | жетпісінші    | етмешенсе       |
| жетінші       | етенсе          | сексенінші    | һикһәненсе      |
| сегізінші     | һигезенсе       | тоқсаныншы    | тукһанынсы      |
| тоғызыншы     | туғызынсы       | жүзінші       | йөзәнсө         |
| оныншы        | унынсы          | мыңыншы       | меңенсе         |

**III Топтық сандар - Бүлем һаны**

| Қазақ тілінде | Башқұрт тілінде | Қазақ тілінде | Башқұрт тілінде |
|---------------|-----------------|---------------|-----------------|
|---------------|-----------------|---------------|-----------------|

|   |  |   |   |
|---|--|---|---|
| бірден<br>екіден<br>үштен   | берәр<br>икешәр<br>өсәр  | төрттен<br>бестен<br>алтыдан  | дүртәр<br>бишәр<br>алтышар                    |
| <b>IV Жинақтық сандар - Йыйыу һаны</b>  |  |   |   |
| <b>Қазақ тілінде</b>  | <b>Башқұрт тілінде</b>   | <b>Қазақ тілінде</b>  | <b>Башқұрт тілінде</b>                        |
| біреу<br>екеу<br>үшеу<br>төртеу   | берәу<br>икәү<br>өсәү<br>дүртәү  | бесеу<br>алтау<br>жетеу   | бишәу<br>алтау<br>етәу<br>унау                |
| <b>V Болжалдық сандар - Сама һаны</b>   |  |   |   |
| <b>Қазақ тілінде</b>  | <b>Башқұрт тілінде</b>   | <b>Қазақ тілінде</b>  | <b>Башқұрт тілінде</b>                        |
| ондаған<br>ондап<br>онға жуық<br>он бестей<br>он бес шақты<br>он бес шама-<br>сында | унлаған<br>унлап<br>ун тирәһе<br>ун бишләгән<br>ун бишләп<br>ун биш тирәһе | алпыстаған<br>алпыстай<br>алпыстан аса<br>алпысқа жуық<br>алпыс шамалы<br>алпыс шақты | алтмышлаған<br>алтмышлап,<br>алтмыш<br>тирәһе |
| <b>VI Бөлшектік сандар - Кәсер һаны</b>   |  |   |   |
| <b>Қазақ тілінде</b>  |  | <b>Башқұрт тілінде</b>  |   |
| оннан бес<br>екі бүтін жетіден екі  |  | ундан биш<br>ике бөтөн етенән ике   |   |
| <b>Қолданысы - Қулланылышы</b>  |  |   |   |
| <b>Қазақ тілінде</b>  |  | <b>Башқұрт тілінде</b>  |   |
| <b>Сөйлем мүшесі</b>  | <b>Мысал</b>   | <b>Һөйләм қисқәктәре</b>  | <b>Миҫал</b>                                  |
| Бастауыш  | Он бес екіге теңдей<br>бөлінбейді.   | Әйә   | Ун биш<br>икегә теүәл<br>бүленмәй.            |
| Баяндауыш   | Екі жердегі екі –<br>төрт.   | Хәбәр   | Ике икең<br>дүрт.                             |
| Толықтауыш  | Онды екіге бөл.  | Тултырыусы  | Унды икегә<br>бүл.                            |
| Анықтауыш   | Бүгін аптаның <b>бірін-<br/>ші</b> күні.                                   | Аныклаусы   | Бөгөн азнаның<br>беренсе көнө.                |

Кесте 31

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сан есімнің мағыналық топтарының жасалуы

| САН МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСАЛУЫ<br>ҒАН ТӨРКӨМСӨЛӨРЕ ҺӘМ УЛАРЗЫҢ ЯҒАЛЫШЫ |  |                                   |   |                                 |  |   |   |
|--|--|-----------------------------------|---|---------------------------------|--|---|---|
| Қазақ тілінде  |  |                                   | Башқұрт тілінде   |                                 |  |   |   |
| Сан есімдердің түрлері және сұрақтары  | Мағынасы                                     | Жасалуы                           | Мысал   | Ған төр-көмсөлөре һәм Һораузары | Мәғәнә-Һе                                    | Яғалышы   | Миҫал   |
| Есептік<br>Қанша?<br>Неше?   | Зат пен құбылыстың нақты санын білдіреді     | -                                 | бір<br>үш<br>жүз бір<br>екі жүз<br>қырқ бес                       | Төп<br>Нисә?<br>Күпме?          | Зат пен құбылыстың нақты санын білдіреді     | -   | бер<br>өс<br>йөз зә бер<br>ике йөз<br>қырқ биш                    |
| Реттік<br>Қаншасыншы?<br>Нешесінші?<br>Нешінші?                                    | Зат пен құбылыс, әрекеттің ретін білдіреді   | -ншы/<br>-нші<br>-ыншы/<br>-інші  | алтыншы<br>екінші<br>үшінші<br>тоғызыншы<br>жүз екінші<br>жүзінші | Рәт<br>Нисәнсе?                 | Зат пен құбылыстың, ретін білдіреді          | -нсы/<br>-нсе<br>-ынсы/<br>-енсе<br>-өнсө       | алтынсы<br>икенсе<br>өсөнсө<br>туғызынсы<br>йөз икенсе<br>йөзөнсө |
| Жинақтық<br>Қанша?<br>Неше?<br>Нешей?  | Заттың жинақталған сандық мөлшерін білдіреді | -ау/-еу<br>(1-7 сандарын қамтиды) | екеу<br>үшеу<br>бесеу<br>алтау<br>етеу<br>ө                       | Йыйыу<br>Күпме?<br>Нисәу?       | Заттың жинақталған сандық мөлшерін білдіреді | -ау/-әу<br>(1-7 сандарын және 10 санын қамтиды) | икәу<br>өсәу<br>бишәу<br>алтау<br>етеу<br>унау                    |

|   |  |  |  |  |   |  |  |
|---|--|--|--|--|---|--|--|
| <p><b>Топтық</b><br/>Қаншадан?<br/>Нешеден?</p> | <p>Бірдей заттардың санын топтап көрсетеді</p> | <p>-нан/<br/>-нен<br/>-дан/<br/>-ден<br/>-тан/-тен</p> <p>Синтетикалық тәсіл:<br/>-лаған/<br/>-леген,<br/>-даған/<br/>-деген,<br/>-таған/<br/>-теген;<br/>-дай/<br/>-дей,<br/>-тай/<br/>-тей;<br/>-лап/<br/>-леп,<br/>-дап/<br/>-деп,<br/>-тап/<br/>-теп; -ер.<br/>Аналітикалық тәсіл: сан есімдердің қосарлануы арқылы; шақты, шама-лы, жуық, қаралы, астам, тарта, таяу сөздері арқылы</p> | <p>бестен<br/>алтыдан<br/>жүзден<br/>оннан<br/>үштен-төрттен</p> | <p><b>Бүлем</b><br/>Нисәшәр?<br/>Күп-<br/>мешәр?</p> | <p>Бірдей заттың санын топтап көрсетеді</p> | <p>-ар/-әр<br/>-шар/<br/>-шәр</p> <p>Синтетикалық тәсіл:<br/>-лап/<br/>-лөп;<br/>-лаған/<br/>-лөгән;<br/>-дарса/<br/>-дәрсә,<br/>-зарса/<br/>-зәрсә;</p> <p>Аналітикалық тәсіл: сан есімдердің қосарлануы арқылы; ашыу самаһы тиклем тирәһе сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады.</p> | <p>бишәр<br/>алтышар<br/>йөзәр<br/>унар<br/>өсәр-дүртәр</p> <p>унлап/ унлаған<br/>меңдәрсә<br/>йөззәрсә<br/>алтмышлаған/<br/>ған/<br/>алтмышлап ун тирәһе ун<br/>бишләгән/<br/>ун бишләп етмешләп/<br/>етмешләгән<br/>алтмыш тирәһе ун тирәһе /ун самаһы ун биш тирәһе</p> |
|---|--|--|--|--|---|--|--|



|  |  |  |   |                                |                                      |   |   |
|--|--|--|---|--------------------------------|--------------------------------------|---|---|
| <p><b>Бөлшектік</b><br/>Қанша?<br/>Неше?</p> | <p>Зат пен құбылыстың бөлшектік санын, үлесін білдіреді.</p> | <p>Бөлімі бірінші орында шығыс септігінде, алым екінші орын-да атау септігінде; жарым, жарты, ширек сөздері арқылы жасалады.</p> | <p>екіден бір,<br/>он бүтін бестен бір,<br/>оннан бес,<br/>екі бүтін жетіден екі,<br/>жетіден бір,<br/>тоғыз бүтін бестен үш,<br/>оннан жеті,<br/>сегіз бүтін жетіден бір</p> | <p><b>Кәсер</b><br/>Күлме?</p> | <p>Бүтін емес сандарды білдіреді</p> | <p>Бөлімі бірінші орында шығыс (сығанак) септігінде, алым екінші орында атау(төп) септігінде тұрады; жарым, ярты, ширек сөздері арқылы жасалады</p> | <p>икенән бер,<br/>ун бөтөн биштән бер,<br/>ундан биш,<br/>ике бөтөн етенән ике,<br/>етенән бер,<br/>туғыз бөтөн биштән ес,<br/>ундан ете,<br/>һигез бөтөн етенән бер</p> |
|--|--|--|---|--------------------------------|--------------------------------------|---|---|

### §13. Етістік

Етістік белгілі бір тілдің өзіндік ерекшеліктерін барынша айқын көрсететін аса маңызды грамматикалық категориялардың – бірі. Түркі тілдеріндегі етістіктердің күрделі табиғаты ұғымды берудегі абстрактылы сипатымен, сөйлем құрамындағы (сөйлеудегі) икемділігімен, іс-әрекет пен күйдің өзгерістерін көрсету мүмкіндігімен, есім негізді түбірлерге қарағанда саны аз болса да, түбір морфема қызметіндегі (сөз тудырудағы) белсенділігімен сипатталады. «Етістік түбірінің дербес сөз ретінде сөз түрлендіру тұлғаларынан тыс қолданылмайтындығы оның өзіндік ерекшелігі болып табылады, алайда етістік түбірлерді диахрондық зерттеу барысында керісінше жағдайды аңғаруға болады.<sup>1</sup> Жалпы табиғаты бойынша түркі тілдеріндегі етістіктер ғасырларға созылған тілдік даму үдерісінде өзінің бастапқы тұлғасы мен мазмұнын мейлінше сақтаған, көп өзгерістерге түспеген әрі морфологиялық тұрғыдан дамыған сөздер жүйесі ретінде қарастырылады<sup>2</sup>. Сондықтан түркі тілдеріндегі етістік негізді түбір морфемаларды ажыратып, құрылымдық модельдерін жүйелеу, мазмұндық аясы мен түрлену ерекшеліктерін саралау түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтаудағы маңызды мәселе қатарынан орын алады.

Лексика-семантикалық табиғаты мен грамматикалық түрленімі, сөйлем құраудағы, жалпы сөйлеу үдерісіндегі функционалдық әлеуеті тұрғысынан күрделі сөз табы саналатын етістіктердің лингвистикалық сипатын құрамдық-құрылымдық ерекшеліктері, жасалу тәсілдері, мән-мағыналық жіктелісі, қимыл-әрекеттің субъектіге қатысы, қимыл-әрекеттің орындалу амалы сияқты сапалық белгілердің жиынтығынан тұрады. Етістіктің лексикалық негізі болып табылатын алынатын түбір тұлғасы етістіктің грамматикалық категориялары саналатын императивтермен, кейбір етіс тұлғаларымен сәйкес келуі түркітануда

<sup>1</sup> Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы. ЖШС, 2010. – Б. 19-20.

<sup>2</sup> Батманов И. А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Фрунзе, 1959. – С. 83-84.

біраз пікір қайшылығын тудырды. Етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың екінші жағының жекекеше тұлғасы жайлы түркі тіл білімінде негізінен екі түрлі көзқарас қалыптасты: 1. Етістіктердің түбір тұлғасында (негізінде) бұйрық мән әрдайым сақталады (Б.Юнусалиев, Н.Оралбаева т.б.); 2. Етістіктердің императив тұлғасы олардың түбір тұлғасының бірден-бір баламасы болып табылмайды (А.М.Щербак, С.Исаев т.б.). Шын мәнінде етістіктің түбір (негізгі) тұлғасын бұйрық райдың екінші жағы тұлғасымен теңестіруге болмайтынын, олардың шекарасы принципті түрде ажыратылатынын зерттеу нәтижелері көрсетуде: «біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы түрі жағынан ғана сәйкес келеді. Екіншіден, етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, түбір тұлғасында белгілі бір мағынаны (қимыл) білдіргенімен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларын (есімше, көсемше т.б.) жамылып, оның үстіне жіктеліп барып жұмсалады.<sup>1</sup>

Етістіктердің түбір (негізі) тұлғасы мен императив тұлғалардың ара-жігі диахрониялық зерттеу нәтижелерінен айқын аңғарылады. Синхрониялық тұрғыдан етістіктің түбір-негіздері мен бұйрық формасының статикалық күйі сәйкес келгенімен, морфемдік талдау әдістері негізінде синхрониялық түбірлердің құрамынан тарихи түбір морфема мен қосымша морфемаларды бөліп алуға болатыны; осы қосымша форманттар кезінде бұйрық мәнін бергені; тілдің даму үдерістеріне сәйкес түбір мен қосымшалар кірігіп, тұлғалық өзгерістерге түсіп, түбір мағынасы күңгірттеніп екінші дәрежелі түбір-негізге айналғаны дәйектелуде.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілі мен қыпшақ-бұлғар тобындағы башқұрт тіліндегі етістіктердің де жалпы сипаты, құрылымы, түрлену жолдары, сөйлемдегі қолданысы түркі тілдерінің табиғатына сәйкес өзара ұқсас болып келеді.

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі етістіктер морфологиялық құрылымына байланысты үш топқа бөлінеді:

1) түбір етістік / тамыр кылым: *кел-/ кил-, кет-/ кит-, бар/ бар-, қайт-/ кайт-* т.б.;

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.497.

2) туынды /яһалма етістіктер сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады: *баста-* / *башла-* *істе-* / *эшлә, орналас-* / *урынлаш, сана-* / *һана-, өте-* / *үтә-, көбей-* / *күбәй, өткер-* / *үткәр-, ағар-* / *ағар-, жаңар-* / *яңыр-, дірілде-* / *дерелдә* т.б.;

3) күрделі/кушма: сатып алу / һатып алыу, барып келу / барып килеу, алып кету / алып китеу т.б. Етістік тұлғасының құрамындағы сөз санына байланысты жалаң және күрделі етістіктер деп бөлінеді. Бір сөзден тұратын дара (жалаң) етістіктерге түбір (түбір-негіз) және аффикстер арқылы жасалған туынды етістіктер жатады. Құрамы күрделі, қос сөздерден, сөз тіркестерінен жасалған етістіктер күрделі етістіктер ретінде қарастырылады.

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі етістіктер лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай негізгі етістіктер және көмекші етістіктер деп жіктеледі. Негізгі етістіктер нақты қимыл-қозғалысты білдіреді және толық мағыналы сөз ретінде дербес сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады, сондай-ақөзі қатысқан тіркесті күрделі етістіктердің мағынасын айқындайды. Ал көмекші етістіктер өзі қатысқан тіркесті күрделі етістіктердің мағынасын айқындай алмайды.

Қазақ тілінде етістік формалары белгілі бір грамматикалық категорияға қатыстылығы немесе қатыссыздығына қарай екі топқа бөлінеді: функциялық етістіктер және категориялық тұлғалар. Етістіктің функциялық тобына қимыл есімі (тұйық етістік/инфинитив), есімше, көсемше жатады, категориялары қатарына болымды/болымсыз формалар, етіс, рай, шақ, жақ-сан формалары енеді. Объектіге қатыстылығына қарай ажыратылатын салт және сабақты етістіктер лексика-грамматикалық категория ретінде де қарастырылады.

Башқұрт тілінде етістік формалары екі топқа бөлініп қарастырылады: затлы кылым формалары және затһыз кылым формалары. Затлы кылым формаларына: *һөйкәләш* (рай), *вақыт* (шақ), *йүнәләш* (етіс); затһыз кылым формаларына: *исем кылым* (қимыл есімі), *уртак кылым/инфинитив*, *сифат кылым* (есімше), *хәл кылым* (көсемше) тұлғалары жатады. Башқұрт тілінде қимыл есімі мен инфинитив тұлға ажыратылып қарастырылады. Башқұрт

тілі грамматикасы бойынша затһыз кылым формалары `жақсыз етістік формалары` термині қолданылады. Қазақ тілінде жақ категориясымен түрленбеген етістіктер дербес атаумен ажыратылмайды.

Башқұрт тіліндегі жақсыз етістік формалары:

исем кылым `қимыл атауы`: *көлөү`күлу`;*

уртак кылым/инфинитив `ортақ етістік`: *караарға`қарау/қарамақ`;*

хәл кылым `көсемше`: *кабаланып* язырға `асығып жазу`, *йырлай-йырлай* барзы `жырлай-жырлай барды`, *әйтмәй* китте `айтпай кетті`;

сифат кылым `есімше`: *белгән* кешеләр `білген (білетін) кісілер, *бирә торған* акса `беретін ақша`, *килер* көн `келер күн`

Ортақ етістіктен басқа жақсыз етістік формалары екі сөз табының белгілерін білдіреді: қимыл есімі – етістік пен зат есімді, есімше – етістік пен сын есімді, көсемше – етістік пен үстеуді. Қазақ тілінде қимыл есімі мен ортақ етістік бір форма ретінде қарастырылады. Қазақ тілінде де қимыл есімі, есімше, көсемше формалары екі сөз табының белгілерін сипаттайды.

Қазақ тіліндегі есімшелер келер шақ (*-р,-ар/-ер*) мәнін және өткен шақ (*-ған/-ген, -қан/-кен*) мәнін білдіреді: *келер* қонақ, *келген* қонақ.

Башқұрт тіліндегі есімшелер (сифат кылым) үш шақтың да мағынасын бере алады. Осы шақ/қарапайым түрі: *Мине белгән кеше күп* `Мені білетін кісілер көп`; *Минең яратқан кешем бар* `Менің ұнатқан кісім бар`; осы шақ/ күрделі түрі: *бәйләй торған энә* `тоқитын ине` Өткен шақ: *уқыған китап* `оқыған кітап`, *үткән юл* `өткен жол` Келер шақ/қарапайым түрі: *үтер юл / үтәһе юл* `өтер жол`; келер шақ/күрделі түрі: *һөйләй торған телмәр* `айтар сөз`

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі есімшелер сөйлемде сын есім орына жұмсалып, анықтауыш қызметін атқарады: *Өтер* жол әлі көп - *Үтер* юлдар күп әле.

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі қимыл есімдері (исем қылым) зат есім орнына жұмсала алады, зат есімдер тәрізді көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларымен түрленеді. Қимыл есімдері сөйлемде бастауыш: *Оқу - ең ауыр іс - Уқыу - иң ауыр эш*; баяндауыш: *Ең маңыздысы - дұрысын айту - Иң мөһиме - дөрөштө әйтеу*; толықтауыш: *Сөйлеуді тоқтатыңыз! - Бөйләшеүзе тұқтатығыз!*; анықтауыш: *Үйірді (табынды) суғару уақыты болды - Көтөүзе һыу-га төшөрөү вақыты етте қызметін атқарады.*

Башқұрт тіліндегі ортақ етістіктер де (уртақ қылым) қимыл атауын білдіреді, көптік, жіктік, септік жалғауларымен түрленеді: *барырга`бару`, килергә`келу`* Башқұрт тіліндегі ортақ етістіктер сөйлемде бастауыш: *Әлегә ашарга ла, кейенергә лә бар`Әлі жеуге де, киюге де жетеді (бар)`*; баяндауыш: *Қышқы сес-сияны һәйбәт тапшырырга!`Қысқы сесияны жақсы тапсыру!`*; толықтауыш: *Матур язырга әсәйем өйрәтте`Әдемі жазуды анам үйретті`*; анықтауыш: *Қайтырга тигән хәбәр таралды`Қайту туралы хабар таралды`*; пысықтауыш: *Уқырга килдеңме ни?`Оқуға келдің бе?`* қызметінде жұмсалады.

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі көсемшелер (хәл қылым) тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да тиянақсыз болғандықтан өзінен кейін тиянақтаушы, ойды аяқтаушы етістікті қажет етіп тұрады. Көсемшелер үстеулерге ұқсас болғанымен, үстеулерге қарағанда мағынасы да, қызметі де әлдеқайда кең: *жырлай-жырлай барды - йырлай-йырлай барзы, үйреткенше істе - өйрәткәнсә эшлә.* Көсемшелер болымсыз мәнді қосымшаларды қабылдайды, кейбір түрлері жіктеледі. Көсемшелер сөйлемде пысықтауыш: *Мені шаттанып қарсы алды - Мине шатланып каршы алды*; баяндауыш: *Түсте әкем қайтып келді -Төшкә атайым кайтып инде* қызметін атқарады.

Кесте 32

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі етістік формалары

| ЕТІСТІК - ҚЫЛЫМ  |  |                     |   |
|--|--|---------------------|---|
| Қазақ тілінде  |  | Башқұрт тілінде     |   |
| Қ ұ р ы л ы м ы н а қ а р а й:   |  |                     |   |
| Етістіктер   | Мысалдар   | Қылымлар            | Миқалдар  |
| Түбір етістік<br>(түбір-негіз)   | аса-<br>қара-<br>жүр-<br>кел-                                      | Тамыр қылым         | аша-<br>қара-<br>йөр-<br>кил-                             |
| Туынды етістік   | істе- (іс+те)<br>көбей- (көп+ей)                                   | Яһалма қылым        | эшлә- (эш+лә)<br>күбәй- (күп+әй)                          |
| Күрделі етістік  | барып кел<br>алып кет  | Қушма қылым         | барып кил<br>алып кит                                     |
| Л е к с и к а – г р а м м а т и к а л ы қ е р е к ш е л і к т е р і н е қ а р а й: |  |                     |   |
| Негізгі етістік  | Мен хат жаздым.<br>Кереуетте бала<br>жатыр<br>Ертең ерте тұр.      | Үз аллы қылым       | Мин хат яззым.<br>Карауатта бала ята.<br>Иртәгә иртә тор. |
| Көмекші етістік  | Мен құлай жаз-<br>дадым<br>Біреулер келе<br>жатыр.<br>Сен оқи тұр. | Ярзамсы қылым       | Мин қолай яззым<br>Кемдер келе ята.<br>Һин укый тор.      |
| Н ы с а н ғ а қ а т ы с ы н а қ а р а й:   |  |                     |   |
| Салт етістік   | Орындыққа отыр.  | Күсемһез қы-<br>лым | Ултырғыска ултыр.   |
| Сабақты етістік  | Ұлым, тәртібінді<br>түзеуге тырыс.                                 | Күсемле қылым       | Улым, тәртибеңде<br>төзәтергә тырыш.                      |
| Ф у н к ц и я л ы қ е т і с т і к т е р  |  |                     |   |

|  |   |                            |   |
|--|---|----------------------------|---|
| Тұйық етістік<br>(Қимыл есімі/<br>Инфинитив) | сөйлеу<br>жымыйу(жы-<br>мию)<br>келу<br>шығу<br>күлу<br>бармақ<br>келмек<br>кетпек<br>барыс<br>өзгеріс  | Исем кылым                 | һөйләү<br>йылмайғу<br>килеу<br>сығыу<br>көлөү   |
|  |   | Уртақ кылым<br>(Инфинитив) | қарарға `қарау`<br>йөрөргә `жүру`<br>килмәк ине `кел-<br>мек`<br>қарамаққа `қара-<br>мау`<br>килмәсқә `келмеу`  |
| Есімше                                       | ол білген сұрақ<br>аққан су/<br>ағып тұрған су<br>шәлі тоқитын<br>біз/ине<br>оқыған кітап<br>мен өткен жол<br>келер күн<br>айтатын хабар<br>баратын жер<br><br>беретін ақша | Сифат кылым                | ул белгән һорау<br>аккан һыу /<br>ағып торған һыу<br>шәл бәйләй торған<br>әнә<br>уқыған китап<br>мин үткән юл<br>килер кен<br>һөйләйһе хәбәр<br>бараһы ер<br>буласак водитель<br>бирә торған акса |
| Көсемше                                      | істеп беру<br>асығып жазу<br>жырлай-жырлай<br>барды<br>күле-күле сөй-<br>леді<br>айтпай кетті<br>шаршағанша<br>күлу<br>үйреткенше істе<br>барғалы отыр                      | Хәл кылым                  | эшләп бирергә қа-<br>баланып язырға<br>йырлай-йырлай<br>барзы<br>көлә-көлә һөйләне<br>әйтмәй китте<br>арығансы көлөргә<br>өйрәткәнсә эшлә<br>қайтқас, эшләрмен<br>`қайтқан соң іс-<br>термін`     |
| <b>Етістіктің грамматкалық категориялары</b> |   |                            |   |
| Болымды<br>етістік                           | қара+й+мын<br>атта+й+мын<br>істе+й+мін<br>биле+й+мін  | Барлық                     | қара+й+ым<br>атла+й+ым<br>эшлә+й+ем<br>бейе+й+ем  |



|                         |  |                              |  |
|-------------------------|--|------------------------------|--|
| <b>Болымсыз етістік</b> | қарамаймын<br>аттамаймын<br>істемеймін<br>билемеймін | <b>Юклык</b>                 | қарамайым<br>атламайым<br>эшләмәйем<br>бейемәйем   |
| <b>Етіс - Үнәлеш</b>    |  |                              |  |
| <b>Негізгі етіс</b>     | мен жазамын<br>ол барады<br>студент оқиды            | <b>Төп үнәлеш</b>            | мин язам<br>ул бара<br>студент укый  |
| <b>Өздік етіс</b>       | жуын<br>безен<br>жамыл                               | <b>Қайтым үнәлеш</b>         | йыуын<br>бизән<br>ябын   |
| <b>Ырықсыз етіс</b>     | айтылды<br>ұмытылды<br>үйретілді                     | <b>Төшөм үнәлеш</b>          | әйтелә<br>онотола<br>өйрәнелә  |
| <b>Ортақ етіс</b>       | жуысты<br>істесті<br>қарасты                         | <b>Уртақлык үнәлеш</b>       | йыуыша<br>эшләшә<br>қараша   |
| <b>Өзгелік етіс</b>     | жаздыр<br>қызарт<br>жатқыз<br>жаңар                  | <b>Йөкмәтеу үнәлеш</b>       | яззыр<br>кызарт<br>ятқырт<br>яңыр  |
| <b>Рай - Һөйкәлеш</b>   |  |                              |  |
| <b>Ашық рай</b>         | білемін<br>бітті<br>алды<br>барады                   | <b>Хәбәр һөйкәлеш</b>        | беләм<br>бөтгө<br>алды<br>бара   |
| <b>Бұйрық рай</b>       | жаз<br>оқы<br>жүрсін                                 | <b>Бойорок һөйкәлеш</b>      | яз<br>уқы<br>йөрө  |
| <b>Шартты рай</b>       | алса<br>келсе  | <b>Шарт һөйкәлеш</b>         | алһа<br>килһә  |
| <b>Қалау рай</b>        | барғысы келеді<br>бармақ болды                       | <b>Теләк һөйкәлеш</b>        | барғы килә<br>бармақ була  |
| ∅                       | ∅  | <b>Шартлы теләк һөйкәлеш</b> | күрер инем `көрер<br>едім`, күрер инең<br>`көрер едің ул`,<br>әйткән булыр ине<br>`ол айтқан болар<br>еді` |
| <b>Шақ - Вақыт</b>      |  |                              |  |
| <b>Қазақ тілінде</b>    |  | <b>Башқұрт тілінде</b>       |  |

| Шақ түрлері                      | Мысалдар  | Вақыт формаһы                        | Миқалдар  |
|----------------------------------|---|--------------------------------------|---|
| <b>Осы шақ - Хәзерге заман</b>   |   |                                      |   |
| <b>Ауыспалы осы шақ</b>          | Жауабын білемін.<br>Мен оны ұнатамын.<br>Жауабын біледі.<br>Сен оны ұнатасың. | <b>Билдәле хәзерге заман</b>         | Яуабын беләм<br>'Жауабын білемін'<br>Мин уны яратам<br>'Мен оны ұнатамын'   |
| <b>Нақ осы шақ</b>               | Жауабын біліп тұрмын.<br>Мен оны ұнатып отырмын.<br>Кітап оқып жүрмін.        | <b>Билдәһез хәзерге заман</b>        | Яуабын беләм шикелле.<br>'Жауабын білетін сияқтымын'<br>Мин уны яратам<br><b>һымак</b> 'Мен оны ұнататын сияқтымын' |
| <b>Келер шақ - Киләсәк заман</b> |   |                                      |   |
| <b>Ауыспалы келер шақ</b>        | Концерке барамыз.<br>Сыйлықты мен өзім тапсырайын.                            | <b>Билдәле киләсәк заман</b>         | Концертка барабыз.<br>Бүләкте мин үзем тапшырырмын.   |
| <b>Болжалды келер шақ</b>        | Концертке барармыз.<br>Сыйлықты мен өзім тапсырармын.                         | <b>Билдәһез киләсәк заман</b>        | Килмәс кеүек 'Келмесе керек'.<br><b>Бәлки</b> , бөгөн килерзәр<br>'Бәлкім бүгін келер'.                             |
| <b>Мақсатты келер шақ</b>        | Концертке барармақпыз.<br>Сыйлықты мен өзім тапсырмақпын.                     |                                      |   |
| <b>Өткен шақ - Үткән заман</b>   |   |                                      |   |
| <b>Жедел өткен шақ</b>           | Мен оны бүгін көрдім.   | <b>Билдәле үткен заман. I форма</b>  | Мин уны бөгөн күрзем.   |
|                                  | Әсия да көрді.  | <b>Билдәле үткен заман. II форма</b> | Асия ла уны күргән.   |
| <b>Бұрынғы өткен шақ</b>         | Мен оны бүгін көргенмін. Әсия да көрген.                                      | <b>Билдәһез үткен заман.</b>         | Мин уны бөгөн күрзем ахры (шикелле)<br>'Мен оны бүгін көрген сияқтымын'.  |

Кесте 33

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі етістіктің сөзжасам жұрнақтары

| ЕТІСТІКТІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҰРНАҚТАРЫ<br>ҚЫЛЫМ ЯҒАҒАН ЯЛҒАУЗАР |   |                    |  |
|---|---|--------------------|--|
| Қазақ тілінде   |   | Башқұрт тілінде    |  |
| Жұрнақтар   | Мысалдар  | Ялғаузар           | Миқалдар   |
| -а/-е   | аса-<br>боса-<br>тіле-<br>сана-                   | -а/-ә              | аша-<br>буша-<br>телә-<br>һана-                            |
| -ы/-і   | байы-<br>кемі-                                    | -ы/-е              | байы-<br>кәме-   |
| -лас/-лес<br>-дас/-дес<br>-тас/-тес                     | қоштас-<br>достас-<br>белдес-                     | -лаш/-ләш          | хушлаш-<br>душлаш-   |
| -ла/-ле<br>-да/-де<br>-та/-те                           | түзда-<br>сөйле-<br>ойла-<br>гүілде-<br>шартылда- | -ла/-лә<br>-да/-дә | тозла-<br>һөйлә-<br>уйла-<br>геуелдә-<br>шартылда-         |
| -й, -ай/-ей   | зорай-<br>көбей-                                  | -ай/-әй            | зурай-<br>күбәй-   |
| -сын/-сін   | көпсін-<br>қызықсын-<br>азсын-<br>жерсін-         | -һын/-һен          | күпһен-<br>қызыкһын-<br>ерһен-                             |
| -с, -ыс/іс-   | таныс-<br>табыс-                                  | -ш,-ыш             | таныш-<br>табыш-   |
| -р, -ар/-ер   | жаңар-<br>ескір-                                  | -р, -ар/-әр        | яңыр-<br>искер-  |
| -қа/-ке<br>-ға/-ге                                      | иіске-<br>тірке-                                  | -кә/-гә            | ескә-<br>теркә-  |
| -н,<br>-лан/-лен  | үйлен-<br>қапалан-<br>жайлан-<br>қамдан           | -лан/-лән          | өйлән-<br>кабалан-<br>һоклан-`таң қалу`<br>бәйлән-`керісу` |
| -т,-ыт/-іт<br>-айт/-ійт                                 | нығайт-<br>кеміт-<br>құрғат-<br>бекіт-            | -т, -ыт/-ет        | нығыт-<br>кәмет-<br>корот-                                 |

Кесте 34

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі күрделі етістіктердің жасалуы

| КҮРДЕЛІ ЕТІСТІК - КУШМА ҚЫЛЫМ  |   |   |  |
|--|---|---|--|
| Қазақ тілінде  |   | Башқұрт тілінде   |  |
| Жасалуы  | Мысалдар  | Яһалышы   | Миғалдар   |
| Құранды етістіктер есім мен көмекші етістіктер арқылы жасалады.  | Ол келіп кеткен болар.  | Кушма қылымдар һүзәрзе бәйләү юлы менән яһала:  | Ул килеп еткән булыр ине.  |
| ∅  | ∅   | 1) Һүзәр кушылып яһалған (нигез һүзәр кушылып языла)  | буй+һон=буйһон-үз+һүзле=үз-һүзлән-шулай+ит=шулайт-   |
| ет-, қыл-, жаса, бол-, сал-, бер-, көр- көмекші етістіктері атау тұлғадағы не ілік, барыс, шығыс септіктері тұлғасындағы есім сөздерге тіркесіп, тұрақты тіркес түрінде қолданылады. | қызмет ет/ жаса-хабар бер жәрдем ет/ бер-сәлем бер-қайтыс болды ғайып бол-құлақ сал-жақсы көр-дүниеге кел-өмірден кетті көңілден шық- | 2) Бәйләү юлы менән яһала.<br>а) қылым булмаған һүз+қылым:<br>бир-, бул-, ит-, кил-, күр-, куй-, ал-, қыл-, һал-, яһа-, тор-, төш- т.б., (һүзәр төрлә һүз төркөмөнән килә): көмекші етістіктер мен көмекші етістік қызметіндегі етістіктер арқылы жасалады (тұрақты тіркестер болып табылады) | хезмәт ит - хәбәр ит-ярзам ит-сәләм бир-һәләк бул-ғәйеп бул-кейәүгә сыг-көн күр-колак һал-сабыр бул-ишкә төш-каршы ал-әмәт ит-шарт ит-тейеш бул-һак бул- |
| Күрделі етістіктер көсемше, есімше тұлғасындағы етістіктерге, қимыл есімдеріне көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады.   | келіп кеткен бол-барып кел-күліп жіберді оқып шықты   | б) қылым+қылым көсемше, есімше тұлғасындағы етістіктерге, қимыл есімдеріне көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады.  | килеп еткән бул-барып ет-алып бар-барып ет-алып барып еткер-осоп кит-язып куй-көлөп ебәрзе укып сыгтым   |
| Қос сөзден жасалған етістіктер етістіктердің қосарлануы арқылы жасалады.   | киініп-жасанып күйіп-жану шаршап-шалдығу  | 3) парлы қылымдар етістіктердің қосарлануы арқылы жасалады.   | кейенеп-яһанғу янып-көйөү яныу-көйөү арып-талғу ялыныу-ялбарғу   |

Кесте 35

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі қимыл есімдері

| ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІ - ИСЕМ ҚЫЛЫМ           |  |   |                         |   |  |
|---------------------------------------|--|---|-------------------------|---|--|
| Қазақ тілінде                         |  |   | Башқұрт тілінде         |   |  |
| Етістік                               | Жасалуы  | Мысалдар                                  | Қылым                   | Яһалышы   | Миқалдар   |
| Қимыл есімі (инфинитив) Тұйық етістік | а)-у/-у (-ұу/-үу) қосымшасы арқылы жасалады.                 | сөйлеу жымыю келу шығу күлу               | Исем қылым              | -у/-ү, -ыу/-еү, -оу/-өү қосымшалары арқылы жасалады.                                | һөйләү йылмайыу килеү сығыу көләү                |
|                                       | б)-мақ/-мек -бақ/-бек -пақ/-пек қосымшалары арқылы жасалады. | бармақ келмек жазбақ жүзбек айтпақ кетпек |                         | ө   | ө  |
|                                       | в)-ыс/-іс қосымшалары арқылы жасалады.                       | барыс келіс өзгеріс тұрыс                 |                         | ө   | ө  |
| ө                                     | ө  | ө   | Уртак қылым (инфинитив) | а) -рға/-ргә, -ырға/-ергә, -орға/-өргә қосымшалары арқылы жасалады.                 | қарарға йөрөргә барырға килергә торорға көлөргә  |
| ө                                     | ө  | ө   |                         | б)-мақ/-мәк, -мақ/-мәк + бул-, ине, ит-көмекші етістіктері тіркесу арқылы жасалады. | бармақ йөрөмәк инмәк бул-килмәк ине һөйләмәк ит- |
| ө                                     | ө  | ө   |                         | в) -маға/-мәгә, -маққа, -ыуға (һирәк қулданыла)                                     | сапмаға ултырмаға күрмәгә йөрөмәккә алыуға       |

## §14 . Етістіктің есімше және көсемше тұлғалары

Есімше – етістіктердің функциялық формаларының бірі. Есімшелер әрі етістік, әрі есім орнына қолданыла береді, соған орай сөйлемде атрибуттық және предикаттық мағынаға ие болады. Есімдіктердің бұл ерекшелігі олардың етістіктер сияқты болымды және болымсыз, салт және сабақты болып бөлініп, жақтық, шақтық мағыналарды беруімен қатар, есімдер сияқты көптік, септік, тәуелдік категорияларымен түрленуінен туындайды. Түркі тілдеріндегі есімшелер етістіктің модификациялық түрі болғанымен, басқа есім сөз таптарымен тарихи байланыста. Сондықтан көне түркі жазба тілдерінде, тіпті қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын кейбір есімше тұлғалары зат есімдер мен сын есімдер, үстеулер құрамынан ұшырасады. Бұл тілдің даму барысында есімше тұлғаларының кейбір топтары аталған сөз топтары құрамына трансформацияланғанын көрсетеді. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімше формасына тән бұл құбылыс қазіргі қазақ және башқұрт тілдерінен де көрініс береді.

Кесте 36

### Қазақ-башқұрт тілдеріндегі есімшелер

| ЕСІМШЕ - СИФАТ ҚЫЛЫМ |  |   |                            |   |   |
|----------------------|--|---|----------------------------|---|---|
| Қазақ тілінде        |  |   | Башқұрт тілінде            |   |   |
| Шақ                  | Қосымшалары                                      | Мысалдар  | Заман                      | Ялғаузар  | Миқалдар  |
| Бұрынғы өткен шақ    | -ған/-ген<br>-қан/-кен<br>қосымшалары жалғанады. | білген сұрақ<br>аққан су<br>оқыған кітап<br>өткен жол | Хәзерге заман<br>(осы шақ) | Дара түрі:<br>-ған/-гән,<br>-қан/-кән<br>қосымшалары жалғанады. | белгән һорау;<br>акқан һыу<br>/ ағып торған һыу;<br>ирен һанлаған килен |

|                        |  |   |                           |   |  |
|------------------------|--|---|---------------------------|---|--|
| Дағдылы өткен шақ      | -атын/-егін<br>-итын/-итін<br>-йтын/-йтін<br>қосымшалары жалғанады.          | шәлі тоқитын біз/ине<br>жейтін нан айтатын хабар баратын жер баратын көлік беретін ақша | Хәзерге заман (осы шақ)   | Күрделі түрі:<br>-а(-ә, -й)<br>қосымшаларына+<br>торған көмекші етістігі тіркеседі. | Шәл бәйләй торған энә;<br>Сибайға бара торған юл |
| Болжалды келер шақ     | -ар/-ер, -р болымды, -с болымсыз етістікке жалғанады                         | келер күн келмес күн барар жер бармас жер   | Үткен заман (өткен шақ)   | -ған/-гән<br>-қан/-кән<br>қосымшалары жалғанады.                                    | уқыған китап,<br>үткән юл әйткән һүз             |
| Мақсат мәнді келер шақ | -мақ/-мек<br>-бақ/-бек<br>-пақ/-пек<br>-мақшы/<br>-мекші<br>-бақшы<br>-бекші | қарамақ келмек жүзбек айтпақ жүзбекші қарамақшы айтпақшы                                | Киләсәк заман (келер шақ) | Дара түрі:<br>а) -р, -ыр/-ер<br>-ор/-өр   | килер көн карар фильм                            |
|                        |  |   |                           | б) -аһы/<br>-әһе<br>-йһы/-йһе<br>-йһө   | Һөйләйһе хәбәр;<br>бараһы ер;<br>үтәһе юл        |
| Осы шақ                | -ушы/-уші<br>қосымшалары жалғанады.  | барушы келуші көруші бармаушы келмеуші көрмеуші   |                           | в) -асак/-әсәк<br>-ясак/-йәсәк  | буласак водитель                                 |
|                        |  |   |                           | Күрделі түрі:<br>-а(-ә, -й)+<br>торған сөзі Тіркеседі.                              | бара торған машина,<br>бирә торған акса          |

Көсемше – етістіктердің бір-біріне байланысы мен қатынасын көрсетеді. Көсемшелер мағыналық-тұлғалық жағынан тиянақсыз болғандықтан, әрдайым өзінен кейін тиянақты мән беретін етістікті қажет етіп тұрады.

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі көсемшелер қызметі жағынан үстеулерге ұқсас болып келгенімен, мағыналық ауқымы да, функционалдық ауқымы да үстеулерге қарағанда кең. Сөйлемде

пысықтауыш, баяндауыш қызметін атқарады. Көсемшелердің үстеулерге мағыналық және функционалдық жағынан ұқсас болып келуі олардың сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалыуымен байланысты түсіндіріледі. “Көсемшелер етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, күрделі негіздерге тікелей де, қажетінше етіс жұрнақтарынан соң да немесе амалдың өту сипатын білдіріп, рең жамайтын жұрнақтардан кейін жалғану арқылы да жасалады”<sup>1</sup>.

Қазақ тіліндегі көсемше жасайтын *-ғалы/-гелі*, *-қалы/-келі* қосымшаларының орнына башқұрт тілінде *-ғас/-гәс*, *-кас/-кәс* тұлғалары қолданылады.

Кесте 37

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі көсемшелер

| КӨСЕМШЕ - ХӘЛ ҚЫЛЫМ   |  |   |  |
|---|--|---|--|
| Қазақ тілінде   |  | Башқұрт тілінде   |  |
| Қосымшалары   | Мысалдар   | Ялғаузар  | Миқалдар   |
| а) <i>-ып/-іп</i> , <i>-п</i> қосымшалары жалғанады.            | істеп беру асығып жазу ойнап отыр күліп шықты жүріп сөйледі  | а) <i>-п</i> , <i>-ып/-еп</i> , <i>-оп/-өп</i> (күрделі етістіктер құрамында қолданылады) | эшләп биреу ка-баланып языу уйнап ултырыу йөрөп һөйләне  |
| б) <i>-а</i> , <i>-е</i> , <i>-й</i> қосымшалары жалғанады.     | жырлай-жырлай барды күле-күле сөйледі айтпай кетті келе жатыр  | б) <i>-а/-ә</i> , <i>-й</i> (күрделі етістіктер құрамында қолданылады)                    | йырлай-йырлай барзы көлә-көлә һөйләне әйтмәй китте килә ята  |
| в) <i>-ғалы/-гелі</i> <i>-қалы/-келі</i> қосымшалары жалғанады. | барғалы отыр келгелі бері шыққалы жатыр жүргелі тұр кеткелі жатыр келмегелі бері демалмағалы бері жазбағалы бері | в) <i>-ғас/-гәс</i> , <i>-кас/-кәс</i> қосымшалары жалғанады.                             | барғас, күрербез `барғасын көрерміз` килгәс, белербез `келгесін білерміз` кайтқас, эшләрмен `кайтқасын істермін` |

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.529.



|                                   |                                       |                                       |   |
|-----------------------------------|---------------------------------------|---------------------------------------|---|
| г) -ғанша/-генше<br>-қанша/-кенше | шаршағанша<br>күлу<br>қайтқанша бітір | г) -ған+сы/-гән+се<br>-қан+сы/-кән+се | арығансы кө-<br>лөргә<br>қайтқансы бөтөр  |
| д)                                | үйреткенше істе                       | -қан+са/-кән+сә<br>-ған+са/-гән+сә    | өйрәткәнсә эшлә<br>мин уйлағанса<br>булды |

### §15. Етістіктің етіс және рай категориялары

Етістер – қимыл мен іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы семантикалық-синтаксистік сипаттағы әртүрлі қатынасты білдіретін етістік категориясы. Етістің негізгі қызметі іс-әрекеттің қимыл иесі мен істелетін іске қатысын айқындау. Қазақ және башқұрт тілдеріндегі етістер қызметі мен мағынасына орай төрт түрге бөлінеді: өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс. Қазақ тілінде де, башқұрт тілінде де субъекті мен объектіге қатысты іс-әрекетті бірдей білдіретін негізгі етістің арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ.

Кесте 38

#### Қазақ-башқұрт тілдеріндегі етіс категориясы

| ЕТІС - ЙҮНӘЛЕШ   |  |   |   |                         |  |
|--|--|---|---|-------------------------|--|
| Қазақ тілінде  |  |   | Башқұрт тілінде                                       |                         |  |
| Мағынасы   | Жасалуы  | Мысалдар                                    | Мәғәнәһе  | Яһалышы                 | Миҫалдар                               |
| I. Негізгі етіс - Төп йүнәләш                              |  |   |   |                         |  |
| Субъектіге де, объектіге де қатысты іс-әрекетті білдіреді. | Арнаулы көрсеткіші болмайды, етістіктің құрылымдық түрлерінің бәрі жатады. | Мен жазамын.<br>Ол барды.<br>Студент оқиды. | Субъектіге қатысты іс-әрекеттің орындалуын білдіреді. | Арнаулы көрсеткіші жоқ. | Мин язам.<br>Ул бара.<br>Студент укый. |

| II. Өздік етіс - Қайтым йүнәлеш   |  |  |   |   |  |
|---|--|--|---|---|--|
| Іс-әрекеттің тікелей іс иесіне қатысын білдіреді                                      | -ын/-ін<br>-ыл/-іл   | жуын<br>боян<br>жамыл  | Іс-әрекеттің тікелей іс иесіне қатысын білдіреді .                                    | -н, -ын/-ен<br>Қосымшалары арқылы жасалады  | йыуын<br>бизән<br>ябын                             |
| III. Ырықсыз етіс - Төшөм йүнәлеш   |  |  |   |   |  |
| Іс-әрекеттің субъектіге тікелей қатысынсыз, өздігінен орындалатыны сияқты мән береді. | -ыл/-іл<br>кейде<br>-ын/-н<br>қосымшалары арқылы жасалады. | айтылды<br>қойылды<br>ұмытылды<br>басталды<br>үйетілді<br>алынды<br>ілінді | Іс-әрекеттің субъектіге тікелей қатысынсыз, өздігінен орындалатыны сияқты мән береді. | -л, -ыл/-ел,<br>-ол/-өл;<br>-н, -ын/-ен,<br>-он/-өн<br>қосымшалары арқылы жасалады. | әйтелә<br>қуйыла<br>онотола<br>башлана<br>өйрәнелә |
| IV. Ортақ етіс - Уртақлық йүнәлеш   |  |  |   |   |  |
| Іс-әрекеттің бірнеше субъектіге қатыстылығын білдіреді.                               | -с, -ыс/-іс<br>қосымшалары арқылы жасалады.                | жуысты<br>істесті<br>қарасты<br>(көмектесті)                               | Іс-әрекеттің бірнеше субъектіге қатыстылығын білдіреді.                               | -ш, -ыш/-еш<br>қосымшалары арқылы жасалады.   | йыуыша<br>эшләшә<br>қараша<br>языша                |
| V. Өзгелік етіс - Йөкмәтеу йүнәлеш  |  |  |   |   |  |

|  |   |  |  |   |  |
|--|---|--|--|---|--|
| <p>Іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір іс-әрекет иесі арқылы орындалатынын білдіреді.</p> | <p>-дыр/-дір<br/>-тыр/-тір<br/>-ғыз/-гіз<br/>-қыз/-кіз<br/>-ыз/-із<br/>-ар/-ер<br/>/-ыр/-ір<br/>-т, -сет<br/>қосымшалары арқылы жасалады.</p> | <p>жаздыр<br/>алдыр<br/>қызарт<br/>жатқыз<br/>жеткіз<br/>жаңар<br/>өткер<br/>ішкіз<br/>көрсет<br/>тамыз<br/>өшір</p> | <p>Іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір іс-әрекет иесі арқылы орындалатынын білдіреді.</p> | <p>-дыр/-дер<br/>-дор/-дөр<br/>-тыр/-тер<br/>-тор/-төр<br/>-зыр/-зер<br/>-зор/-зөр<br/>-т,-ыз/-ез<br/>-ғыз/-гез/-ғоз<br/>-р/-ар/-әр/<br/>ыр/<br/>-ер/-ор/-өр<br/>-кыр/-кер<br/>кар/-кәр<br/>-ғыр/-гер,-һәт<br/>қосымшалары арқылы жасалады.</p> | <p>яззыр<br/>алдыр<br/>күндер<br/>тоттор<br/>йөззөр<br/>қызарт<br/>ятқырт<br/>еткер<br/>кайтар<br/>яңыр<br/>үткәр<br/>эсер<br/>төшөр<br/>күрһәт<br/>эшләт-терт</p> |
|--|---|--|--|---|--|

Етістіктің рай категориясы–сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке көзқарасын, қимылдың, іс-әрекеттің шындық болмысқа қатысын, модальдық мәнін білдіретін, белгілі бір парадигмалық тұлғалар жүйесінен тұратын етістіктің грамматикалық категориясы. сөйлеуші лебізінің я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер арқылы берілетін модальдық категориясы рай категориясының негізін құрайды: «модальдік категориясының етістік формалары арқылы берілетін амал-тәсілдерінің жүйесі етістіктің райы деп аталады<sup>1</sup>.

Рай категориясының негізін құрайтын модальдықтың көрінісі – қимыл-әрекеттің шындық болмысқа қатысын сөйлеушінің бағалауын сипаттайды. Етістіктің модальдық категориясының мазмұнын қимыл мен субъектінің бір-біріне қатынасының сөйлеуші көзқарасы бойынша бағалануы айқындайды.

<sup>1</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1974. – Б. 322.

Кесте 39

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі рай категориясы

| РАЙ - ҺӨЙКӘЛЕШ    |   |  |                         |   |  |
|-------------------|---|--|-------------------------|---|--|
| Қазақ тілінде     |   |  | Башқұрт тілінде         |   |  |
| Рай               | Мағынасы  | Жалғаулар  | Һөйкәлеш                | Мәгәнәһе  | Ялгаузар   |
| <b>Ашық рай</b>   | Қимыл-әрекеттің орындалу не орындалмауы туралы объективті шындықты білдіреді. | Арнайы көрсеткіші жоқ, шақтың үш жағымен түрленетін етістіктердің атау тұлғасына сәйкес келеді   | <b>Хәбәр һөйкәлеш</b>   | Қимыл-әрекеттің орындалу не орындалмауы туралы объективті шындықты білдіреді. | Арнайы көрсеткіші жоқ, шақтың үш жағымен түрленетін етістіктердің атау тұлғасына сәйкес келеді |
| <b>Бұйрық рай</b> | Бұйырық, талап қою мәнін береді.  | I жақ: <b>ө</b><br><b>-(а)йын</b><br><b>-(е)йін)</b><br><b>-(а)йық</b><br><b>-(е)йік</b><br>II жақ: жекеше – <b>Ө</b> , көпше – <b>-н/-ын/ін+ көптік жалғауы.</b><br>III жақ: <b>-сын/-сін</b> | <b>Бойорок һөйкәлеш</b> | Бұйырық беру, талап қою мәнін береді.   | I зат: <b>ө</b><br>II зат: <b>ө</b><br>III зат: <b>-һын/ -һен -һон/ -һөн</b>                   |
| <b>Шартты рай</b> | Қимыл-әрекеттің орындалу, орындалмау шартын білдіреді.                        | <b>-са/-се</b>   | <b>Шарт һөйкәлеш</b>    | Қимыл-әрекеттің орындалу, орындалмау шартын білдіреді.                        | <b>-һа/-һә</b>   |
| <b>Қалау рай</b>  | Сөйлеушінің ықылас-тілегін білдіреді.   | <b>-ғы/-гі</b><br><b>-қы/-кі</b><br><b>-р/-ар/-ер</b><br><b>+көмекші етістіктер;</b><br><b>-ғай/-гей</b><br><b>-қай/-кей</b>   | <b>Теләк һөйкәлеш</b>   | Сөйлеушінің ықылас-тілегін білдіреді.   | <b>-ғы/-ге</b><br><b>-ғо/-гө</b><br><b>-қы/-ке</b><br><b>-қо/-кө +көмекші етістіктер</b>       |

|   |   |   |                       |  |   |
|---|---|---|-----------------------|--|---|
| ø | ø | ø | Шартлы теләк һөйкәләш | Сөйлеушінің тілегі әрекеттің орындалу/ орындалмау шартына қатысты. | -р (-ыр/ -ер, -ор/-өр-) + ине; -а/-ә + ине; -қан/ -кән, -ған/ -гән +булыр ине +көмекші етістіктер |
|---|---|---|-----------------------|--|---|

Кесте 40

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі бұйрық рай формасы

| БҰЙРЫҚ РАЙ – БОЙОРОК ҺӨЙКӘЛӘШЕ |   |   |                 |  |   |
|--------------------------------|---|---|-----------------|--|---|
| Қазақ тілінде                  |   |   | Башқұрт тілінде |  |   |
| Болымды түрі - Барлық формаһы  |   |   |                 |  |   |
| Жекеше - Берлек                |   |   |                 |  |   |
| жақ                            | Жасалу формуласы  | Мысал   | зат             | Яһалыш формулаһы                                     | Миҫал                                   |
| I                              | T(H)E+(a)йын<br>T(H)E+(e)йін  | жаз+айын<br>айт+айын<br>бұр+айын<br>күт+ейін              | I               | ø  | ø                                       |
| II                             | Қарапайым түрі:<br>ø<br>T(H)E*<br>Сыпайы түрі:<br>T(H)E + ңыз(-һіз/-<br>ыһыз/-һһіз) | жаз/жазыһыз<br>айт/айтыһыз<br>бұра/бұраһыз<br>күт/күтіһіз | II              | ø<br>T(H)K*  | яз<br>әйт<br>бор<br>көт                 |
| III                            | T(H)E+сын<br>T(H)E+сін  | жаз+сын<br>айт+сын<br>бұра+сын<br>күт+сін                 | III             | T(H)K +һын<br>T(H)K +һен<br>T(H)K +һон<br>T(H)K +һөн | яз+һын<br>әйт+һен<br>бор+һон<br>көт+һөн |
| Көпше - Күплек                 |   |   |                 |  |   |
| I                              | T(H)E+-(a)<br>йық<br>T(H)E+ -(e)<br>йік   | жазайық<br>айтайық<br>бұрайық<br>күтейік                  | I               | ø  | ø                                       |

\* Түбір (негіз) етістік

\* Тамыр (нигез) қылым

|     |  |  |     |  |   |
|-----|--|--|-----|--|---|
| II  | Қарапайым түрі:<br>Т(Н)Е+ң<br>(-ың/-ің)<br>+ көптік жалғауы;<br>Сыпайы түрі:<br>Т(Н)Е +<br>ңыз/-іңіз/<br>ыңыз/-іңіз+<br>көптік жалғауы | жаз+ыңдар/<br>жаз+ыңыздар<br>айт+ыңдар/<br>айт+ыңыздар<br>бұра+ңдар/<br>бұра+ңыздар<br>күт+іңдер/<br>күт+іңіздер | II  | Т(Н)К +ғыз(/-<br>ғез,<br>-ғоз/-гөз)<br>Т(Н)К+ығыз<br>(/-егез/-оғоз/<br>өгөз) | яз+ығыз<br>әйт+егез<br>бор+оғоз<br>көт+өгөз |
| III | Т(Н)Е+сын<br>Т(Н)Е+сін   | жаз+сын<br>айт+сын<br>бұра+сын<br>күт+сін  | III | Т(Н)К+һын<br>Т(Н)К+һен<br>Т(Н)К+һон<br>Т(Н)К +һөн                            | яз+һын<br>әйт+һен<br>бор+һон<br>көт+һөн     |

Болымсыз түрі - Юклық формаһы

Түбір(негіз) етістік+ма/-ме,  
-ба/-бе, -па/-пе болымсыздық  
қосымшасы+жақ көсеткіші

Түбір(негіз) етістік+ма/-мә  
болымсыздық  
қосымшасы+жақ көсеткіші/жіктік  
жалғауы

Ж е к е ш е - Б е р л е к

| Жақ | Жасалу формуласы   | Мысал  | зат | Яһалыш формулаһы | Миҫал |
|-----|--|--|-----|------------------|-------|
| I   | Т(Н)<br>Е+ба+йын<br>Т(Н)<br>Е+бе+ейін<br>Т(Н)<br>Е+ма+йын<br>Т(Н)<br>Е+ме+ейін<br>Т(Н)<br>Е+па+йын<br>Т(Н)<br>Е+пе+йін | жаз+ба+айын<br>айт+па+айын<br>бұр+ма+айын<br>күт+пе+ейін | I   | ∅                | ∅     |

| III | T(H)E+ағын/<br>егін/йтын/йтің<br>T(H)E+ағын/<br>егін/йтын/йтің+еді   | III       | біл+егін<br>оқы+йтын<br>біл+егін еді<br>оқы+йтын еді                             | T(H)E+ма/ме/ба/бе/па/<br>пе+йтын/йтің<br>T(H)E+ма/ме/ба/бе/па/<br>пе+йтын/йтің+<br>еді   | біл+ме+йтің<br>оқы+ма+йтын<br>біл+ме+йтің еді<br>оқы+ма+йтын еді                                       |

Кесте 51

**Башқұрт тіліндегі -а жалғаулы белгілі өткен шақ  
`-а ялғаулы билдәле үткән заман`**

|   |  |
|---|--|
| <b>Башқұрт тілінде</b>  |  |
| <b>-А ЯЛҒАУЛЫ БИЛДӘЛЕ ҮТКӘН ЗАМАН</b>   |  |
| <i>Болымды түрі - Барлық формаһы</i>  |  |
| Осы шақтың <b>-а/-ә,-й</b> қосымшалары белгісіз осы шақ мағынасын білдіруде де қолданылады. Мысалы:<br>Мостай Кәрім 1919 йылдың 20 октябрәндә Башкортостандың Шишмә районы Келәш ауылында <b>тыуа</b> . Үз ауылында тулы булмаған урта мәктәпте тамамлағас, ике йыл педагогия рабфагында <b>уқый</b> `Мұстай Кәрім 1919 жылы 20 қазанда Башқұртстанның Шишмә ауданы Келәш ауылында туылған. Өз ауылында толық емес орта мектепті бітіріп, екі жыл педагогикалық рабфакта оқиды` |  |
| <i>Болымсыз түрі- Юклық формаһы</i>   |  |
| Етістікке (түбір/негіз) болымсыз мәнді <b>-ма(/-мә)</b> қосымшасы, одан соң белгілі осы шақтың <b>-й</b> қосымшасы, одан кейін жіктік жалғауы жалғануы арқылы жасалады.   |  |
| Һуғыш йылдарында Урал Баймақта йәшәмәй `Соғыс жылдары Орал Баймақта тұрған жоқ`   |  |

Кесте 52

**Башқұрт тіліндегі аяқталмаған белгілі өткен шақ  
(тамамланмаған билдәле үткән заман )**

|  |  |  |
|--|--|--|
| <b>Башқұрт тілінде</b>   |  |  |
| <b>ТАМАМЛАНМАҒАН БИЛДӘЛЕ ҮТКӘН ЗАМАН</b>   |  |  |
| <i>Болымды түрі - Барлық формаһы</i>   |  |  |
| <b>-а/-ә, -й</b> тұлғалы көсемшеге <b>ине, торғайны</b> көмекші етістіктері тіркесіп, жіктік жалғауларымен түрленуі арқылы жасалады. |  |  |
| <b>Жақ/<br/>Зат</b>  | <b>Ж е к е ш е – Б е р л е к</b>                         | <b>К ө п ш е - К ү п л е к</b>                                     |
| I  | ала ине+м /ала торғайны+м<br>` (мен) алдым (сол кезде) ` | ала ине+к/ала торғайны+к<br>` (біз) алдық (сол кезде) `            |
| II   | ала ине+ң/ала торғайны+ң<br>` (сен) алдың (сол кезде) `  | ала ине+ғез/ала торғайны+ғыз)<br>` (сендер) алдыңдар (сол кезде) ` |
| III  | ала ине /ала торғайны<br>` (ол) алды (сол кезде) `       | ала ине /ала торғайны<br>` (олар) алды (сол кезде) `               |
| <i>Болымсыз түрі Юклық формаһы</i>   |  |  |

|   |  |  |
|---|--|--|
| Етістікке (түбір/негіз) болымсыз мәнді <b>-ма/-мә</b> және көсемшенің <b>-й</b> қосымшалары жалғанып, оларғ <b>ине, торғайны</b> көмекші етістіктері тіркесіп, жіктік жалғауларымен түрленуі арқылы жасалады. |  |  |
| Жақ/<br>Зат   | Же к е ш е – Б е р л е к   | К ө п ш е -<br>К ү п л е к   |
| I   | алмай <b>ине+м/алмай торғайны+м</b><br>'(мен) алмадым (сол кезде)'   | алмай <b>ине+к / алмай торғайны+к</b><br>'(біз) алмадық (сол кезде)'           |
| II  | алмай <b>ине+ң / алмай торғайны+ң</b><br>'(сен) алмадың (сол кезде)' | алмай <b>ине+гез / алмай торғайны+ғыз</b><br>'(сеңдер) алмадыңдар (сол кезде)' |
| III   | алмай <b>ине / алмай торғайны</b><br>'(ол) алмады сол (кезде)'       | алмай <b>ине/алмай торғайны</b><br>'(олар) алмады (сол кезде)'                 |

Кесте 53

**Башқұрт тіліндегі -ған + ине тұлғалы белгілі өткен шақ (-ған + ине формалы билдәле үткән заман)**

|  |                                       |                                       |
|--|---------------------------------------|---------------------------------------|
| <b>Башқұрт тілінде</b>   |                                       |                                       |
| <b>-ҒАН + ИНЕ ФОРМАЛЫ БИЛДӘЛЕ ҮТКӘН ЗАМАН</b>  |                                       |                                       |
| <i>Болымды түрі Барлық формаһы</i>   |                                       |                                       |
| -ған/-гән, -қан/-кән тұлғалы есімшеге <b>ине</b> көмекші етістігі тіркесіп, жіктік жалғауларымен түрленуі арқылы жасалады.   |                                       |                                       |
| Жақ/<br>Зат  | Же к е ш е – Б е р л е к              | К ө п ш е - К ү п л е к               |
| I  | ал+ған <b>ине+м</b><br>алған едім'    | ал+ған <b>ине+к</b> 'алған едік'      |
| II   | ал+ған <b>ине+ң</b> 'алған едің'      | ал+ған <b>ине+гез</b> 'алған едіңдер' |
| III  | ал+ған <b>ине</b> 'алған еді'         | ал+ған <b>ине</b> 'алған еді'         |
| <i>Болымсыз түрі - Юклық формаһы</i>   |                                       |                                       |
| Етістікке (түбір/негіз) болымсыз мәнді <b>-ма/-мә</b> қосымшалары, есімшенің <b>-ған/-гән, -қан/-кән</b> қосымшалары жалғанып, одан кейін <b>ине</b> көмекші етістігі тіркесіп, жіктік жалғауларымен түрленуі арқылы жасалады. |                                       |                                       |
| I  | ал+ма+ған <b>ине+м</b> 'алмаған едім' | ал+ма+ған <b>ине+к</b> 'алмаған едік' |

|     |                                |                                     |
|-----|--------------------------------|-------------------------------------|
| II  | ал+ма+ған ине+ң `алмаған едің` | ал+ма+ған ине+тез `алмаған едіңдер` |
| III | ал+ма+ған ине `алмаған еді`    | ал+ма+ған ине `алмаған еді`         |

Кесте 54

**Башқұрт тіліндегі -ған жалғаулы белгісіз өткен шақ (-ған ялғаулы билдәһез үткән заман)**

| Башқұрт тілінде  |  |   |
|--|--|---|
| <b>-ҒАН ЯЛҒАУЛЫ БИЛДӘҒЕЗ ҮТКӘН ЗАМАН</b>   |  |   |
| <i>Болымды түрі Барлық формаһы</i>   |  |   |
| Етістікке (түбір/негіз) <b>-ған/-гән, -қан/-кән</b> қосымшалары жіне жіктік жалғаулары жалғанып, одан соң іс-әрекеттің болжамдық, күмәнділік, сенімсіздік мәнін білдіретін сөздер тіркесуі арқылы жасалады.    |  |   |
| Жақ/<br>Зат  | Ж е к е ш е – Б е р л е к                                      | К ө п ш е - К ү п л е к   |
| I  | ал+ған+мын шикелле / ал-ған һымакмын алған сияқ-тымын`         | ал+ған+быз шикелле / алған һымак-быз `алған сияқтымыз`                |
| II   | ал+ған+һың шикелле / ал-ған һымакһың — кажется, (ты) взял.``   | ал+ған+һығыз шикелле / алған һы-макһығыз `алған сияқтысыңдар`         |
| III  | ал+ған шикелле / алған һы-мак<br>`алған сияқты`                | ал+ған(дар) шикелле / алған(дар) һымак `алған сияқты`                 |
| <i>Болымсыз түрі - Юклық формаһы</i>   |  |   |
| -ма/-мә тұлғалы болымсыз етістіктерге өткен шақтың <b>-ған/-гән</b> аффикс-тері және жіктік жалғаулары жалғанып, одан соң болжамдық, күмәнділік, сенімсіздік мәнін білдіретін сөздер тіркесуі арқылы жасалады. |  |   |
| I  | аңла+ма+ған+мын ахры/алма-ған һымакмын түсінбеген сияқтымын`   | аңла+ма+ған+быз ахры /алмаған һы-макбыз түсінбеген сияқтымыз`         |
| II   | аңла+ма+ған+һың ахры /ал-маған һымакһың `түсінбеген сияқтысың` | аңла+ма+ған+һығыз ахры /алмаған һымакһығыз `түсінбеген сияқтысың-дар` |
| III  | аңла+ма+ған ахры /алмаған һымак түсінбеген сияқты`             | аңла+ма+ған(дар) ахры /алмаған(-дар) һымак `түсінбеген сияқты`        |

Башқұрт тіліндегі белгісіз өткен шақ **-ған+ине** тұлғалы етістікке іс-әрекеттің болжамдық, күмәнділік, сенімсіздік мәнін

білдіретін сөздер тіркесуі арқылы да жасалады. Мысалы: *хин алған ине+ң шикелле* `сен алмаған сияқтысың`; *мин уларға бара торғайным шикелле* `мен оларға бармаған сияқтымын`

Кесте 56

**Башқұрт тіліндегі -ды жалғаулы белгісіз өткен шақ**  
(-ды ялғаулы билдәһез үткән заман)

| Башқұрт тілінде  |  |  |
|--|--|--|
| <b>-ДЫ ЯЛҒАУЛЫ БИЛДӘҒЕЗ ҮТКӘН ЗАМАН</b>  |  |  |
| <i>Болымды түрі - Барлық формаһы</i>   |  |  |
| Етістікке (түбір/негіз) -ды(/-де ны/-не, -но/-нө;; -до/-дө; -зы/-зе, -зо/-зө; -ты/-те, -то/-тө) қосымшалары, одан кейін жіктік жалғаулары жалғанып, одан соң іс-әрекеттің болжамдық, күмәнділік, сенімсіздік мәнін білдіретін сөздер тіркесуі арқылы жасалады. |  |  |
| Жақ/<br>Зат  | Ж е к е ш е – Б е р л е к                              | К ө п ш е - К ү п л е к  |
| I  | түлә+не+м шикелле (ахры)<br>`төлеген сияқтымын`        | түлә+не+к шикелле (ахры)<br>`төлеген сияқтымыз`                |
| II   | түлә+не+ң шикелле (ахры)<br>`төлеген сияқтысың`        | түлә+не+ғез шикелле (ахры)<br>`төлеген сияқтысыңдар`           |
| III  | түлә+не шикелле (ахры)<br>`төлеген сияқты`             | түлә+не(ләр) шикелле (ахры)<br>`төлеген сияқты`                |
| <i>Болымсыз түрі - Юклық формаһы</i>   |  |  |
| -ма/-мә тұлғалы болымсыз етістікке өткен шақтың -ны/-не аффикстері, жіктік жалғаулары жалғанып, одан соң болжамдық, күмәнділік, сенімсіздік мәнін білдіретін сөздер тіркесуі арқылы жасалады.  |  |  |
| I  | түлә+мә+не+м шикелле (ахры) `төле-<br>меген сияқтымын` | түлә+мә+не+к шикелле (ахры)<br>`төлемеген сияқтымыз`           |
| II   | түлә+мә+не+ң шикелле (ахры) төле-<br>меген сияқтысың`  | түлә+мә+не+ғез шикелле<br>(ахры) `төлемеген сияқтысың-<br>дар` |
| III  | түлә+мә+не шикелле (ахры) `төлеме-<br>ген сияқты`      | түлә+мә+не шикелле (ахры)<br>`төлемеген сияқты`                |

Келер шақ қимыл, іс-әрекеттің әлі болмағанын, сөйлеп тұрған сәттен кейін жүзеге асатынын білдіреді. Қазақ тіліндегі келер шақтың түрлері: болжалдық келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ.

Башқұрт тілінде киләсәк заман `келер шақ` билдәле киләсәк

заман `белгілі келер шақ` және билдәһез киләсәк заман `белгісіз келер шақ` болып екіге бөлінеді, әрқайсысы іштей бірнеше түрге ажырайды. Белгілі келер шақ түрлері: -а ялғаулы билдәле мотлак киләсәк заман, -ыр ялғаулы билдәле киләсәк заман, билдәле кәтғи киләсәк заман. Белгісіз келер шақ түрлері: -а ялғаулы билдәһез киләсәк заман, -ыр ялғаулы билдәһез киләсәк заман.

Кесте 57

Келер шақ етістіктерінің жақпен түрленуі

Киләсәк заман қылымдарының зат менән үзгәреше

| Қазақ тілінде  |  | Башқұрт тілінде  |  |  |   |
|--|--|--|--|--|---|
| Ауыспалы келер шақ   |  | -а ялғаулы билдәле мотлак киләсәк заман<br>`Нақтылы белгілі келер шақ` |  |  |   |
| Болымды түрі - Барлық формаһы  |  |  |  |  |   |
| Ауыспалы келер шақ -а, -е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақ бір-бірінен сөйлемдегі мағынасы арқылы ажыратылады. |  |  | -а/-ә, -й аффикстері жалғанған етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады. |  |   |
| Же кеше - Берлек   |  |  |  |  |   |
| Жақ  | Жасалу формуласы   | Мысал  | зат  | Яһалыш формулаһы   | Миҫал   |
| I  | T(H)E+a+мын<br>T(H)E+e+мін<br>T(H)E+й+мын<br>T(H)E+й+мін | бар+a+мын<br>күт+e+мін<br>оқ(ы)+и+мын<br>сөйле+й+мін<br>түз+e+мін      | I  | T(H)K+a+m<br>T(H)K+ә+m<br>T(H)K+й+ым<br>T(H)K+й+ем<br>T(H)K+й+өм<br>T(H)K+й+ом         | бар+a+m<br>кәт+ә+m<br>уқы+й+ым<br>һөйлә+й+ем<br>тәзә+й+өм |
| II   | T(H)E+a+сың<br>T(H)E+e+сің<br>T(H)E+й+сың<br>T(H)E+й+сің | бар+a+сың<br>оқ(ы)+и+сың<br>түз+e+сің                                  | II   | T(H)K+a+һың<br>T(H)K+ә+һең<br>T(H)K+й+һың<br>T(H)K+й+һең<br>T(H)K+й+һоң<br>T(H)K+й+һөң | бар+a+һың<br>уқы+й+һың<br>тәзә+й+һөң                      |
| III  | T(H)E+a+ды<br>T(H)E+e+ді<br>T(H)E+й+ды<br>T(H)E+й+ді     | бар+a+ды<br>оқ(ы)+и+ды<br>түз+e+ді                                     | III  | T(H)K+a<br>T(H)K+ә<br>T(H)K+й  | бар+a<br>уқы+й<br>тәзә+й                                  |
| Көпше - Күплек   |  |  |  |  |   |

|     |  |                                       |     |  |  |
|-----|--|---------------------------------------|-----|--|--|
| I   | T(H)E+a+мыз<br>T(H)E+e+міз<br>T(H)E+й+мыз<br>T(H)E+й+міз                 | барамыз<br>оқимыз<br>түземіз          | I   | T(H)K +a+быз<br>T(H)K +ә+без<br>T(H)K +й+быз<br>T(H)K +й+без<br>T(H)K+й+боз<br>T(H)K +й+бөз                          | бар+a+быз<br>уқы+й+быз<br>төзө+й+бөз       |
| II  | T(H)E+a+сың+дар<br>T(H)E+e+сің+дер<br>T(H)E+й+сың+дар<br>T(H)E+й+сің+дер | барасыңдар<br>оқисыңдар<br>түзесіңдер | II  | T(H)K+a+<br>һығыз<br>T(H)K+ә+<br><br>һегез<br>T(H)K+й+һығыз<br>T(H)K+й+<br>һегез T(H)K+й+<br>һоғоз T(H)K+й+<br>һөрөз | бар+a+һығыз<br>уқы+й+һығыз<br>төзө+p+һөгөз |
| III | T(H)E+a+ды<br>T(H)E+e+ді<br>T(H)E+й+ды<br>T(H)E+й+ді                     | барады<br>оқиды<br>түзеді             | III | T(H)K +a<br>T(H)K +ә<br>T(H)K +й   | бар+a<br>уқы+й<br>төзө+й                   |

Болымсыз түрі – Юклық форманы

Жекеше - Берлек

|                |  |                                     |     |  |  |
|----------------|--|-------------------------------------|-----|--|--|
| I              | T(H)E+ма/ба/<br>па+й+мын<br>T(H)E+ме/<br>бе+пе<br>+й+мін | бармаймын<br>оқымаймын<br>түзбеймін | I   | T(H)<br>K+ма+й+ым/<br>T(H)K +ма+м<br>T(H)<br>K+мә+й+ем/<br>T(H)K +мә+м | бар+ма+й+ым/<br>бар+ма+м<br>уқы+ма+й+ым/<br>уқы+ма+м<br>төзө+мә+й+ем/<br>төзө+мә+м |
| II             | T(H)E+ма/ба/<br>па+й+сың<br>T(H)E+ме/<br>бе+пе<br>+й+сің | бармайсың<br>оқымайсың<br>түзбейсің | II  | T(H)K<br>+ма+й+һың<br>T(H)K<br>+мә+й+һең                               | бар+ма+й+һың<br>уқы+ма+й+һың<br>төзө+мә+й+һең                                      |
| III            | T(H)E+ма/ба/<br>па+й+ды<br>T(H)E+ме/<br>бе+пе<br>+й+ді   | бармайды<br>оқымайды<br>түзбейді    | III | T(H)K+ма+й<br>T(H)K +мә+й  | бар+ма+й<br>уқы+ма+й<br>төзө+мә+й  |
| Көпше - Күплек |  |                                     |     |  |  |



|     |  |  |  |  |   |
|-----|--|--|--|--|---|
| I   | T(H)E+ма/ба/<br>па+й+мыз<br>T(H)E+ме/<br>бе+пе<br>+й+міз         | бармаймыз<br>оқымаймыз<br>түзбейміз          |  | T(H)<br>K+ма+й+быз<br>T(H)K +ма+быз<br>T(H)K<br>+мә+й+без/<br>T(H)K+мә+без | бар+ма+й+быз/<br>бар+ма+быз<br>уқы+ма+й+быз<br>/уқы+ма+быз<br>төзө+мә+й+без/<br>төзө+мә+без |
| II  | T(H)E+ма/ба/<br>па+й+сың+дар<br>T(H)E+ме/<br>бе+пе<br>+й+сің+дер | бармайсыңдар<br>оқымайсыңдар<br>түзбейсіңдер |  | T(H)K+ма+й+<br>һығыз<br>T(H)K+мә+й+<br>һегез                               | бар+ма+й+һығыз<br>уқы+ма+й+һығыз<br>төзө+мә+й+һегез   |
| III | T(H)E+ма/ба/<br>па+й+ды<br>T(H)E+ме/<br>бе+пе<br>+й+ді           | бармайды<br>оқымайды<br>түзбейді             |  | T(H)K+ма+й<br>T(H)K+мә+й   | бар+ма+й<br>уқы+ма+й<br>төзө+мә+й   |

Кесте 58

| Қазақ тілінде  |  |   | Башқұрт тілінде  |   |   |
|--|--|---|--|---|---|
| Болжалды келер шақ   |  |   | -ыр ялғаулы билдәле киләсәк заман<br>'-ыр жалғаулы белгілі келер шақ'  |   |   |
| <i>Болымды түрі - Барлық формаһы</i>   |  |   |  |   |   |
| Етістікке (түбір/негіз) -р/, -ар/-ер, қосымшалары жалғанып, жіктік жалғауларымен түрленуі арқылы жасалады. |  |   | Етістікке (түбір/негіз) -р/, -ыр/-ер, -ор/-өр қосымшалары жалғанып, жіктік жалғауларымен түрленуі арқылы жасалады. |   |   |
| <b>Ж е к е ш е - Б е р л е к</b>   |  |   |  |   |   |
| Жақ  | Жасалу формуласы   | Мысал   | Зат  | Яһалыш формулаһы  | Миҫал   |
| I  | T(H)E+r+мын<br>T(H)E+r+мін<br>T(H)E+ар+мын<br>T(H)E+ер+мін | оқы+r+мын<br>бар+ар+мын<br>біл+ер+мін<br>түзе+r+мін | I  | T(H)K+r+мын<br>T(H)K+ыр+мын<br>T(H)K +ер+мен<br>T(H)K+ор+мон<br>T(H)K +өр+мөн | уқы+r+мын<br>бар+ыр+мын<br>бел+ер+мен<br>төзө+r+мөн |
| II   | T(H)E+r+сың<br>T(H)E+r+сің<br>T(H)E+ар+сың<br>T(H)E+ер+сің | оқы+r+сың<br>бар+ар+сың<br>біл+ер+сің<br>түзе+r+сің | II   | T(H)K+r+һың<br>T(H)K+ыр+һың<br>T(H)K +ер+һең<br>T(H)K+ор+һоң<br>T(H)K +өр+һөң | уқы+r+һың<br>бар+ыр+һың<br>бел+ер+һең<br>төзө+r+һөң |
| III  | T(H)E+r<br>T(H)E+r<br>T(H)E+ар<br>T(H)E+ер                 | оқы+r<br>бар+ар<br>біл+ер<br>түзе+r                 | III  | T(H)K +р(/-ыр,<br>-ер, -ор, -өр)  | уқы+r<br>бар+ыр<br>бел+ер<br>төзө+r                 |
| <b>К ө п ш е - К ү п л е к</b>   |  |   |  |   |   |

|   |  |   |  |  |   |
|---|--|---|--|--|---|
| I   | T(H)E+p+мыз<br>T(H)E+p+міз<br>T(H)E+ар+мыз<br>T(H)E+ер+<br>міз                                       | оқы+p+мыз<br>бар+ар+мыз<br>біл+ер+міз<br>түзе+p+міз                 | I  | T(H)K+p+быз<br>(/-без, -боз,<br>-бөз)<br>T(H)K+ыр+<br>быз T(H)K+ер+<br>без<br>T(H)K+ор+боз<br>T(H)K+өр+бөз                         | уқы+p+быз<br>бар+ыр+быз<br>бел+ер+без<br>төзө+p+бөз         |
| II  | T(H)E+p+сың+<br>дар<br>T(H)E+p+сің+<br>дер<br>T(H)E+ар+сың+<br>дар<br>T(H)E+ер+сің+<br>дер           | оқы+p+сың+дар<br>бар+ар+сың+дар<br>біл+ер+сің+дер<br>түзе+p+сің+дер | II   | T(H)K+p+һы-<br>ғыз(/-hereз, -һо-<br>ғоз,<br>-һөгөз)<br>T(H)K +ыр+һы-<br>ғыз T(H)K+ер+<br>hereз<br>T(H)K+ор+һоғоз<br>T(H)K+өр+һөгөз | уқы+p+һығыз<br>бар+ыр+һығыз<br>бел+ер+hereз<br>төзө+p+һөгөз |
| III   | T(H)E+p<br>T(H)E+p<br>T(H)E+ар<br>T(H)E+ер   | бар+ар<br>оқы+p<br>біл+ер<br>түзе+p                                 | III  | T(H)K +p<br>T(H)K +ыр<br>T(H)K+ер<br>T(H)K +ор<br>T(H)K +өр  | бар+ыр<br>уқы+p<br>бел+ер<br>төзө+p                         |
| <i>Болымсыз түрі – Юклық форманы</i>  |  |   |  |  |   |
| <p>а) Болымсыз етістікке -с қосымшасы жалғанып, жіктік жалғауымен түрлену арқылы жасалады;<br/>б) I жақ жекеше түрі болымсыз етістікке -н қосымшасы жалғанып та жасалады.</p> |  |   | <p>а) Болымсыз етістікке -ç қосымшасы жалғанып, жіктік жалғауымен түрлену арқылы жасалады.<br/>б) I жағы болымсыз етістікке жіктік жалғауы тікелей жалғанып та жасалады.</p> |  |   |
| <b>Жекеше - Берлек</b>  |  |   |  |  |   |
| I   | T(H)E+ма/ба/<br>па+с+пын<br>T(H)E+ма/ба/<br>па+н<br>T(H)E+ме/бе/<br>пе+с+пін<br>T(H)E+ме/бе/<br>пе+н | бар+ма+с+пын/<br>бар+ма+н<br>оқы+ма+с+пын/<br>оқы+ма+н              | I  | T(H)K+ма+ç+<br>мын/ T(H)K<br>+ма+м<br>T(H)K+мә+ç+<br>мен/ T(H)<br>K+мә+м   | бар+ма+ç+мын/<br>бар+ма+м<br>уқы+ма+ç+мын/<br>уқы+ма+м      |
| II  | T(H)E+ма/ба/<br>па+с+сың<br>T(H)E+ме/бе/<br>пе+с+сің   | бар+ма+с+сың<br>оқы+ма+с+сың  | II   | T(H)K +ма+ç+<br>һың<br>T(H)K+мә+ç+һең  | бар+ма+ç+һың<br>уқы+ма+ç+һың                                |

|                                |  |  |     |   |  |
|--------------------------------|--|--|-----|---|--|
| III                            | T(H)E+ма/ба/<br>па+с<br>T(H)E+ме/бе/<br>пе+с                 | бар+ма+с<br>оқы+ма+с                         | III | T(H)K +ма+ç<br>T(H)K +мә+ç  | бар+ма+ç<br>уқы+ма+ç   |
| <b>К ө п ш е - К ү п л е к</b> |  |  |     |   |  |
| I                              | T(H)E+ма/ба/<br>па+с+пыз<br>T(H)E+ме/бе/<br>пе+с+піз         | бар+ма+с+пыз<br>оқы+ма+с+пыз                 | I   | T(H)K+ма+ç+<br>быз T(H)K+<br>ма+ç+<br>быз /T(H)K+ма+<br>быз<br>T(H)K+мә+ç+<br>без/T(H)K +мә+<br>без | бар+ма+ç+быз/<br>бар+ма+ç+быз/<br>бар+ма+быз/<br>уқы+ма+ç+быз/<br>уқы+ма+быз |
| II                             | T(H)E+ма/ба/<br>па+с+сың+дар<br>T(H)E+ме/бе/<br>пе+с+сің+дер | бар+ма+с+сың+<br>дар<br>оқы+ма+с+сың+<br>дар | II  | T(H)K +ма+ç+<br>һығыз<br>T(H)K +мә+ç+<br>һегез  | бар+ма+ç+һы-<br>ғыз<br>уқы+ ма+ç+һы-<br>ғыз                                  |
| III                            | T(H)E+ма/ба/<br>па+с<br>T(H)E+ме/бе/<br>пе+с                 | бар+ма+с<br>оқы+ма+с                         | III | T(H)K+ма+ç<br>T(H)K +мә+ç   | бар+ма+ç<br>уқы+ма+ç   |

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі келер шақтың түрлері бір-бірімен барлық жағдайда сәйкес келе бермейді.

*Кесте 59*

**Қазақ тіліндегі мақсатты келер шақ**

|  |  |  |
|--|--|--|
| <b>Қазақ тілінде</b>   |  |  |
| <b>Мақсатты келер шақ</b>  |  |  |
| <i>Болымды түрі</i>  |  |  |
| а) Мақсатты келер шақ етістікке (түбір/негіз) <b>-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек</b> қосымшалары жалғанып, одан кейін жіктік жалғауларының үстелуі арқылы жасалады |  |  |
| <b>Жақ</b>   | <b>Ж е к е ш е</b>   | <b>К ө п ш е</b>   |
| I  | бар+мақ+пын<br>кел+мек+пін<br>сат+пақ+пын<br>кет+пек+пін<br>жаз+бақ+пын<br>жүз+бек+пін | бар+мақ+пыз<br>кел+мек+піз<br>сат+пақ+пыз<br>кет+пек+піз<br>жаз+бақ+пыз<br>жүз+бек+піз |

|     |  |  |
|-----|--|--|
| II  | бар+мақ+сың/бар+мақ+сыз<br>кел+мек+сің/кел+мек+сіз<br>сат+пақ+сың/сат+пақ+сыз<br>кет+пек+сің/кет+пек+сіз<br>жаз+бақ+сың/жаз+бақ+сыз<br>жүз+бек+сің/жүз+бек+сіз | бар+мақ+сың+дар/<br>бар+мақ+сыз+дар<br>кел+мек+сің+дер/кел+мек+сіз+дер<br>сат+пақ+сың+дар/<br>сат+пақ+сыз+дар<br>кет+пек+сің+дер/кет+пек+сіз+дер<br>жаз+бақ+сың+дар/<br>жаз+бақ+сыз+дар<br>жүз+бек+сің+дер/жүз+бек+сіз+дер |
| III | бар+мақ<br>кел+мек<br>сат+пақ<br>кет+пек<br>жаз+бақ<br>жүз+бек   | бар+мақ<br>кел+мек<br>сат+пақ<br>кет+пек<br>жаз+бақ<br>жүз+бек   |

Болымсыз түрі

б) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек қосымшалы етістіктерге емес көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады, көмекші етістік жіктеледі.

|     |  |  |
|-----|--|--|
| I   | бар+мақ емес+пін<br>кел+мек емес+пін<br>сат+пақ емес+пін<br>кет+пек емес+пін<br>жаз+бақ емес+пін<br>жүз+бек емес+пін | бар+мақ емес+піз<br>кел+мек емес+піз<br>сат+пақ емес+піз<br>кет+пек емес+піз<br>жаз+бақ емес+піз<br>жүз+бек емес+піз                         |
| II  | бар+мақ емес+сің<br>кел+мек емес+сің<br>сат+пақ емес+сің<br>кет+пек емес+сің<br>жаз+бақ емес+сің<br>жүз+бек емес+сің | бар+мақ емес+сің+дер<br>кел+мек емес+сің+дер<br>сат+пақ емес+сің+дер<br>кет+пек емес+сің+дер<br>жаз+бақ емес+сің+дер<br>жүз+бек емес+сің+дер |
| III | бар+мақ емес<br>кел+мек емес<br>сат+пақ емес<br>кет+пек емес<br>жаз+бақ емес<br>жүз+бек емес                         | бар+мақ емес<br>кел+мек емес<br>сат+пақ емес<br>кет+пек емес<br>жаз+бақ емес<br>жүз+бек емес   |

б) Мақсатты келер шақ етістікке (түбір/негіз) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек қосымшалары, одан соң -шы/-ші қосымшасы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауларының үстелуі арқылы да жасалады.

Болымды түрі

|                      |  |  |
|----------------------|--|--|
| I                    | бар+мақ+шы+мын<br>кел+мек+ші+мін<br>сат+пақ+шы+мын<br>кет+пек+ші+мін<br>жаз+бақ+шы+мын<br>жүз+бек+ші+мін                               | бар+мақ+шы+мыз<br>кел+мек+ші+міз<br>сат+пақ+шы+мыз<br>кет+пек+ші+міз<br>жаз+бақ+шы+мыз<br>жүз+бек+ші+міз   |
| II                   | бар+мақ+шы+сың<br>кел+мек+ші+сің<br>сат+пақ+шы+сың<br>кет+пек+ші+сің<br>жаз+бақ+шы+сың<br>жүз+бек+ші+сің                               | бар+мақ+шы+сың+дар<br>кел+мек+ші+сің+дер<br>сат+пақ+шы+сың+дар<br>кет+пек+ші+сің+дер<br>жаз+бақ+шы+сың+дар<br>жүз+бек+ші+сің+дер                               |
| III                  | бар+мақ+шы<br>кел+мек+ші<br>сат+пақ+шы<br>кет+пек+ші<br>жаз+бақ+шы<br>жүз+бек+ші   | бар+мақ+шы<br>кел+мек+ші<br>сат+пақ+шы<br>кет+пек+ші<br>жаз+бақ+шы<br>жүз+бек+ші   |
| <i>Болымсыз түрі</i> |  |  |
|                      | бар+мақ+шы емес+пін<br>кел+мек+ші емес+пін<br>сат+пақ+шы емес+пін<br>кет+пек+ші емес+пін<br>жаз+бақ+шы емес+пін<br>жүз+бек+ші емес+пін | бар+мақ+шы емес+піз<br>кел+мек+ші емес+піз<br>сат+пақ+шы емес+піз<br>кет+пек+ші емес+піз<br>жаз+бақ+шы емес+піз<br>жүз+бек+ші емес+піз                         |
|                      | бар+мақ+шы емес+сің<br>кел+мек+ші емес+сің<br>сат+пақ+шы емес+сің<br>кет+пек+ші емес+сің<br>жаз+бақ+шы емес+сің<br>жүз+бек+ші емес+сің | бар+мақ+шы емес+сің+дер<br>кел+мек+ші емес+сің+дер<br>сат+пақ+шы емес+сің+дер<br>кет+пек+ші емес+сің+дер<br>жаз+бақ+шы емес+сің+дер<br>жүз+бек+ші емес+сің+дер |
|                      | бар+мақ+шы емес<br>кел+мек+ші емес<br>сат+пақ+шы емес<br>кет+пек+ші емес<br>жаз+бақ+шы емес<br>жүз+бек+ші емес                         | бар+мақ+шы емес<br>кел+мек+ші емес<br>сат+пақ+шы емес<br>кет+пек+ші емес<br>жаз+бақ+шы емес<br>жүз+бек+ші емес   |

Кесте 60

**Башқұрт тіліндегі белгілі нақты келер шақ  
(билдәле кәтғи киләсәк заман)**

| Башқұрт тілінде  |  |   |
|--|--|---|
| Билдәле кәтғи киләсәк заман<br>`Белгілі нақты келер шақ`   |  |   |
| Болымды түрі - Барлық формаһы  |  |   |
| а) Етістікке (түбір/негіз) -сак/-сәк, -асак/-әсәк, -ясак/-йәсәк қосымшалары жалғанып, одан кейін жіктелуі арқылы жасалады. |  |   |
| Жак/<br>Зат  | Ж е к е ш е – Б е р л е к  | К ө п ш е - К ү п л е к   |
| I  | ал+асак+мын `алашақпын/аламын (қалай болғанда да)`<br>һөйлә+йәсәк+мен `айтамын(қалай болғанда да)` | ал+асак +быз `алашақпыз/аламыз (қалай да)`<br>һөйлә+йәсәк+без `айтамыз(қалай да)`     |
| II   | ал+асак +һың `алашақсың/аласың(қайткенде де)` һөйлә+йәсәк +һең `айтасың (міндетті түрде)`          | ал+асак+һығыз `алашақсың/аласың (қалай да)`<br>һөйлә+йәсәк+һегез `айтасың (қалай да)` |
| III  | ал+асак `алашақ/алады(қалайда)`<br>һөйлә+йәсәк `айтады(қайткенде де)`                              | ал+асак(тар) `алажақ/алады(қалайда)`<br>һөйлә+йәсәк(тәр) `айтады(қалайда)`            |
| Болымсыз түрі Юклық формаһы  |  |   |
| Болымсыз етістікке -сак/-сәк, -асак/-әсәк, -ясак/-йәсәк қосымшалары жалғанып, одан кейін жіктелуі арқылы жасалады.         |  |   |
| I  | ал+ма+ясак+мын `алмаймын/алашақ емеспін`<br>һөйлә+мә+йәсәк+мен `айтпаймын`                         | ал+ма+ясак+быз `алмаймыз/алашақ емеспіз`<br>һөйлә+мә+йәсәк+без `айтпаймыз`            |
| II   | ал+ма+ясак+һың `алмайсың/алашақ емессің`<br>һөйлә+мә+йәсәк +һең `айтпайсың`                        | ал+ма+ясак+һығыз `алмайсыңдар/алашақ емессің`<br>һөйлә+мә+йәсәк+һегез `айтпайсыңдар`  |
| III  | ал+ма+ясак `алмайды/алашақ емес`<br>һөйлә+мә+йәсәк `айтпайды`                                      | ал+ма+ясак `алмайды/алашақ емес`<br>һөйлә+мә+йәсәк `айтпайды`                         |

|  |  |  |
|--|--|--|
| <p>б) Осы шақтың <b>-а/-ә,-й</b> қосымшалары жалғанған етістіктер <b>барыбер</b> 'бәрібір' сөзіне, <b>бер нигә (нәмәгә) карамай</b> 'ешнәрсеге қарамай/ қайткенде де', <b>таш яуһа ла тас жауса да/қалай болғанда да)</b> 'тіркестерінен кейін қолданылуы арқылы жасалады.</p> |  |  |
| <p><b>Болымды түрі Барлық формаһы</b></p>  |  |  |
|  | <p>барыбер бар+а+м 'бәрібір барамын'<br/>барыбер төзө+й+төм 'бәрібір түземін/саламын(құрылыс)'</p>     | <p>барыбер бар+а+быз 'бәрібір түземіз'<br/>барыбер төзө+й+бөз 'бәрібір түземіз/саламыз(құрылыс)'</p>                 |
|  | <p>барыбер бар+а+һың 'бәрібір барасың'<br/>барыбер төзө+й+һең 'бәрібір түзесің'</p>                    | <p>барыбер бар+а+һығыз 'бәрібір барасыңдар'<br/>барыбер төзө+р+һөгөз 'бәрібір түзесіңдер'</p>                        |
|  | <p>барыбер бар+а 'бәрібір барады'<br/>барыбер төзө+й 'бәрібір түзеді'</p>                              | <p>барыбер бар+а 'бәрібір барады'<br/>барыбер төзө+й 'бәрібір түзеді'</p>  |
| <p><b>Болымсыз түрі Юклық формаһы</b></p>  |  |  |
|  | <p>барыбер бар+ма+й+ым/бар+ма+м 'бәрібір бармаймын'<br/>барыбер төзө+мә+й+ем/төзө+мә+м 'түзбеймін'</p> | <p>барыбер бар+ма+й+быз/бар+ма+быз 'бәрібір бармаймыз'<br/>барыбер төзө+мә+й+без/төзө+мә+без 'бәрібір түзбейміз'</p> |
|  | <p>барыбер бар+ма+й+һың 'бәрібір бармайсың'<br/>барыбер төзө+мә+й+һең 'бәрібір түзбейсің'</p>          | <p>барыбер бар+ма+й+һығыз 'бәрібір бармайсыңдар'<br/>барыбер төзө+мә+й+һегөз 'бәрібір түзбейсіңдер'</p>              |
|  | <p>барыбер бар+ма+й 'бәрібір бармайды'<br/>барыбер төзө+мә+й 'бәрібір түзбейді'</p>                    | <p>барыбер бар+ма+й 'бәрібір бармайды'<br/>барыбер төзө+мә+й 'бәрібір түзбейді'</p>                                  |

Башқұрт тіліндегі белгілі нақты келер шақ жасайтын **-сак** қосымшасы тек жазба тілде ғана қолданылады, ауыз әдебиеті үлгілерінде де, ауызекі тілде де қолданылмайды. Башқұрт тіліндегі **-сак** тұлғалы белгілі нақты келер шақтың мәні уәдені, антты білдіреді, **-сак** тұлғалы етістікті қолданған адам қандай жағдай болса да уәдесінде тұруы қажет.

Қазақ тілінде келер шақтық мәні бар **-ашақ/-ешек, -ажақ/-ежек** тұлғасы өте сирек қолданылады: берешек, алашақ т.б. Қазақ тіліндегі **-ашақ/-ешек, -ажақ/-ежек** қосымшаларының сөзжасамдық сапасы бар.

Башқұрт тіліндегі билдәһез киләсәк заманның `белгісіз келер шақ` екі түрі бар: **-а ялғаулы билдәһез киләсәк заман** ` -а жалғаулы белгісіз келер шақ`, **-ыр ялғаулы билдәһез киләсәк заман** ` -ыр жалғаулы белгісіз келер шақ`

Кесте 61

**Башқұрт тіліндегі -а жалғаулы белгісіз келер шақ  
(-а ялғаулы билдәһез киләсәк заман)**

| Башқұрт тлінде   |  |  |
|--|--|--|
| -а ялғаулы билдәһез киләсәк заман<br>`-а жалғаулы белгісіз келер шақ`  |  |  |
| Болымды түрі - Барлык формаһы  |  |  |
| -а/-ә, -й тұлғалы етістіктер жіктеліп, одан кейін болжамдық, күмәнділік, сенімсіздік мән білдіретін тілдік бірліктердің тіркесуі арқылы жасалады   |  |  |
| Жақ/<br>Зат  | Же к е ш е – Б е р л е к   | К ө п ш е - К ү п л е к  |
| I  | (мин) бар+а+м шикелле (ахры)/барам һымак/барам+дыр һымак<br>` (мен) баратын сияқтымын`               | (без) бар+а+быз шикелле (ахры)/барабыз һымак/барабыз+зыр һымак<br>` (біз) баратын сияқтымыз`                       |
| II   | (һин) бар+а+һың шикелле (ахры)/бараһың һымак/бараһың+дыр һымак ` (сен) баратын сияқтысың`            | (һез) бар+а+һығыз шикелле (ахры)/бараһығыз һымак/бараһығыз+зыр һымак ` (сендер) баратын сияқтысыңдар`              |
| III  | (ул) бар+а шикелле (ахры)/бара һымак/бара+лыр һымак<br>` (ол) баратын сияқты`                        | (улар) бар+а шикелле (ахры)/бара һымак/бара+лыр һымак ` (олар) баратын сияқты`                                     |
| Болымсыз түрі - Юклык формаһы  |  |  |
| Болымсыз етістікке -а/-ә, -й қосымшалары, одан кейін жіктік жалғаулары жалғанып, содан кейін болжамдық, күмәнділік, сенімсіздік мән білдіретін тілдік бірліктердің тіркесуі арқылы жасалады. |  |  |
| I  | (мин) бар+ма+й+ым шикелле (ахры)/бармайым һымак/бармайымдыр һымак ` (мен) бармайтын сияқтымын`       | (без) бар+ма+й+быз шикелле (ахры) / бармайбыз һымак/ бармайбыззыр һымак<br>` (біз) бармайтын сияқтымыз`            |
| II   | (һин) бар+ма+й+һың шикелле (ахры)/бармайһың һымак/бармайһыңдыр һымак<br>` (сен) бармайтын сияқтысың` | (һез) бар+ма+й+һығыз шикелле (ахры) /бармайһығыз һымак/ бармайһығыззыр һымак<br>` (сендер) бармайтын сияқтысыңдар` |



|     |  |  |
|-----|--|--|
| III | (ул) бар+ма+й шикелле (ахры)/<br>бармай һымак/ бармайзыр<br>һымак<br>'(ол) бармайтын сияқты' | (улар) бар+ма+й шикелле (ахры)/<br>бармай һымак/бармайзыр һымак<br>'(олар) бармайтын сияқты' |
|-----|--|--|

Кесте 63

**Башқұрт тіліндегі -ыр жалғаулы белгісіз келер шақ  
(-ыр ялғаулы билдәһез киләсәк заман)**

| Башқұрт тілінде   |   |   |
|---|---|---|
| -ыр ялғаулы билдәһез киләсәк заман<br>'-ыр жалғаулы белгісіз келер шақ'   |   |   |
| <i>Болымды түрі - Барлық формаһы</i>  |   |   |
| Етістікке (түбір/негіз) -р/, -ыр/-ер, -ор/-өр қосымшалары, одан кейін жіктік жалғаулары жалғанып, содан кейін болжамдық, күмәнділік, сенімсіздік мән білдіретін тілдік бірліктердің тіркесуі арқылы жасалады. |   |   |
| Жақ/<br>Зат   | Ж е к е ш е – Б е р л е к   | К ө п ш е - К ү п л е к   |
| I   | бар+ыр+мын һымак (төс-<br>лө) 'баратын сияқтымын'   | бар+ыр+быз һымак (төс-<br>лө) 'баратын<br>сияқтымын'  |
| II  | бар+ыр+һың һымак (төс-<br>лө) 'баратын сияқтысың'   | бар+ыр+һығыз һымак (төс-<br>лө) 'баратын<br>сияқтысыңдар'   |
| III   | бар+ыр һымак (төс-<br>лө) 'баратын сияқты'  | бар+ыр һымак (төс-<br>лө) 'баратын сияқты'  |
| <i>Болымсыз түрі - Юклық формаһы</i>  |   |   |
| Болымсыз етістікке -ç қосымшасы, одан кейін жіктік жалғаулары жалғанып, содан кейін болжамдық, күмәнділік, сенімсіздік мән білдіретін тілдік бірліктердің тіркесуі арқылы жасалады.                           |   |   |
| I   | бар+ма+ç+мын һымак<br>(төс-лө) / бар+ма+м һымак<br>(төс-лө) / бар+ма+ç+мын+дыр<br>һымак (төс-лө) 'бармайтын<br>сияқтымын' | бар+ма+ç+быз / бар+ма+быз һымак (төс-<br>лө) / бар+ма+быз+зыр һымак (төс-<br>лө)<br>'бармайтын сияқтымыз' |
| II  | бар+ма+ç+һың һымак (төс-<br>лө) 'бармайтын сияқтысың'   | бар+ма+ç+һығыз һымак (төс-<br>лө)<br>'бармайтын сияқтысыңдар'   |
| III   | бар+ма+ç һымак (төс-<br>лө) 'бармайтын сияқты'  | бар+ма+ç һымак (төс-<br>лө) 'бармайтын<br>сияқты'   |

## § 17. Көмекші етістіктер

Түркі тілдерінде етістік қызметі көмекші етістіктермен тығыз байланысты. Көмекші етістіктер грамматикалық дамудың нәтижесінде бастапқы лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық қызметке өткен, яғни грамматикалану үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырылғанымен, олардың басым бөлігі дербес етістіктер ретінде де кеңінен қолданылады. Көмекші етістіктер қимылдың қалай жасалғанын нақтылы сипаттап, дәл көрсетуде ерекше қызмет атқаратындықтан көмекші етістіктердің қатысынсыз қимыл, іс-әрекеттің ерекшеліктері толық айқындалмайды. Қазақ-башқұрт тілдерінде де бірнеше көмекші етістіктер қолданылады.

Кесте 64

### Қазақ-башқұрт тілдеріндегі көмекші етістіктер

| КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР ҚЫЗМЕТІНДЕ ЖҰМСАЛАТЫН ЕТІСТІКТЕР<br>ЯРЗАМСЫ ҚЫЛЫМ БУЛЫП ЙӨРӨГӘН ҮЗ АЛЛЫ ҚЫЛЫМДАР |  |                 |  |
|---|--|-----------------|--|
| Қазақ тілінде   |  | Башқұрт тілінде |  |
| Көмекші етістіктер  | Мысалдар   | Ярзамсы қылым   | Миқалдар   |
| ал-   | жүре алу<br>айта алу<br>оқып алып кету<br>істеп алып кету      | ал-             | йөрөй алыу<br>әйтә алыу<br>уқып алып китеу<br>әшләп алып китеу |
| баста-  | билей бастау<br>айғайлай бастау<br>үре бастау<br>сөйлей бастау | башла-          | бейей башлау<br>кыскыра башлау<br>өрә башлау<br>һөйләй башлау  |
| бар-  | кетіп барады   | бар-            | китеп барыу  |

|                 |   |        |  |
|-----------------|---|--------|--|
| бер-            | арта беру<br>азая беру/кеми беру<br>үлкея беру<br>нашарлай беру<br>жақсара беру | бар-   | арта барыу<br>азая барыу/кәмей<br>барыу<br>зурая барыу<br>насарая барыу<br>матурая барыу |
| бер-            | сала беру<br>сөйлей беру<br>ойнай беру<br>оқи беру                              | бир-   | һала биреу<br>һөйләй биреу<br>уйнай биреу<br>укий биреу                                  |
| бол-            |   | бул-   | барып була<br>һөйләп була  |
| біт-            | ішіп біту   | бөт-   | әсеп бөтөу   |
| жат-/<br>жатыр- | бара жатыр<br>кетіп бара жатыр  | ят-    | бара ятыу<br>китеп бара ятыу   |
| жібер-          | жағып жіберу<br>суытып жіберу<br>жырлап жіберу/ән<br>салып жіберу               | ебәр-  | яғып ебәреу<br>һыуытып ебәреу<br>йырлап ебәреу   |
| кел-            | шешек атып келеді<br>іс бітіп келеді<br>жасарып келеді                          | кил-   | сәскә атып килеу<br>әш бөтөп килеу<br>йәшәреп килеу<br>көгәріп келеді                    |
| кет-            | аттап кету<br>жүгіріп кету<br>мініп кету<br>алып кету                           | кит-   | атлап китеу<br>йүгереп китеу<br>менеп китеу<br>алып китеу                                |
| қал-            | келіп қалу  | қал-   | килеп қалыу  |
| қой-            | күліп қою<br>қарап қою<br>күрсініп қою<br>айғайлап қою                          | қуй-   | көлөп қуйыу<br>қарап қуйыу<br>көрһөнөп қуйыу<br>қыскырып қуйыу                           |
| отыр-           | оқып отыр<br>келіп отыр   | ултыр- | уқып ултырыу<br>китеп ултырыу  |
| сал-            | айта салу<br>асай салу<br>кете салу   | һал-   | әйтә һалыу<br>ашай һалыу<br>китә һалыу   |
| таста-          | айтып тастау  | ташла- | әйтеп ташлау   |

|      |                                 |        |  |
|------|---------------------------------|--------|--|
| түс- | билей түсу<br>келіп түсу        | төш-   | бейергә төшөү<br>килеп төшөү   |
| тұр- | келіп тұр                       | тор-   | килеп тороу  |
| шық- | оқып шығу                       | сык-   | укып сығыу   |
|      |                                 | маташ- | әйтергә маташыу<br>`айтуға тырысты`  |
|      |                                 | тотон- | һөйләргә тотоноу<br>`сөйлей бастады`<br>уйнарға тотоноу<br>`ойнай бастады`<br>уқырға тотоноу<br>`айта бастады` |
| бақ- | айтып бақты<br>әректтеніп бақты | -      |  |

### § 18. Үстеу

Түркі тілдеріндегі қимыл-әрекеттің жай-күйін, әртүрлі белгілерін, жүзеге асу амалдарын, мекенін, себебін, мезгілін білдіретін сөз табы – үстеулердің табиғаты тым күрделі, сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметі де нақтылы сөйлем мүшелеріне байлаулы емес, негізінен етістікпен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарса, кейде заттанып, бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады.

Үстеулер морфологиялық тұлғасын өзгертуге де бейім келеді, яғни есім сөздерге тән қосымшаларды қабылдап түрленеді. Сондықтан түркі тілдеріндегі үстеулерді кей жағдайда зат есім, сын есімдерден, есімдіктерден ажыратып алу қиындықтар тудырып жатады. «Кейбір сөздерді белгілі бір сөз табына енгізу мүмкін емес, олар екі немесе үш категория арасындағы ауыспалы бірліктер: 1) зат есім – етістік; 2) етістік – зат есім; 3) зат есім – сын есім; 4) сын есім–зат есім; 5) сын есім – үстеу; 6) зат есім – сын есім – үстеу; 7) үстеу – сын есім – зат есім. Барлық жағдайдағы бастапқы нүктесін лексеманың семантикасы айқындайды, ол сөздің грамматикалық дамуы сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметіне

байланысты.<sup>1</sup> Жалпы сөз таптарын тұрақтандырғыш тетіктер қызметін морфологиялық көрсеткіштер (аффикстер) атқарады, тұрақтанған сөз таптары үш өлшемге – семантикаға, синтаксиске, морфологияға бағынады. Ал үстеу тудыратын қосымша морфемалар кей жағдайда басқа сөз таптарын жасайтын қосымшалармен, септік категорияларымен, көсемшенің, есімшенің жұрнақтарымен сәйкес келіп жатады. «Үстеудің көпшілігі басқа сөз таптарынан әр түрлі тәсілдер арқылы қалыптасқан сөздер. Елеусіз ғана мағыналық және морфологиялық өзгеріс арқылы сөз табының әрқайсысы үстеуге айналады.<sup>2</sup>

Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы қазақ және башқұрт тілдеріндегі үстеулердің құрылымы, сөйлемдегі қызметі бірдей болғанымен, оларды лексика-семантикалық тұрғыдан топтау мәселесінде біраз өзгешеліктер бар. Сондай-ақ қазақ тілінде сын есімдер құрамында қарастырылатын кейбір лексемалар башқұрт тілінде үстеулерге жатқызылады.

Қазақ-башқұрт тілдерінде үстеулер морфологиялық құрылымы жағынан түбір (негізгі) үстеулер/тамыр рәуеш, туынды үстеулер/ яһалма рәуеш және күрделі үстеулер/ кушма рәуеш болып үшке бөлінеді.

**Түбір үстеу / Тамыр рәуеш** морфемалық құрамы жағынан бөлшектеуге келмейтін (синхронды тіл білімі бойынша) сөздерден жасалады. Қазақ тіліндегі негізгі үстеулерге *әрең, енді, қазір, ерте, кеш, үнемі, жылдам, ақырын, жаңа, ылғи, тым, аса, өте, әрі, бері, төмен, дереу, кері, нақ, нағыз, дәл, түгел, мүлде* т.б. сөздері, башқұрт тіліндегі тамыр рәуештерге *хәзер`қазір`, яй`жай/жәй`, тиз`тез`, қапыл`қапыда (аяқастынан, күтпеген жағдайда)`, шәп`тез`, йәйәу`жаяу`, алыс`алыс`, яқын`жақын`, элек`ерте`* т.б. сөздері жаилады.

**Туынды үстеу / Яһалма рәуеш** басқа сөз таптарынан арнайы қосымшалар жалғану арқылы жасалады. Қазақ-башқұрт тілдеріндегі туынды үстеулер кейбір септік жалғауларын қабылда-

<sup>1</sup> Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. – С. 27.

<sup>2</sup> Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 181,182.

ған сөздердің адвербиалдануы арқылы да жасалады. Қазақ тіліндегі туынды үстеулер: *қатарлай, қазақша, босқа, түнде, баяғыда, қапыда, лезде, шетінен, шалқасынан, қырынан* т.б. Башқұрт тіліндегі яһалма рәуештер: *аксалата* 'ақшалай', *көзөн* 'күзде', *йәштәрсә* 'жастарша', *һиндәй* 'сеңдей' т.б.

**Күрделі үстеу / Кушма рәуеш** - екі немесе одан да көп түбірлердің бірігуі, қосарлануы және тіркесуі арқылы қалыптасқан үстеулер. Қазақ тіліндегі күрделі үстеулер үш түрлі жолмен жасалады:

1) Басқа сөз таптарының бірігуі, кірігуі нәтижесінде пайда болған үстеулер: *бүгін, биыл, жаздығүні, қыстығүні, ендігәрі* т.б.;

2) Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған үстеулер: *бірте-бірте, бет-бетімен, бостан- босқа, қолма-қол, оқта-текте, анда-санда, жата-жастана, жапа-тармағай, аз-аздап, күні-түні* т.б.;

3) сөздердің тіркесуі мен идиомаланған тіркестер: *алдын ала, ала жаздай, күні кеше, күні бүгін, ертеден қара кешке, томаға тұйық, күн ілгері, күн ұзаққа* т.б.<sup>1</sup>

Башқұрт тілінде күрделі үстеулер жасалу жолына байланысты төрт топқа бөлінеді:

1) Сөздердің бірігуі арқылы жасалған (һүззәрзе кушыу юлы менән) үстеулер: *быйыл* 'биыл', *барыбер* 'бәрібір' т.б.;

2) Екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған қосарлы үстеулер (парлы рәуештәр): *язлы-көзлә* 'жазымен, күзімен', *һирәк-һаяк* 'сирек', *йәйен-қышын* 'қысы-жазы', *ара-тирә* 'ара-тұра' т.б.;

3) Бір сөздің қайталануы арқылы жасалған қайталама үстеулер (кабатлау юлы менән яһалған): *вакыт-вакыт* 'уақыт-уақытымен', *шәп-шәп* 'тез-тез', *йыш-йыш* 'жиі-жиі', *һүзмә-һүз* 'сөзбе-сөз' т.б.;

4) Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған құранды үстеулер (тезмә рәуештәр): *һәр вакыт* 'әр уақыт, әрқашан, был юлы 'бұл жолы', *шунан бирле* 'содан бері', *бер сак* 'біркүні' т.б. Башқұрт тілінде кейбір сөздердің сын есімдер қатарында да, үстеулер қатарында да қарастырылуы кездеседі: *һәйбәт* малай 'әйбәт/жақсы бала' (*һәйбәт* - сын есім), *һәйбәт* укый 'әйбәт/жақсы оқиды' (*һәйбәт* үстеу).

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 546.

Қазақ тілінде семантикалық жағын ан үстеулер сегіз топқа бөлінеді: *мезгіл үстеулері, мекен үстеулері, мөлшер үстеулері, сын-қимыл(бейне) үстеулері, күшейтпелі үстеулер, мақсат үстеулері, себеп-салдар үстеулері, топтау үстеулері*. Башқұрт тілінде үстеулер алты семантикалық топқа жіктеледі: *уақыт үстеулері (вакыт), орын (урын), ұқсастық (оқшашлык), қимыл-бейне (төп), мөлшер-дәреже (күләм-дәрәжә), себеп-мақсат (сәбәп-мақсат)*.

Мезгіл үстеулері мен мекен үстеулерінің кейбірі шырай жұрнақтарын қабылдайды. Шыраймен түрленетін үстеулердің табиғаты сын есімдерге өте жақын болып келеді. Қазақ-башқұрт тілдеріндегі үстеулер шырай формасының екі түрімен – салыстырмалы/сағыштыру және күшейтпелі/артыклық шыраймен түрленеді. Қазақ тіліндегі үстеудің салыстырмалы шырайы *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек және -дау/-деу, -тау/-теу, -лау/-леу* қосымшалары арқылы, башқұрт тілінде *-рақ/-рәк, -ырақ/-ерәк, -орақ/-өрәк* аффикстері жасалады: *тезірек оқы - тизерәк укы*. Күшейтпелі шырай қазақ тілінде *өте, тым, аса, орасан* т.б. сөздері арқылы, башқұрт тілінде *бик, бигерәк, үтә, иң, ифрат* `өте`, *ғәжәп* т.б. сөздері негізінде жасалады: *өте тез жүрді - бик шәп йөрөй*.

Кейбір үстеулер тәуелдік, септік, жіктік жалғауларымен түрленеді. Үстеулердің тұлғалық өзгерістерге ұшырауы негізінен белгілі бір коммуникативтік қызмет өрісінде қолданылады. Қазақ тілінде үстеулер пысықтауыш, баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады. Башқұрт тілінде - пысықтауыш: *Ул һәйбәт укый* `Ол жақсы оқиды` *Бик матур йырланы* `Өте әдемі ән салды` *Бер аз эшләгәс, ял итеп алырға булдык* `Біраз жұмыс істеп, демалайық деп шештік`; баяндауыш қызметінде сирек қолданылады: *Иң озон көн - бөгөн* `Ең ұзақ күн - бүгін`; бастауыш (зат есім орнына жұмсалғанда): *Аз күпкә буйһонор* `Аз көпке бағынар`; толықтауыш: *Аз күпкә буйһонор* `Аз көпке бағынар`

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі үстеулер қатарына жатқызылатын лексемалар әрдайым сәйкес келе бермейді, башқұрт тіліндегі кейбір үстеулер қазақ тілінде сын есімдер қатарында қарастырылады.

Кесте 64

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі үстеулер

| ҮСТЕУ РӘУЕШ                                 |  |                 |  |
|---|--|-----------------|--|
| Қазақ тілінде                               |  | Башқұрт тілінде |  |
| Үстеулердің құрылымы - Рәуештәрзең төзөлөшө |  |                 |  |
| <b>Түбір/<br/>негіз</b>                     | жылдам, әрең, әдейі, жорта, әзір, әлі, бұрын, қасақана, ұдайы, ақырын, ерте, кеш, жоғары, төмен, қазір, үнемі, дереу, жаңа, енді, шапшаң, бағана, ілгері, әрі, бері, мана, ылғи, бекер, кері, нағыз, дәл, өте, тым, аса, мүлде, оқыс, түгел т.б.   | <b>Тамыр</b>    | <i>Хәзер</i> қазір`, <i>яй</i> жай/ <i>жәй</i> `, <i>тиз</i> `тез`, <i>қапыл</i> қапылда/ қапылымда/ <i>күтпеген</i> жағдайда`, <i>шәп</i> шапшаң`, <i>йәйәү</i> `жаяу`, <i>алыс</i> `алыс`, <i>якын</i> жақын`, <i>әлек</i> `ерте` т.б. |
| <b>Туынды</b>                               | ақшалай, қатарлай, қазақша, менше, сенше, түнде, күнде, баяғыда, босқа, артқа, текке, кешке, әзірге, бірге, бекерге, қапыда, лезде, әрмен, бермен, ерекше, шегінен, қырынан, төтеден, шалқасынан, етпетінен, көлденеңінен, ұзынынан, кенеттен т.б. | <b>Яһалма</b>   | <i>аксалата</i> `ақшалай`, <i>көзән</i> күзде/күзін`, <i>қышын</i> қыста/ қысын`, <i>йәштәрсә</i> `жастарша`, <i>һиндәй</i> `сендей`, <i>айыу-зай</i> `аюдай`, <i>миндәй</i> `мендей`, <i>кәмөштәй</i> күмістей` т.б.                    |
| <b>Күрделі</b>                              | а) кіріккен және біріккен үстеулер: биыл, бүгін, жаздығүні, қыстығүні, ендігәрі, екіталай т.б.;  | <b>Қушма</b>    | а) һүззәрзе қушыу юлы менән яһалған рәуештәр: <i>быйыл</i> ( <i>был+йыл</i> ) `биыл`, <i>барыбер</i> `бәрібір`;  |



|  |   |  |  |
|--|---|--|--|
|  | <p>б) қосарлы үстеулер: ертелі-кеш, бірте-бірте, бет-бетімен, бостан-босқа, қолма-қол, оқта-текте, анда-санда, жата-жастана, жапатармағай, аз-аздап, күні-түні т.б.;</p> <p>в) сөздердің тіркестері мен идиомаланған тіркестерден жасалған үстеулер: алдын ала, ала жаздай, күні кеше, күні бүгін, ертеден қара кешке, томаға тұйық, күн ұзаққа, әлі күнге, күн ұзаққа т.б.</p> |  | <p>б) парлы рәуештәр: <i>язлы-көзлә</i> `жазды-күзді/ жазда-күзде`, <i>һирәк-һаяк</i> `некен-саяқ`, <i>йәйен-қышын</i> `жазын-қысын/ қысы-жазы`, <i>арлы-бирле</i> `арлы-берлі`, <i>көн-төн күн-түн/күні-түні</i>, <i>ашык-бошок</i> `қалай болса солай/асығыс`;</p> <p>в) қабатлау юлы менән яһалған рәуештәр: <i>вакыт-вакыт</i> `мезгіл-мезгіл`, <i>шәп-шәп</i> `тез-тез`, <i>йыш-йыш</i> `жиі-жиі`, <i>һүзмә-һүз</i> `сөзбе-сөз`;</p> <p>г) теzmә рәуештәр: <i>бер юлы</i> `бірге, жол-жөнекей`, <i>бер һүзһез</i> `бір сөзге келмей/ сөзсіз`, <i>бер аз</i> `біраз`, <i>бер-бер артлы</i> `бірінен соң бірі`, <i>ялан аяк</i> `жалаңаяқ`, <i>бер сак</i> `бір кезде`, <i>күз асын йомғансы</i> `көзді ашып-жұмғанша` т.б.</p> |
|--|---|--|--|

Үстеулердің семантикалық топтары - Рәуеш төркөмсәләре

| Қазақ тілінде                 |          | Башқұрт тілінде                |          |
|-------------------------------|----------|--------------------------------|----------|
| Үстеу түрінің аты (сұрақтары) | Мысалдар | Төркөмсә атамалары (һораузары) | Миҫалдар |

|  |   |   |   |
|--|---|---|---|
| <p><b>Мезгіл үстеулері</b><br/>(қашан? қашаннан?)</p>                          | <p>ала жаздай, бүгін, биыл, ертең, енді, таңертең, кеше, кешке, күндіз, түнде, қыстыгүні, қыстай, жаздай, әуел баста, биылша, бүгінше, әзірше, жазда, қыста, күзде, көктемде, күнде, лезде, ілуде, бағанадан, баяғыдан, ертемен, ертелікеш, апақ-сапақта, жазғытұрым, кешқұрым, іңірде, таң сәріде, жаз бойы т.б.</p> | <p><b>Вақыт рәуеше</b><br/>(қасан?)</p>                   | <p><i>бөгөн</i> `бүгін`, <i>иртәгә</i> `ертең`, <i>кис</i>, <i>кисен</i>, <i>кискеһен</i> `кешке, кешкісін, язын, язғыһын` жазда`, <i>көзән</i>, <i>көзгәһөн</i> `күзде`, <i>әлек</i> `ерте`, <i>кисә</i> `кеше`, <i>бая</i> `жақында`, <i>яңы ғына</i> `жаңа ғана`, <i>башта</i> `басында, о баста`, <i>бер вақыт</i> `бірде, бір кезде`, <i>был юлы</i> `бұл жолы`, <i>икенсе юлы</i> `екінші жолы`, <i>көндөз</i> `күндіз`</p> |
| <p><b>Мекен үстеулері</b><br/>(қайда? қайдан?)</p>                             | <p>әрі, бері, әрмен, алға, артқа, артта, тысқары, ішкері, ілгері, төмен, жоғары, ілгері, осында, мұнда, кері, алды-арты, әрі-бері, жолшыбай, жол-жөнекей т.б.</p>   | <p><b>Урын рәуеше</b><br/>(жайза?)</p>                    | <p><i>алыс</i> `алыс`, <i>яқын</i> `жақын`, <i>өстә</i> `үстінде`, <i>аста</i> `астыда`, <i>алыстан</i> `алыстан`, <i>бында</i> `мұнда`, <i>түбәндә</i> `төменде`, <i>унда</i> `ол жерде/онда`, <i>юғары</i> `жоғары`, <i>ары</i> `ары, әрі`</p>  |
| <p><b>Мөлшер үстеулері</b><br/>(қанша? қаншалық? қаншама? қалай? қалайша?)</p> | <p>сонша, осыншама, мұнша, анағұрлым, сондайлық, біренсаран, бірлі-жарым, азды-көпті, некенсаяқ, едәуір, бірталай, біраз, бірқыдыру, бірсыпыра т.б.</p>   | <p><b>Күләм-дәрәжә рәуеше</b><br/>(күпме? ни тиклем?)</p> | <p><i>бер аз</i> `біраз`, <i>байтак</i>, <i>бер талай</i> `бірталай, кәдімгідей`, <i>бөтөнләй</i> `бүтіндей`, <i>күп</i> `көп`, <i>аз</i> `аз`, <i>һирәк</i> `сирек`, <i>икешәр</i> `екіден`, <i>аз-маз/аз-маз</i> `аз-маз, аздап`, <i>бер юлы</i> `бірге/сонымен бірге`</p>  |

|   |  |   |   |
|---|--|---|---|
| <p><b>Сын-қи-мыл (бей-не) үстеу-лері</b><br/>(қалай? қайтіп? қалайша? кімше?)</p> | <p>ақырын, тез, шапшаң, шалқасынан, әзер, зорға, оқыс, дереу, өзінше, қапыда, лезде, үнемі, бостан-бос, ерекше, емін-еркін, өзгеше, тікелей, ретімен, кезекпен, жайымен, астыртын, жасырын, үстіртін, бірден, біржола, жападан-жалғыз, жайбарақат, беймарал, қолма-қол, тікелей, зым-зия, көйлекшең, ауызша, жазбаша, қазақша т.б.</p> | <p><b>Төп рәуеш</b><br/>(нисек? ни рәуешле? )</p>       | <p><i>тиз</i> 'тез', <i>яй</i> 'жай/жәй', <i>аксалата</i> 'ақшалай', <i>әселәй</i> 'ыстықтай', <i>әй-берләтә</i> 'сол күйінде, табиғи қалпында', <i>тиз генә әйләнеп кайтырмын тигән инем</i> 'тез ғана айналып қайтармын деген едім', <i>күз асып йомғансы</i> 'көзді ашып-жұмғанша'</p> |
|   |  | <p><b>Окшатыу рәуеше</b> (нисек?)</p>                   | <p><i>уттай</i> 'оттай', <i>айыуза й'аюдай</i>, <i>байрамса</i> 'мейрамша', <i>әлеккесә</i> 'бұрынғыша', <i>минесә</i> 'меніңше', <i>кушқанса</i> 'бұйырғанынша', <i>әйткәнсә</i> 'айтқандай' (<i>һин әйткәнсә әшләнем</i> 'сен айтқандай істедім'), <i>миндәй</i> 'мендей'</p>           |
| <p><b>Күшейт-пелі үстеулер</b></p>  | <p>ең, тым, өте, әбден, мүлде, кілең, өңкей, орасан, нағыз, керемет т.б.</p>   | <p>Ø</p>  | <p>Ø</p>  |
| <p><b>Мақсат үстеулері</b><br/>(не мақсатпен?)</p>                                | <p>арнайы, әдейі, жорта, қасақана, әдейілеп, арнайылап т.б.</p>  | <p><b>Сәбәп-мақсат рәуеше</b><br/>(ниңә? ни өсән? )</p> | <p><i>юрамал</i>, <i>юрый</i> 'жорта', <i>юкка</i>, <i>бушка</i> 'босқа', <i>ерле юкка</i> 'тіпті бекер', <i>тиктомалга</i> 'бекерге, босқа'', <i>әрамгә</i> 'босқа (арам тер болу)'</p>  |
| <p><b>Себеп-салдар үстеулері</b><br/>(неге? не себепті?)</p>                      | <p>босқа, бекерге, текке, лажсыздан, амалсыздан, құр босқа, шарасыздан т.б.</p>  |   |   |

|                                       |  |   |   |
|---------------------------------------|--|---|---|
| Топтау үстеулері (қаншадан? нешеден?) | аздап, біреулеп, бір-бірлеп, екеулеп, жекелеп, көптеп, қос-қостап, топтап, жүздеп, мыңдап т.б. | ө | ө |
|---------------------------------------|--|---|---|

**Үстеулердің шырай жұрнақтарын қабылдауы - Рәуеш дәрежеләре**

| Қазақ тілінде                 |   | Башқұрт тілінде   |   |
|-------------------------------|---|-------------------|---|
| Үстеулердің шыраймен түрленуі | Мысалдар  | Рәуеш дәрежеләре  | Миқалдар                                  |
| <b>Жай шырай</b>              | шапшаң жүреді алға шықты тез аттайды            | <b>Тамыр</b>      | шәп йөрөй алға сықты шәп атлай            |
| <b>Салыстырмалы шырай</b>     | шапшаңырақ жүреді алғарақ шықты тезірек аттайды | <b>Сағыштырыу</b> | шәберәк йөрөй алғарақ сықты шәберәк атлай |
| <b>Күшейтпелі шырай</b>       | өте шапшаң жүреді ең алға шықты өте тез аттайды | <b>Артыклық</b>   | бик шәп йөрөй иң алға сықты үтә шәп атлай |

**Қолданысы -Кулланылышы**

| Қазақ тілінде |                                    | Башқұрт тілінде |   |
|---------------|------------------------------------|-----------------|---|
| Пысықтауыш    | Біраз істеп, демалайық деп шештік. | Хәл             | Бер аз эшләгәс, ял итеп алдырға булдык. |
| Баяндауыш     | Күннің ең әдемісі – бүгін.         | Хәбәр           | Көндөң иң матуры - бөгөн.               |
| Бастауыш      | Еріншектің ертеңі бітпес.          | Әйә             | Аз күпкә буйһонор' Аз көпкә бағынар.'   |
| Толықтауыш    | Бірталайын бүгін көрдім.           | Тултырыусы      | Аз күпкә буйһонор' Аз көпкә бағынар.'   |

## § 19. Шылау

Шылау сөздерге ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да сондай-ақ қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы төркіндерінен біржола қол үзіп, дербестігінен айырылып, өз алдына категория болып қалыптасқан көмекші сөздер жатады. Шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстейтін, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылауларда аз да болса, лексикалық мағынаның нышаны болғанымен, онда қалыптасқан негізгі қасиет – грамматикалық мағыналар. Сол грамматикалық мағыналары өзі үшін емес, өзіне тән формалары арқылы өзіндік грамматикалық мағыналарын толық қамти алмайтын атаушы сөздерге жәрдемші дәнекер ретінде жұмсалады да, сөз тіркестерінің белгілі бір компоненті ретінде атаушы сөздердің жетегінде қолданылады.

Қазақ тіліндегі шылаулар грамматикалық мағыналары мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлінеді: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер. Башқұрт тілінде шылау түрлері көмекші (ярзамсы) сөз таптарына жататын жеке-жеке сөз таптары түрінде қарастырылады: *теркәүестәр* `жалғаулықтар`, *бәйләүестәр* `септеуліктер`, *қишәксәләр* `демеуліктер`

Башқұрт тіліндегі *теркәүестәр* `жалғаулықтар` сөз бен сөйлемдерді байланыстыру үшін қызмет етеді. Құрылымына қарай бөлінуі:

1) *ябай* (жай): *әммә* `бірақ, алайда`, *ләкин* `бірақ, дегенмен`; *йәғни* `яғни`, *шуға* `сондықтан`, *бәлки* `ал, бірақ`, *хатта* `онда, бірақ`, *һәм* `және`, *сөнки* `сондықтан, сол себептен`;

2) *кушма* (күрделі): *тағы ла* `сондай-ақ`, *шулай за, шуға ла, шуға күрә, шуға күрә лә* `сондықтан, сол себептен`, *шулай ук* `сондай-ақ, және`, *шуның өсөн* `сондықтан`, *әгәр зә* `егер`, *әгәр зә мәгәр* `егерде`

Башқұрт тіліндегі жалғаулықтар сөйлемде атқаратын қызметтеріне қарай *тезеу* (салаластырғыштық) және *эйәртеу* (сабақтастырғыштық) болып бөлінеді.

Тезеу теркәүестәре (салаластарғыштық) іштей келесі топтарға бөлінеді:

а) йыйыу теркәүестәре (ыңғайластық): `да, дә, та, тә, за, зә, ла, лә, һәм және, да (де,та,те)`, менән`бенен`, тағы, тағы ла `тағы, тағы да`, шулай ук`әрі`, шуның менән бергә, шул ук вакытта`сонымен қатар,сол уақытта;

б) каршы куйыу теркәүестәре (қарсылықты): ә `бірақ, алайда`, ләкин `бірақ, тик `алайда, шулай за `алайда, сонда да`, әммә `бірақ, алайда`, фәкәт `алайда`, юкһа `әйтпесе, олай болмаса`, иллә, иллә мәгәр `алайда, `бары, бары тик `тек қана`, юғиһә `әйтпесе`, шулай булһа ла, шуға карамаштан, шулай булыуға карамаштан `алайда, бірақ, дегенмен`;

в) бүлеу теркәүестәре (талғаулықты): йә `немесе, не болмаса`, йәки `яки`, берсә `онда`, йәиһә, йә булмаһа `я болмаса`, бер `немесе, болмаса`, әллә `әлде, не болмаса, я болмаса`, бер, әле`әлі`, берсә `біресе`;

г) анықлау теркәүестәре (айқындауыштық): хатта `тек`, бәлки `не болмаса; йәғни `яғни, демек`

Әйәртеу теркәүестәре (сабақтастырғыштық): сөнки `сондықтан, сол үшін, сол себепті`, шуға күрә, шуға күрә лә `соның үшін, сол үшін`, шуға, шуның өсөн, шунлықтан `сол себептен, сондықтан`, шуның өсөн, шул аркала `сол себепті`, әгәр, әгәр зә `егер`, әйтерһең, әйтерһең дә `болғандай`, өсөн, хатта `тіпті`; `шул аркала, шулай булғас, шуның арқаһында, шуның һөзәмтәһендә, тимәк `сондықтан`, гүйә `сияқты`

Башқұрт тіліндегі тезеу теркәүестәре (салаластарғыштық) бірыңғай жеке сөздер мен сөз тіркестерін және бірыңғай сөйлемдерді байланыстырады да, солардың өзара байланысу жолдары мен қатынастарын көрсетеді: Әсәй менән Сәлимә озақ һөйләшен ултырзы- Анам мен Сәлима ұзақ сөйлесті. Ақсаһы юғын белә ине, шулай за үзе лә һизмәштән кесәһенә тығылды - Ақша болмағанын білді, алайда, өзі де байқамай, қалтасына қол сұқты. Әйәртеу теркәүестәре (сабақтастырғыштық) басыныңқы сөйлемді бағыныңқылы сөйлеммен байланыстырады.

Башқұрт тіліндегі бәйләүестәр (септеулік шылаулар) көбінесе көпмағыналы болып келеді. Башқұрт тіліндегі ептеуліктер

келесі топтарға ажыратылады: а) Атау және ілік септік тұлғалы сөздерді қажет ететін септеулік шылаулар: *менән* `менен`, *өсөн* `үшін`, *кеуек*, *шикелле*, *һымак*, *тиклем* `сияқты, секілді, тәрізді`, *төслә* `сықылды, тәрізді`, *саклы*, *хәтле*, *хәтлем*, *ише*, *кәзәр*, *кәзәре* `ғұрлы`, *арқыры*, *аша*, *үтә* `арқылы`, *буйлап*, *буйы*, *буйына*, *буйынса* `бойынша, бойында`, *һайын* `сайын`, *аркаһында*, *айканлы* `үшін`, *турала*, *тураһында*, *һакында*, *һакта* `жайында, жөнінде`, *тип* `үшін`, *урынына* `орнына`: *Ошоноң саклы (тиклем, һымак)* `бұл секілді`; *Минең кеуек (һымак)* `мен сияқты`; *Апайың менән һинең өсөн* `Сен және апам үшін`; б) Барыс септік тұлғалы сөздерді қажет ететін септеулік шылаулар: *Таба*, *табан*, *қарай* `қарай, таман`; *Тикле*, *тиклем*, *хәтле*, *хәтлем*, *кәзәр*, *саклы* `дейін, шейін`; *күрә* `бола, сәйкес`, *каршы* `қарсы`, *табан* `қарай, таман`; *қарамастан* `қарамастан`, *қарағанда* `қарағанда`, *бәйле* `орай, сәйкес`: мәктәпкә *тиклем* `мектепке дейін`; *бәзгә табан* `бізге қарай`; в) Барыс септік тұлғалы сөздерді қажет ететін септеулік шылаулар: *бирле*, *бире* `кейін, соң, бастап, бері`, *башка* `басқа`, *бүтән* `басқа, һуң, *азак* `кейін, соң, тыш `басқа`, *әлек*, *алда*, *әүәл* `дейін`, *ала* `дейін`, *ары* `кейін, соң`, *кире* `бастап (осыдан)`: дәрестәрзән *һуң* `сабақтан кейін`, *ошонан тыш* `бұдан басқа`, *унан бирле* `содан бері, одан бері`, *минән башка* `меннен басқа`

Башқұрт тілінде *ақ* `асты`, *өқ* `үсті`, *баш* `бас`, *ян* `жанында`, *як* `жақ`, *тыш* `тыс, әс` `іш`, *ал* `алды`, *ара* `арасы`, *урта* `орта` т.б. уақыт және орын мәнді сөздер септеулік шылаулардың қызметінде жиі қолданылады. Олар тәуелдік жалғаудың 3 жақтың *-ы, -е, -һы, -һе*, аффикстерін жалғайды.

Орын мәні/урын мәғәнәһе: *шкаф алдына куй* `шкафтың алдына қой`, *шкаф алдынан ал* `шкафтың алдынан ал`, *шкаф алдында ята* `шкафтың алдында жатыр`, *уйынсықтар араһында ята* `ойыншықтар арасында жатыр`, *шкаф артынан әзлә* `шкафтың артынан ізде`, *шкаф артынан ал* `шкафтың артынан ал`, *шкаф артында ята* `шкафтың артында жатыр`, *өқтәл ақтына һал* `үстелдің астына қоя сал`, *өқтәл ақтынан ал* `үстелдің астынан ал`, *өқтәл ақтында ята* `үстелдің астынада жатыр`, *мәктәпкә каршы* `мектепке қарама – қарсы`, *өқтәл өқтөндә* `үстелдің үстінде`, *юл*

уртаһынан барзы `жолдың ортасында келе жатты`, өй эргәһендә `үйдің іргесінде`, өй эсендә `үйдің ішінде`, урман эсендә `орман іші`, өй янынан `үйдің жанынан`, өй янында `үйдің жанында`, студенттар араһында `студенттердің арасында` Бағыт-бағдар мәні/ йүнәләш мәғәнәһе: Мәктәпкә карай (таба, табан) китте `мектепке қарай кетті`; Шкаф эсенән ал `шкафтың ішінен ал`; Шкаф эсендә ята `шкафтың ішінде жатыр`; Шкаф эсенә һал `шкафтың ішіне сал`; Шкаф янына бар `шкафтың жанына бар`; Шкаф янынан кит `шкафтың жанынан кет` Уақыт және аралық мән/ вақыт һәм арауык мәғәнәһе: мәктәпкә тиклем `мектепке дейін`, көн буйы `күн бойы` дәрестән һуң `дәрістен кейін соң`, иртәнсәктән бирле `таңертеннен бері/азаннан бері`, кискә табан `кешке тамаң, кешке қарай` Септеуліктер құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруда да кеңінен қолданылады.

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі шылаулардың жіктелуі әрдайым сәйкес келе бермейді. Мысалы, башқұрт тілінде шарттылық жалғаулықтар ажыратылмайды, ал қазақ тілінің академиялық грамматикасында анықтаушы жалғаулықтар жеке қарастырылмайды.

### Кесте 65

#### Қазақ-башқұрт тілдеріндегі жалғаулықтар

| ЖАЛҒАУЛЫҚТАР - ТЕРКӘУЕСТӨР   |          |   |          |
|--|----------|---|----------|
| Қазақ тілінде  |          | Башқұрт тілінде   |          |
| Жалғаулықтар тең дәрежедегі бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді байланыстырып, олардың арасындағы әр түрлі қатынастарды білдіреді. Олар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болып, оларды бір – бірімен жалғастыру үшін қолданылады. |          | а) Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін және сөйлемдерді байланыстыру үшін қолданылады.<br>б) басыңқы сөйлем мен бағыныңқы сөйлемдерді байланыстырады |          |
| Жалғаулықтардың құрылымы – Теркәуестәрзең төзөлешө   |          |   |          |
| Шылаулар   | Мысалдар | Теркәуестәр   | Миқалдар |



|  |  |  |  |
|--|--|--|--|
| <b>Дара</b>  | және, мен/<br>бен/пен, яғни,<br>себебі, бірде,<br>болмаса, сон-<br>дықтан, егер,<br>мейлі, бірде<br>т.б.           | <b>Ябай</b>  | әммә, ләкин, йәғни, шуга,<br>бәлки, хатта, һәм, сөнки,<br>тағы, йәнә   |
| <b>Күрделі</b>   | не болмаса,<br>сол себепті,<br>неге десең,<br>онда да, сонда<br>да, сөйтсе де,<br>әйтсе де, сон-<br>дықтан да т.б. | <b>Кушма</b>   | әгәр зә, шулай ук, шуның<br>өсөн, шуның арқаһында,<br>тағы ла, шул сәбәпле, шулай<br>ук, шуның менән бергә, шул<br>ук вақытта. |
| <b>Жалғаулықтардың түрлері - Теркәүестәре төркөмсәләре</b>   |  |  |  |
| Жалғаулық-<br>тардың түр-<br>лері  | Мысалдар   | Теркәүестәрзең төркөмсәлә-<br>ре   | Миқалдар   |
| <b>Ыңғайлас-<br/>тық жалғау-<br/>лықтар:</b><br>мен/бен/пен,<br>менен/ бенен/<br>пенен, да/де/<br>та/те, және,<br>әрі, һәм   | Анасы мен<br>Сәлима ұзақ<br>сөйлесіп<br>отыр.  | <b>Йыйыу теркәүестәре:</b><br>да, дә, та, тә, за, зә, ла, лә,<br>һәм, менән, тағы, тағы лә,<br>шулай ук, шуның менән<br>бергә, шул ук вақытта  | Әсәй менән<br>Сәлимә озақ<br>һөйләшәп ул-<br>тырзы.  |
| <b>Қарсылықты<br/>жалғаулық-<br/>тар:</b><br>яки, бірақ,<br>алайда, әйтсе<br>де, әйткен-<br>мен, әйтпесе,<br>әйткенде, де-<br>генмен, онда<br>да, сонда да,<br>сөйтсе де | Ақшасы жо-<br>ғын біле тұра,<br>сонда да өзі<br>байқамай қо-<br>лын қалтасы-<br>на салды.                          | <b>Қаршы куйыу теркәүестә-<br/>ре:</b><br>ә, ләкин, тик, шулай за, әммә,<br>фәкәт, юкһа, иллә, иллә<br>карамастан, шулай булыуға<br>карамастан | Аксаһы юғын<br>белә ине,<br>шулай за үзе<br>лә һизмәстән<br>кесәһенә ты-<br>ғылды.   |

|  |   |   |   |
|--|---|---|---|
| <p><b>Талғаулықты жалғаулықтар:</b><br/>Әлде, біресе, кейде, я, яки, мейлі, бірде, болмаса, не, немесе, болмаса, не болмаса, құй</p> | <p>Біресе мен барамын, біресе ол барады.</p>  | <p><b>Бүлеу теркәүестәре:</b><br/>йә, йәки, берсә, йәиһә, йә булмаһа, бер, әллә, ни-ни, бер-бер, әле-әле, берсә-берсә</p>   | <p>Берсә мин барам, берсә ул бара.</p>  |
| <p><b>Себептік жалғаулықтар:</b><br/>себебі, өйткені, неге десең</p>   | <p>Уақытында келе алмадым, себебі жұмыс көп болды.</p>  | <p><b>Әйәртеу теркәүестәре:</b><br/>сөнки, шуға, зә, йәғни, шуның өсөн, әгәр зә мәгәр, хатта, шуға, шуға ла, шуға күрәлә, шул аркала, шул сәбәпле, шулай булғас, гүйә, шуның арқаһында, шуның һөзөмтәһендә, тимәк</p> | <p>Әш күп булды, шуға ла килә алмаһым.<br/>Әш күп булды, шуға күрә вақытында қайта алмаһым.</p> |
| <p><b>Себеп-салдарлық жалғаулықтар:</b><br/>сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені</p>  | <p>Іс көп болды, сондықтан келе алмадым.<br/>Іс көп болды сол себепті уақтылы келе алмадым.</p> |   |   |
| <p><b>Шарттық жалғаулықтар:</b><br/>егер, егер де, алда-жалда, онда</p>  | <p>Егер мен келе алмасам, өздерің жалғастырасыңдар.</p>   | <p>ø</p>  | <p>ø</p>  |
| <p>ø</p>   | <p>ø</p>  | <p><b>Анықлау теркәүестәре:</b> хатта, бәлки, йәғни</p>   | <p>Шауламаһыҙ инде йәмәғәт, йәғни иптәштәр.<br/>(С.Ағиш).</p>                                   |

Кесте 66

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі септеуліктер

| СЕПТЕУЛІКТЕР – БӘЙЛӘУЕСТӘР  |  |   |   |
|---|--|---|---|
| Қазақ тілінде   |  | Башқұрт тілінде   |   |
| Септеуліктер сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра байланыстырады, өзі қатысты сөздің белгілі бір тұлғада тұруын талап етіп, әр түрлі грамматикалық қатынастарды білдіреді. |  | Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра байланыстырады, өзі қатысты сөздің белгілі бір тұлғада тұруын талап етіп, әр түрлі грамматикалық қатынастарды білдіреді.  |   |
| Септеуліктердің түрлері - Бәйләуес төркөмсаләре   |  |   |   |
| Септеуліктердің түрлері   | Мысалдар   | Бәйләуес төркөмсаләре   | Миҫалдар  |
| <b>Атау септігін меңгеретін септеуліктер:</b><br>арқылы, туралы, жайында, жайлы, жөнінде, сияқты, секілді, бойы, бойда, бойынша, үшін, бойымен, сайын, ғұрлы, шамалы, шақты, қаралы.  | Осы сияқты (секілді, тәрізді)<br>Мен сияқты (секілді)<br>Апайың мен сен үшін | <b>Атау және ілік септіктерін қажет ететін септеулік:</b><br>менән, өсөн, кеуек, шикелле, һымақ, тиклем, төслө,тип, буйлап, буйына, буйынса, һайын, арқаһында, турала, айқанлы, урынына, тураһында, хақында, хақта. | Ошоноң саклы (тиклем, һымақ).<br>Минең кеуек (һымақ).<br>Апайың менән һинең өсөн. |
| <b>Барыс септігін меңгеретін септеуліктер:</b><br>Дейін, шейін, төмең, қарай, қарап, қарсы, салым, тарта, жуық, таяу.   | Мектепке дейін.<br>Бізге қарай.  | <b>Барыс септігін қажет ететін септеуліктер:</b><br>таба, табан, қарай, тикле, тиклем, хәтле, хәтлем, кәзәр, саклы, күрә, каршы, табан, карамастан  | Мәктәпкә тиклем.<br>Безгә табан.  |
| <b>Шығыс септігін меңгеретін септеуліктер:</b> бері, кейін, соң, бұрын, бетер, гөрі, әрі, бөлек, өзге   | Дәрістерден соң.<br>Содан бері.<br>Бұдан бетер.<br>Менен бұрын.              | <b>Шығыс септігін қажет ететін септеуліктер:</b><br>бирле, бире, башка, бүтән, һуң, азақ, тыш, элек, алда, әүәл, ала, ары, кире   | Дәрестәрзән һуң.<br>Шунан бирле.<br>Ошонан тыш.<br>Минән башка.                   |

|  |  |   |   |
|--|--|---|---|
| Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер: қатар, бірге, қабат, қоса | Атқарумен қатар. Мұнымен бірге. Оған қоса. | ø | ø |
|--|--|---|---|

Кесте 67

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі демеуліктер

| ДЕМЕУЛІКТЕР - КИՇӘКСӘЛӘР   |  |  |   |
|--|--|--|---|
| Қазақ тілінде  |  | Башқұрт тілінде  |   |
| Демеуліктер өздері тіркесетін сөздерге әр түрлі қосымша мағына (реңк) үстейді. |  | Өздері тіркесетін сөздерге, тіркестерге, сөйлемдерге әр түрлі мағыналық реңк үстейді (сұрақ, тілек, мақұлдау, шектеу, күмәндану).              |   |
| <i>Демеуліктер түрлері</i>   | <i>Мысалдар</i>                          | <i>Кишәксәләрзең төркәмсаләре</i>  | <i>Миҫалдар</i>                                   |
| <b>Сұраулық демеуліктер:</b> ма/ме, ба/бе, па/пе, ше                           | Сіз оның ұлысыз ба?                      | <b>Һорау кишәксәләр:</b><br>-мы/-ме , -мо/мө, -мы икән/-ме икән, -мо икән/ -мө икән  | Һеҙ уның улымы?                                   |
| <b>Күшейтпелі демеуліктер:</b><br>-ақ, -ау, -ай, да, (де, та, те) шы, ші       | Біреуі де келмеген.                      | <b>Көсәйтеу кишәксәләр:</b><br>та/тә, да/дә, за/зә, ла/лә, заһа, таһа, даһа, ла баһа   | Берәу зә килмәгән.                                |
| <b>Нақтылау демеуліктері:</b><br>қой /ғой,<br>-ды /-ді, -ты/-ті                | Айттым ғой.<br>Айттық қой.<br>Айтты ғой. | <b>Рақлау кишәксәләр:</b><br>да баһа, за баһа, та баһа, даһа, таһа, лаһа, тә инде, та инде, да инде, бит, иң, бик, бигерәк, үтә, тас, шыр, шау | Әйттем дә баһа.<br>Әйттек тә инде.<br>Әйтте ләһа. |

|  |   |  |                               |
|--|---|--|-------------------------------|
| <b>Шектеу демеуліктері:</b><br>қана (ғана), -ақ, тек     | Ол ғана біледі.   | <b>Сикләү қиқәксәләр:</b><br>ғына/генә, қына/кенә, ук/үк   | Ул ғына белә.                 |
| <b>Болжалдық демеуліктер:</b><br>-мыс, (-міс), -ау       | Ол бұл туралы біледі -ау.   | <b>Икеләнәу Қиқәксәләр:</b><br>-дыр/-дер, -дор/-дөр, -зыр/-зер, -зор/-зөр, -лыр/-лер, -лор/лөр, -тыр/-тер, -тор/-төр | Ул был турала беләлер.        |
| <b>Болымсыздық демеуліктер:</b><br>түгіл, тұрсын, тұрмақ | Ол түгіл, біз де естімедік.<br>Ол былай тұрсын, сені де көзге ілмеді. | ∅  | ∅                             |
| <b>Қомсыну мәнді демеулік:</b><br>екеш                   | Құс екеш құс та балапанын тастамайды.                                 | ∅  | ∅                             |
| ∅  | ∅   | <b>Үтенес қиқәксәләр:</b><br>-сы/-се, -со/-сө  | Миңә һөйләсе!<br>Тороп торсо. |

## §20. Модаль сөздер

Модаль сөздер тілдегі модальдылық және предикаттық құбылыстармен тығыз байланысты. Предикаттылық сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен жалпы арақатынасын білдіреді. Ал сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы модальдық қатынас болып табылады<sup>1</sup>. Сөйлеушінің хабарды, ақпаратты қалай түсінуі, ақиқат шындыққа деген көзқарасы, өз тарапынан берілген сипаттамасы модальдылық қатынастың мәнін құрайды. Демек модаль сөздер сөйлеуші субъектінің айтылған ойдың шындыққа қатынасы жөніндегі көзқарасын сипаттайды.

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. –Б.567.

Модаль сөздер түркі тілдерінде негізінен көмекші сөздер қатарына жатады, қазақ тілінде де көмекші сөздер ретінде қарастырылады. Модаль сөздердің заттық-дербестік мағынасы болмайды, олардың семантикалық сапасы модальділікті білдіретін грамматикалық мағынамен сабақтасып жатады.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің жасалу жолдары: 1. Таза модальды және есім модальды сөздердің, сондай-ақ модальды тіркестердің қатарындағы тәуелді формада тұрақтанып қалған лексемалар: қысқасы, ыңғайы; 2. Кейбір үстеулер мен үстеу мәнінде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен айрылу нәтижесінде пайда болады: шын, рас; 3. Предикаттық функциясынан айрылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан жасалады: көрінеді, дейді, деседі, білем; 4. Модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы да жасалады: мүмкін; 5. «Бет, бейне, пішін, порым, түр. мағынасын білдіретін түбірлерден жасалады: сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, тақылетті, рәуішті, іспетті, әлпетті; 6. Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер арқылы жасалады: бәлки, бәлкі, бәлкім, әлбетте, зайыры, лазым, ықтимал, мүмкін, рас<sup>1</sup>.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің мағыналық топтары:

1. Болжал мәнді модаль сөздер: *сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлки (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды, -уы мүмкін, тәрізі (түрі) бар;*

2. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер: *керек, қажет, тиіс, лазым сөздерінің қатысуымен –у керек, -у қажет, -у лазым, -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы тиіс* аналитикалық форманттар;

3. Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: *дейді;*

4. Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: *рас, расында, шынында, анығында;* 5. Қалау (тілек) мәнді модаль сөздер: *-са (-се) екен, -са (-се) дейм (деймін);*

6. Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: *кім біледі, -ар ма екен, -са неғылсын;*

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 571.

7. Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер: *екен*;

8. Нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер: *әрине, әлбетте*<sup>1</sup>.

Башқұрт тіліндегі модаль сөздердің мағыналық топтары:

1. Рақлаушы, кире қағыушы `раस्ताушы, теріске шығарушы`: *эйе ия*, *бар* `бар`, *юк* `жоқ`, *әлбиттә* `әлбетте`, *ысынлап*, *ысынлап та*, *ысындан*, *ысындан да* `шынында, шынымен`, *дөрөс* `дұрыс`, *түгел* `жоқ, емес`, *ярай* `жарайды`, *якшы* `жақсы`, *һис шикһез*, *һис һүзһез* `сөзсіз` т.б.: *Ысынлап та, кемдер ишеккә шылтырата?`Шынында, есіктің қоңырауын соғып тұрған кім?`*;

2. Тейеш, кәрәк булғанды `тиістілік, қажеттілік`: *кәрәк* `керек`, *тейеш* `тиіс`: *Бөгөн барып етергә кәрәк* `Бүгін бару керек`;

3. Мөмкин булыу `мүмкін болу`: *мөмкин* `мүмкін`, *ярай* `жарайды`: *Бөгөн китергә ярай* `Бүгін кетуге болады`;

3. Үтенеу `өтіну`: *зинһар* `мархабат`, *рәхим итегез* `рақым етіңіз/рұқсат етіңіз`, *ғәфү итегез* `ғафу етіңіз`, *куй*, *куйығыз* `қой, қойыңыз`, *беләһеңме* `білесің бе`, *беләһегезме* `білесіздер ме`, *аңлайһыңмы* `түсінесің бе` т.б.: *Куй, һөйләмә лә* `Қой, айтпа` *Ғәфү итегез, бынау сумканы алып бирә алмашһығызһы икән?`Кешіріңіз, мына сумканы әперіп(алып беріп) жіберер ме екенсіз?`*;

4. Фараз итеу `болжам, күмән, сенімсіздік`: *ахырыһы* `сияқты, шамасы`; *буғай*, *шикелле* `сияқты, сықылды, тәрізді`, *бәлки* `бәлки`, *ихтимал* `ықтимал`, *күрәһең* `мүмкін`: *Бәлки, бөгөн килерзәр* `Бәлки, келетін шығар` *Мин уны бөгөн күрзәм шикелле* `Мен оны бүгін көрген сияқтымын`

Башқұрт тіліндегі модаль сөздердің бір бөлігі сөйлем ішінде көмекші сөз қызметін атқарады: *тимәк*, *ихтимал*, *шикһез*, *ғәфү итегез*, *һиһайәт*, *кара*, *тукта*, *һинеңсә*, *һинеңсә*, *зинһар*, *берзән*, *ғәзәттә*, *тәбиғи* т.б.

Қазақ және башқұрт тіліндегі модаль сөздерді топтастыру, оларға жатқызылатын сөздер толық сәйкес келе бермейді.

<sup>1</sup>Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 577.

Кесте 68

Қазақ-башқұрт тілдеріндегі модаль сөздер

| МОДАЛЬ СӨЗДЕР - МӨНӘСӘБӘТ ҺҮЗҒӘР          |   |                                      |   |
|---|---|--------------------------------------|---|
| Қазақ тілінде                             |   | Башқұрт тілінде                      |   |
| <i>Модаль сөздердің мәні</i>              | <i>Мысалдар</i>   | <i>Мөнәсәбәт Һүзғәрзең мәғәнәһе</i>  | <i>Миҫалдар</i>   |
| <b>Қостау, растау мәнді модаль сөздер</b> | рас, расында, расымен, шынында, шынымен, анығында т.б.  | <b>Раҫлау, кире қағыузы белдерә</b>  | <i>әйе `иә`, юк `жоқ`, албиттә `әлбетте`, ысынлап, ысынлап та, ысындан, ысындан да шынында, шынымен`, дөрөҫ `дұрыс`, билдәле `әрине (белгілі)`, түгел `жоқ, емес`, һис шикһез `ешбір күмәнсіз`, һис һүзһез `сөзсіз`, асылда `асылы`, якшы `жақсы`, ярап, ярай `жарайды`</i> |
| <b>Сенімділік мәнді модаль сөздер</b>     | әрине, әлбетте  |                                      |   |
| <b>Міндеттілік мәнді модаль сөздер</b>    | керек, қажет, тиіс, لازم/ләзім  | <b>Кәрәк, тейеш булғанды белдерә</b> | <i>кәрәк `керек`, тейеш `тиіс`</i>  |
| <b>Болжал мәнді модаль сөздер</b>         | сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, бәлки (бәлкім), ықтимал, кәдік, болар, шығар, білем, мүмкін, тәрізі т.б. | <b>Мәмкин булыузы белдерә</b>        | <i>мәмкин `мүмкін`, ярай `жарайды`, мәмкин түгел `мүмкін емес`, ярамай `жарамайды, болмайды`</i>  |
|   |   | <b>Фараз итеүзе белдерә</b>          | <i>ахырыһы, ахыры `сияқты, тәрізді`, бугай `шамасы, сыңайлы`, бәлки, бәлкем `бәлки, бәлкім`, ихтимал `ықтимал`, күрәһең `шамасы`</i>  |



|  |  |                     |  |
|--|--|---------------------|--|
| Тілек, қалау мәнді модаль сөздер   | -са/-се +екен,<br>-са/-се+деймін<br>аналитикалық<br>формасы арқылы<br>жасалады: мені<br>шақырса деймін/<br>екен. | Үтенеузе<br>белдерә | зинһар `мархабат`,<br>рәхим итегез `рақым<br>етіңіз`, ғәфү итегез `ғафу<br>етіңіз`, куй, куйығыз<br>`қойыңыз, қой` |
| Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер                       | дейді  | ∅                   | ∅  |
| Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер                                  | кім біледі,<br>-ар ма +екен,<br>-са +неғылсын.   | ∅                   | ∅  |
| Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер | екен   | ∅                   | ∅  |

## §21 Еліктеуіш және одағай

Қазақ тілінде еліктеуіштер мен одағайлар жеке-жеке сөз табы. Ал башқұрт тілінде еліктеуіштер мен одағайлар бір сөз табына біріктіліп, *ымлықтар* деп аталатын сөз табы құрамында қарастырылады.

Табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан немесе тіршілік иелерінің дыбыстау мүшелерінен шығатын әр қилы дыбыстарға еліктеуден, сондай-ақ сол құбылыстар мен заттардың, адамдар мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекет, қозғалыстарының түрлі көріністерін бейнелеу нәтижесінде пайда болған сөздер еліктеу сөздер деп аталады: *арс, гүрс, сырт, тарс, шарт, дүңк, бырт, шаңқ, жалт-жұлт, арбаң-арбаң, ербелең-ербелең, бүгжең-бүгжең, далаң-далаң, тарбаң-тарбаң* т.б.

Еліктеу сөздер семантикалық сипатына қарай екіге бөлінеді: еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер. Еліктеуіш сөздер - табиғаттағы, қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттардың, жан-жануарлардың, адамның дыбыстарын сипаттайтын сөздер: *сарт-сұрт, тырс-тырс, қарқ-қарқ, іңгә-іңгә* т.б. Сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке, ашық не қысаң болуы немесе дауыссыз фонемалардың қатаң не ұяң болып келуі еліктеуіш сөздердің мағынасына әсер етіп, еліктеуіш сөздердің негізіне алынған дыбыстардың сапалық ерекшеліктерін – қарқындылығын, бәсеңділігін т.б. ажыратуға мүмкіндік береді.

Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы, қоршаған ортадағы түрлі іс-әрекеттер мен құбылыстардың, заттардың, жан-жануардың, адамның сыртқы көрінісін, келбетін, пішінін және қимыл-қозғалысын бейнелейтін сөздер тобы: *жалп-жалп, жалт-жұлт, қорбаң-қорбаң, былқ-сылқ* т.б. Қазақ тіліндегі еліктеуіштер дербес сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшелігіне қарай атауыш сөздер қатарынан орын алады.

Лексика-грамматикалық сипаты жағынан адамның көңіл-күйіне байланысты және төрт түлік малға арнайы айтылатын, сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін сөздер одағайлар деп аталады. Одағайларға тән басты белгілердің бірі – олардың ерекше бір әуезбен, ырғақпен айтылуы. Бұл ерекшелік одағай сөздерді семантикалық жағынан құбылтып, өзгертуге негіз болады. Жалпы одағайлар семантикалық құбылмалылығына қарай бір мағыналы және көп мәнді болып бөлінеді. Одағайлардың түрлі интонациямен, әуенмен айтылуы олардың мағыналық жағына да әсерін тигізеді. Бұған одағай сөздер құрамындағы ашық дауыстылардың да ықпалы ерекше.

Одағай сөздер көмекші етістіктермен тіркескен жағдайда және заттанғанда белгілі бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Одағайлардың күрделі мүше қызметінде жұмсалуда көмекші етістіктің маңызы зор.

Қазақ тіліндегі одағайлар семантикалық мәніне байланысты үш топқа бөлінеді: көңіл-күй одағайлары – *Алақай! Охо! Пай-пай! Қан! т.б.*; императивтік-ишара одағайлары – *Айда! Тәйт! Сан-сан!*

Кәне! Жә! (адамға қатысты), Шөре-шөре! Көс-көс! Айтақ-айтақ! Әукім-әукім! т.б.(малға, үй хайуандарына қатысты); тұрмыс-салт одағайлары – Хош! Хайыр! Рахмет! Күп! Ассалаумағалейкум! Кеш жарық! т.б.

Башқұрт тіліндегі ымлық одағай құрылымына қарай ябай `дара` - ә-ә-ә - а-а-а, эй-й-й (таң қалуды білдіреді), аһ, и-и-и (қуанышты), ах, ай, уй (қорқынышты), ух, эх (өкінішті); һы, һи (таңырқауды білдіреді); кушма `күрделі` - ай-һай! (күмәнді білдіреді), уй Алла! `ой Алла!` т.б.

Башқұрт тіліндегі одағайлар құрамына жан-жануарлар мен құстардың дыбыстарын, басқа да табиғи дыбыстарды білдіретін еліктеуіш сөздер де жатады: сип-сип шіп-шіп (балапанның дауысына еліктеу, үй құстарын шақыру); бес-бес `міш-міш` (мысықты шақыру); даңк-доңк`даңк-дүңк/таңк-түңк`, шарт-шорт`шарт-шұрт`, шатыр-шотор `шатыр-шұтыр` (қатты заттарды бір-біріне ұрғанда шығатын қатты дыбыс) т.б.

### Кесте 69

#### Қазақ-башқұрт тілдеріндегі одағайлар

| ОДАҒАЙ – ЫМЛЫК   |   |                 |   |
|--|---|-----------------|---|
| Қазақ тілінде  |   | Башқұрт тілінде |   |
| <i>Одағайлардың құрамы – Ымлыктардың төзөлеше</i>                        |   |                 |   |
| Дара (түбір/негіз)   | А-а-а! Ә-ә-ә! Аһ! Ух! Ой! Пай! Қап! Бәсе! Мә! т.б.  | Ябай            | Ә-ә-ә! Аһ! И-и-и! Ай! Уй! Ух! Эх! Ой! Оһо! Уһу! Уф! Фу-у! һа! Их! Эй! Абау! Бәй! Тфү! |
| Күрделі  | Мәссаған! Апырым-ай! Әттеген-ай! Бәрекелді!   | Кушма           | Ай-һай! Уй Алла! Ай Алла! Ай-һаай! Ай-буй! Эй хоҙа-йым!                               |
| Тіркесті<br>а) Одағайлы еркін тіркестер<br>б) Одағайлы тұрақты тіркестер | а) Апырай десейші! Бәсе деймін! Уа деген!<br>б) ай-шай деспей, әу десті, ойбай салды т.б. |                 |   |
| <i>Одағайдың түрлері - Ымлык төркөмсаләре</i>                            |   |                 |   |

|  |  |  |  |
|--|--|--|--|
| Көңіл-күй одағайлары   | Алақай! Охо! Пай-пай!<br>Қап! А-а-а! Ә-ә-ә! Аһ! Ух!<br>Ой! Пай! Бәсе! Мә! т.б.                   | Эмоционалды көңіл-күйге қатысты  | Ә-ә-ә! Әй-й-й! һы!<br>һи! Аһ! И-и-и! Ай!<br>Уй! Ух! Әх! һай-һай-һай!<br>Ай-һай!  |
| Императивтік-ишара одағайлар<br>а) адамға қатысты<br>б) жан-жануарға қатысты | а) Айда! Тәйт! Сап-сап!<br>Кәне! Жә! б) Шөре-шөре!<br>Көс-көс! Айтақ-айтақ!<br>Әүкім-әүкім! т.б. | Құстар мен хайуанаттардың дауысына еліктеуге байланысты                                    | сип-сип 'шіп-шіп'<br>бес-бес 'міш-міш'<br>кеш-кеш 'кіш-кіш'  |
| Тұрмыс-салт одағайлары   | Хош! Хайыр! Рахмет!<br>Құп! Ассалаумағалейкум!<br>Кеш жарық! т.б.                                | ø  | ø  |
| ø  | ø  | Қатты заттардың соқтығысуынан шығатын дыбыстарға, табиғи құбылыстардың дыбыстарына қатысты | даңқ-доңқ 'даңқ-дүңқ',<br>шарт-шорт 'шарт-шұрт'<br>сылтыр-сылтыр<br>'шылдыр-шылдыр',<br>селтер-селтер<br>'сылдыр-сылдыр' |
| ø  | ø  | Түрлі табиғи құбылыстар мен заттардың көрінісіне, сипатына                                 | һулк-һулк 'солқ-солқ', ялт-йолт<br>'жалт-жұлт', йым-йым 'жылт-жылт'  |

---

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

---

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИНТАКСИСІ

#### §1 Синтаксистік құрылым

Синтаксис термині тіл білімінде екі түрлі мағынада қолданылады: біріншісі – коммуниуация (пікір алысу) үдерісінде жұмсалатын тіл тұлғаларының құрылысы, екіншісі – тілдің коммуникация үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларын зерттейтін ғылым саласы<sup>1</sup>. Жалпы тілдің негізгі коммуникативтік қызметі синтаксистік жүйе арқылы жүзеге асатындықтан туыс түркі тілдерінің синтаксистік конструкцияларын салыстырмалы тұрғыдан қарастыру жалпытүркілік тілдік құрылымның даму жолын айқындауға септігін тигізетін өзекті мәселелер қатарынан орын алады.

Коммуникация процесіндегі ойды жеткізу немесе сөйлеуді жүзеге асыратын коммуникативтік тілдік тұлғалардың ауқымы әртүрлі болып келеді: қарапайым пікірді айтуға жай сөйлемдер, күрделі ойды жеткізуге құрмалас сөйлемдер қызмет етсе, көлемді ақпаратты беру үшін мәтіндік құрылымдар пайдаланылады. Коммуникативтік сипаттағы тұлғалардың жасалуын құрылымдық компоненттер қамтамасыз етеді. Құрылымдық компоненттерді сөз тіркестері мен сөйлем мүшелері құрайды. Сөйлеу үдерісін қамтамасыз ететін құрылымдық компоненттер

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 581.

мен коммуникативтік сипаттағы тілдік құрылымдар синтаксистің негізгі зерттеу нысанына жатады.

Агглютинативті жүйеге негізделген түркі тілдерінің синтаксистік құрылымын танып-білу синтаксистік формалар мен синтаксистік мағына арасындағы сабақтастыққа негізделеді. Сөз бен сөздің, синтаксистік тұлғалардың арасындағы абстрактылы, жалпылық сипаттағы қатынасты білдіретін синтаксистік мағына қарым-қатынас үдерісіндегі маңызды лингвистикалық механизмдердің өзегін құрайды.

Синтаксистік конструкциялардың жасалуы сөздердің белгілі синтаксистік қатынасқа түсіп, өзара байланысу амалдары арқылы іске асады: синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл. Сөздердің аналитикалық жолмен байланысуына грамматикалық категориялар көрсеткіштері қатыспайды, лексемалар логикалық негізде интонация, орын тәртібі принциптері арқылы және шылаулар арқылы байланысқа түсіп, сөз тіркестерін құрайды. Ал синтетикалық тәсілмен жасалған сөз тіркестері жалғаулар арқылы байланысқа түсіп, синтаксистік бірлікке айналады. Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сөз тіркестері етістікті сөз тіркестері және есімді сөз тіркестері деп бөлінеді. Етістікті сөз тіркестері мен есімді сөз тіркестері байланысу тәсілдері мен жасалу ерекшеліктеріне байланысты іштей бірнеше топқа ажыратылып қарастырылады.

## §2 Сөйлем мүшелері

Сөйлем құрамындағы өзіндік функционалдық қызметі бар тілдік бірліктерден тұратын сөйлем мүшелері тіл білімінде бес түрге бөлініп қарастырылады: *бастауыш – эйә, баяндауыш – хәбәр, анықтауыш – аныклаусы, толықтауыш – тултырыусы, пысықтауыш – хал*. Сөйлем құраудағы қызметіне байланысты сөйлем мүшелері екі топқа бөлінеді: *тұрлаулы мүшелер – баш кишәктәр, тұрлаусыз мүшелер – эйәрсән кишәктәр*. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін бастауыш пен баяндауыш, тұрлаусыз мүшелерін анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш құрайды.

Кесте1

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі сөйлем мүшелері

| СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ – ҺӨЙЛӘМ КИҢСӘКТӨРЕ          |  |                                |                   |   |                                 |
|--|--|--------------------------------|-------------------|---|---------------------------------|
| Қазақ тілінде                                |  |                                | Башқұрт тілінде   |   |                                 |
| Сөйлем мүшелері                              | Сұрақтары  | Мысалдар                       | Һөйләм киңсәктәре | Һораузары   | Миңсалдар                       |
| <b>Тұрлаулы мүшелер - Баш киңсәктәр</b>      |  |                                |                   |   |                                 |
| <b>Бастауыш</b>                              | кім? кімдер?<br>не? нелер?<br>кімі? несі?  | Бөлме әдемі етіп жиналған.     | <b>Әйә</b>        | кем? нимә?<br>ни? кемдәр?<br>нимәләр?<br>ниңдәй?  | Бүлмә матур итеп йыйыштырылған. |
| <b>Баяндауыш</b>                             | не істеді?   | Бұл үйдің иесімен.             | <b>Хәбәр</b>      | нимә эшләй?<br>нимә эшләгән?<br>нимә эшләр?<br>ни хәлдә?<br>ниңдәй ул?  | Был өйзәң хужаһы – мин.         |
| <b>Тұрлаусыз мүшелер - Әйәрсән киңсәктәр</b> |  |                                |                   |   |                                 |
| <b>Анықтауыш</b>                             | қандай? қай?<br>кімнің? ненің?<br>қанша? неше?<br>қаншасыншы?                    | Бауда өте әдемі ағаш өсіп тұр. | <b>Анықлаусы</b>  | ниңдәй? қайһы?<br>қайзағы? нисә?<br>нисәнсе? кемдең?<br>нимәнең?  | Баксала бик матур ағас үсә.     |
| <b>Толықтауыш</b>                            | кімді? нені?<br>кімге? неге?<br>кімде? неде?<br>кімнен? неден?<br>кіммен? немен? | Ол бізге ертең келеді.         | <b>Тултырыусы</b> | кемде? нимәне?<br>кемгә? нимәгә?<br>кемдән? нимәнә?<br>кем менән?<br>нимә менән?<br>кем өсән?<br>кем тураһында?<br>нимә тураһында?<br>кем тарафынан?<br>нимә тарафынан? | Ул безгә иртәгә килә.           |

|            |  |                                  |     |   |                                |
|------------|--|----------------------------------|-----|---|--------------------------------|
| Пысықтауыш | қашан? қайда?<br>қалай? не үшін?<br>не себепті?<br>неліктен? | Бұлақ<br>сылдыр-сылдыр<br>ағады. | Хәл | жайза? қасан?<br>нисек?<br>ни өсен?<br>күпме? | Шишмә<br>сылтыр-сылтыр<br>аға. |
|------------|--|----------------------------------|-----|---|--------------------------------|

Кесте 2

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі бастауыштар

| БАСТАУЫШ - ЭЙӘ   |   |                     |   |
|--|---|---------------------|---|
| Қазақ тілінде  |   | Башқұрт тілінде     |   |
| Сұрақтары  | Кім? Кімдер?<br>Не? Нелер?<br>Кімі? Несі?                       | Һораузары           | Кем? Кемдәр?<br>Нимә? Ни? Нимәләр?<br>Низәр?          |
| Қазақ және башқұрт тілдеріндегі бастауыштардың жасалуы |   |                     |   |
| Сөз таптары  | Мысалдар  | Һүз төркөмдәре      | Миҫалдар  |
| Зат есім   | Құстар керемет сайрайды.  | Исем                | Коштар бигерәк матур Һайрай.                          |
| Есімдік  | Ол жұмысқа ерте кетті.  | Алмаш               | Ул эшкә иртә китте.                                   |
| Сан есім   | Екіге үшті қосса бес болады.                                    | Һан                 | Икегә өстө кушҺаң, биш бұла.                          |
| Сын есім   | Ыстық – сүйек сындырмас.  | Сифат               | Йылы һөйәк һындырмай.                                 |
| Етістік/Қимыл есімі                                    | Оның білмеуі мүмкін емес.                                       | Қылым / Исем қылым  | Уның белмәуе мөмкин түгел.                            |
| Етістік/Есімше   | Күлдірген де, күйіндірген де – сөз.                             | Қылым / Сифат қылым | Көлдәргән дә, күндәргән дә – һүз.                     |
| Қазақ және башқұрт тілдеріндегі күрделі бастауыштар    |   |                     |   |
| Сөз тіркестері   | Тау басы алыстан нашар көрінеді.                                | Һүзбәйләнеш         | Тау башы алыстан нашар күренә.                        |
| Күрделі сөздер   | Башқұрт мемлекеттік университеті Ақеділдің жағасында орналасқан | Қушма һүз           | Башкорт дәуләт университеты Ағизел ярында урынлашқан. |



Кесте 3

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі баяндауыштар

| БАЯНДАУЫШ - ХӘБӘР  |  |                          |  |
|--|--|--------------------------|--|
| Қазақ тілінде  |  | Қазақ тілінде            |  |
| Сұрақтары  | не істейді?<br>не істеді?  | Һораузары                | ни эшлэй?<br>ни эшлэгән?<br>ни эшләр?                            |
| <i>Қазақ және башқұрт тілдеріндегі баяндауыштардың жасалуы</i> |  |                          |  |
| Сөз таптары  | Мысалдар   | Һүз<br>төркөмдәре        | Миҫалдар   |
| Етістік  | Мен сөйлеймін.   | Қылым                    | Мин һөйләйем   |
| Етістік/<br>Қимыл есімі  | Туған еліңді сақтау<br>(қорғау) – ата-анаңды<br>сақтау(қорғау).  | Қылым/<br>Исем қылым     | Туған иленде<br>һаклау - ата-<br>әсәнде яклау.                   |
| Етістік/Есімше   | Көп оқыған – көп білген.   | Қылым/<br>Сифат қылым    | Күп укыған -<br>күп белгән.                                      |
| Етістік/<br>Күрделі етістік                                    | Ол аяқ астынан қатты<br>күліп жіберді.<br>Мен мұны істей аламын. | Қылым/<br>Қушма<br>қылым | Ул қапыл<br>қыскырып<br>көлөп ебәрзе.<br>Мин быны<br>эшлэй алам. |
| Зат есім   | Әкем – оқытушы.  | Исем                     | Атайым -<br>уқытығысы.   |
| Есімдік  | Концертте ән салған кісі<br>– мен.                               | Алмаш                    | Концертта<br>йырлаған кеше<br>- мин.                             |
| Сан есім   | Екі жердегі екі – төрт.  | Һан                      | Ике икең –<br>дүрт.  |
| Сын есім   | Бүгін күн жылы.  | Сифат                    | Бөгән көн<br>йылы.   |

Кесте 4

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі анықтауыштар

| АНЫҚТАУЫШ АНЫКЛАУСЫ  |   |               |  |
|--|---|---------------|--|
| Қазақ тілінде  |   | Қазақ тілінде |  |
| Сұрақтары  | қандай?қай?<br>кімнің? ненің?<br>қанша?неше?<br>қаншасыншы? | Һораузары     | һиндәй? қайһы?<br>қайзағы? һисә?<br>һисәнсе? кемдең?<br>һимәнең? |
| <i>Қазақ және башқұрт тілдеріндегі анықтауыштардың жасалуы</i> |   |               |  |

| Анықтауыш қызметінде қолданылатын сөз таптары | Мысалдар   | Анықлаусы функцияһында қилған һүз төр-көмдәре | Миҫалдар  |
|---|--|---|---|
| Сын есім                                      | Жаңа жылмен құттықтаймын!                          | Сифат   | Яңы йыл менән котлайым!                                   |
| Зат есім                                      | Кітаптың бетін аш.                                 | Исем  | Китаптың битен ас әле.                                    |
| Есімдік                                       | Оның әні алыстан естіледі.<br>Бұл кітап сенікі ма? | Алмаш   | Уның йырлағаны алысқа ишетелә ине.<br>Был кітап һинекеме? |
| Етістік/Қимыл есімі                           | Жүзінде қорқудың (қорқыныштың) белгісі де жоқ.     | Қылым/Исем қылым                              | Йөзөндә курқыузың әсәре лә қалмағайны.                    |
| Етістік/Есімше                                | Түскендердің (оқуға) тізімі жоқ.                   | Қылым/Сифат қылым                             | Уқырға ингәндәрзең исемлеге юк ине.                       |
| Сан есім                                      | Үшінші мақала.                                     | Һан   | Был миңең өсөнсө мәкәләм.                                 |
| Сөз тіркестері                                | Көңілі сұлудың ойлары да сұлу.                     | Төрлә һүзбәйләнештәр                          | Күңеле матурзың уйзары ла матур.                          |

Кесте 5

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі толықтауыштар

| ТОЛЫҚТАУЫШ ТУЛТЫРЫУСЫ                                    |  |               |   |
|--|--|---------------|---|
| Қазақ тілінде  |  | Қазақ тілінде |   |
| Сұрақтары  | кімді? нені?<br>кімге? неге?<br>кімде? неде?<br>кімнен? неден?<br>кіммен? немен? | Һораузары     | кемгә? нимәгә?<br>кемде? нимәне?<br>кемдән?<br>нимәнән? кемдә?<br>нимәлә? кем менән?<br>нимә менән? кем өсән?<br>кем тураһында?<br>нимә тураһында?<br>кем тарафынан?<br>нимә тарафынан? |
| Қазақ және башқұрт тілдеріндегі толықтауыштардың жасалуы |  |               |   |

| Толықтауыш қызметінде қолданылатын сөз таптары    | Мысалдар   | Тұлтырыусы функцияһында килгән һүз төр-көмдәре | Миҫалдар  |
|---|--|--|---|
| <b>Тура толықтауыш - Тура тұлтырыусы</b>          |  |  |   |
| Зат есім  | Бала балық аулап отыр.<br>Ол үлкен балықты жіберіп алды.<br>Мен хат жаздым.<br>Мен хатты тез жазып бітірдім. | Исем   | Малай балык тота. Ул зур балыкты ыскындырып ебәрзе.<br>Мин хат яззым.<br>Мин хатты тиз язып бөттөм. |
| Есімдік   | Мен оны білмеймін.   | Алмаш  | Мин уны белмәйем.   |
| Етістік/Қимыл есімі/Есімше                        | Мен билеуді/ билегенді жақсы көремін.  | Қылым/Инфинитив                                | Мин бейергә яратам.   |
| Басқа да заттанған сөз таптары                    | Ертеңімді ойлаймын.<br>Жиырма бесімді сағындым.  | Башка һүз төр-көмдәренән                       | Алдағыны улайыым.   |
| <b>Жанама толықтауыш - Ситләтелгән тұлтырыусы</b> |  |  |   |
| Зат есім  | Жасыл алмада дәрумендер көбірек.<br>Сырыңды айтпа досыңа,<br>досыңның да досы бар (мақал).                   | Исем   | Йәшел алмала витаминдар күберәк.<br>Сер һөйләмә дусыңа, дусыңның да дусы бар (мәкәл).               |
| Есімдік   | Ол неге маған қоңырау шалмады.   | Алмаш  | Ул ниңәлер миңә шылтыратманы.   |
| Сан есім  | Екіні екіге қоссаң төрт болады.  | Һан  | Икене икегә қабатлаһаң дүрт була.   |
| Етістік/ Қимыл есімі                              | Көп сөйлеуден не пайда?!   | Қылым/Исем қылым/                              | Күп һөйләүзән ни файза?!  |
| Етістік/Есімше                                    | Мен айтқанға бәрі де сенді.  | Қылым/Сифат қылым                              | Мин һөйләгәнгә барыһы ла ышанды.  |

|  |   |  |   |
|--|---|--|---|
| Зат есім қызметіндегі басқа да сөз таптары   | Бүркіт тұмсығының қисығына күлмес, қорықанынан күлер (мақал).       | Исем урынында қулланылған бүтән һүз төркөмдәре                                 | Бөркөттөң томшоғо кәкрелектән көлмәйзәр, ә шөрләйзәр (мәкәл).   |
| Шылаулармен тіркескен зат есімдер, зат есім орнында жұмсалған басқа да сөз таптары | Отан үшін, Ана, сен үшін аянбаймыз, жанымызды береміз (С.Муллабаев) | Бәйләүестәр менән килгән исемдәр һәм исем урынында килгән бүтән һүз төркөмдәре | Кеше донъяға үз йондозо менән тыуа. Ватан өсөн, әсәй, һинең өсөн қызғанмайбыз, йәнде бирербез. (С.Муллабаев). |

Кесте 6

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі пысықтауыштар

| ПЫСЫҚТАУЫШ - ХӘЛ   |   |  |  |
|--|---|--|--|
| Қазақ тілінде  |   | Қазақ тілінде                          |  |
| Сұрақтары  | қашан? қайда? қалай? не үшін? не себепті? неліктен? т.б.  | Һораузары                              | нисек? қасан? қасанға? қайза? ни өсөн? |
| Қазақ және башқұрт тілдеріндегі пысықтауыштардың жасалуы |   |  |  |
| Пысықтауыш қызметінде қолданылатын сөз таптары           | Мысалдар  | Хәл функцияһында килгән һүз төркөмдәре | Миҫалдар                               |
| Үстеу  | Ол өте тез жүреді. Қазір күн жылынды, қыста күн суық еді. | Рәуеш                                  | Ул бик шәп йөрәй.                      |
| Еліктеуіш  | Бұлақ сылдыр-сылдыр ағады.                                | Ымлығк                                 | Шишмә сылтыр-сылтыр аға.               |
| Етістік/Есімше   | Біткен соң ағама да көмектесемін.                         | Ø                                      | Ø                                      |

|   |   |  |   |
|---|---|--|---|
| Етістік/Қимыл есім  | Оның келуінде бір мән бар.  | Қылым/Исем қылым   | Уның йылмайыуында ниндәй-зер сер бар `Оның күлкісінде сыр бар`. |
| Етістік/Шартты рай  | Таныса, маған келер еді ғой.  | Қылым/Шарт қылым   | Таныһа, миңә өндәшер ине `Таныса, маған хабарласар еді`.        |
| Етістік/Көсемше   | Хатты жазып жібердің бе? Істеп біткен соң ағамда жәрдем етемін. Жұмысы жайлы бізге айтқалы келіпті. | Қылым/Хәл қылым  | Хатты язғас та ебәрзеңме? Эшләп бөткәс, ағайыма ла ярзам иттем. |
| Сын есім  | Дауысы әлсіз естілді.   | Ø  | Ø   |
| Шылаулар арқылы, теңеу, салыстыру мәнді -дай/-дей, -тай/-тей қосымшалары арқылы, т.б. жасалады. | Балалар оқытушыларын бүгін көргендей қуанды.  | Септеулік шылаулар (кеуек, һымак, шикелле), салыстыру мәнді қосымшалар (-тай, -дай, -зай, -лай) арқылы жасалады. | Балалар уқытушыларын бөгөн беренсе тапқыр күргәндәй шатланды.   |

### §3 Сөйлем

Тілдік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін синтаксистік құрылым болып табылатын сөйлем тиянақты ойды білдіріп, белгілі бір мақсаттарға бағытталады. “Сөйлем – тілдің ең маңызды қызметтерін білдіретін, жүзеге асыратын бірден-бір құрал. Ондай қызметтердің біріншісі – ойлау-танымдық, екіншісі – қарым-қатыс құралы болу қызметтері. Бұл қызметтер өзара тығыз байланысты. Яғни, қарым-қатыс ретінде қолданылған сөйлемде танымдық мағына қосылып жүреді”<sup>1</sup>.

Сөйлемнің танымдық-логикалық қызметі сөйлем мазмұны

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 627.

ақпаратты ғана емес сөйлеушінің эмоциялық көңіл-күйі мен ақпаратқа көзқарасын да сипаттайтынын көрсетеді. Сөйлемнің өзіне тән белгілері – құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері арқылы ажыратылады. Сөйлемнің грамматикалық мағыналары бар бірнеше ішкі бөлшектерден (сөйлем мүшелері) тұратын өзіндік құрылымы болады, ішкі компоненттер синтаксистік байланыстар мен қатынастар арқылы тіркеседі. Сөйлемнің семантикалық белгісі немесе предикативтілік – модальдылық, шақтық, жақтық категориялары арқылы айқындалады.

Сөйлемдер айтылу мақсатына байланысты *хабарлы сөйлем – хәбәр һөйләм, сұраулы сөйлем – һорау һөйләм, бұйықты сөйлем – бойорок һөйләм, лепті сөйлем – өндәу һөйләм* болып бөлінеді.

Кесте 7


Қазақ-башқұрт тіліндегі сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай топтастырылуы

| АЙТЫЛУ МАҚСАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІ<br>ӘЙТЕЛЕУ МАҚСАТЫ БУЙЫНСА ҺӨЙЛӘМ ТӨРЗӘРЕ |   |   |                 |  |
|--|---|---|-----------------|--|
| Қазақ тілінде  |   |   | Башқұрт тілінде |  |
| Сөйлем түрі  | Мысал   | Сипаттамасы   | Сөйлем түрі     | Мысал  |
| Хабарлы сөйлем   | Оқушы кітап оқып отыр                           | Белгілі бір хабарды баяндайды.  | Хәбәр һөйләм    | Укыусы китап укый                                    |
| Сұраулы сөйлем   | Сіз қайда барасыз? Сен ертең қалаға барасың ба? | Жауап алу мақсатында айтылады, сұраулық шылаулар арқылы жасалады.                         | Һорау һөйләм    | Һез кайза бараһығыз?<br>Иртәгә һин қалаға бараһыңмы? |
| Бұйықты сөйлем   | Бүгін бізге келіңіз! Сен ол жерге барып жүрме!  | Бұйырықты, талаптілекті білдіретін сөйлем, етістіктің бұйырық рай формасы арқылы жасалады | Бойорок һөйләм  | Бөгөн безгә килегез.<br>Һин унда барып йөрәмә!       |
| Лепті сөйлем   | Жасасын бейбітшілік! Әй, сен де!                | Сөйлеушінің эмоционалды көңіл-күйін сипаттайтын сөйлем.                                   | Өндәу һөйләм    | Йәшәһен тынысылык!<br>Әх, һин!                       |

Түркі тілдерінің батыс қыпшақ тобына жататын қазақ және башқұрт тілдеріндегі сөйлем құрылымы түркі тіл біліміндегі дәстүрлі жүйе бойынша сараланады: жай сөйлем/ябай һөйләм, құрмалас сөйлем/ кушма һөйләм.

Синтаксистің ең негізгі нысаны болып табылатын жай сөйлем синтаксистің құрмалас сөйлем, сөз тіркестері сияқты бірліктерін айқындаудың көрсеткіші. Сөз тіркесі жеке қолданылмайды, сөз тіркесінің дербес қолданылуы оның жай сөйлем түрінде қолданылғанын көрсетеді. Құрмалас сөйлемдердің құрылымы жай сөйлемдерден тұрады. Сондықтан жай сөйлем синтаксисі жалпы синтаксистік конструкцияның басты бірлігі саналады.

Сызба 1



